¹ Бартольд В. В. [рецензия] // Бартольд В. В. Соч. Т. 5. М., 1968. С. 273 и след. Рец. на кн.: Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897.

² Цит. по: Санжеев Г. Д. Б. Я. Владимирцов — исследователь монгольских языков // Филология и история монгольских народов. М., 1958. С. 21.

³ Там же.

После XIII—XIV вв. народы Средней Азии и Казахстана тесно общались с калмыцкой народностью; надо полагать, их языковая связь в этот исторический отрезок времени проявилась в основном в лексической сфере, включая топонимические наименования. Что же касается общности грамматического яруса и, в известной степени, фонетической системы, то она в этих группах алтайских языков характеризуется главным образом их материальным сходством.

Известно, что казахским личным местоимениям *мен* (в других тюркских языках *мән, мін* и др.) — 'я', *сен* (в других тюркских языках *сән, сін...*) — 'ты' соответствуют монг. *би* — 'я', *ши/чи/си* — 'ты'; казах. *біз* — 'мы', *сіз* — 'вы' соответствует монг. *бид, бидә, бидн (мадн)* — 'мы'; *та, та нар, тадн* — 'вы'. Один из виднейших тюркологов С. Е. Малов писал: «...можно предполагать, что и местоимение *biz* 'мы' происходит из местоимения *tāp (ten, tīn)* — 'я'»⁴. Совпадает и целый ряд указательных местоимений: казах. *эне*, монг. *энэ* — 'этот'; казах. *өз(i)*, монг. *өөрөө* (в данном случае наблюдается чередование *p ~ z; өгіз, огуз, өккүз* и *өкур* — 'бык'; в казахском *өгіз өкіреді* — 'бык мычит'; *көр, гөр* — 'видеть'; 'слепой', *көш, гөз* — 'глаз' и др.). Подобные параллели находим и в других разрядах местоимений: казах. *кім*, монг. *хэн* — 'кто'; казах. *бәрі* (*бары, барлық*), монг. *баран* — 'все' и др.

Более примечательной является общность родительно-винительного, местно-исходного падежей с некоторой различительной огласовкой (казах. *мені, сені*, монг. *миний, чиний* — 'меня', 'тебя'; ср. эту форму с формами имен существительных: казах. *ағаның*, монг. *ахын* — 'брата'; каз. *ағалардың*, монг. *ахнарын* — 'братьев' и т. д.).

Надо отметить, что формы *biz, сіз* в тюркских языках в большей степени, чем в монгольских, претерпели семантическую эволюцию. Своеобразная их лексикализация в казахском языке (утрача значения множественного числа, особенно во 2-м лице, *сіз* 'вы' сохранилась только в значении вежливой формы) требует вторичного наслоения тюркоязычного показателя множественного числа *-лар* на первичную, по всей вероятности, тюрко-монгольскую форму *c ~ z ~ t ~ d ~ dә*. Подобные явления возникают в результате трансформации грамматического значения и наблюдаются как в родственных, так и в неродственных языках (казах. *әулие* — форма множественного числа арабского языка от *вали*; в тюркских языках *әулие* употребляется в качестве нарицательного слова только в значении единственного числа, от которого образуется при посредстве *-лар* форма множественного числа). Ср.: *рельстер* — 'рельсы'; то же самое надо сказать и о форме *жар-ан-дар* — 'коллеги' (в иранских языках *-(a)n-* служит окончанием множественного числа).

⁴ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. С. 52.

Имеется сходство и в грамматическом функционировании личных и указательных местоимений в рассматриваемых языках.

Далее, один из показателей множественного числа в монгольских языках и говорах *-нар*, по всей вероятности, имеет историческую общность с тюркоязычным *-лар*, происхождение которого Б. Я. Владимирцов датирует VII в., т. е. периодом орхон-енисейской письменности. Семантико-фонетическая дифференциация *-нар* и *-лар*, конечно, происходила раньше VII в. (но дата письменного их фиксирования, ясно, относится к VII в.).

Что касается остальных окончаний множественного числа в монгольских языках (*-мат*, *-мут*, *-ут*, *-тан*), то нельзя говорить, что они имеют какое-либо сходство с аналогичными формантами казахского языка: они свойственны только монгольским языкам. Единичные случаи (ср.: казах. *алпауыт* — 'дворянин', 'князь', 'помещик'; о **-рня алып* с тем же значением) не изменяют существа дела.

Отдельные моменты схождения выявляются по числительным и прилагательным.

По мнению У.-Ж. Ш. Дондукова⁵, *-ан*, *-эн*, *-ин* в бурятских числительных (*гушан* — 30, *дүшэн* — 40, *табин* — 50) восходят к тюркскому числительному *он* — 10. Нам кажется, что если тюркское наименование десятка — *он* (казах. *сексен* — 80, от *сегіз* — 8 и *он* — 10, *тоқсан* — 90 от *тоғыз* — 9 и *он* — 10) заимствовано, то заимствование осуществилось из говоров тюркских племен, где слово *он* часто употреблялось и служило своеобразным стержневым словом при старой системе счета. Такая система счета сохранилась у желтых уйгуров, проживающих в Ганьсу: *ишкон* — 20, *учон* — 30, *тургон* — 40, *писон* — 50, *алтон* — 60, *жетон* (*йетон*) — 70, *сукусон* — 80, *токусон* — 90 вместо общеупотребительных тюркских числительных — соответственно *жиырма* (*йыгырма...*), *отыз* (*отуз*), *қырық* (*кырык*), *елу* (*елліг*), *алпыс* (*алтмыш*), *жетпіс* (*йетмиш*). По числительным 80, 90 нет расхождения, за исключением фонетических нюансов между сарыуйгурской и общетюркской системами числительных. Обо всем этом кратко, но исчерпывающе сказано у С. Е. Малова⁶.

Надо заметить, что длительный контакт желтых (*сарығ*) уйгуров с монгольскими племенами в некоторой степени обуславливал в системе их счета общность с монгольской, которая выступает и в отношении регулярного употребления *он* (монг. *-ан*, *-эн*, *-ин*), в названиях круглых десятков (ср.: бур. *хорин*, *гушан*, *дүшэн*, *табин*, *жаран*, *далан*, *наян*, *ерэн*). Вызывают сомнение числительные

⁵ Дондуков У.-Ж. Ш. Аффиксальное словообразование частей речи в бурятском языке. Улан-Удэ, 1964. С. 111—112.

⁶ Малов С. Е. К изучению турецких числительных // АН СССР академику Н. Я. Марру. М.; Л., 1935. С. 271—277; Бартольд В. В. Система счисления орхонских надписей в современном диалекте // Соч. Т. 5. М., 1968. С. 363—364.

нэгэн⁷ — 1, гурбан — 3, дүрбэн — 4, табан — 5, зургаан — 6, долоон — 7, найман — 8, юһэн (юсэн) — 9, арбан — 10, мянган⁸ — 1000, которые оканчиваются также на -ан-.

Во всяком случае в этих языках сходство системы счета наличие. Данную систему счета надо считать более архаичной, чем система названий десятков в современных тюркских языках. В. В. Бартольд еще в 1907 г. указывал, что в языке желтых уйгуров «сохранилась до наших дней система счета орхонских надписей и уйгурских документов, не встречающаяся ни в каких более поздних литературных памятниках, начиная с поэмы «Кутадгу билик» (XI в.) и ни в каких других живых наречиях⁹.

С. Е. Малов еще более определенно утверждает: «...так как круглые десятки (20, 30, 40) встречаются в счете в каждом десятке только раз, а десятки и единицы девять раз (21, 22, 23—29; 31—39; 41—49...), то я предполагаю, что с течением времени эти часто и более употребляемые в жизни вспомогательные числа, обозначавшие раньше собственно порядок десятка — *juγurta ot'us* и далее, вытеснили из употребления в большинстве современных турецких языков и заменили собой самостоятельные числительные «круглых десятков»: *iškon, üčon* и дал.»¹⁰.

А. Т. Кайдаров к общим тюрко-монгольским аффиксам образования числительных относит тюрк. -нчи (-инчи), -нжи (-инжи), письм. монг. -či (-čün) — *tabunči* — 'пятый', *dolanči* — 'седьмой' и др. (со ссылкой на «Исследование...» Котвича), уйг. -лэн (-илэн): уйг. *училэн* — 'втроем', бур. *табуулан* — 'впятером' и др. Из этих аффиксов первый выражает значение порядкового числительного, второй — значение собирательного.

Мы относительно подробно остановились на проблеме числительных, чтобы лишний раз подчеркнуть, что тюркские языки более рельефно, казалось бы, отличаются от монгольских именно по этой категории. Тем не менее некоторая общность обнаруживается и в этой части речи.

Более достоверные примеры дают имена прилагательные. Здесь нетрудно обнаружить сходство по целому ряду лексико-семантических, словообразовательных разрядов. Например, известно, что в тюрко-монгольских языках редупликация является одной из форм образования превосходной степени: казах. *қап-қара*, монг. *хавхар* — 'пречерный', *сап-сары*, монг. *шав-шар* — 'прежелтый'¹¹. Монгольское слово-интенсив *тун* — 'очень' (*Манай багш тун сонирхолтой хичээлзаадагум* — 'Наш учитель очень интересно ведет

⁷ В казахском только в парном словосочетании *некен-сайк* — 'изредка'.

⁸ В казахском, как и в других тюркских языках, *мың* — 'тысяча'.

⁹ Бартольд В. В. Система счисления... С. 369.

¹⁰ Малов С. Е. К изучению турецких числительных. С. 276—277.

¹¹ Тодаева Б. Х. Грамматика современного монгольского языка. М., 1951. С. 84.

урок')¹², казах. *тым* — 'весьма', возможно и казах. *дан* (последнее встречается в устойчивом сочетании *дан риза* — 'весьма доволен'), вероятно, восходят к одному и тому же корню (разница лишь в огласовке).

Укажем также на общие словообразовательные аффиксы: 1) *-лы*: казах. *темірлі*, бур. *түмәрлиг* — 'железистый' (некоторые исследователи считают, что этот аффикс заимствован из тюркских языков); 2) *-кы*: казах. *бүрсігүнгі*, уйг. *өгүнки* — 'позавчерашний', монг. *јагақи* — 'находящийся в промежутке' (от *јагига* — 'промежуток'), *ертекі* — 'ранний' (от *ерте*, ср.: каз. *ерте* — 'рано'), *ертеңгі* — 'завтрашний' (от *ертең* — 'завтра'); 3) *-кай, -гей*: казах. *төскей* — 'возвышенное место' (от *төс* — 'грудь'), *теріскей* — 'север', уйг. *тәскәй* — 'тенева сторона', казах. *кунагей*, уйг. *кунгәй* — 'юг', 'солнечная сторона', казах. *солақай*, уйг. *солихай* — 'левша', монг. *келтегей* — 'кривой' (от *келтеүи* — 'скривиться', 'покосяться'), *tamırqay* — 'рваный' (от *tamıraba* — 'разорваться') и др. С этим аффиксом встречается значительное количество топонимических названий типа *Қапшағай*, *Аңрақай*. Приведенные формы (за исключением топонимов) употребляются в зависимости от контекстов то в функции адъектива, то субстантива.

Особенно богатый материал по общности словообразования (и аффиксального, и аналитического) в тюркских и монгольских языках дает разряд существительных. При этом нельзя не заметить, что параллели объясняются не только и не столько свойственной существительным способностью проникновения из одного языка в другой (вне зависимости от структурных, типологических их особенностей), сколько историко-генетическими связями между тюрко-монголо-тунгусо-маньчжурскими языками. Надо оговориться: мы ничуть не отрицаем того, что определенная часть словообразующих аффиксов может быть заимствована и стать продуктивной в заимствующем языке¹³. Ср. монг. *-лиг* (*түмәрлиг*), который, по мнению некоторых авторов, восходит к тюрк. *-лы, -лі* (*баалиг* — 'богатство' от тюрк. *бай* — 'богач'); *-қ, -ақ* образует имя от глагольных основ (казах. *қонақ* — 'гость' от *қон*, монг. *хоног* — 'ночуй'; казах. *бөлек* — 'отдельно', *бөлік*, монг. *бүлэг* — 'раздел').

Некоторая их часть воспринимается не как форманты, а как цельные (неделимые) элементы лексем, заимствованных из тюркского в монгольский или наоборот: *-жын, -жін* (*-ғи, -ғай, -ша* (в словах *құнажын, дөнежін, мегежін, құдағи* или *құдағай; құдаша* и др.). Они вошли в казахский и другие тюркские языки вместе с перечисленными лексемами из монгольского. Они, внешне напоминающие форманты, не могут быть отнесены к живым средствам словообразования. Впрочем, такие примеры единичны.

Вместе с тем происхождение некоторых аффиксов окончательно

¹² Тодаева Б. Х. Грамматика современного монгольского языка. С. 84.

¹³ Дондуков У.-Ж. Ш. Аффиксальное словообразование... С. 44—47.

не выяснено. Есть основание считать их общими тюрко-монгольскими. К ним относятся, например: *-шы, -чи* (ср.: казах. *сушы*, уйг. *сучи*, монг. *усч, усучи* — 'поливщик', 'водовоз'); *-м, -ім* (ср.: казах. *білім* — 'знание' от *біл* — 'знай', но бур. *үрэм* — 'бурав' от *үрэхэ* — 'течение'); *-мақ, -мек* (ср.: казах. *шақпақ*, уйг. *чакмақ* — 'кремь' от тюрк. *-шақ/чак*, но бур. *хаамаг* — 'загородка' от *хааха* — 'закрывать'); *-ған, -ген* (ср.: монг. *улаагана* — 'красная смородина', от *улаан* — 'красный', уйг. *кариғун* — 'карагана' от *кара* — 'черный').

Мы не будем распространяться на эту тему, так как подобные факты приведены в достаточном количестве в грамматиках конкретных тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских языков, не говоря уже о сводных работах типа книг Г. Рамстедта и серии сборников по сравнительной грамматике тюркских и монгольских языков.

Попутно следует заметить, что нельзя генетическую связь или какую-либо форму историко-лингвистического контакта представлять прямолинейно, механически. Близость между носителями тех или иных языков (тюрко-монгольских и тунгусо-маньчжурских) и их диалектов имела разнообразный характер: порой их этническая дифференциация и интеграция столь различны, сколь различны сложения и расхождения соответствующих языков. В результате сложных исторических взаимоотношений алтайских народов мы наблюдаем неодинаковую (и количественно, и качественно) степень грамматической и фонетической общности в этих языках: некоторые из тюркских языков характеризуются значительно большей близостью (по определенным категориям) с монгольскими, чем другие.

Правильно указал на эту сторону вопроса Н. А. Баскаков: «Не установлены некоторые генетические связи между конкретными языковыми подгруппами, например тюркских с монгольскими и тунгусскими языками, в то время как по некоторым фонетическим закономерностям отдельные подгруппы тюркских языков находятся в несколько более тесной генетической связи с монгольскими языками, чем с близкородственными языками внутри группы тюркских языков; таковы некоторые фонетические и грамматические явления в чувашском языке по отношению к тем же явлениям в монгольских языках, или особенности фонетики якутского, башкирского и хакасского языков по отношению к некоторым фонетическим особенностям тунгусо-маньчжурских языков»¹⁴.

Еще более убедительные факты общности тюркских и монгольских языков выявляются по категории глагола. Чем объяснить, например, параллельное функционирование глагольных основ и первичного, и вторичного образования? Ведь нельзя же их отнести

¹⁴ Баскаков Н. А. Предисловие // Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957. С. 12.

к заимствованиям (об отдельных исключениях можно не упоминать).

Глагол — наиболее богатая грамматическими формами и значенными часть речи, вместе с тем и наиболее непроницаемая для внешнего влияния лексическая сфера. По этой категории общеалтайские (особенно тюрко-монгольские) параллели говорят не только о типологическом сходстве, но и о материальном родстве рассматриваемых языков. Это ярко проявляется в образовании отыменных глагольных основ (казах. *сиректену*, монг. *сийрэгих* — 'редеть', казах. *балталау* или *балталамақ*, уйг. *палтиламақ*, бур. *балталха*, монг. халқ. *балгдах* — 'бить топором'), отглагольных производных основ также с общим корнем (казах. *мақтау*, монг. *магтах* — 'хвалить', казах. *оңу*, монг. *онгох* — 'лнить' и др.).

Обращает на себя внимание одна характерная деталь. Б. Я. Владимирцов не без оснований утверждал, что слова типа монг. *коног* — 'ночлег', 'ночевка', 'сутки'; *джасаг* — 'закон', 'управление' представляют собой тюркские заимствования, так как эти глагольные основы встречаются лишь в отдельных монгольских языках.

Конечно, нельзя отрицать глубоких различий между тюркскими и монгольскими языками и в лексико-семантическом, и в фонетико-грамматическом плане.

Но известное количество фактов подтверждает высказывания многих исследователей — сторонников генетической близости тюрко-монгольских языков. Эту концепцию подтверждают действующие языковые нормы в области синтаксиса и фонетической системы, не говоря уже о лексике и фразеологии. В алтаистике за последние десятилетия накоплен и в значительной степени систематизирован некоторый сопоставительный материал по конкретным тюрко-монгольским языкам. В Казахстане разработкой вопросов казахско-уйгурско-монгольских языковых связей плодотворно занимаются Ш. Ш. Сарыбаев, А. Т. Қайдаров.

В статье не представляется возможным не только проанализировать, но и привести любопытные фактические данные по другим, не менее насущным вопросам языковых связей интересующих нас языков.

Резюмируя вышесказанное, следует отметить важность более широкого и глубокого изучения как сходства, так и различий между тюркскими и монгольскими языками, обусловленных разными историко-этническими, социально-экономическими факторами и лингвогенетическими закономерностями.

Пора поставить вопрос о плановом изучении целого ряда насущных проблем алтаистики в научно-исследовательских учреждениях и вузах. Требуется безотлагательного решения вопрос о вузовском преподавании алтаистики и о подготовке соответствующих кадров. Можно надеяться, что эта принципиально важная востоковедческая проблема будет решена успешно.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАР ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ *

Бұл күндері СССР Ғылым академиясының 250 жылдық мерекесін салтанатпен тойлағалы отырмыз. Осы орайда дәстүрі ерте-ректе қалыптасқан аға ғылым ордасы өкілдерінің совет дәуірінде, оның алғашқы жылдарында, іргесі қалана бастаған қазақ тіл білімін көркейтуде жасаған қалтқысыз көмегі, өзіміз куә болған жайлар еске оралады.

Әрине, ұзақ тарих бойында орыс ғылымы қайраткерлерінің қазақ халқын, қала берді күллі түркі халықтарын, олардың рухани байлығын біліп тануының, зерттеуінің әр қыры, әр сыры бар. Осыларды тарих төріне барыққырап айтқанда, еске алғалы отырған ғалымдардың, совет ғылым ордасының, партиямыздың лениндік ұлт саясатына негізделген көмегінің, қамқорлығының маңызы айқындала түспек.

Тарихқа үңілсек, түркі халықтары мен орыс халқының рухани, материалдық мәдени байланыс ізі өте әріде, көне дәуірде жатыр.

Сонау Киев Русі құрылғаннан көп бұрын шығыс славяндар өздерінің шығыс әрі оңтүстік-шығыс көршісі түркі тайпаларымен белгілі дәрежеде қарым-қатынаста болған. Осы қатынас сол кездің өзінде-ақ екі жұрттың материалдық мәдениетінде, тілінде өзінің терең ізін қалдырған. Ертедегі орыс жылнамалары мен атақты «Игорь полкі туралы жырда» түркі тілдеріне тән малшылыққа, аңшылыққа қатысты терминдер, жер-су аттары, кісі аты мен дәреже атаулары көп кездеседі¹. Кейін Алтын Орда хандығы мен орыс мемлекеті арасындағы әр сипатты қатынас тұсында саяси әрі практикалық талаптан келіп көрші ел тілін білу қажеттігі арта түсті. Орыс мемлекеті мекемелерінде арнайы дайындау мектебінен өткен түркі тілдерін білетін әкімдер, тілмаштар, аудармашылар шыға бастады². Ал бергі XVII ғасыр аяғында түркі тілдері материалдарын жүйелі түрде жинау басталды³.

I Петр тұсында оның шығыс халықтарын бағындыру саясаты талабымен мәдени кенже елді білуі, тілді білуі бірінші кезекке қойылды. Ал I Петр кезінде негізі қаланған Ғылым академиясының алғашқы жылдарында араб, парсы тілдерімен айналысатын, түркі халықтары тілін, этнографиясын, әдебиетін жинап, оны зерттеумен шұғылданатын ғалымдар шыға бастады.

Ұлы дана, ғылым энциклопедисі М. В. Ломоносов сияқты адал жандардың шалымды идеялары орыс ғылымын ерістетуге де, бұратана халықтарды тануға да үлкен әсер етті.

Ат төбеліндей ғана қазақ халқы өзге көрші мешеу елдің ауқы-

* Мақала: «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1974. № 1. 36—50-б.» жарияланған.

¹ Малов С. Е. Тюркизмы в «Слове о полку Игореве» // Изв. АН СССР. ОЛЯ. Вып. 2. М.; Л., 1946. С. 129—139.

² Белокуров С. А. О посольском приказе. М., 1906.

³ Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Л., 1972.

мына кетпей, достығы абзал, мәдениеті озық Россияға өз еркімен қосылуы — Қазақстанның бақ-ырысы еді.

Демек, түркі халықтары тілін білу, оны зерттеу ісі Россияда әр дәуірде бірде таза практикалық, бірде саяси талаптардан келіп туып, сол талаптар қажеттігі тұрғысынан шешім тауып отырды. Бірақ қалай дегенде де, кезінде әр алуан мақсатпен зерттелсе де, түркі халықтарының тарихына, әдебиеті мен тіліне, этнографиясына қатысты материалдардың жиналуы, жарық көруі, зерттелуі тиісінше осы салалардан болашақ ғылымның негізі салынды. Патшалық отаршыл мекемелердің қызметін өтейтін жеке адамдармен қатар, ғылымды көркейтуге шын ынталы, түркі халықтарының, оның тілі мен әдебиетінің жан ашыр достары шықты. Осындай ғалымдар еңбегі негізінде түркология ғылымы туып, ілгері дамыды. Бұл ілгерілеу кезеңі, әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті материалы жиналып, зерттелуі ХІХ ғасырдың екінші жартысында шыққан Н. И. Ильминский, В. В. Катаринский, П. М. Мелноранский, В. В. Радлов, И. Н. Березин, Ә. А. Диваев, Г. Н. Потанин, А. Е. Алекторов т. б. ғалымдар еңбегіне келіп саяды.

В. И. Ленин өзінің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкаларында»: «Әрбір қазіргі ұлттың ішінде екі түрлі ұлт бар, — дейміз біз барлық ұлтшыл-социалистерге. Әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі ұлттық мәдениет бар. Пуришкевичтердің, Гучковтардың және Струвельдердің великорустық мәдениеті бар, — ал мұнымен қатар Чернышевскийдің, Плехановтың аттарымен сипатталатын великорустық мәдениет те бар»⁴, — деген болатын. Ұлттардың азаттығын капиталистік экспансияның мүдделеріне құрбан еткен, Россияны халықтар түрмесіне айналдырған патша өкіметі тұсында қазақ халқының тілі, әдебиеті, тарихы зерттелуіне осы екі мәдениеттің, осы екі мәдениет өкілдері мақсаттары мен идеялары тұрғысынан келіп карауымыз керек. Сөз жоқ, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский сияқты ғалымдар данышпан Ленин айтқан ізгі де ұлы орыс ойшылдарының, дана қайраткерлерінің аттарымен сипатталатын мәдениет өкілдері болды.

Жұртқа мәлім, отан түркологиясы дамуының жана кезеңі атақты ғалым В. В. Радловтың еңбектерінен басталды. Академик В. В. Радлов бүкіл түркі халықтарының ауызша-жазбаша әдебиет үлгілерін жинап, том-том етіп жарыққа шығарды. Осы сөз үлгілері әрі өзі аралап жинаған лексикалық материалдары негізінде төрт томды түркі тілдері сөздігін жасады. Сөйтіп, В. В. Радлов жалпы түркологияға, сондай-ақ, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымына зор, сарқылмас қазына қалдырды.

Әрине, В. В. Радлов сияқты ғалымдардан қалған дәстүр-мұраны оның шәкірттері совет заманында әрі қарай басқа сапада жалғастырды; әрі терең, әрі жан-жақты көлемді еңбектер жазылды;

⁴ Ленин В. И. Шығармалар. 20-т., 18-б.

түркологияның бөлінбес бөлшегі ретінде Ұлы Октябрьдің перзенті — қазақ совет филологиясы туды. Қазақ тіл ғылымының шаңырағын көтеріп, қатарға қосар тұста, қолтықтап, демесіп, қаумаласып әкеткен бұл орыс ғұламаларының сонау 20—30 жылдарда аяғын азақ басқан қазақ интеллигенциясына, шәкірт-оқушыларға деген аталық қамқорлығы өзгеше еді. Орыс ғалымдарының бұл қамқорлығын көрген сол кездегі шәкірттердің, қазір аға ұрпақ сапына өткен біздердің өтселмеген қарызымыз әлі көп.

Бұл жолы ұстаздар жайлы қысқаша әңгімелегіміз келеді. Қазіргі есейген шақта бір кездегі шәкірттік кезең, қадірлі ұстаз алды, олардың ілтипаты, берген білімінің ауқымы өзгеше бір қырынан еске түседі. Өйткені бар тіршілігімізді, бүкіл болашағымызды түбегейлі өзгертіп, өзгеше өмір кешірген Ұлы Октябрьдің арайлы таңы болса, сол ғұмырды мағыналы өткізуге әсер еткен аяулы ұстаздарымыз еді ғой. Солар болмаса, бір кездегі шәкірт біздер ғана емес, қазақ тіл білімінің өзі дәл бүгінгі дәрежесіне тез көтерілер, биіктер ме еді, кім білсін. Бұл мақалада жүрегімізде өшпестей із қалдырған қазақ тілін сүйіп, соған бүкіл өмірімізді бағыштауымызға әсер еткен ұстаздарымыз И. И. Мещанинов, С. Е. Малов, А. Н. Самойлович сияқты ғалымдар туралы бірер пікір айтпақшымыз.

Жан-жақты білімпаз акад. И. И. Мещаниновтың жалпы тіл біліміне, қазақ тіл біліміне жасаған ықпалы үлкен. Жаңа ұйымдасқан жас ғылым ордасының ірге тасын бірге қаласты. Қазақстанның ғылым мамандарын әзірлеуге білімін, беделін аяған емес. Қазақ елінің атын шет жерлерге де мәшһүр етіп жүрген ғалымдарымыздың біразы осы Иван Ивановичтың алдынан дәріс алған, тәрбиесін көрген. Мәселен, белгілі ғұламалар Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, Ә. Марғұлан, С. Аманжолов, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, С. Жиенбаев, А. Ысқақов, Ы. Маманов, т. б. осы кісіден тағылым алған еді.

И. И. Мещаниновтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өмірі көз алдымда. Ол бұл жылдарды Алматы қаласында өткізген еді. Иван Ивановичтың мұнда келу сапары қаламы жүйрік адам бір хикая етіп жазар еді. Бұл — журналист жұмысы. Менің мұндағы айтпағым тек мынау: Бұл 1942 жылы болатын. Ленинградқа қауіп төнген соң, қаланың басқа тұрғындары, завод-фабрикаларымен қатар ғалымдарға да қоныс аударуға тура келді. Тарихтың тауқыметі қызық қой. Бір жағынан еңсеңді басып есеңгіретіп жатса, екінші жағынан есті жияр ерен тірліктерге бастап кеткенін көресіз.

Мещаниновтардың Алматыда қалуы кездейсоқ еді. Олай деуімде мынадай сыр бар. О баста бет алған сапары өзге шаһар болатын. Олар мінген поезд Сибирь арқылы оралып, Қазақстанның кең байтақ жерін шарлай келіп, бір күні ат басын Алматыға тірейді. Осында бірер күн аялдауға тура келеді. Келіп тұрған қаласы Алматы екенін біледі де, ол дереу: «Осында өз баламдай болып кеткен Сауранбаев, Кеңесбаев, Махмудов бар емес пе, ендеше бұл

Алматының маған да бөтендігі жоқ қой» деген ойға қалады да, шәкірттерін іздей бастайды. Сөйтіп жүріп қаламен де танысып үлгереді. Жасыл желек жамылған саялы бақтар, оқтай тұзу, сәнді көшелер ғалым көңілін елжірете түседі. Осында қалуға белді бекем байлайды да, респу́блика басшыларына тілегін білдіреді. СССР Ғылым академиясының сол кездегі президенті атақты ғалым В. Л. Комаров И. И. Мещаниновты мейлінше қадірлейтін. Бірін-бірі жете түсініп, қатты сыйласуының бір дәлелі: президент—биология ғылымының әйгілі маманы да, И. И. Мещанинов — тілші, яғни екеуі екі саланың өкілі бола тұрса да, В. Л. Комаровтың ғылыми дәйекті өмірбаянын тамаша жазып шыққан кісі Иван Иванович болатын. Оның үстіне В. Л. Комаров Иван Ивановичты нағыз ғұлама ретінде бағалайтын. Сөйтіп, И. И. Мещаниновтың Алматыда қалу шешімін ол да мақұл көрді. «Құланның қасына мылтықтың басыу» дегендей, қазақ тіл білімінің осы кезде өсе түсуіне бұл шешімнің айрықша әсері болғанын атап айтқан жөн. «Бітер істің басына жақсы келер қасына» дейді ғой қазақ. Біршама қатар түзеп қалған мамандардың тез көтеріліп, ғылыми ой-өрісінің жетіле түсуіне де Иван Ивановичтың көп еңбегі себеп болды. Осы жолдардың авторына докторлық диссертацияны қолға алуды қадағалап тапсырған, қолғабыс еткен Иван Ивановичпен бірге Сергей Ефимович сияқты ардақты ағалар еді. Әйтпесе ол кезде — соғыс уақытында диссертация қорғау дегенді көп ойлай бермеуші едік. Бір мен емес, менен де басқа көптеген қазақ оқымыстыларынан бұл кісі сөз жәрдемін, өз жәрдемін аяған жоқ. Мәселен, М. Балақаевтың, С. Жиенбаевтың кандидаттық диссертацияларына оппонент болып, баға берген де осы ғұлама еді.

И. И. Мещанинов соғыс жылдары Алматыда Абай атындағы педагогика институтының жатақханасында (кішкентай бөлмесінде) тұрды. Өзі тәрбиелеп жүрген жас жеткіншектермен араласқұралас қарапайым тірлік құрды. Иван Ивановичтың өз басына өзгелерден артық жағдай тілемейтін, өзгеше жан екеніне сол кезде көзіміз жеткен-ді. Оның өмір-тұрмысынан орыс ғалымына тән кішіпейілдіктің, қарапайымдылықтың шынайы белгісін көріп, көп жағдайда қызыға қарайтынбыз. Иван Ивановичтың сол кездегі кішкентай бөлмесі теориялық үлкен жұмыстардың тууына тарлық еткен жоқ. Мәселен, тіл білімі тарихында салмағы бөлекше — «Сөйлем мүшелері және сөз таптары» деп аталатын үлкен еңбегі, дәл осы қалада, сол бөлмеде жазылған. Сол кішкентай бөлмеде осыған жалғас — жарық көрген «Етістіктің» де желісі салынған еді. Бұл еңбектерде автор өзін нағыз теоретик есебінде танытты. Мұнда ол грамматиканың бұрын сөз болмаған заңдылықтарын ашып, соларға теориялық анықтама берді, ғылыми негізін жасады. Грамматика саласынан күні бүгінге дейін, ғылыми жұртшылық бұл еңбектерге қарайламай өте алмайды. Оның сыры теориялық тереңдікте жатыр.

Есте бекем қалған тағы бір жайт бар. Алматыда, ҚазГУ мен

КазПИ-де оқыған лекцияларында түркі тілдеріне де іждағатты көңіл бөлуші еді. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп, С. Жүенбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Бегалиев, М. Балақаев тағы басқа қай-қайсымызбен болса да қазақ тілі туралы, оның баю жолдары, қазақ әдебиетінің тарихы, бүгінгісі туралы жни-жни әңгімелесетін. Керек десең, «бұлар — қазақ тілінен менің ұстаздарым» деп, мейлінше ізеттілік жасайтын. Республикамыздағы үлкен әдебиетші, өнер қайраткерлерімен де жақсы достықта болатын. Е. Ысмайыловпен бірлесіп қазақ филологиясы саласынан Отан соғысы жылдары көлемді мақала жазуы — сол ынтымақтың кепілі болса керек.

И. И. Мещанинов, В. И. Чернышев, С. Е. Малов сияқты кісілерді сөз еткенде қазақ филологиясы саласында жұмыс істеген мамандарға сол кезде тигізген көмегін еш уақыт ұмытпау лазым. М. Әуезовке, Қ. Сәтбаевқа бұл кісілер өзгеден өзгеше бас нетін. Осындай дарындардың жас мамандарды дайындауға белсене атсалысуы үшін, «доктор, профессорлық дәрежеде олардың өзі ұмтылмағанмен, жас ұрпақ үшін оның қажет екенін» Қаныш Сәтбаевқа айтудан жалықпайтын. Көрген ғалым Қаныш өз ойынан шыққаны үшін И. И. Мещанинов, С. Е. Маловтар дән риза болатын.

СССР Ғылым академиясының әдебиет пен тіл бөлімшесінің сол кездегі академик-секретары И. И. Мещанинов та, есімі мәшһүр лингвист В. И. Чернышев те Мұқаң бастаған филологтарға ресми ғылыми атақ берілуіне белсене ат салысты. Әдебиет, өнер саласынан Ә. Марғұлан, А. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, т. б. белгілі ғалымдарға да ізет-құрметті көп көрсетті.

Кейін аңғара қарасақ, мұның бәрі ұлт ғалымдарына деген қамқорлық екен. Сол тұстағы жас ғылыми зерттеу институтының келеді мәселелерді ұқыпты зерттеу тәсілдері жөнінен де, болашақ бет алысы жөнінен де ұстаздардың көптеген көмегін көрдік. Бұл мәселе өз алдына сөз болуға тиісті.

Осы тұста айтарымыз — тек бірер есте қалған естелік. Бір жолы сөз иіні келіп, Н. Я. Маррдың өмірі, мінезі туралы әңгіме болып қалды. Сол жылдардың өзінде-ақ ол кісінің ғылымда алатын орнын И. И. Мещанинов айна-қатесіз дәл түсініп, күмән тұғызар жүйелерін өте дәлелді айтатын пайымдылығына қайран қалатын едік.

1950 жылдары болған лингвистикалық айтыста Маррдың жіберген методологиялық қателері сөз болғанда ғана И. И. Мещаниновтың 1940 жылдары алдын ала аңғартқан ойлары еске сап ете түсті. Егер де Иван Иванович өз ұстазын жек көрді десек, аяқты шалыс басқан болар едік. Н. Я. Маррдың ертедегі сан алуан еңбектерінің (соның ішінде көне грузин, көне армян тілдері, т. б.) құнды жақтарын 1950 жылдардағы дискуссиядан кейін де атаудан тартынған жоқ. Біз осы жерде — «тіл туралы жаңа ілімді» қайта қозғағалы отырғанымыз жоқ. Оның қажеті де жоқ.

Біздің бұл тұста ескертпегіміз басқа нәрсе: ұстазының мінезін

білгіміз келіп Иван Ивановичқа сұрау қойғаным әлі есімде. Сондағы жауабы мынау еді:

— Ол кісі өзінің баласы Юрий Николаевич Марр екеумізге ресми түрде лекция оқушы еді, — деп бастайтын Иван Иванович әңгімесін.

— Кісі саны аз деп азырқанбайтын, көп деп көпсінбейтін. Тақырыптың қызығына кіріп алып, төгіле сөйлеп кететін. Сондай бір ағылма сабақтың тұсында, әңгімесін кенет үзді де, бізге қарап: «Ал, қане жігіттер, айтыңдаршы маған: көне грузин, көне армян тілдерінде «суды» не деп атайды» — дері бар емес пе? Қапелімде қайдан еске түсе қойсын. Жұмған аузымызды аша алмай қалдық. Ол кісі: «Қап әттеген-ай! Күн ұзаққа несіне зуре боп жүрмін, сендерге лекция оқып. Мұнша кеше болармын ба, жазған басым!» — деді де, бар қағазын жинастырып, кетті де қалды. Не істерімізді білмей, қатты састық. Күні-түні бүкіл сөздік атаулыны ақтарып, «суы» бар болғырдың грузин, армян тілдерімен қатар басқа да әлденеше көне тілдердегі атауын біліп алдық. Келесі сабаққа келер ме екен, келмес пе екен деп, ертеңіне аудиторияда дал боп отырғанда, ештеңе болмағандай, жайраңдап кіріп келді. Күліп: «Қалай жігіттер, «суды» көне грузин, армян тілдерінде не дейді екен? — деп сұрады. Біз айтуға ыңғайланғанымызда тоқтатып қойып, бірден мақтай жөнелді: «Міне, оқып келгендерің қандай жақсы. Сендердің ұқыпты жандар екендеріңді білем. Бәрекелді, осылай болса керек-ті!» — демесі бар ма. Кешегісі анау, бүгінгісі мынау — аң-танбыз. Біздің оқып келгенімізді қайдан біліп қойды дейміз. Расында, бұл кісінің аңғалдығы мен зерделілігі қатар байқалушы еді. Қаға берісті қалт жібермейтін бөлекше бір сезімталдығы тағы бар еді», — деп И. И. Мещанинов әңгімесін аяқтады.

Ұстазының бойынан өзі көрген қасиет Иван Ивановичтан да көрінетін. Бұл кісі де мейлінше сергек жан болатын. Ғылыми проблемаларды сөз еткенде осы бір алғыр ойлылық байқалатын.

Марр жайында айтылған тағы бір эпизод әлі есімде. Марр шетелге шығып жүрген сапарларының бірінде, Париж қаласында өз замандасы, бұрыннан таныс атақты лингвист Ж. Вандриеспен кездесіп қалады.

Марр ол кісіге қарағанда тіл фактілерін анағұрлым көп біледі екен. Тіл-тілдің ерекшелігін білуде Вандриес ұтыла береді. Сан-салалы тілдерді білетініне қайран қалады да, оны басқа уәжден мүдіртпек болып әзіл сұрақ береді:

— Қымбатты мырза Николаи Яковлевич, сіз осы өз пікіріңізден жиі айнып тұратын көрінесіз. Мұны қалай түсінуге болады? — депті. Марр ол сауалға:

— Ал, сіз, отыз жыл бойы жұртты мезі қылған бір пікірді қайталаудан қалайша жалықпайсыз? — депті.

Ұстаз сыйлау деген мәдениеттіліктің тамаша үлгісін осындай бір жанана әңгімелерден де байқап, арайланып отырушы еді.

Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик И. И. Мещанинов, шынында да тіл біліміндегі өте ірі тұлғалардың бірі: ол әр алуан ғылымнан хабары бар, жан-жақты білімпаз еді. О бастағы мамандығы юрист бола тұра, археология, этнография салаларынан да салықалы еңбек қалдырған адам. Алайда, оның бүкіл саналы өмірі тіл білімінің көкейкесті, әрқилы проблемаларын зерттеуге арналған. Бұл ретте Иван Ивановичтың сіңірген еңбегін біртіндеп тізіп шығудың өзі біраз жұмыс болар еді. Қазір бұл жөнінде сарқа айтуға орын жоқ. Түйіндеп айтқанда, оның туыс емес тілдерді типологиялық жағынан тексеруге бағытталған концепциясының өзгеше сипаты күні бүгін де көзге түсіп, айқын сезіледі.

Бұрынды-соңды сөз болмаған тың, даулы мәселелерді И. И. Мещанинов ортаға салудан тайынған емес. Бағзы уақыт ұстазы Н. Я. Маррдың жансақ теорияларын қолдаған да жайты болды (Маррдың ғылым қауымына паш болған методологиялық қателерін қолдауға болмайды). Солай бола тұрса да тіл ғылымы дамытуда Иван Ивановичтың бағалы пікірлерін жоққа шығару мүмкін емес. Мен тыңдаған, менімен замандас кісілер тыңдаған дәрістерінде аса бір есте қалған, миға қонымды үлкен жүйелі де ғылыми ірі арна, — осы типология мәселесі еді. Бұл — Отан, шетел лингвистикасында бірінші рет көтерілген тақырып еді. Тілдердің жалпы қасиеттеріне ол кісі үніле қарайтын. Сол қасиеттерге сай тіл-тілдің ортақ заңдылықтарына назар аударуды мақұл көретін. «Сөйлем мүшелері және сөз таптары» атты монографиясында болсын, өзге еңбектерінде болсын, осы идея барынша терең айтылған. Жеке тіл фактілері кейбір уақыт талас тудыра тұрса да, Иван Ивановичтың осы саладағы түбегейлі желісі назар аударарлық еді.

И. И. Мещанинов Ленинградтағы Күншығыс, Тіл және ойлау институттарында басқа белгілі ірі ғалымдармен бірге қызмет істеді. И. И. Мещаниновты сөз еткенде, ол кісінің әріптестері еріксіз еске түседі. Көзім көрген, көпшілігімен бір кезде сан рет әңгімелескен таныс ғұламалардан мыналарды атау абзал: түркологиядан — В. В. Бартольд, А. Н. Самойлович, С. Е. Малов, Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононов, А. К. Боровков, Н. А. Баскаков, Э. В. Севортян, Э. Р. Тенишев, Е. И. Убрятова, Ә. Нәжіп, А. М. Щербак; монголистикадан — Б. Я. Владимирцев, Г. Д. Санжеев, Т. А. Бертагаев; индология-тибетологиядан — Ф. И. Щербатской; арабистикадан — И. Ю. Крачковский, Н. В. Юшманов; көне шығыс тарихынан — В. В. Струве; археологиядан — С. А. Жебелев, А. Н. Бернштам; синология мен японистикадан — В. М. Алексеев, Н. И. Конрад; славян, орыс филологиясынан — Б. М. Ляпунов, С. П. Обнорский, Л. В. Щерба, В. И. Борковский, В. В. Виноградов, В. И. Чернышев, Р. И. Аванесов, Д. Н. Ушаков, С. Г. Бархударов, Ф. П. Филин, Е. С. Истрина, Л. П. Якубинский, П. С. Кузнецов, С. И. Ожегов, А. М. Бабкин, Х. Махмудов; батыс филологиясынан —

И. И. Толстой, В. Ф. Шишмарев, В. М. Жирмунский, В. Н. Ярцева, А. В. Десницкая, М. М. Гухман; тунгус-маньчжур, палеоазия тілдерінен В. А. Аврорин, В. И. Цинцус, В. З. Панфилов, О. П. Сунник, П. Я. Скорняк; ибер-кавказ тілдерінен — Ю. Д. Дешернев, Е. А. Бокарев; иран тілдерінен — Е. Э. Бертельс, В. И. Абаев, А. Ромаскевич, В. С. Соколова, В. С. Расторгуев; финн-угор тілдерінен — Б. А. Серебренников, К. Е. Майтиская, В. И. Лыткин. Бұл институттар, Ленинград университеті сол кездегі лингвистика, тарих, шығыстану білімінің білімпаздары шоғырланған орталық болатын.

Біз оқыған институтта жалпы тіл білімінен екі параллель пән оқылатын: тіл білімі мен фонетикадан дәрісті Л. В. Щерба, яфетидологиядан — Н. Я. Марр мен И. И. Мещанинов оқытын. Мұндай жарысна дәрістердің тигізер пайдасы айтпаса да түсінікті. Сол заматта (тіл ғылымының кей басты проблемалары әлі де айқындалмаған тұста) осы жайт керек те еді. Бұл екі кемеңіз құйрығын ұстаған кісі іспетті емес, екі енеге тел қозыдай снық еді.

Ғұламаның бұл кездегі алдымен көзге түскен бір қасиеті: әр алуан ғылым саласындағы оқымыстыларға ерік беріп, өз ұжданы, өз мамандығымен жұмыс істеуге жағдай жасауы еді. Иван Ивановичтың мінез-құлқын мен жақсы білемін десем, асылық болмайды. Сынық сөз, әдептілік бұл кісіге тән қасиет еді. Әр түрлі ғылыми долбар-болжамдарға жол беріп, пікір таласына қарсылық білдірмейтін. Осыған орай лингвистика семинарын өткізуді дағдыға айналдырған еді.

Ғылыми мамандардың өсіп-жетілуінде бұл семинардың қосқан үлесі айырықша. Қазақ ССР Тіл білімі институтында күні бүгінге дейін жүргізіліп келе жатқан «лингвистика жұмасы» сол Иван Иванович, Сергей Ефимович негізін салған ғылыми дәстүрдің жарастықты жалғасы деуге болады. Біз мұны үлкен ғұламалардың есіміне лайықты ескерткіш деп білеміз. Осы дәстүрді әлі де тереңдетіп, жоғары дәрежеге жеткізе, марксистік-лениндік методология негізінде алуан түрлі тіл құбылысын әрі қарай зерттей түсу, белсене ат салысу — бәріміздің борышымыз.

Ендігі азын-аулақ сөзіміз С. Е. Маловқа арналады.

Сергей Ефимович Маловты мен Ташкенттегі Қазпединститутта оқып жүрген кезден — 1927 жылдан бері білетін едім. Академик В. В. Бартольд түркі, монғол халықтары тарихынан лекциялар оқып, С. Е. Малов көне түркі жазулары бойынша арнаулы курс жүргізетін. С. Е. Маловтың сол кезде-ақ тиражы шағын болғандықтан қолға түспейтін «Көне түркі жазуы үлгілері» атты еңбегі Ташкентте шыққан еді де, біз «Тоңуқук», «Күл-тегін» тәрізді көне түркі жазба ескерткіштерінің, «Құтадғу-біліг» сияқты даналық тағылым туралы тамаша дастанның үзінділерін осы кітаптан оқып, олардың ұзын-сонар толық желісін С. Е. Маловтың өз аузынан есіткен едік.

Ал, 1928—1931 жылдары Ленинградта оқып жүргенде С. Е. Ма-

ловтан осы курсты тағы да тыңдадық. Кейін «Көне түркі жазуының ескерткіштері» (1951) деген кітабында түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі тарихына арналған белгілі мақалаларында ұсынылған пікірлердің біразы сол мезетте оқыған лекцияларында айтылған еді.

Күллі әлемдік түркология тарихында 25 ноябрь 1893 жылдың маңызы айырықша екенін, өйткені атақты — В. Томсеннің түркі жазбасының кілтін ашқан осы жыл екенін қайталай, сүйсіне айтушы еді. Бұл кісінің ғылыми жаңалықтарға балаша қуанатын қасиеті көзге ерекше түсетін. Өзінің мейлінше жақсы көретін ұстазы В. В. Радлов болатын. Ал, Радлов, керісінше, өзінің шәкіртін де қатты сүйген екен. Соның бір дәлелі мынау еді: С. Е. Малов В. В. Радловпен үнемі бірге болып, бірге жұмыс істеп, керек десеңіз, Сергей Ефимовичтің өз айтуынша, жекеден-жеке отырып арнаулы лекциясын да тыңдайды екен. Сергей Ефимович осыларды айта келіп: «Қадірлі ұстазым ақырында осындай бір жемісті еңбек үстінде, үстел жанында отырып, көз алдымда мәңгі ұйқыға кетіп еді», — дейтін.

С. Е. Маловтың көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеп, олардың үлгілерін, транскрипциясын, транслитерациясын беруі, аудармасын жасауы, морфологиялық, фонетикалық ерекшеліктеріне ғылыми баға беруі, сөздік жасауы — түркология үшін баға жетпес еңбек. С. Е. Малов жасаған ғылыми сипаттағы хрестоматиялар мен сөздіктер қазіргі түркі тілдері мен әдебиет тарихының ғылыми анықтағыш арқауы болып табылады.

Бұлардан бөлек те басшылыққа алынар құнды пікірлер калдырды. С. Е. Малов түркі тілдерін таптастырғанда көне тілдің белгілері ретінде сөз ортасы мен сөз аяғында *й* орнына *р* (ура, хур), *д* (адақ, қод), *т* (атах, қуат), *з* (азақ, қоз) дыбыстарының келуін қосымша дәлелге сүйене отырып, арнап атаған-ды. Сол сияқты көне тілдік элементтер ретінде сонор дыбыстардан (кейде ұяңнан) кейін қатаң *т*-дан басталатын қосымшаларды (алты, алды) атайды. Өзінен бұрынғылардың осыған орай пайымдауларына қосқан тың тұжырымдарын әр тұста айқындай отыратын.

С. Е. Малов өзінің «Көне және жаңа түркі тілдері» (1952 ж.) атты мақаласында И. Н. Березин, В. В. Радлов, Ф. Е. Корш, А. Н. Самойловичтердің түркі тілдерін таптастыру тәжірибесін еске ала отырып, тарихи (мерзім) принципті басшылыққа алды. Бұл кісіге тән мінез: қысқа түйін жасап, өзіндік тың ойды ортаға салудан бас тартпайтын, «дегеніме жеттім» деуден аулақ болатын. Құр долбарға құмарлығы жоқ Сергей Ефимович «көне» мен «жаңаның» межесі ретінде бірнеше критерийдің бастысы деп, алғашқы топқа «тіл арты» *-ғ*, *-г* (тағ, бер), кейінгі топқа «тіл алды» (бұл жерде С. Е. Маловтың «опереднение» деген ұғымында) *-у*, *-о* (тау, тоо) дыбыстарын негіз етуі дәлелсіз емес-ті. Сонымен барабар «жаңа» тілден ескінің ізі, «көне» тілден жаңаның нышаны елес беретінін де ескертетін.

С. Е. Маловқа тән ғылыми дағды, күллі өмірін арнаған саласы — Орхон-енисей жазбалары болатын. Бұл жөнінде сабақ беру әдісі де, өз тұсынан түсіндірме беру, аудару жүйесі де көкейге қонымды, жатық келетін. Өзінен бұрынғы зерттеушінің пікірін қоса қамтып, өз ойын сарапқа салуға өте шебер болатын. Шұу деп дәрісті бастағанда-ақ, руника жазбасының кілтің (дешифровкасын) сөз ету қабілеті қызық еді. Жүз жылдан астам уақыт жұмбақ болып келген жазудың тетігін қалай түсіндіреді десеңізші. Сөзді ұстаздың өзіне берелікші. Сол 1927—1931 жылдардағы өз конспектіме зер салғым келеді.

— Жазбаның шешуін таппақ болған ғалымдар ең алдымен әлемге бұрынды-соң белгілі алфавиттерге ұмтылды, солардағы ұқсас белгілерден сыр тапқысы келді. В. Томсен болса бұрыннан белгілі алфавиттерді сырып тастады да, ізденіс желісін түркі тілдерімен ұштастырды, түркі тілдерінің өз заңдылығын жете білуге көңіл аударды. Оған түрткі болған сол жұмбақ жазбаның өзі болды: сырт қарағанда арнаулы бір әріптер кез келгенімен емес, үнемі өзара тіркесетін, сыбайлас әріптердің екі тобын аңғарып қалады. Бұл екі топ, бақса, жуанды-жіңішкеді дыбыстардың баламасы болып шығады. Бұл құпия әкеліп, **БҒҮЛХ** (Білге), **МҮЕНҮМҜ** (Күл-тегін) **МҮҜ** (теңірі) **ВІГҮН** (түрк) сөздерінің түп етегінен ұстатты. Содан әрі қарай өзге сөздердің сыры ашыла берді, — деп бір емексітіп қоятын. Араға бір ай салып, В. В. Радлов та пікір қосты. Руника жазбаның өзге алфавиттерге жуық-жырақтығы әлі де пікір таласын керек етеді, — деуші еді.

— Біреу арамей жазуына апарып соғады десе, енді біреу мұның төркіні — ру таңбалары деседі, идеографиядан да құр алақан емес деушілер де баршылық. Томсен, Радлов айтқандары жөнірек болар.

Содан әрі қарай кесек ойларын жеке әріптерге ұштастыра сөйлейтін:

— Енисей жазуы Орхон жазбаларынан бұрын пайда болса керек, алғашқы курсив түрінде, кейінгі даралана таңбаланады. Тасқа түсірілген әріптер, әрине, қағазға жазылғандай емес қой; қашалып салынған таңба геометриялық тұлғалас (үшкір, тік, сүйір, үшкіл, т. б.) келеді, — дейтін.

Сергей Ефимович оңнан солға, жоғарыдан төмен жазуға шебер ақ еді. Тақтаға түсірген әріптері, «Күл-тегін», «Тоңуқұқтан» алынған үзінділері тайға таңба басқандай айқын көрінетін.

— Белгілі бір әріп қосарланған екі дауыстыны (бірде екі жуан — о, у немесе екі жіңішкені — ө, ү, бірде екі ашық — а, ә немесе екі қысаңды — ы, і) білдіреді. Бірақ, дауыстылар айтыла тұрса да, көп жерде жазылмайды. Ал, дауыссыздар қалмай жазылады. Қатар жарыса келетін жуан-жіңішке дауыссыздарды (-к, -к, -ғ, -г; жуан-жіңішке б, д, й, л, н, р, с, т), көрсететін әріптерді білің-

дер, шырақтарым, — деп мұқият тапсыратын. Жазба ескерткіштердің әр қилы мән-мазмұны, заманы туралы лекцияларының бір ерекшелігі мынау: Отан зерттеушілері болсын, шетел кісілері болсын, олардың шыққан еңбектерін ісқағатпен еске алатын, құнды пікір болса, әділдік жасап, ризалық көңілін өзіне тән жайдары мінезімен ескерте отыратын.

Ленинградтағы Құншығыс институтында, түркология бөлімінде не бары тоғыз адам, бергін келе алты-ақ адам болып оқыдық (азербайжан, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек). Шағын топта оқудың көп ыңғайлы жақтары болады екен. Аптасына кемінде бір рет, үш жыл бойы көне түркі жазуынан дәріс тындап, практикалық курс өтудің ұтымдылығы өзінен өзі түсінікті. Сол жылдары бірімізге біріміз студенттерге жарасты әзіл-оспағымызды сол көне жазбамен жазуға да төселдік. Бір күні Сергей Ефимовичтің сабағы боларда (45 минуттан кейінгі үзілісте) тақтаға бормен құрбыларымыздың атын тізіп, қалжың, «эпитеттерді» қоса жазып жатқан үстімізге ұстазымыз абайсызда келіп қалып, тақтаға көз жүгіртпесі бар ма. «Ой, қандай зейіндісіздер, мыналарыңыз жақсы-ақ екен, бірақ, жас достарым-ау, бұл сөздер, ұмытпасам, Орхон-енисей жазбасында жоқ сияқты еді», — деп орынды сықақтағаны әлі есімде.

Әріп тіркестерінің заңдылығына бойлай енген ұстаз біздердің шама-шарқымызды асыра бағалап, өзімізге сауал қоя сөйлеу әдеті де болатын. Мәселен, «қ», «к» дыбыстарының әлденеше баламасы болудың себебі әлі де белгісіз екенін айтып келіп: «кейінгі ұрпаққа тиісті үлес те аз емес», — деп кішіпейілді мінез білдіретін.

Сөз орайы келгенде «п» дыбысынан басталар сөз жоқтың қасы, ал жуан «п», «м», «ң», «з», «ч», «ш» әріптерінің жіңішкелік қасиеті еленбейді дей келіп, В. В. Радловтың, В. Томсеннің, П. М. Мелиоранскийдің түрлі ескерткіш текстерін аудару үлгілеріне аса көңіл бөлетін. Қай әріптің болса да, толып жатқан басқа сырларын түсіндіру, әсіресе жазбалардың мән-жайын, Отан ғылымындағы арғы-бергі ескерткіштердің зерттелу барысынан әрі тіл, әдебиет маманы, әрі тарихшы, этнограф ретінде толық мағлұмат беретін.

С. Е. Малов өзге түркі тілдері сияқты қазақ тілі тарихы мәселесіне де қатты көңіл бөлетін. Қазақстанда істеліп жатқан жұмыстарды қадағалай бағып, болашақ тиісті міндеттерге бағыт беріп отыратын. Қазақ республикасының 20 жылдық мерекесіне орай СССР Ғылым академиясының жалпы жиналысында жасаған «Қазақ тілі тарихына» атты баяндамасы осы бір қамқорлықтың айғағы іспетті еді. С. Е. Маловтың кейін қазақ тілі тарихын зерттеуде басшылыққа алынған көп пікірлері осы баяндамасында айтылып еді⁵. С. Е. Малов Қазақстанда қазақ тілінің ауызекі әдеби қағидаларын зерттеуде үлкен жұмыс жүргізіліп жатқанын, кейбір диа-

⁵ Баяндама кейін «СССР Ғылым академиясының Хабарларында» басылды. Қараңыз: Изв. АН СССР. ОЛЯ. 1941. № 3.

лектілік өзгерістер бар екенін айта отырып, қалай дегенде де қазақ тілі біртұтас, біркелкі екенін арнай атайтын.

Отан соғысы жылдары ҚазГУ мен ҚазПИ-де оқыған дәрістерінде бұл кісі тіліміздің ау-жайына әбден қанық екенін толық дәлелдеді. С. Е. Малов, И. И. Мещанинов «Қазақ ССР тарихын» жазысуға да пәрмен-күшін салды.

Алматыдағы ілім-білім қауымымен С. Е. Малов соғыстан кейін де байланысын үзген жоқ. Ешкімге кіріптарлығы жоқ бейне бір мығым достығының көрінісі деп мынаны айта кету жөн. 1957 жылы ол кісі өзінің орысша жазылған «Сары ұйғыр тілі» атты монографиясын Алматыда шығаруға ризалық білдірді. Бұл — осындағы шәкірттеріне көрсеткен әрі сенімі, әрі күдіксіз құрметі еді.

Шәкіртсіз ұстаз тұл: аяулы ағаның ұйғыр хақындағы мұрасын терең тексеріп, өз тұсынан ғылымға үлкен үлес қосып жүрген шәкірттерінен ең алдымен одаққа да, шетелге де әйгілі Э. Р. Тенишевтің есімін атау орынды-ақ. Қазақстанда құнды да тартымды еңбектерімен аты белгілі ұйғыр тілі мамандары А. Шамиева, Ә. Қайдаров, Ғ. Сәдуақасовты да қоса атаған жөн.

С. Е. Малов көне дәуірде тарихи бірлікте не көршілес болған куман, печенег тілдерінде жазылып, дәл мерзімі көрсетілген ескерткіштердің тіл ерекшеліктерін салыстыра зерттеуді мақұл көретін. Бір кездегі тіл арты қ, ғ дыбыстарының кей тілдерде сөз ортасы мен сөз аяғында белгілі жағдайда не созылыққы, не «тіл алды» дыбыстар пайда болу процесін (тағ — тау, бег — би, сарығ — сары) нақты фактілермен орынды дәлелдейтін.

С. Е. Маловтың дүние жүзі түркологиясындағы аса зор еңбектері көне ұйғыр тіліне ұштасады. Көне ұйғыр алфавитімен жазылған ескерткіштердің басты-басты үлгілерін ғылым игілігіне айналдыруда бұл кісінің ролі өте күшті еді. Манихей, буддизм, христиан сенімінде жазылған мұраларға филологиялық, тарихи талдаулары еш күмән келтірмейді. Юсуф Баласағұн («Құтадғу-біліг»), Махмуд Қашғари («Диван луғат-ат түрк»), Ахмед Югнек («Нибет-ул һақайқ»), Рабғузилердің («Қиссас-ул анбия») барша әлемге белгілі еңбектері С. Е. Малов лекцияларының да, зерттеулерінің де ілтипатынан тыс қалған жоқ. Дау туғызар жеке тұлғалар болсын, мағына-мазмұн жайлы күдік болсын, — С. Е. Маловқа жүгіну әркімге-ақ парыз еді. Соныммен бара-бар С. Е. Малов жаңа ұйғыр тілін де байсалды зерттеді. Біз сөзбен айтқанда бұл кісі — ұйғыр туралы ілімнің ардагері дей аламыз.

Октябрь революциясы жеңісімен совет шығыс халықтарының жазуын, әдебиетін жасау, кадрларын даярлау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Түбегейлі, мерейлі қызметін осы тұста бастаған А. Н. Самойлович, С. Е. Малов, И. И. Мещанинов бұл игілікті де жауапты іске ең басынан араласты. Олардың бұл салада баға жетпес еңбегі бар.

Түркі тілді республикаларда бұл ғалымдардың шәкірті болма-

ған тіл маманы сирек еді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Указымен Қазақстанда ғылыми кадрларды даярлауда және тіл білімі саласындағы аса зор зерттеу жұмыстары үшін И. И. Мещанинов Академиямыздың құрметті мүшесі болды; С. Е. Маловқа «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген атақ берілді.

Ұлы Академияның әйгілі мерекесі күндері қысқаша да болса, шәкірттік ықылас білдірейін деген тағы бір үлкен тұлға — академик Александр Николаевич Самойлович⁶. А. Н. Самойлович СССР ҒА Қазақстандағы базасын ұйымдастырушылардың бірі еді. Алғашқы адым басқан жас ғылыми мекемелерді (қоғам тарауынан да, табиғат тарауынан да) ашуда бұл қайраткер алғы сапта болды. Халқымыздың тарихын, тілі мен әдебиетін зерттеуде көрегендік үлгі көрсете білді.

Александр Николаевич — түркологияның тіл білімі, әдебиеттану, этнография, тарих сияқты салаларында бірдей зерттеу жүргізіп, оның дамуына елеулі үлес қосқан ғалым еді. Ол кісі түркі тілдерінің фонетикалық, грамматикалық құрылысын өте терең білген және түркі халықтарының көне жазба ескерткіштерін, жазба әдебиетін, фольклорын жетік білген.

Мен А. Н. Самойловичті 1928 жылы Ташкенттегі Казпединституттың екінші курсынан барып Ленинград Шығыс институтына оқуға түскенде бірінші рет көрдім. Есімін Ташкентте оқып жүргенде-ақ жақсы білетінбіз. Пединституттағы мұғалім-түркологтар оның еңбектерімен ұқыпты таныстырған-ды. Қазақ тіліндегі газет, журналдан да осы кісінің белгілі түрколог екенін аңғаратынбыз.

Шығыс институтына түсер алдында ол кісінің маған ауызекі берген бір сауалы қазақ пен қырғыз тілдерінің ортақ, айырма қасиеттері туралы болатын. Дауыстылар жөніндегі айырманы дұрыс баяндасам да, дауыссыздар саласындағы мәселеден тосырқай жауап бердім. Абырой болғанда, сүйсемел сұраққа («баш» — «бас» сияқты құбылыстардың тарихи эволюциясын еске түсіргенде ғана) айтпақ ойымды жалғастырған болдым. Қабылдау емтиханды Александр Николаевич С. Е. Маловпен бірге отырып алған-ды. Біз түскен түркологиялық семинардың бастығы осы кісі екен. Өте алғыр, ұйымдастыру қабілеті күшті еді. Бұл кісілер ә дегенде-ақ қолма-қол тапсырма беріп, бірде өздері лекция оқыса, бірде өзімізге баяндама жасататын. Лексика, грамматика, фонетика саласынан баяндамалармен барабар халқымыздың қалыптасу тарихы, этнографиясы, әдеби тілдің даму кезеңдері, т. б. тақырыптарға айтты ашатынбыз. Жүгінер кісіміз өзі болып, уақыттың қалай озғанын білмей де қалатынбыз. Орынды, орынсыз сұрақтарымызға

⁶ Осы мақаланы жазу тұсында «Советская тюркология» журналы (1973. № 5) көптеген авторлардың А. Н. Самойловичке арнаған мәнді де тартымды мақалаларын жариялады. Ғалымның алуан түрлі еңбектері осында жақсы қамтылған. Демек, біз осы мақалаларға оқушы қауымы назар аударар деп ойлаймыз. Бұл кісі туралы бір-ақ ауыз естелігімді ескертпекпін.

ешбір қабақ шытпайтын. Бір рет яфетидология жайында әңгіме туып, ол кісінің «өз басым осы теорияға әлі түсініп жеткенім жоқ» дегенін де есіткенбіз.

Шәкірттерін баласындай көріп, жай-күйімізге де қанық болатын, мұқтажымызға зер салатын.

Академик В. В. Бартольд бастаған «Түркологиялық кабинет» мәжілісіне де дембіл-дембіл апарып тұратын. 1928—1929 жылдары осы кабинеттің ғылыми хатшысы, ұмытпасам, осы күнгі белгілі ғұлама, Қырғыз ССР ҒА академигі К. К. Юдахин болатын. Соның кезекті бір мәслихатында «В. В. Радловтың төрт томды сөздігін қайта шығару мәселесі» қаралды. 13 кітап етіп, 25 мың сөзді қамтыған «Якут тілі сөздігінің» авторы ірі ғалым Эдуард Карлович Пекарский бірінші болып сөйледі. Мәслихатта А. Н. Самойлович, С. Е. Малов, К. К. Юдахин де болды. Бәрі де сөйледі. Екінші рет қайталап сөйлеген Э. К. Пекарскийге уақыт үнемдеуге құмар, регламентке қатал Василий Владимирович Бартольд сол ренжіп қалды. Жшылыс өткен бөлме, кейін сұрастыра келсек, В. В. Бартольдтың пәтері екен. Айтқандай, Радлов сөздігінде көптеген түркі тілдерінің материалы бар ғой. В. В. Радлов шығарған қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің сөз байлығы түгелімен сол кісінің сөздігіне енген дегенді біздерге А. Н. Самойлович те, С. Е. Малов та ескертетін. Радловтың сөздігін толықтыра түсуді мақұл тапқан-ды. Қырғыз материалын сол кезде-ақ қолға алған, бірақ өз алдына толық та құнды кесек еңбек, түркі лексикографиясына енген үлкен үлес, осы күні Мемлекет сыйлығын алған туындының несі, ортамыздағы қазіргі ақсақалымыз К. К. Юдахин.

«А. Н. Самойлович қоғам қайраткері ретінде прогресс атаулыға жанын салатын, сонымен бара-бар қатал ғалым болатын, өйткені ол ғылыми шындықты шыңға көтеретін», — деп В. В. Бартольд баға берген-ді. Осы — әділ айтылған сөз.

Грамматист ретінде, осман түрік тілін, қырым татар тілін, т. б. жете тексерді; сөз таптарынан да құнарлы ойы болатын. Үніле қарап тексерген тағы бір саласы түркі тілдерінің сөз байлығы болатын. Бұл саладағы алуан түрлі еңбектерінің ішінен 1915 ж. шыққан «Күйеуге тиген қазақ әйелі атай алмайтын сөздер», 1928 ж. жарияланған «Қазақ» сөзі туралы, «Жыя аттары», «Бай мен кедей» атты т. б. мақала, сөздіктерінде Александр Николаевич қазақ мәдениетін, әдебиетін, тілін өзінің ғылыми-зерттеу елегінен өткізуге бой ұратын. Бұл ұлағатты ұстаздың Қазақстан ғылымына деген жақсы пейілін, елден ерек қызметін Алматыда істеген жылдары (1936—1937) бәріміз де өз көзімізбен көрдік. А. Н. Самойловичтің шапағаты тимеген түрколог кемде-кем.

Көне (өлі) тілдер мен ауызекі (тірі) тілдердің әр қилы материалдарын жүйелі зерттеу қажеттігін қазіргі таңдағы міндет етіп көрсететін.

А. Н. Самойлович қазақ халқының рухани мұрасына тәнті екендігін үнемі атап отыратын. Таң-тамаша мол ауыз әдебиетін, Абай,

Ыбырайдан бұрынғы-соңғы жазба әдеби мирасқа қызыға мән беретін. Шоқан Уәлихановтың өреп жүйріктігін баса айтатын.

1914 жылдың өзінде-ақ қазақ мәдениетінен арнайы жинаған материалдары бар екенін әңгімелей отыратын. Соның ұшқыны ретінде мынаны ескерейік. Радловтың 75 жасқа келуіне ұлты қазақ Жәнібеков деген ақсақал бір ауыз өлеңін ұстазының өз транскрипциясымен жазған-ды. (Біз бұл өлеңді қиындық келтірмес үшін жаңа графикамен берін отырмыз):

Көп айтам кішілікті, бабам, сізге,
Ендікі жас түссе еді сіздің ізге.
Дүниеде жетпіс бес жыл өмір сүрдүм,
Тәңірім, жеткізгей-ді енді жүзге⁷.

Сөз орайы келгенде айға кету керек: А. Н. Самойлович, С. Е. Малов араб жазуынан латыншаға көшуде тізгінді әр ұлттың өзіне беруді мақұл көретін. Бірақ тиісті ғылыми консультациядан қалыс тұрмайтын. 1939 жылы Ленинградта болғанымызда да С. Е. Малов (1938 ж. А. Н. Самойлович дүниесалған еді) сол ізгі дағдысына салып, орыс графикасы сөз болғанда, таңдау-талғау әр халықтың өз жұмысы дегенді аңғартатын. Демек, кейбір шетел ғалымдарының «Орыс өз алфавитін күштеп енгізді» деген лепірме үгіті — жалған айтылған сөз еді.

Қазақ интеллигенті қалаған, қазақ жұртшылығы қалаған қазіргі төл жазуымызды ешкімнің ешқандай саудасына сала алмаймыз.

Түркі тілдерін өзге алтай тілдерімен де жарыстыра зерттеуді құптайтын. Түркі тілдері тарихы жайында А. Н. Самойловичтің өз бағыты болды. Ол өзінің алдындағы Ф. Е. Корш, ұстаздары В. В. Радлов, П. М. Мелноранский жасаған түркі тілдері жайлы таптастырудың маңызын студенттерге баяндай отырып, бұл мәселедегі өз топшылауын жетер жеріне жеткізе айтатын. Барлық түркі тілдерін *p—z* (тахар—токуз) түрінде бөліп, екінші кезекте *d—z—й* (адах—азах—айақ), содан соң *қалан—қалған* деп, іштей екі бөлікке бөлетін; *тау-лы—тағ-лығ*, етістіктің *бол—ол* түрінде келуіне де назар аударатын. Осылардың ішінен ол *p, z* тобы түркі тілдері үшін басты белгілерге жататынын ерекше ескертетін. Басқаша айтқанда фонетикалық принципті бұл кісі негіз етіп алатын.

Тіл тарихы мәселесінде А. Н. Самойлович ауызекі тіл, жергілікті тіл деректеріне аса зор маңыз беретін. Ауызекі тілдерден көптеген көне қасиеттерді тауып, әдеби нұсқалармен салыстыра зерттеуді уағыздайтын. Осыған орай салыстырма-тарихи методқа сай үлгіні ғалымның қай еңбегінен де кездестіре аламыз.

А. Н. Самойлович, С. Е. Малов, И. И. Мещанинов тәрізді ұстаздар қауымын сөз еткенде мынадай бір ойға қаламыз. Бұлар-

⁷ Труды Троицкого-Кяхтинского отделения приамурского отдела Императорского Русского Географического общества. СПб., 1914. Т. 15. Вып. 1. Жоғарыдағы бір ауыз патша А. Н. Самойловичтің В. В. Радлов туралы мақаласынан соң келтірілген.

дан да бұрын қазақ еліне көңіл бөлген алуан түрлі орыс ғалымдары болған. Жоғарыда айтқанымыздай, революциядан бұрын да Қазақстан жайында, оның жері, елі жайында, халқымыздың өдет-ғұрпы, салт-санасы, тұрмысы жайында талай-талай зерттеу жазылған-ды. Сондағы бір ескертін нәрсе, сол зерттеулердің едәуірінде қазақ халқы ғылымға тек объект ретінде ғана қажет бол келген.

Ал, енді Ұлы Октябрьден бергі жерге зер салсаңыз халық тарихи процестің несі — субъекті ретінде жіті тексерілуі, зерделі зерттелуі ерекше көзге түсті. Ұлан-байтақ еліміздің, сүйікті халқымыздың рухани мәдениеті, әлеуметтік-экономика жағдайы сардарлы да баянды сөз болауы — өресі кең қауымның, цивилизацияның биік шыңы совет қоғамының пәтижесі. Әр алуан ғылым саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан тамаша ғалымдарымыздың бүгінгі тірлігі еліміздің ризығын талай белден асырғаны мәлім. Міне, соларға масаттана отырып, Ұлы Октябрьге, партиямызға мейлінше ризалық білдіре отырып, қазақ кадрларының тез арада өсіп жетілуіне орасан зор еңбек еткен орыс ғұламаларын бөлекше ілтипатпен еске аламыз.

Ұлы орыс халқы мен қазақ халқының ғазиз достығы, мызғымас ынтымағы талай тарихи асуларда шыңдала түсті. Қилы-қилы заманның бұмпуіне төтеп берген киелі береке-бірлік Совет өкіметі жылдары барынша ұлғая түсті. Шер-арманы бір, мүддесі бір совет халықтары таңғажайып биік әлеумет құдіретіне бөленді. Сол аға халық — орыс ғалымдарының ұлылығын әрдайым мадақтау — бірден-бір таза парызымыз. Ғалымға деген құрмет ғылымды дәріптеуден туады. Дана адамға ізет ізгі адамдықты дәріптеуден туады. Қазақ халқы ілімін қастерлеу аға ілімін ардақтаудан туады. Кіші Академияға деген жақсы ықылас үлкен Академияға деген ақ жүрек, адал ниетке барып ұласады.

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ *

Бұрыннан азды-көпті зерттеліп келе жатқан қазақ тілінің тарихы (жалпы халықтық тіл мен әдеби тіл тарихы) соңғы бір он шақты жыл ішінде жиі қолға алынып, түбегейлі тексеріле бастады¹. Жалпы түркі тілдерінің ескі заманғы ескерткіштерін, оның ішінде орта ғасыр жазбаларын танып-білу басты мақсат еді. «Қазақ ССР тарихының» әр кездегі басылымдарында көне дәуірлердің жәдігер-

* Мақала: «Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1983. 7—32-б.» жинақта жарияланған.

¹ *Наджиб Э. Н.* Изучение истории тюркских языков в Казахстане // Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1978. 9-шығ. 88—101-б. *Абилхасимов Б.* Исследование истории формирования общенародного и литературного казахского языка. // Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата, 1980. С. 99—107; *Курьшжанов А.* Изучение старотюркских памятников в Казахстане. Там же. С. 91—98.

ліктері, кейінірек қазақ халқын құраған әр алуан тайпалар мен рулардың рухани өмір тарихымен тізгіндесе қаралып, қазіргі Қазақстан территориясын жайлаған халық, тайпалар одақтарының әлеуметтік-мәдени табыстарының қорына жатқызылып жүр. «Қазақ ССР тарихының» ең соңғы басылымында да осы мәселе өз дәрежесінде лайықты орын алған². Аталмыш еңбектегі тиісті тарауға қосымша ретінде біз орта ғасыр ескерткіштері жайындағы азын-аулақ пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Түркі тілдеріндегі бұрын-соңды жазба ескерткіштері жайлы еңбектердің көбінде-ақ тіл несі — халықтың (ертедегі ру, тайпалардың) жай-жапсары бірсыпыра сөз болып, бағзы уақыт қайшы пікірлер де кездесіп жүр. Орхон-Енисей жазуларының заманы туралы ертедегі ориенталист түркологтардың бір шоғыр елеулі еңбектері баршаға танымал³. Қай елдің болса да, қай кезде болса да тарихи дамуы тұтас бірлікте қаралғаны лазым. Айтарлық дәлел болмаса да, бұл жөнінде кей уақыт сырдаң пікір де байқалып қалады. Белгілі бір ертедегі ескерткішті бағзы бір зерттеуші осы нақтылы тілдердің біріне ғана телуден аулақ емес. Бір кезде кейбіреулер көне заман белгілерінен ат-тонын алып қашудан сау болған жоқ. Сабырлы ой өрісі мен екіленген егестің парқы зор. Творчестволық айтыстың жөні басқа, оның ғылым үшін пайдасын әркім де біледі. Демек, тындырымды ғылыми топшылаудың тетігі фактіге келіп тірелетіні хақ. Логикалық, уәжді болжам бәлмасын деген қорытынды тумайды.

VI—VIII ғасырдағы ескерткіштердің тарихи, теориялық мәні түркологияда (90 жылға таяу) жан-жақты айтылып келеді; зерттеудің арғы ұшар қырқасы мен күні бүгінгі қонар биігі аралығында құнды пікірлер айтылады. Түркі тілдес руникалық жазба мұра-ның табыла бастаған, ғылым дүниесінің есігін аша бастаған мерзімін еске алсақ, оның үш жүз жылға барары белгілі. Ұзақ уақыт зерттеу майданында өркен жайған ғылымымыздың жемісті нәтижесіне кейбір шетел ғалымдары да ортақ. Олардың есімдері түркологтарға әбден аян. Алайда бұл салада ең биік шыңға шықтық деп ешкім де айта алмайды.

Бұрынды-соңды жазбаларды сөз еткенде жалпы халықтық тіл мен әдеби тілдің ара салмағы көп әңгіме болып жүр. Тіл несі мәселен «қазақ» деген этноним сөзі де ауық-ауық тілге тиек болып жүр⁴. «Қазақ» сөзінің мән-жайы жөнінен хабардар ғалымдармен

² История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней: В 5 т. Алма-Ата, 1979. Т. 2; раздел 1, гл. 4; Развитие экономики и культуры Казахстана. С. 101—109; Там же, раздел 2, гл. 2. Экономика и культура Казахстана в XIV—XV вв. С. 230—238.

³ Бұл жөнінде мына кітаптарды қара: *Бернштам А. Н.* Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок VI—VIII вв. М.; Л., 1946; *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964. Соңғы еңбекте өте қажетті әдебиет тізімі бар.

⁴ Әлем тарихы, ел-елдің жеке ежелгі тарихын зерттеушілердің еңбектеріне жүгінесек, белгілі бір этностың есімі сол халықтың тарихына тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Сонымен барабар бұл екеуінің арасы кей уақыт алшақ, түрлі

(Ғабит Мүсірепов, Зәки Ахметов, Манаш Қозыбаев) жеке әңгіме кезінде мына бағдар аңғарылды. Бұл сөздің де, қазақ этносы туралы жайттарды филолог, тарихшыларымыз арнайы зерттеп, бірыңғай концепцияға келуі керектігі қажет.

Ә. Фирдоуси шығармасындағы «қазақ» сөзін алғаш рет қозғаған: О. И. Сенковский (1800—1858), А. Ир. Левшин (1799—1879), И. Н. Березин (1818—1896), Ш. Ш. Уәлихановтың (1835—1865) пікірлерінен мына цитатты көрсете кетуімізді З. Ахметов мақұл болар еді дейді.

«Большая часть русских писателей полагает, что у них же родилось название Казак, и от них перешло ко всем отраслям прежде бывших и ныне существующих казаков. Мысль сию, к которой мы уже привыкли, опровергают восточные источники, утверждая, что казаки составляли самостоятельный и независимый народ в отдаленнейших веках нашего летоисчисления. Некоторые даже относят их существование далее Р. Х. Достоверно то, что Фирдовси, или Фирдуси, живший около 1020 г., т. е. за два столетия до появления монголо-татар на западе, в истории Рустема упоминает о народе казака и ханах казахских. Из сочинений его и древнейших летописей персидских, которыми он пользовался, известно, что казаки древние, подобно позднейшим, прославились имя свое грабежами и набегами»⁵.

Ш. Ш. Уәлихановтың И. Н. Березинге жазған хаты мына сөзбен аяқталады: «Левшин на основании утверждения нашего знаменитого ориенталиста Сенковского говорит, что Фирдоуси в истории Рустема упоминает о народе казак и о ханах казахских; на стр. 42 Левшин, как видно, приводит слова Сенковского: «Народ сей весьма» и прочее; но странно, где это удалось видеть им народ

ұғымға саяры да түсінікті. Қалай десек те, этноним төркініне назар аударудың мәні зор; этногенез мәселесі үшін қонымды пікірдің пайдасы зор. Осы ретте «қазақ» сөзі сөз болғанда қаға берісте елеусіз жүрген бір мәселе бар. Ол мынау: «қазақ» деген ұғым Әбілқасым Фирдоуси шығармасында кездесетінін, хазарлармен шайқасқан Святослав Игоревич жорығындағы «касог» (касог), кей шығыс тілдеріндегі «қазақ» атты этнонимдер белгілі бір тарихи кезеңді қамтып жатыр. «Шахнамеді» және Святославтың 964—971 жылдардағы жорығында кездесетін «касог» сөзіп Түркияның кей тарихшылары арнайы атап жүр. Бұл сөз «қазақ», «қызақ» деуден келіп шықты деушілер де, есте жоқ ескілікте екі элементті (яғни екі этнос) атауынан құралады деушілер де баршылық; осы сияқты арзан «этимологиядан» гөрі ежелгі жазбамаелердегі (письм. источники) пікірге аса көңіл бөленіміз мақұл. Мәселенің осы жағын, әрине, өзге документтерді іздестіре үніле зерттеу жөн. «Қазақ», «алаш», «жүз» ұғымдарының мезгіл, мекені, этнолингвистикалық мәні айқындалар еді. Соңда, бәлкім, «Алаш, Алаш мыңы» деген: ежелгі казак тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, «қазақ» деуден бұрынғы елдің жалпы аты» (КСЭ, I-т., 247-б.) деген концепцияның беті ашылар еді. «Қазақ» сөзінің төркіні мен тарихы жайында В. В. Бартольд, В. В. Радлов, Г. Вамберн, С. Асфендияров тәрізді аса көрнекті шығыстанушылар және Х. М. Әділгереев, В. Ф. Шахматов, М. Б. Ақынжанов, С. Қ. Ибрагимов, т. б. көптеген зерттеушілер пікір айтқанды. Өзге тарихи, мәдени деректерді де, нарратив мәліметтерді де ұқыпты іздестіре бергей едік.

⁵ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. СПб., 1832. Ч. 2. С. 39—40.

казак до Чингис-хана и в числе чингисовских племен; по крайней мере, Абулгази, Шейбани-намэ **جامیغ التاریخ** для тех периодов не упоминает о казаках, даже не употребляется слово **قزاقلار**

(казаклықта), которое употребляется от... и было (в употреблении во время) Шейбани-хана⁶. Бабур⁷ в своих «записках» говорит о хане казак Арслане, имевшем 400 000 воинов. Любопытен текст этого места из записок этого государя писателя. И нет ли что-нибудь о них в записках Тимура или в его историках?»⁸.

М. Сеидовтің «Азербайжан» атты журналда (1981, № 2), «Қазақ» сөзінің зерттелуі» деген, «Уллдуз» атты журналда (1981, № 8) «Алтын жауынгердің ру-этностық тағдыры туралы» деген мақаласы шықты. Осы екі мақаланы есімізге салған — Ә. Т. Қайдаров. Алғашқы мақалада «қазақ» сөзінің этимологиясы сөз болады, әр түрлі пайымдауларға шолу жасалады; кейінгіде Алматы өңірінен табылған «Алтын адам» мәселесі жөнінде (көбіне Қ. Әкішевтің 1978 ж. шыққан «Курган Иссык» атты еңбегін құптай бағалап) автор өз пікірін ортаға салады. Осы «Алтын жауынгердегі» руна жазуының кілті табылса, беймәлім қазба қазына жазба қазынаға айналар еді.

М. Сеидов «қазақ» сөзі (өзге зерттеушілерге сүйене отырып) Фирдоуси шығармасында этнос мәнде кездесетінін қолдайды. М. Сеидов бірқыдыру басқа тұжырымдарға тоқталады. Қалай да бұл екі проблеманы шешу мерзімі жеткен сияқты.

Халықтық тіл және жазба әдеби тіл мәжесіне арналған мақалалар саны аз емес. Жазба нұсқалардың бұл проблемаға қатысты ерекшеліктері әлі даулы. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік қасиеті жағынан түркологияда үлкен күдік жоқ. Ендеше, бұл жөніндегі «икемділік», көрінген жерде «тек біздің еншіміз» деушілік ағаттық болады. Әрине, түркі тілдес халықтарға ортақ асыл мұра екендігі, бірден-бір қасиетті реликвия екендігі сан рет айтылған-ды. Руниканы жеке «меншік» етуден гөрі оны түбегейлі ғылыми зерттей беруді мақсат ету тиімді. Әлі де болса, қалтарыста қалып қойған мәселелер жоқ емес. Түркологиялық әдебиетте, түркологиялық форумдарда әрқалай мәселелер творчестволық сайысқа түсіп жүр⁹. Руника саласынан негізгі басты мәселелерге мыналар жатады¹⁰: көне руникалық жазудың екі жүзге тарта

⁶ Шейбани-хан — основатель узбекского ханства, сын Шахбадана, внук Абул-хазана, жил в 1451—1510 гг.

⁷ Бабур (Бабур) 1483—1530 — потомок Тимура.

⁸ Валиханов Ч. Ч. Собр. Соч.: В 5 т. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 129.

⁹ Бұл жерде ескерте кетейін дегенім: тас, т. б. бетіндегі руникалық әріптердің қайсыбір кез ақиқаттығы шүбә туғызып жүр. Қарқара өңірінен табылған дейтін тас жазуының фотокопиясы мен эстампажы шын оригиналға үйлесімді екендігіне үлкен күдік тудырушылар бар. Ондағы дешифровкаңыз оқылуы дұрыс па әлде басқаша ма? Осы мәселенің бетін ашу керек.

¹⁰ Бернштам А. Н., Кононов А. Н., Баскаков Н. А., Севортян Э. В., Текин Т., Кляшторный С. Г. т. б. тиісті еңбектерін қараңыз.

ірілі-уақты түрлерін жүйелі жинақтай келіп, корпусы баспа арқылы шығарылсын; руниканың халықтық, әдеби қасиеті, оның койнелік функциясы, тарихи өзге жазу жүйелеріне қатысты т. б. жақтары да зерттеле түссін.

Ескі түркі ескерткіштерінің Одақ көлемінде зерттелу мәселесі қазір дүниежүзілік түркологияның алдыңғы сапына шығып, табысы мол, үлкен бір салаға айналып отыр. Осы бағытта қол жеткен жетістіктерге жан-жақты шолу жасау бұл мақаланың мақсатына жатпайды. Біз олардың тарихын зерттеуге байланысты бір-еки мәселені ғана әңгімеге арқау етпекшіміз.

Түркі халықтарының тілдерінде жазылған ескі жазба ескерткіштерінің тарихына байланысты орта ғасырды уақыт-мерзімі жағынан үш дәуірге бөліп қарауды қолдаймыз: а) ертедегі орта ғасыр (раннее средневековье) — бұл кезде тасқа таңбаланған Орхон-енисей және Талас ескерткіштері жазылып қалған (V—VIII ғ.); б) нақ орта ғасыр (среднее средневековье) — бұл дәуірде жазылып қалған мұралар аса көп (XI—XIV ғ.); в) бергі орта ғасыр (позднее средневековье) — бұл кезеңде қазіргі түркі тілдері өзара сараланып, қалыптаса бастаған да, өз бетінше даму арнасына түскен (XV—XVII ғ.); Европа үрдісі бойынша «орта ғасыр» ұғымы V—XVII ықылымды қамтиды.

Сөйтсе де түркологияда шартты түрде басқа атаулар да қолданылып жүр. Ықшамдап осы үш дәуірді «көне ғасыр», «орта ғасыр», «бергі ғасыр» («жана ғасыр») деген дәстүрді қолдану да орынсыз емес.

Зерттеушілер түркі халықтарының әдеби тілін өте ертеде қалыптасқан деп жүр. Орхон-енисей ескерткіштері барынша жетілген әдеби тілде жазылған деген топшылау бар. Ертедегі түркі тайпаларының дәстүрлі әдеби тілі қазіргі түркі тілдерінің құрылуы мен дамуына тарихи негіз болды, игілікті әсер етті, бірақ ол заман ағымына байланысты әр жерде әр түрлі болмыс, ортаға орай өзгеріп отырды деген пікір әрдайым айтылып жүр.

Руника жазбасы жайында басқаша пайымдау да жоқ емес. Диалектілерден пәк пікір де, о баста жалғыз диалект негізінде өрістеді деген де, көне ғасыр кездегі тайпалардың диалектілік қалдығы ғана бар деген де концепция бар. Әдеби тұрғыдан зерттеушілердің қайсыбір түркі руникалық ескерткіштерді ауыз әдебиетінің (соның ішінде батырлық эпос) үлгісіне жатқызады. Тарихи деректен гөрі аңыз басым жатыр деген байлам да бой көрсетіп жүр. Көне, орта ғасыр жазбалары тұсындағы топоним, этноним саласы, т. б. бірсыпыра проблемалар өз зерттеушілерін күтуде. Қиын да қызық мәселелердің бір ұшы ономастикалық лақапқа, ру, тайпалар есімдеріне ұласып жатыр.

Көне этностардың (мәселен, «үйсін», «қыпшақ», «найман», «алшын» т. б.) жай-күйі, сөз төркіні енді ғана ірі зерттеудің объектісі бола бастады. Араб және басқа тілдердегі жазбалардың негізінде

«қыпшақ» (қимақ) туралы сәтті ғылыми бастаманы¹¹ барынша қолдау керек. Кей шет ғалымдардың «найман» этнонимі жайында (біреп ежелгі лауазым эпитеттерге сүйенсе отырып) айтқан пікірі де, сол сияқты «үйсінге» тән тұжырым да есте болғай еді.

Көне жазбалардың сырын, түр-тұлғасын зерттейтін эпиграфика, палеография пәндерінің түйінді қағидалары ерте ғасыр мұраларымен де астасып жатыр. Басқаша айтқанда, ертелі-кеш туындаған әрқилы мұраларды тексеру пәні жазба-наме (источниковедение) мығым қолға алынғай еді. Осы тарапта бізде дәнене жоқ демейміз. Дегенмен Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтында түркология және қазақ тіл тарихы бөлімінің басты міндеттеріне осы сала да жатады. Қазақ филологиясының келелі осы саласында Академиямыздың басшылығы ерекше көмек көрсетер деген сенім зор.

Жазба мұралардың ауызекі тілге функционал қатысы жоқ деп ешкім айта алмайды. Төркіні бөлек өзге тілдің аужайына назар аударайықшы. Бұл екеуінің (жазбаша мен ауызшаның) арасы кереғар, мәселен, роман тілдерінде де ішінара бірлестігін әркім-ақ мойындайды. Әр елдің (әсіресе ескі жазба дәстүрі тамырын тереңге жіберген жұрттың) жазба әдеби тілі мен халықтық тілі дами келе өзара айырым өлшемі күшейе түсері хақ. Кейбір романист, германистердің бұл жайлы тұжырым топшылауларына құлақ аспасқа болмайды. Түркі тілдерінің осыған сыбайлас тірлігі бөлекше өрістеді: сол роман тілдері дағдысынан гөрі тіл жуықтығы бір тоға өзгеріп отырды. Түркі тілдес жазба мұралардың қайсыбірін алсақ та, осы екі құбылыс бірі-бірінен (Европа тілдеріне қарағанда) тым жырақ емес. Түптей келгенде мұның тарихи себебі түркі тілдерінің генеалогиялық, морфологиялық ерекше жуықтығында жатыр. Ескерткіштерді еске алғанда тарихи-лингвистикалық процестің осы өзекті жерін ұмытпауымыз лазым. Түркологияға мәлім бұл құбылысты диалектика заңына сай абсолют түрде емес, релятив (относительно) түрде түсінуіміз керек. Демек, «бір тоға (немесе біркелкі) деген ұғым «тепе-теңдікке» апармайды. Олай болса, ауызша (ауызекі) халықтық тіл мен жазбаша халықтық тілдің ішінара паркы бар. Халықтық тілді (соның ішінде ауызша тілді) — әке, жазба әдеби тілді — бала делік; екінші біріншінің айна қатесіз эквиваленті емес. Солай бола тұрып, өзара функционалдық қатынасты жоққа шығаруға болмайды.

Жазба ескерткіштердің тіл жатықтығы, түсінік қабілеті сөз болғанда мына нәрсе де ескерілсе: тіл-тілдің өрбу заңына лайық оның социоллингвистикалық «таразысы» болады. Қайсыбір тілдерде (мәселен, қытай тілінде) сөйлеушілердің өзара коммуникативтік түсінік қасиеті бір басқа, түркі тілдерінде (мәселен, қыпшақ тобындағы тілдерде) екінші басқа. Сөйгі топтағы тіл иелері бірі-

¹¹ Қумеков Б. Е. Государство кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972. 176 с.

бірін еркін түсінеді. Осыған қарамастан мәселен, қазақ, татар, қарақалпақ тілдері қазіргі заманда жеке-дара, ежелден танымал, дербес, даңғайыр ұлт тілдері екені баяғыдан белгілі. Ендеше халықтық тіл мен әдеби тілдің арасалмағын «есте жоқ» ескіден де, айдай айқын бергі заман, осы заман тірлігінен де іздеу ұтымды. Яғни зерттеу процесіміз ретроспекция, перспектива бағыттарымен тығыз ұштасуы қажет. Жазба мұраны тарихи тұрғыдан тануда осы айтылған жай-жапсар есте болғаны мақұл.

Ертедегі әдеби мұраның басы ашық екі арнасы бар: бірі — ауыз әдебиеті, екіншісі — жазба әдебиет. Ауыз әдебиетіміздің тілі таза, оралымды. Абай, Ыбырайға дейінгі жазба әдебиетіміздің тіл, стиль жағы әр текті. Бұл жөніндегі сәуір түйінді мәселелер қазақ тілі білімінде сәтті зерттеліп келе жатыр. Кейбір айтыс мәселелерге бұл жолы тоқталмаймыз. Кейбір терминологиялық алалықты атаған жөн. Жазба әдебиет дегенді екіге бөліп, «ескі жазба әдебиет», «жаңа жазба әдебиет» (осыған сәйкес «ескі жазба әдеби тіл», «жаңа жазба әдеби тіл») ұғымдары жарыса айтылып жүр. «Кітаби тіл» ұғымын надұрыс деген пікір де бел алып жүр. Ескерткішті талдауда «мағына», «лексикалық мағына» немесе «мән-мағына», «жанр», «стиль», «композиция» тәрізді атаулар бағзы уақыт ала-құла сипатталып жүр. Осыларды бір жүйеге келтіру керек.

Қазіргі әдеби тіліміздің баяғыдан айтылатын үш қайнар көзі (ауызша тіл, ауыз әдебиеті, бұрынғы жазба дәстүр) проблемасы қазақ тіл білімі аяғынан мықтап орын тепті. Осы туралы мына нәрсеге назар аударғымыз келеді. Ең алдымен совет тұсындағы бай да құнарлы әдеби тілдің белгілі үш көусар көзі тарихи тұрғыдан абсолют бірдей емес. Жазба мұра тілінен гөрі халықтық тілдің, сонымен барабар фольклордың әсері анық аңғарылады (бұл жерде айтпақ болып отырғанымыз тіл ярустарының бірлігі). Фольклор тілі екі аралықтағы өткел емес. Ауызша тіл және фольклор тілі заманымызға (қазіргі жазба әдебиетке) қаз-қатар төрт аяғынан тік басып келді. Ауыз әдебиеті ауызша тілді жетегіне ертіп, омыраулап әкелген жоқ. Екеуі де «мен мұндалап» тізе қоса келді, ауызша тіл «тартыншақ» жасаған жоқ, ауыз әдебиеті «итіншек» мінез көрсеткен жоқ. Әдеби тіл — шындалған, қалыптасқан, өңделген, көркем сөз шеберлерінің талқысынан шығып мүсінденген тіл. (Фольклор туындысының авторы беймәлім болса — дәстүрлі фольклор деп, аты айқын болса, пәлен ақын-жырау шығармасы дейміз: шындап келгенде авторсыз шығарма болмақ емес қой). Әрине, осы екі арыс қайнар көздің қазіргі әдеби тілге ықпал-әсері әр қилы.

Ал, ертедегі жазба мұраның да (қисса, дастандардың) әр қалай әсері болғаны мәлім: тілімізге араб, иран сөздері ауысып жатып, «шағатай», т. б. түркі тілдерінің қайсыбір сөйлем орамы, сөз тұлғасы, аздап болса да семантикалық жаңалық өз шама-шарқыныша еніп жатты; біркелкі ықпал болмап жоқ; «кітаби» атты мұраның

қазақ әдеби (жазба) тіліне ешбір себі тиген жоқ деген қандай қате болса, түгелімен оған негіз болды деген сондай қате.

Қазақ тілі тарихы, қазақ әдеби тіл тарихы, тарихи грамматика, т. б. проблемаларды зерттеуде ескерткіштердің ролі кезінен белгілі. Осыларды ойдағыдай шешу үшін ең алдымен сол көне дүниенің типологиясын танып топтастыру басты міндетке жатады. Бұл ретте бірсыпыра қонымды бағдар түркологиялық еңбектерде арнай айтылып жүр. Түркологтардың советтік комитетінде, «Советская тюркология» журналында, Алматы (1976), Ташкентте (1980) өткен конференцияларда да осыған зор мән берілген-ді.

Ескерткіштерді пайдалануда екі түрлі кемшілік байқалады. Біріншіден, ол мұралардың оғыз, қыпшақ, қарлұқ, т. б. тілдері белгілерін (қандай солғын көрінгенімен) сарапқа сала топтастыруда олқылық бар. Бұл жөнінде аса бір құнды да ұқыпты талдау жасап, қажетті орта ғасыр мұралары жайлы тың концепция ұсынған ғалымдардап Ә. Н. Нәжіп есімін атағанмыз орынды. Бұл кісі «Мұхаббат-наме», «Гулистан», «Хусрау уа Ширин», «Нахдж ал-Фарадис» т. б. ескерткіштердің бетін ашып берді.

Осы күнгі нақтылы тілдің тарихы кез келген ескерткіштен алынған кездейсоқ мысалмен шектелмейді. Жалпы халықтық тілдің, оның ярустары тарихын жасау аса күрделі жұмыс: ескерткіштің формальдық көрсеткіштері өзара жүйелі, жиі, өн бойы ұшырауына қарай бірде ана топқа, бірде мына топқа (мысалы, *ол — бол, адақ—азақ—аяқ*, егістіктің *дүр* түрі, *к, ж*, -лар кейпі; септік жалғаудың дауыстыдан-дауыссыздан басталуына, т. б.) қарап, классификация аралас келген күйде саралап талдау қажет екендігі айтылып жүр. Ескерткіште некен-саяқ ұшырайтын құрылыс пен өн бойы байқалар жүйенің паркы бар. Осы айтылған сырт көрініс (мысалы, қосымшалар категориясы жүйелі, дағдылы болса, стиль, жанр ретінен айқын болса) туындылар тиісті классификациядан өз орнын таппақ.

Түркологияда медиевистика заманына жататын жазба мирас-тардың әрдайым зерттеліп жүргені мәлім. Солардың бірқатарын санап өтелік¹².

XI—XII ғасырларда қарлұқ-ұйғыр тілдерінің негізінде жасал-

¹² Тиісті деректі, байлам-бағдарды және библиографиялық шолуды мына еңбектерден аңғаруға болады: *Кононов А. Н.* История изучения тюркских языков в России (дооктябрьский период). Л., 1972. 271 с.; *Баскаков Н. А.* Тюркские языки. М., 1960. 343 с.; *Щербак А. М.* Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. из Восточного Туркестана. М., 1962. 201 с.; *Наджиб Э. Н.* Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейф Саран и его язык. Алма-Ата, 1975. Ч. 1. 209 с. Ч. 2. 300 с.; Әдебиетші ғалымдарымыз ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті (XVIII—XIX ғ.), совет әдебиеті туралы мейлінше құнды теориялық еңбектер берді. Қазақстан лингвистерінің бұрынғы жәдігерліктер жайындағы еңбектерін Ш. Ш. Сарыбаевтың «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштерінен» табуға болады: *Қайдаров А. Т.* Уйгурский язык и литература. Аннотированный библиографический указатель. Алма-Ата, 1962. Т. 1. 302 с.; *Сәбитов Н.* Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші (1917—1946). Алматы, 1950. 132 б.

ған әдеби тіл кең қолданылған да, ол Қашқар өлкесін жайлаған халықтардың арасына, Қарақан әулетінің билеген аймағына мол тараған. Ол тілде Юсуф Баласағунидің «Құтадғу білік», Махмуд Қашқаридің «Диван лұғат-ит түрік», Әдеб Ахмедтің «Һибат-ул Хиканьк» сияқты шығармаларымен бірге әр алуан тefcирлер (мысалы, «Асхабул-Қаһф») жазылған¹³. Орта Азия халықтарының тілінде жазылған мынадай ескерткіштер сақталып қалған: «Му ину-л мурид», «Нахдж-ал ферадис». «Қиссас-ул-анбия» (Рабузуи), «Шажара-и таракима» (Абул-ғазы Баһадур), «Жавахиру-л асрар», «Мифтаху-л'адл», «Миражнаме» т. б.¹⁴ Бұлар жер жағдайы мен әлеуметтік-мәдени орталықтарына қарай кейде «Хорезм ескерткіштері» деп те аталады. Қыпшақ тайпалары мен руларының тілінде, олардың одақтары үстемдік еткен өлкелерде жазылып қалған жәдігерліктер де көп. Олар әкімшілік және мәдени орталықтарына орай «Алтын орда» ескерткіштері, «Мәмлүк ескерткіштері» делініп те жүр. Бұл топқа «Хусрау уа Ширин» (Құтып), «Мұхаббат-наме» (Хорезми), «Гулнстан бит-түрки» (С. Сарайи) тәрізді көркем әдебиет туындылары жатады. Әйгілі «Кодекс Куманикус» жазбасын, белгілі хан жарлықтарын да осылардың санатына қосуға болады, Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған деп мынадай ескерткіштер аталып жүр: «Терджуман түрки ве араби», «Ал-анвар ал-Мудия» (Аледдин Билік ал-Қыпшақи), «Аттұхфат аз-закыя», «Булғат ал-муштақ» (Жамалад-дин Абу-Мухаммед Абдалла ат-Түрки), «Аш-Шахих мин дуррат ал-мудия», «Китаб ал-идрак Ли-лисан ал-атрак» (Абу-Хайян), «Китаб ал-ф'ал», «Заһр-мулк фи нахв ат-түрік», «Ад-дурра ал-мудия фил-луғат ат-түркия», «Ал-Каванн ал-куллия ли-дабт ал-уға ат-түркия», «Аш-Шудур ад-дахабия ва-л-кита ал-ахмадия фи-л-луғат ат-түркия»¹⁵.

Мынадай бір іліктес жағдайды еске ұстаған жөн: зерттеушілердің пікіріне қарағанда, мәмлүк ескерткіштерінің негізгі зерттеу объектісі сол кездегі қыпшақ тайпаларының тілі болған. Қыпшақ тілін оқып үйрену барысында қосымша материал есебінде оғыз тайпаларының, соның ішінде түрікмен руларының тілінен де тиісті материалдар келтіріп отырған. Осыған қарап, бір есептен оларды «қыпшақ-оғыз тілдерінің ескерткіші» деуден гөрі «қыпшақ тілінің ескерткіштері» деп таныған жөн сияқты. Армян қыпшақтарының тілінде жазылған түрлі жазбаларды да зерттеушілер осы топқа жатқызып жүр¹⁶. «Шағатай» тілінде жазылған шығармалардың қатарында «Шейбанинаме», «Қалила мен Димна», «Бабурнаме» іспеттес туындыларды атауға болады¹⁷. Науаи дәуірінде

¹³ Das karakanidische. Von M. Mansur oqlu. //Philologine Turcicae Fundamenta. T. I. Wilsbaden, 1953. S. 87—89.

¹⁴ Das schwareztürkische von J. Eckmann. Сонда. 113—117-б.

¹⁵ Das kipshakische von O. Fritsak. Сонда. 74—76-б.

¹⁶ Сонда. 81—82-б.

¹⁷ Das kipshakische von Y. Eckmann. Сонда. 134—143-б.

жазылып қалған (XV ғ.) мұралар да едәуір. Олардың тізіміне Саккаки, Хайдар, Хорезми, Лутфи, Юсуф Амири, Сайид Ахмет Мырза, Гадаи, Йакыни, Атайн, А. Науаи, Х. Байкара, Хамида, Мухаммед Салық, Увайди, Мирза Махди, т. б. ақын-жазушылар мен бір алуан филологтардың (сөздік жасаушылардың т. б.) еңбектерін енгізу орынды болар деп ойлаймыз.

XIII—XIV ғасырдағы тарихи мәліметтерге байланысты әдеби нұсқалар, көбіне, иран және араб тілдерінде жазылған. Біркыдыру авторлардың пікірі бойынша солардың ішінде Орта Азия, Қазақстан өңірінде жазылған тарихи шығармалардың бірі — Абу-л-Фазл ибн Мухаммед Джамал Қаршидің «Мулхакат ас-Сурах» («ас Сурах» сөздігіне қосымша) атты еңбегі. Джамал Қарши-Алмалықта туған адам. Ол XIV ғасырдың басында ал-Джаухаридің арабша сөздігін парсы тілінен аударған. Сөйтіп сөздіктің соңына сол кездегі белгілі ғалымдар мен Алмалық, Қашқар, Хотан, Ходжент, Ферғана, Шаш (Ташкент), Барчкенд (Берчынылықанд), Дженд сияқты қалалар жөнінде қосымша мәлімет берген.

Осы айтылған пікірлер жайында қазақ ғалымдарының (әдебиетші, тілші, тарихшыларының) еңбектерін еске ала кеткен жөн¹⁸.

Бір кезде Орхон, Енисей өзендерінің алқабын, Батыс Гүн мемлекетінің ұланғайыр территориясын, Орталық Азияның батыс алабын, Шығыс Түркістан өлкесін жайлаған түркі халықтарының өзіне лайық жетіле түскен, мол тараған әдеби тілі болды. Қауымға таралу шегіне, қолданылу аясы мен айтылу ерекшелігіне қарай бірсыпыра өзгерістерге түсті. Бағзы уақыт әртүрлі бағытта дамыды. Халықтар мен ру-тайпалар үстемдігі және әртүрлі қат-қабат тіршілік тауқыметі, мәдени орталықтар, экономикалық қатынастарға шарпуын тигізді. Өндіргіш күш сиқы да, басқа да экстралингвистикалық факторлар сол дәстүрлі жазба әдеби тіліне әрқалай ықпал етті.

Тіліміздің қалыптасу дәуірі тіл иесі — халықтың тарихи жолы қоғамның күрделі әлеуметтік ситуациясына да байланысты. Қиынқыстау ағымға төтеп беріп өрістеген тілдің де өзіне хас заң-қағидалары айқын болды. Қыпшақ тілдерімен (кей уақыт басқалармен де) ауыс-түйіс қатынаста бола тұрып өз алдына отау тіккен қазақ тілінің өзіндік бағыт-бағдары, өзіндік өркендеу жолдары болды.

¹⁸ Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Тоханов М. Ескі түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971. 5—76, 191—272-б.; Балақаев М. Құрышжанов Ә. Қазақ әдеби тілі // Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1975. 233—234-б.; Құрышжанов А. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII—XIV вв. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1973. С. 13—15; Наджип Ә. Н. Изучение истории тюркских языков в Казахстане // Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1978. 9-шығуы. 88—101-б.; Құрышжанов А. Изучение старотюркских памятников в Казахстане // Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата, 1980. С. 91—98; Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981. 26—59-б.; Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981. 97—125-б.

XIII—XIV ғасырда монғолдардың жаулап алған шалқар аймағында монғол тілі қарым-қатынас құралы дәрежесіне жете алмады. Саяси әлеумет үстемдігі монғол тілі үстемдігіне апара алмады. «Ат төбеліндей» ел билеуші шапқыншылардың тілі (биология тілімен айтқанда «аллохтандардың» ықпалы) жергілікті қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне (автохтандардың қасиетіне) тайталас келе алмады. Түркі тілдері берік-бекем сақталды да, жарлық, шартнаме сияқты әкімшілік, т. б. іс қағаздары сол ертеден бар тұрғылықты тайпалардың тілінде жазылып қалыптасты.

С. Е. Маловтың айтуынша, Орталық Азия, Орта Азия және Қазақстан жерінде нақтылы тілдердің даму процесі өз шама-шарқынша бел алды. Бұл кезде (XIII—XIV ғ.) түркі әдеби тілінің өткінші дәуірі бой көрсетіп еді. Тілдердің диалектілік негіздері саралана бастап еді: шығыс түркі диалектісі орнына батыс түркі диалектісі бел ала бастады. Бұл — аталмыш кезеңде анық аңғарылып еді¹⁹.

Сөйтіп, монғол тілінің өріс алуына кедергі болудың бір сыры тұрғын (абориген) тайпалар тілінің күш-күдіретінде жатыр; қарым-қатыс қабілеті басым, етене ана тіл басқаның үстемдігіне көнген жоқ-ты. Керісінше, өзгені өз ыркына көндіру процесі еріксіз келді. Бұл дәуірде қарлұқ-ұйғыр, ұйғыр-оғыз, қыпшақ-оғыз диалектілері дараланып, біршама қалыптасқан да еді. Монғол тілінің «билігіне» көнбеудің бас себебі осында жатыр²⁰.

XV ғасырда татар, азербайжан, ескі өзбек, қазақ, түрікмен, түркі әдеби тілдерінің қаңқасы қалана бастады, бертін келе тайпа тілдері белгілі бір халық тіліне ұйтқы болып, негізін құрды.

Монғолдар ежелгі тұрғын қыпшақтарға «икемделді». Содан кейін Алтын Орда атырабында қыпшақ тілі жалпыға бірдей ортақ тіл болды. Ғасырлар бойы қыпшақтардың бөлек тайпалармен де байланысы болды. Сондықтан қоспасыз «таза» тіл жоқ. Алтын Орданың ыдырау кезеңінде, XIV—XV ғасырларда, қыпшақ-ноғай деп аталатын тілдік топтама да (подгруппа) белгі берді. Ол кейіннен қазақ, ноғай, қарақалпақ, т. б. халықтық тілдерге бөлініп, қазіргі ұлттық тілдердің шыңдалуына негізгі тірек болды.

XIII—XIV ғасырда Алтын Орда мен мәмлүктік Мысырда (Египетте) қыпшақ тілінде жазылған көптеген әдеби шығармалар пайда болды. Солардың бірі — Дешт-и қыпшақ тіліндегі (1245 жыл) авторы белгісіз «Түркі-араб сөздігі». Бұл ескерткіш куман тілінде жазылған «Кодекс куманикуске» (XIII—XIV ғ.) көп жуық. Сол мезгілде Алтын Орда аймағында қыпшақ тілін үйреніп білу салтқа айнала бастап еді. Осы мұқтажды өтеуден келіп, жоғарыда аталған Абу Хайяның, Жамаладдин ат-Туркидің сибектері және т. б. сөздіктер пайда болды. Ал мәмлүктік Египетте түркі тілдерін тану да іштей дағдыға айналып еді. Қыпшақ пен оғыз тілдерінен

¹⁹ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. 121 с.

²⁰ Шербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962. 223 с.; Боровков А. К. Лексика среднеазиатского тюркского языка XII—XIII вв. М., 1963. С. 8.

білім-білік аясын кеңейту үшін араб филологтарының грамматикалық зерттеулері мен өзге де шығармалары аса құнды еді. Египет пен Алтын Орда аймағындағы Қыпшақ-оғыз тіліндегі ескерткіштерді (ірілі-уақты айырым белгілерді) салыстыра зерттеу қажеті өзінен-өзі түсінікті. Қазіргі нақтылы әдеби тілдеріміздің бірсыпыра сырын ашарлық ескерткіштер күдік келтірмейді. Жоғарыда көрсетілгендей бұларды типтеп, талғам таразысынан өткізу мақұл.

XIII—XIV ғасырда қазіргі Қазақстанды жайлаған түркі халықтарының әдеби, мәдени басты мекенін жете білу абзал. Осы ретте Сырдарияның төменгі жағалауындағы қалалардың мәні зор. Бұл кезеңде қыпшақ даласындағы түркі әдбиеті саяқ дамыған жоқ. Еділ бойының да, Алтын Орда, Қырым, Астрахань, Ноғай хандықтарының да мәдени орталықтары ерекше әсер етті. Мәселен, «Мухаббат-намені» алайық. Жоңшы ұлысының шығыс атырабында өмір сүрген Раванди Хорезмидің осы туындысы XIV ғасырда дүниеге келді. Бұл ескерткіштің араб және ұйғыр жазуымен жазылған нұсқалары²¹ ұқыпты зерттелді. Түркология әлеміне әбден танымал тілдік сипаты осыған сыбайлас мыналарды атауға болады: Сейф Сарайның «Гулистаны»²², Құтыптың «Хусрау уа Ширин» дастаны²³. Бұл екеуі де көлемді кенеулі шығарма.

Бұл сияқты ескерткіштер өзінен бұрынғы жазба мұраларға сарындас: стиль ретінен еліктеушілік, архаизм сөздерді жиі қолдану сияқты дағды аңғарылады; диалектілік ала-құлалық та ұшырайды. Негізгі арқауы, әрине, жергілікті халықтар тілінің материалдары еді. Сөйтсе де, олар бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жазба әдеби тілдің арнасына түсті. Бұл көркем туындылар Алтын Орда тұрғындарының өзіндік ерекшелігі бар әдеби тілінде жазылған деп бағдарлауға болатын сияқты. Бір ескертер жағдай: Алтын Орда территориясының кейбір өңірі (оңтүстік-шығыс жиектері) біраз Хорезм хандығымен ресми байланыста болды. Бірақ бұл байланыс сол аймақта тұратын халықтардың этнолингвистикалық, мәдени өміріне пәлсіңдей өзгеріс ендіре алған жоқ деген де пікір бар; Хорезм ықпалы бұл жөнінде үлкен белсін алып еді деген де топшылау жоқ емес. Аталмыш мұралардың осы іспеттес факторларына тән кейбір зерттеу әлі де керек-ақ. Алтын Орта жерінде үстемдік еткен қыпшақ тайпаларының тілі осы еңбектерден өзіне лайықты орын тауып отырды.

Осы жерде лингвистикада үнемі айтылып жүрген келелі бір пікірді пысықтағымыз келеді. Үніле зерттеудің барынша маңызды

²¹ Щербак А. М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. Памятники древнетюркской и старобухарской письменности. М., 1959. С. 11—170; Хорезми Мухаббат-наме (изд. текста, транскр. перевод и иссл. Э. Н. Наджиба). М., 1961. 320 с.

²² Наджит Э. Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Алма-Ата, 1975. Ч. 1. 209 с.

²³ Ибатов А. Күтбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. Алматы, 1974. 278 б.

бір тірегі — зерттеу методикасы. Тіл — қоғамдық құбылыс. Демек, ол — тарихи дүние. Тіл шетсіз-шексіз емес. Солай бола тұра, халықтық (тайпалық) жазбасыз тіл тұрмақ, жазба әдеби тіліміздің ұшар ұясы әлі де даулы. Жазба мұраларды үзілді-кесілді тану жолында қиын да қызық міндеттер бар. Көзіміз жетпеген, таныл-білмеген нәрседен келіп, зерттеу ісінен бас тартпақ, қате болар еді. Ғылымдағы әдіс-тәсілдер маркстік-леннидік методологияға ойысты. Тіл туралы ғылымның әр салалы методтары өз алдына бір шоғыр мәселе. Төстабаны берік методтар айқын фактілерден туындайды. Сол күдіксіз қолға ұстар, тарихи кепіл болар материал болмағандықтан арғы «ата-баба» тілінің (праязык немесе язык-основа) аужайын білдік дей алмаймыз ғой. Факт болмаған жерде, әрине, методтың халі де мүшкіл. Күні бүгінгі филология аясы түркі тілдерінің арғы төркішін табу дәрежесіне жеткен жоқ. Ол түгіл «тайпа тілдері» атты ұғымның түркологияда өрмек жүзі ауды деуге болмайды. Қазақ халқы құрамында қыпшақ, дулат, қоңырат т. б. ірі ру немесе тайпалар болғаны ақиқат. Олардың тіл ерекшелігін білмей тұрып, «Ер Сайын» алшын тілінде, «Ер Көкше» — керей, «Алпамыс» — қоңырат, «Орхон—Талас» жәдігерлігі — дулат... тілдерінде таралған дей аламыз ба? Олай деуге әзірше дәлел жоқ. Айғақ болар жол іздеп, дерек, дәлелді тірнектеп жинау қажеттігі өзінен-өзі түсінікті. Осыған сай дәстүрлі (тарихи-салыстырма, компаративистика) методтарымен барабар жаңа туындаған тәсілдерді (өзге ел ғалымдарының да лайықты-ау деген тұспал-болжамынан қашпай) жетік білу абзал. Көне, жаңа мұраларды тексеруде лингвист пен әдебиетшінің, тарихшы мен этнографтың бірлесе ізденер шаруасы аз емес. Сонымен бара-бар бөле-жара зерттеуде меже бар. Осы сияқты проблема, өзге де координация мәселелері арнай талданса, орынды болар еді. Орыс және басқа ел ғалымдары мұны мықтап қолға алды. «Білмегенінді үлкен кісіден сұра, ол болмаса кісіден сұра» деп, өзгенің табысынан да хабардар болу әбден оңды. Жазбанамелерді тексерудің де бір ұшы әдіс-тәсілге тірелері шек келтірмейді. Пайдалы соны жол оңай туа қоймайды. Әрдайым тапқырлыққа талпыну әмбенің борышы екені белгілі. Қазіргі дүниежүзілік лингвистикада әр қырынан ойыса, әр саққа жүгірте қолданылып жүрген тәсілдер аз емес (бұлардың даулысы да, даусызы да бар). Тұтас бір тіл ғана емес, белгілі бір ескерткіш қана емес, жеке-дара сөйлем жүйесі, сөз тіркесі, т. б. әр қилы ғылыми тезге түсе талқыланып жүр. Осының қонымдыларын сарқа пайдаланып, мүмкін қатарынша жаңа жол ашу деген де мақсат болу керек.

Бір қайнауы жетпей жатқан тағы бір шикілігімізді атап кету керек: өзгені былай қойып, текстология техникасын алсақ, әлі де біркелкілік байқалмайды; көнерген жазудың (арабша, көне ұйғырша, т. б.) транслитерациясына селқос қарап жүрміз; ал дыбыс, фонеманың дәл баламасын берер бірыңғай фонетикалық транскрипция түркологияда атаусыз қалып жүр.

Тарихи тұрғы жөнінде де жол-жөнекей бір ауыз сөз бар. Шын мәндегі историзмді бұрмалаудан түгелдей арылдық деуге болмайды. Тарихи деректі мұра мен ауыз әдебиетіндегі аңыз (легенда) дегенді бір қалыпқа құюға болмайтынын әркім-ақ біледі. Соған қарамастан ертедегі ауыз әдебиеті үлгілерінен тарихи деректі оңай олжа етуге ұмтылу жоқ емес. Ауыз әдебиеті тарихи оқиғаларды жанамалап, долбарлап көрсетуін кей уақыт ұмытып кетеміз. Тіл фактілері өздігінен тарихи хронологияға бағына бермейтінін естен шығарамыз. Белгілі бір туындыны (мысалы, эпосты) нақтылы тарихи белеске жатқызудың лингвистикалық дәлелі әлі де болса өз зерттеушісін күтуде. Ол түгіл мейлінше құнды деген (жазылу дәуірі тайға таңба басқандай айқын) Орхон—Енисей жазбалары түркі қағанаттарының сыр-сипатын, жаугершілік шайқасын түгел көрсете алмайды.

Көне түркі қағанатының екі ұдай (Шығыс, Батыс қағанаттары болып ыдырауы) саяси және өзара шапқыншылық саясаттан туғаны күдік келтірмейді. Ішкі, сыртқы бүліншілікті, хан жаугершілігін «халық бостандығы» етіп, қой аузынан шөп алмас елдің «қозғалысы» етіп көрсету — байыбына бармай айтылған топшылау. Біздің қайсыбір зерттеушілеріміз (оларды конъюнктура немесе пассаизмге жорта бой ұрды деу қиын) тез, пышақ кесті тұжырым жасаудан аулақ емес. Хан мен қарашыны, заң мен заманды толық, жете айтып, барын бар, жоғын жоқ деп, түйіп сөйле дейміз. Сонымен барабар ескерткіштің тілін байсалды таны дейміз. Құрғақ социологизмге ұрыну — ғылымға кәдік.

Ғалымдарымыздың ауыз әдебиеті хақындағы тағы бір ой-өрісін қайталайық. XIII—XV ғасырларда ауыз әдебиеті молыға дамығаны белгілі. Жыраулар (жалпылап айтқанда) әр қырымен көзге түседі. Олар (әдебиетшілеріміздің пайымдауынша) негізінде, екі түрлі жайтты жырлаған: бірі — дидактикалық шығармалар да, екіншісі жеке адам — кейіпкерлердің істері мен құлық-мінезіне арналған туындылар²⁴. Ауыз әдебиетінің бұл дәстүрі сол кезден біздің заманымызға дейін әйгілі жырау әрі музыкант, талай әуендер мен өлеңдердің иелерін тудырды. Олар Қорқыт, Сыпыра жырау тәрізді ұлы адамдарды алып келді. Әлем түркологиясында Қорқыт, Оғызға байланысты еңбектер — бірқыдыру. Жошы ханның тұсында Тоқтамыс пен Темірдің ұрыс-таластары жайында да түрлі хикаялар жырланды. Осы жерде «Едіге» туралы айта кетер бір ауыз сөз бар. Тоқтамыс, Темір, Едігенің өзара қақтығыстары, Россияға және басқа атыраптарға қарсы олардың шабуылдары, шапқыншылық, жаугершілігі едәуір тарихшы, әдебиетшілердің еңбектерінде орынды айтылғанды²⁵.

²⁴ История казахской литературы: Дореволуционная казахская литература. Алма-Ата, 1979. Т. 2. 382 с.

²⁵ Кейбір текстуралдық деректі мына еңбектерден алуға болады: Мелиоранский П. М. Сказание об Едигее и Тоқтамыше. СПб., 1905. 30 с.; Орлов А. С. Казахский героический эпос. М., 1945; Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5 т. Алма-

Шоқан (одан бұрын әкесі Шыңғыс) жазып алған нұсқаны орыс түркологиясының негізін салушылардың бірі П. М. Мелноранский жариялағаны әмбеге аян. Соның тіл материалы хақында П. М. Мелноранскийдің түсіндірмесі бар: Шоқанның орысша тәржімесі басқа вариантқа негізделсе керек деген және жырда ноғай ерекшелігі басым деген де ой айтылған. Соңғы мәселе жөнінде Ә. Х. Марғұланның ескертуі бар*. Осылардың аужайын лингвистикалық тұрғыдан тәптіштей түссе дейміз. П. М. Мелноранскийдің осы жайындағы пікірін қолдаймыз.

Осы кезеңде Дешт-и-кыпшақтарда Асан қайғы (XV ғ.), Қазтуған (XV ғ.) — көпке белгілі ақын, жыраулар өмір сүргені анық. Зерттеушілеріміз бұл екеуінің де, жоғарыда аталған мұралардың да әдеби ролін айқындап берді.

Асан қайғы Жәнібек ханның тұсында, Жырғалаң өзені өңірінде өмір сүрген деседі. Оның толғаулары ел билеушілердің парасатсыз, тұрлаусыздығы, халық тағдыры сарынында айтылған. Шоқан Уәлиханов оны: «халықтың есінде сақталған атақты көшпелі философ»²⁶,—деп атауы — әділ баға.

Асан қайғының өлең сазы, лексикалық шалымына қарағанда, бертінгі заманда да халық қоспасы жамалып отырған. Демек, сөз көркемдігі шыңдала түсіп, Асан қайғы ел мұңын, «жер ұйық» мекен қамын бас нысана еткен. Асан қайғы бағзы уақыт келешектен үміт үзе, сарнай жортады деген байлам боямауға тиісті. «Біздің заманның адамы болып жырламадың» демейміз. Шешен, ділмардың тіліне ден қоя тексеру, әрине, қажет. Әдебиетші зерттеушілер мұны дұрыс пайымдаған деуге болады.

Қазтуғанның жырларынан ата мекенге деген сүйіспеншілік анық аңғарылады. Әдебиетшілер жырау айтпақ ойын батырлық бейнеде сипаттайтынын көрсетеді.

Басқа да жырау, ақындардың да, әмбеге аян «Қобыланды» сияқты сан алуан мұра тілі—үлкен арна. Бұл—дербес проблема. Мұның сыр-сипатын ашу үшін мейлінше жүйелі көп деректің ба-сын құрау керек. Ең алдымен өзге тілдерге жапсарлас этнолингвистикалық бағыттардың беті белгіленуі шарт. Қазақ халқы құрамына сінген (қаңлы, үйсін, кыпшақ, найман, арғын, алшын т. б.) ежелгі тайпалардың тарихы, мәдениеті жайлы қосымша мәлімет жинау керек.

«Тарихи грамматика», «тарихи фонетика», «тарихи лексикология», «этимологиялық сөздіктің» бұл ретте маңызы зор. «Қазақ тілі тарихы», «қазақ әдеби тіл тарихы» ұғымының экстралингвистикалық шеңберінде өзіндік ерекшелігі, дербестігі бар. Жазба ескерткіштердің қыр-сырын жан-жақты білмейінше, олар өздігінен бұ-

Ата, 1968. Т. 4. 777 с.; *Жирмунский В. М.* П. М. Мелноранский и изучение эпоса Едигей // *Туркологический сборник*. М., 1973. С. 141—185; *Самойлович А. Н.* Вариант сказания о Идигее и Токтамыше, записанный Н. Хакимовым // *Там же*. С. 186—211.

* *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч.: В 5 т. Алма-Ата, 1968. Т. 4. С. 732—733.

²⁶ *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч.: В 5 т. Алма-Ата, 1961. Т. 1. 358 с.

гінгі дәрежеде халық тілі тарихын ашуға әддісі келмейді. Әдеби тіліміздің тарихы — бір сәрі. Түркологияда «көне қыпшақ (әдеби) тілі», қазақ тіл білімінде «көне қазақ әдеби тілі» деген беталысты әбден орынды деп табамыз. Жазба әдебиетіміздің, жазба әдеби тіліміздің өткен замандағы беталыс, бағыт-бағдарын біліп тану — Қазақстан филологтарының абыройлы борышы (дәл осы жерде ескерер бір жайт: мәдениеті мәшһүр бірқыдыру Шығыс, Батыс шаһарларындағы мол архив, бай кітапханаларды аударара қарап, ақтара тексергей еді).

Фольклор мен жазба дағды туралы тағы бір ауыз сөз бар. Мәдени мұрамыздан стиль жағынан ауыз әдебиетіне де, жазба нормаға да селбесер ортақ туынды да кездесіп отырады. Қаймағы шайқалмай жазба арқылы жарияланған ауыз әдебиет нұсқасын, әрине, басқа үйірге ешкім де қоспайды. Осы күнгі ауыз әдебиетінің өрбу, өркендеу заңдылығына назар аударсақ, молыққан жазба әдебиетінің оған тигізген ықпалы шаң білдіріп қалады. Дәл осы жағдай байырғы фольклорда елес бере ме, жоқ па, — бұл арнай зерттеуді керек етеді. Шығыс тілдерінен ауыс-түйіс келген кей мәдени ескерткішті алайық. Мысалы, «Ләйлі—Мәжнүн», «Мың бір түн» арқауы көне Шығыстың ауыз әдебиеті екені даусыз. Солай бола тұра, бұл саладан жазба әдебиет белгілері қылаң беріп отырады. Әуел баста ауызша айтылған «Ләйлі—Мәжнүн» атты ғажайып мұраны Низами (XII) өңделген, жетілген жазба әдеби асыл өрнекке айналдырды. Осы тектес мирас түркі тілдес халықтарынан да табылады. Есімі белгілі жырау, ақындардың бір парасы түгелімен бір өңкей фольклор үлгісімен жырлаған жоқ: аласы да, құласы да болады, олардың өзіндік сөз ұстарту тәсілдері болды. «Шағын» жанр деп аталатын мақал, мәтелді, фразеологизмді көркем сөз иесі — жырау өз талғамынша қолданады. Кейбір акын, жыраудың поэтикалық тіл, стиль талғамынан жазба дәстүрдің («кітаби тілдің») әсері елес беріп отырады. Солардың лингвистикалық себеп-салдары (парадигматика, синтагматикалық құбылысы, семантикалық заңдары) зерттеу ауқымынан тыс қалмағай еді.

Жоғарыда түркі тілдерінің өзара коммуникатив жуықтығы әзелден өзгеше дедік. Ал, нақтылы бір тілдің (мәселен, қазақ тілінің) шыңдалған жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетіндегі көрінісі неде? Тіл ярустарының қызметі әрдайым осы екеуінде бірдей ме? Әлде әдебиеттану тұрғысынан беті ашылған критерийлердің түп етегінен ұстаймыз ба? Әдебиетшілердің бұл екеуі — екі жанр, екеуі екі метод, екеуі — екі дүниетаным дегенін қапағат етеміз бе²⁷? Тіл орамы ретінен лингвистер қауымының тың еңбегі қажеттігі өзінен-өзі түсінікті.

Ауызша мұраның (мысалы, батырлық эпостың) түрлі вариант,

²⁷ Лихачев Д. С. Поэтика древнерусской литературы. М., 1979. 378 с.; Никитина С. Е. Устная народная культура как лингвистический объект // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. М., 1982. № 5. С. 420—429.

версиялары ұшырап отыруы — белгілі құбылыс. Соның бір сыры вербальдық қасиетте жатыр. Ауызекі халық тілінің соған селбесер диалекталь өзгерістерінің салдары, біздің ойымызша, осы ерекшелікке де саяды. Жазба нұсқадан бұл сияқты жарыспалы дүние сирек кездеседі ²⁸.

Қазақ фольклористикасында да қонымды теориялық бағдар баршылық. Соңғы кезде тәуір еңбектер кітапхана сөресіне түсе бастады ²⁹.

Тек діни немесе тарихи аңыз-әңгімелер түрінде жазылған жазбаларды да ретінше пайдалана білуіміз ұтымды. Мәселен, «Хикмет», «Софы Алдияр», «Нахдж ал-Ферадис», «Бадуале», «Қисас ул-анбия» сияқтылардың діни мистикалық рухын мінеп-сынай отырып, бірсыпыра тіл фактілеріне назар аударғаймыз.

Ұлан-байтақ Дешт-и-қыпшақ өлкесіндегі ақын-жыраулар тілін сөз еткенде мына нәрсе есте болса дейміз. Ілкі бастан ақынға тән сөз тігіс, сөйлеу әлпеті бір қалыпта өзгерусіз қалды деуге болмайды. Халық тілі заңдылығы (құрылымы) жағынан ертедегі ақын, жырау шығармасының кейінгі сол тектес мұралардан пәлсеңдей айырма жоқ. Бірен-саран ұшырап поэтикалық стиль, өлең өлшемі т. б. ерекшелік-лингвистикалық шешімін табуы тиіс. Томаға-тұйық дүние жоқ. Іргелес елден мәдениеті бір саты жоғары тұрған өзге атыраптан ауысқан рухани қазына жоқ емес. Ендеше, алыс, жуық тілдердің де көрініс бағдарын танып білуіміз қажет.

Эпос жанрын мардымды зерттеушілер бірде типологиялық параллель, бірде ықпал-әсер, бірде генетикалық туыстық, бірде басқа жұрттан ауысу сияқты таным-тәсілдерін негіз етіп жүр. Бұл проблема, түптеп келгенде, бір қырынан тіл дүниесіне де қатысты. Әдебиетші мен лингвистің қоян-қолтық, ынтымақтаса істер осы тәртізді басқа да келелі міндеттері бар.

Керекті проблемалардың бірі — шежіре тілі. Жалпы шежіре мәні жайында орыс ориенталистерінің ертеде айтқандары көптен белгілі. Шежіре туралы бірсыпыра мәлімет «Қазақ Совет Энциклопедиясында» (12 т., 231—232-б.) айтылған. Осында «Шежіре» авторлары да, мәні де сөз болған. Бұған қосарымыз жоқ. Қадырғали Жалайыридің (1530—1605) «Жамиғат тауарих» атты еңбегі орынды аталып жүр ³⁰. Иран, түркі, т. б. тілдердегі алуан түрлі генеалогиялық фактілердің өзі ғана емес, ол туралы пікірлер сұрыптала

²⁸ Жоғарыда аталған С. Е. Никитинаның мақаласында осы жайында тәуір пікір бар. Ең соңғы жылдары шыққан дәстүрлі ауызекі мұраның жаңа заманға ұласар жақтары мына екі кітапта арнай талданады: *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. Алматы, 1982, 232 б.; *Дүйсенов М., Сейдаханов К., Негимов С.* Халық ақындарының творчествосының көркемдік сипаты. Алматы, 1982, 248 б.

²⁹ *Бердібаев Р.* Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979, 240 б.; Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981, 308 б.; *Жұбанов Е.* Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978, 184 б.

³⁰ *Қордабаев Т.* Тарихи синтаксис мәселелері (XV—XVIII ғасырлар материалдарды бойынша). Алматы, 1964, 244 б.; *Сыздықова Р. Ф.* Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат-тауарих» атты шежіресі тілінің зерттелу жайы // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1979. № 1. 1—9-б.

талданса дейміз. Иран тілінде жазылған Рашид ад-Диннің (1247—1318) түркі-монғол шежіресі, Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499—1551) «Тарихи Рашиди» «Жаһаннамасы», Әбілғазының «Шежіре-итүрік», «Шежіре-и тарахима» деген кітаптарынан бастап³¹ қазақ тілінде генеалогиялық үлкен шолу жасалса дейміз. Бертіндегі жазбанамелер арнай топтастырылса, қыпшақ тілдеріндегі қыруар нұсқалардың беті ашылса дейміз. Қазақ халқы құрамы, хандықтары өз алдына талдануы жөн. Бұл ретте жазылған материалдар (оған кітапхана, архивтердегі қолжазбаларды қоссақ) аңғары кең. Этноним, антропоним, топоним, т. б. өзге мәселелерді анықтауға бұлардың көп себебі тимек.

Шежірені түбегейлі зерттеу ісінен кенже қалдық. Соңғы уақыт орысша бір-екі еңбек шықты³². Тиісті институттарымыз шежіре мәселесінен күдер үзді ме, әзірге оны жылы жауып қойды. Бұған қынжылмасқа болмайды. Үлкен монографияға, текстуал материалға интеллигенция ділгір-ақ. Шежірелердің ең болмағанда шағын—өрнек-кескінін (корпусын) жасаудың толғағы жеткен сияқты. Тарихшыларымыз бұған мұрындық болмайынша береке шықпайды. Ескі сенім — наным, діни ұғымына әсері бар шежірелерге сын көзімен қарау екі бастан белгілі: «Адамата, Хауанадан бастай келіп, Саһабаның заты едік, ата-бабамыз араб еді» деген жалған уағыздан іргеміз аулақ болары түсінікті.

Жалпы жазба ескерткіштер хақында пысықтай айтар ой мынау: ғылым игілігі үшін ең алдымен қажетті деген түпнұсқаларды жиі-жиі баспа жүзінде жариялап отыру — көкейтесті мәселе. Кең тынысты қазақ филологиясының «бісмілдасы» осыдан басталуы керектігін іліми қауым жақсы біледі. Филология ғылымы күреп алар шаш етек фактілер болған жерде ғана дамымақ. Бұл жоғарыда айтылған текстология проблемасына келіп тіреледі. Марқайған мәдениеті бар елдердің осы жөніндегі іс тәжірибесі екінің біріне таныс. Қазақ әдебиетшілерінің ертедегі рухани мұра үлгілерін (мүмкін болған жерде толайым барлығы) ауық-ауық баспа жүзінде шығаруын барынша қуаттаймыз. Осы іс баянды болғай еді. Игілікті бастаманы³³ әрі қарай жалғастыра келіп, академиялық басылымдарды ұқыпты қолға алу керек. Бұл мәселе арнай бөлек талқылануға тиісті. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар индексі³⁴ атты еңбегі — мейлінше пайдалы жұмыс.

³¹ *Востров В. В., Муканов М. С.* Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968. С. 238.

³² *Кононов А. Н.* Родословная туркмен. Соч. Абу-л-Гази-хана Хивинского. М.; Л., 1958. 122 с.; *Иванов С. Н.* Родословное древо тюрк Абу-л-Гази-хана. Грамматический очерк. Ташкент, 1969. С. 200.

³³ Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1956. 429 б.; Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967. 310 б.; Қорұғлы. Алматы, 1973. 220 б.; Ғашық-наме. Алматы, 1976. 470 б.

³⁴ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Алматы, 1975. 1-т.; 1979. 2-т.; 1981. 3-т.; 1984, 4-т.; 1986, 5-т.

Жұртшылығымызға аян белгілі ақиқатты тағы бір қайталайық. Жазба дәстүріміздің құзар биігі — бүгінгі заман. Сол шынға шығар жол әр тарапты еді. Даңғыл сүре жол емес, сүрең соқпақ жол еді. Жазба болғанымен жазу қағидасы шын мәнінде солғын еді. Арабшаның бұрылыс-бұлтаны көп еді: бір әріпті оқырмай он екі саққа жүгіртіп, нобайлап, ежіктеп оқыр еді. Қадім оқуы дәуірлеген ертерек уаққа шынайы таза тілімізде кітап шығару тым қиын еді. Қазақ тілінде жазылған еңбек баспадан шықпастан бұрын көбіне-көп сол дүйім елге «ортақ» ереже аясында болуы шарт еді (Н. И. Ильминский осыған тоқайлас бір фактіні келтіреді). Сөйтіп, бағзы уақыт төтеннен келер «субъектив» себеп те орын тепкенді.

Профессиялық жазба әдебиеттің солғын дамуының басты екі түрлі себебі баршаға мәлім. Біріншіден, халық тіліне сай жазу төрт аяғынан ақсады. Ертелі-кеш жазба дүниесінен бұқара халық еріксіз қалыс болды. Сауатшылық ат төбеліндей азын-аулақ қана қауымның еншісіне тиді. Екіншіден, жоқтан бар игі деп, дүйім жұртқа «ортақ» деп ескі жазуға көніктік.

Қалайда, мұра атаулыдан кенже едік деуге әсте болмайды. Әзелден белгілі жазунамеден ауызға ілінер көбіне-көп өлең арнасы (бұл жерде таза ана тілдегі жазба «жиһаздарын» айтып отырмыз). Бұрынғы кез өлең сөздің төрден орын тебуінің екі себебі бар: біріншіден, сүтпен еніп, сүйекке сіңген қарасөзге деген жазба дағды осал еді; екіншіден, өлең түрдегі жанрдың эмоционалдық әшекейі, айшықтары айқын, көпшілік қауымның таңсық етер дүниесі еді.

Ауызша, жазбаша туындылардың филологиялық қасиеттерін зерттеуде мәшһүр ғалым М. О. Әуезовтің мына сөзін келтіргіміз келеді.

«Дау-дүдәмалы көп ақындар, ескерткіштер—қазақ әдебиеті тарихы көлемінде XVIII ғасырдың, XIX ғасырдың және XX ғасыр басының мұралары. Бұл дәуірлер ескерткіштері жөнінде мықты ұсталатын жүйелік, ғылымдық, тарихтық негізді бір ғана жол бар. Ол, ең алдымен, бірынғай ағымды жоюға арналған және әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік ғылымға толық тура келетін тарихтық-диалектикалық негізді қолдану. Бұл үшін тексерілетін ақындарды бір-бірімен салғастыра, біріне-бірін қарсы қоя талдау мақұл. Сол арқылы кертартпа ақындардың көп сыр-сипатын аша тексеру қажет болады. Мысалы, Шоқан мұраларын тексергенде Шортанбайды сол Шоқан айтқан пікірлердің қарсы, ерсі жағы ретінде кертартпа қараңғы фон есебінде алу керек. Шоқанның: Бұхардан, Қазаннан оқыған молдасымақтар қазақ халқының сыпшыл сау санасын шырмауға айналды дегені түгелімен сол Шортанбай жырында тұрған жоқ па? Сол сияқты Дулат мұрасын тексергенде, оны жаңағыдай Алтынсарин шығармаларына қарсы, кертартпа сырларын аша тексеруге болады.

Абайды зерттегенде Мұрат шығармасын қарсы қойып, салғас-

ғыра отырып, бар қос-қыртысын, қайшылығын, ерсілігін түгел ашуға болады»³⁵.

Мақаламызда ескерткіштерді зерттеу тарихын да, оларға толық сипаттама беруді де мақсат етпедік. Біздің нысанамыз бөлек: мұраларды тану процесінде ойға оралған оңтайлы-ау деген кей пікірлерді ортаға салу еді.

Біз ертедегі ескерткіштердің кейбірін ғана атадық. Бұлар идея жағынан да, мерзім жағынан да, тіл ұстарту жағынан да қилы-қилы. Кемеңгер В. И. Ленин тарихи өткен өмірдің ақиқат шындығына сүйене отырып, бір мәдениет ауқымында екі түрлі мәдениет болатынын арнай айтқан-ды.

Бір мәдениет ішінде екі мәдениет болды деген тұтас ұлттық мәдениет дегенге қайшы келмейді. Өйткені таптық айырма жалпы ұлтқа тән тіл т. б. қайсыбір ерекшелікті жоққа шығармайды. Басқаша айтқанда екі мәдениет дегенді ленинше дұрыс түсінетін болсақ, ол «ұлт» ұғымына да, «ұлт мәдениеті» ұғымына да нұқсан келтірмейді. Демек, мәдениет пен идеология өзара мығым байланыста бола тұра, бұл екеуін абсолют синоним десек, қате болар еді. Сондықтан «қазақ мәдениеті», «қазақ ұлты», «қазақ тілі ескерткіші» деген барлыққа паш мүлтіксіз терминдерді, әлбетте, ешкім мансұқ етпейді.

Жоғарыда аталмыш үш қайнар көз (ауызша тіл, ауыз әдебиеті, жазба жәдігерлік) қазіргі жазба әдебиет тіліміздің бейне бір ұшар қанаты еді.

Орта ғасырда қазақ халқының жазба дәстүрі болғанын бәріміз де құптаймыз. Өйткені өмірдің қиын тауқыметінен жазба дәстүріміз туыстас түркі тілдерімен астасып жатты. Бұл — көне жазба әдеби тіліміздің нышаны ғана емес, айқын көрінісі еді. Шынайы таза жазба тіліміз Абайға тетелес заманда туды. Абай, Ыбырай осы өрлеудің бас деңгейінде тұрды. Бұл — жаңа жазба әдеби тіліміздің көрінісі ғана емес, айдан анық болмысы еді.

Совет заманы осы әдеби тіліміздің қанатын қайырылтпай, асылын алып, асқар шынға шығарды. Баршаға белгілі ұлы прогреске қол жетті. Жазба тіл ұйтқысы — көркем сөз барынша дамыды. Лексика байлығы кеңінен өрістеді. Грамматика, фонетика қағидалары жетіле түсті. Ең өзекті сала — әрқалай стильдік тәсіл тамырын тереңге жіберді: нақыш-айшыққа безенді, тіліміздің әлеуметтік аясы кеңейіп, жан-жақты екшеле түсті.

Өз өмір кілтін бұраған халқымыз жазба құдіретін де, жазушы дарынын да еркін ұлғайтты. Ана тіл—халқымыздың қалт етпес, қатынас құралы ғана емес, ой-сананың, сезім талғамының, ілім-білім аңысының ұлттық зор белесіне айналды. Советтік Қазақстан мәдениетінің ілгері қарай құлшына ұмтылған аттанысы алымды, шарықтай биікке самғауы шалымды болғандығы³⁶ айты-

³⁵ Әгезов М. О. Қорытынды сөз//Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961, 356-б.

³⁶ Советтік Қазақстан. Алматы, 1980, 185-б.

лып, республикамыздың тарихи алуан түрлі табыстары ерекше терен талданды. Сол таңғажайып сан салалы жетістіктердің баспасөз тарауынан жалғыз ғана бір фактіні келтірелікші: 1913 жылы Қазақстанда жалпы тиражы 4 мың дана болып, не бары 13-ақ түрлі кітап шығарылған болса, қазірде олардың тиражы 1913 жылғы дәрежеден 126 еседен астам артық³⁷.

Орта ғасырлар түгіл, XIX ғасырда ескі Қазақстанның бірде-бір кітап баспасы жоқ, бірде-бір журналы жоқ еді. «Түркстан уәлаяты газеті» (1870—1882) мен «Дала уәлаяты газеті» (1888—1902) атты бірер мерзімді басылымды есептемегенде, бұл іспеттес дүниеден құр алақан едік қой. Октябрьден бұрын қазақша туындылар аздап басқа шаһарларда (Қазан, Уфа, Ташкент, Петербург, Орынбор, Троицк, т. б.) шыққаны мәлім. Сондықтан да белгілі бір қазақ жазушысының «Қазақ даласына мәдениет ұшығы Қазан қаласынан да келді» деген нақыл сөзінің жаны бар.

Озат техниканы сарқа игерген сандаған баспахана, баспа орындары (олардың қатарында ірі арсенал — радио, телевизия) қазіргі күні республикамызда мыңдаған кітап, жүздеген газет, ондаған журнал шығарады. Осы заманымыздың ғаламат цивилизациясын мақтаныш ете отырып, өткенді де білу — халық талабы екендігін естен шығармауымыз керек. Демек, ертедегіні жыға танымай тұрып, бүгінгінің қадір-қасиетін толық біле алмаймыз. Кенелген филологиямыздың кейбір кенеусіз, шешілмеген жақтарын үңіле зерттеу — бәріміздің абыройлы борышымыз.

Жалпы мұра атаулы өздігінен бөлек жатқан, іргесін аулақ салған дүние емес қой. Оны танып-білу де еріккеннің ермегі емес. Ауызша, жазба қазынаны толық игеру жалаң, құрғақ мақсаттан туындамайды. Әлеуметтік талап-тілек, мұқтажбен астасып жатады. Демек, халқымыздың өзіндік елдік санасын, рухани қасиетін айқындай түсер ерекшеліктен келіп шығады. Халықтық тіл тарихының да, әдеби тіл тарихының да қоғамның даму жолдарын білуде мәні орасан зор. Тіліміздің өзге тілдермен ортақ заңдылығын, оның өзіне ғана тән ішкі айырым белгілерін білсек, халық тарихын тануға да жол ашамыз. Мәдени, әдеби, тілдік мәні зор бұл ескерткіштер проблематикасын тарих таразысына салып, көзден түгелдеп өткізудің тетігі комплексті түрде зерттеуде жатыр. Әдеби тіл тарихы филологияның дербес саласы болсын десек, үздіксіз іздену машығына ден қоюымыз керек. Бұл іс көптің көмегіне ділгір. Бүгінгі асқақ рухани өмірдің тілек-талабы өткенді толассыз зерттеу ісімен де ұштасып жатыр.

Ауызша, жазба мұраның тілдік сыр-сипатын толық танудың тетігі сабырлы, түбегейлі зерттеуге ұласады. Бұл жөнінде бұрын-соңды әрнешік қажетті мирасты, жоғарыда айтқанымыздай, халқадарша баспа жүзінде жариялап, ғылым игілігіне айналдыру

³⁷ Сонда. 239-б.

керек. Текстология жұмысы қаз-қатар істелуі мақұл. Тіл білімі институтының түркология және тіл тарихы бөлімінің осы орайдағы бағыт-бағдарын дұрыс деп есептейміз. Өткенді білуге бүгінгіні зерттеу кесел бола алмайды. Керісінше, пайдалы көненің көзін ашу қазіргіге бөгет бола алмайды. Соны факт, тың топшылау болған жерде лингвистикалық ізденудің ірісі мен уағы болмайды. Бұл майдандағы сайын ғалымдарымыз дайым жемісті еңбектер санын көбейтіп, сапасын шыңдай беруіне кәміл сенеміз.

II ӘДЕБИ ТІЛ ТУРАЛЫ О ЛИТЕРАТУРНОМ ЯЗЫКЕ

ҰЛТ ӘДЕБИ ТІЛДЕРІНІҢ СОВЕТ ДӘУІРІ ТҰСЫНДАҒЫ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ *

Лениндік ұлт саясаты салтанат құрған біздің елімізде Совет өкіметі жылдарында СССР халықтарының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті қаулап өсіп, бұрын еш елде, еш жерде болып көрмеген биікке шырқады. Қоммунистік партия мен Совет үкіметі ұлттық мәдениеттің өзге тарауларымен бірге әр халықтың тіл мәдениетінің өркендеп-өсуіне де үнемі әкелік қамқорлықпен көмек етіп келеді. Революциядан бұрын қолында есте жазу-сызуы болып көрмеген Совет Одағын мекендейтін көп-көп жұрттардың ана тілінің бұл күнде шын мәнісіндегі әдеби тіл дәрежесіне көтерілуі — мұның көміл айғағы. Қазір Совет топырағындағы бір жүз отызға тарта ірілі-уақты әр түрлі ұлттар мен халықтардың, сондай-ақ кіші-гірім этностық топтардың жетпіске жуығының бас-басына өз жазбасы мен халықтық негізде қалыптасқан әдеби тілі бар. Сан қилы системадағы алуан түрлі тілдер бір-бірімен қатарласа, үзегілес емін-еркін дамып келе жатқан біздің еліміз, осы тұрғыдан алып қарағанда, ұлт тілдерінің социализм дәуіріндегі даму заңдылықтарынан кең мағлұмат берерлік бейне бір алып лабораторияға ұқсайды. Тіл дамуындағы мұндай заңдылықтарды танып білудің теория үшін де, практика үшін де мән-маңызы айрықша. СССР-дағы социалистік ұлттардың өркендеу ерекшеліктеріне орай ұлт тілдерінің даму заңдылықтарын жан-жақты зерттеу ісінің бүгінгі таңдағы совет тіл білімі алдында тұрған маңызды міндеттердің қатарында саналмағы да осыдан. Ноябрьде республикамыздың астанасы Алматы қаласында болып өткен Одақ көлеміндегі әйгілі-әйгілі тіл зерттемпаздарының басын біріктірген Координациялық ғылыми конференция тіл біліміндегі осы бір келелі проблеманың өзекті бір заңдылықтарына арналған болатын. Төрт күнге созылған (20—23 ноябрь, 1962) бұл конференцияда совет еліндегі сан түрлі әдеби тілдердің даму мәселесін сөз еткен 20-ға жуық баян-

* Бұл мақала С. Омарбековпен бірігіп жазылған. Мақала «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1963, 1-шығ., 31—44-б.» журналында жарияланған.

дама тыңдалып, көпшілік талқысына түсті (мәжілістерде не бәрі 80-ге тарта адам сөз сөйледі). Конференцияның жұмысына Москва мен Ленинградтың орталық ғылыми-зерттеу мекемелерінен бастап, барлық ұлт республикаларынан, автономиялы облыстардан келген ғалымдар мен Қазақстан астанасы ғылыми-мәдени жұртшылығының өкілдері қатысты. Конференция Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті академик Қ. И. Сәтбаевтың кіріспе сөзімен ашылды. Қ. И. Сәтбаев социалистік қазақ ұлты мәдениеті мен әдеби тілінің Совет өкіметі жылдарында өсіп-жетілуі, Қазақстанда ғылымның өзге тарауларымен қанаттаса тіл білімінің де ойдағыдай дамып келе жатқаны туралы деректер келтіріп, тіл зерттеу-паздарының форумына қатысу үшін кең байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінен келген қонақтарды Қазақстан ғалымдары атынан құттықтады, конференция жұмысының жемісті аяқталуына тілек білдірді.

Конференция басталған 20 ноябрь күнгі пленарлық мәжілісте үш баяндама тыңдалды. Академик В. В. Виноградов (жетекші), РСФСР Педагогика ғылыми академиясының академигі В. В. Решетов, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Б. А. Серебренников, филология ғылымының докторлары: Ю. Д. Дешериев, П. Я. Скорик жолдастар дайындаған «СССР халықтары жазуын қалыптастыру мен әдеби тілі даму мәселелерінің негізгі қорытындылары» деп аталатын бірінші баяндаманы жасау үшін сөз В. В. Виноградовқа берілді.

Баяндамашы Совет мемлекеті дүниеге келген алғашқы жылдардың өзінде-ақ Ленин және ол бастаған Коммунистік партия лингвистеріміздің негізгі назарының еліміздегі нақтылы өмір сүріп отырған тілдерді маркстік методология негізінде зерттеу, сөйтіп, ұлт тілдерінің қоғамдық өміріміздегі, ұлт мәдениетін өркендетудегі алатын орнын анықтау мәселесіне аударылуын өзекті міндет етіп қойғандығы туралы айта келіп, революцияға дейінгі мешеу Россия мирас етіп қалдырған халықтар сауатсыздығын біржола жоюдағы, жазу мәдениетін дамытудағы жүзеге асырылған шараларға тоқталды. Маркстік-лениндік ілім, совет ғылымы әрбір халықтың әлеуметтік өмірінде, өз төл мәдениетін өркендеуі мен ағарту ісінде оның ана тілінің атқаратын ролін аса жоғары бағалайды. Міне сол себептен де Совет өкіметі мүлде жазуы жоқ халықтар үшін жазудың жаңадан жасалуын, ол халықтардың тез арада алдыңғы қатарлы мәдениетке, ілім-білімге, техника жетістіктеріне, өнер мен әдебиетке қол созуына жәрдемші болар ең бір нәрменді құрал деп білді. Осы саясаттың жүзеге асуы нәтижесінде Совет өкіметі жылдарында СССР халықтарының саяси, экономикалық және мәдени дамуы жөнінен қисапсыз мол табысқа қолы жеткені мағлұм. Бұл табыстардың өзі қазірде қоғамдық тіршілігіміздің өзге тарауларымен қатар Совет Одағындағы барша ұлт әдеби тілдерінің даму шама-шарқынан да мейлінше айқын көрініп отыр. Советтік мемлекетіміздің онан әрі дамуына байланысты

одақтас республикалар мен автономиялық республикаларда ұлт тілдерінің қоғамдық функциясы барған сайын кеңейе түсуде. Ұлт республикаларындағы жергілікті мекемелерде істің ана тілінде жүргізілуі, республика шеңберіндегі қоғамдық харакеттің бәр-бәрісін дерлік ана тілінде атқару, мектептердегі оқудың ана тілінде оқытылуы, жоғары оқу орындарының ішінара (мәселен, Қазақстанда) яки түгелдей (мәселен, Армян, Грузин ССР-ында) ана тіліне көшірілуі, ғылым мен мәдениеттің сан түрлі салаларындағы әдебиеттер мен баспасөздің ана тілінде өрістетілуі, ұлт кадрларының ана тілінде даярлануы, тағысын-тағы осы секілді мәдени де саяси шаралардың жүзеге асырылуы, сайып келгенде жоғарыда аталған процесті — ұлт тілдерінің қоғамдық функциясының кеңейу процесін аңғартады.

Тілдері схемалы түрде болса да ескі жазбалы (старописьменный) тілден, кенже жазбалы (младописьменный) тілден, жазбасыз (бесписьменный) тілдер деп бөлетін болсақ, онда мұның кейінгі екі тобына кіретін тілдердің көпшілігінің әдеби тіл функциясын тек Совет дәуірі кезінде ғана атқара бастағандығын айтуымыз керек. Әсіресе осы күнгі он бес одақтас республикаға қызмет етіп отырған ұлт тілдерінің (орыс, украин, өзбек, грузин, армян, казак, түрікмен т. б.) дамуында қол жеткен табыс өте-өте елеулі де қомақты. Бұл тілдер өзінің қоғамдық функциясын бұдан арғы жерде де кеңейте беру үшін, сөзсіз, зор перспективаға ие.

Мұнан әрі В. В. Виноградов СССР халықтары ұлт әдеби тілінің дамуына орыс тілі тигізіп отырған игі әсер туралы баяндады.

Социализм дәуірінде «Ұлттар дамуы капитализм тұсындағыдай ұлт алалығының, ұлттық шектелушілік пен өзімшілдіктің күшеюі емес, олардың бір-бірімен жақындаса беруі, туысқандық ынтымақ жасап, достасуы жолымен жүзеге асып отырады» деп көрсетеді Коммунистік партияның жана Программасы. Көп ұлтты Совет мемлекеті жағдайында осы бір ұлы мақсаттың жүзеге асуындағы көрнекті рольдің орыс тілінің үлесіне тиерінде күмән жоқ. КПСС Программасында әділ бағаланғанындай орыс тілінің бұл күнде «іс жүзінде СССР-дың барлық халықтарының ұлтаралық қатынасы мен ынтымағының ортақ тілі» болып отырғаны — кім-кімге де аян нәрсе. Орыс тілі — заманымыздағы ең дамыған тілдердің бірі. Ол атқаратын қоғамдық функцияның өрісі де мейлінше кең. Орыс тілі, анығында, СССР-ды қоныс еткен халықтардың әдеби тілі дамуы мен баюының басты арналарының бірі болып отыр.

Отанымыздың халықтары үшін ұлтаралық қарым-қатынас тілінің қызметін атқарып отырғанымен, орыс тілі біздің елімізде жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік тіл болып есептелмейді. В. И. Ленин орыс тілін өзге халықтарға зорлап таңу дегенге мүлдем қарсы болатын: «...біз, әлбетте, Россияда тұрушы әрбір адамның ұлы орыс тілін үйренуге мүмкіндік алуын жақтаймыз.

Біз тек бір ғана нәрсені: *зорлау* элементінің болғанын тілемейміз. Біз ұжмаққа таяқпен енгізгіміз келмейді» (В. И. Ленин. Шы-

фармалар, 20-т., 1953, 62-б.). Міне сол себептен де бұл жерде орыс тілінің СССР-дегі өзге халықтардың тілімен бәсекелесуі немесе қысым жасауы туралы сөздің болуы мүмкін емес. Біздің елімізде бүкіл ұлт тілдерінің ешқандай кедергі-бөгетсіз емін-еркін дамуына барлық жағдайдың жасалып отырғанын барша жұрт өз көзімен көріп отыр.

Социализм мәдениетін зерттеу жөнінде КПСС жаңа Программасын шұқшап отырған міндеттерден туатын басты бір қорытынды, — деп атады баяндама авторы, — социалистік ұлттардың дамуына орай ұлт тілдерінің дамуындағы заңдылықтарды ашу. СССР Ғылым академиясының жанынан жаңа құрылған ғылыми кеңестердің бірі арнайы түрде осы комплексстік проблемалармен шұғылдандуды көздеп отыр. Бұл проблеманы әрмен қарай талдап қарасақ, оның ұлт тілдері даму заңдылықтарына қатысты талай-талай дербес проблемалардың басын қамтитындығын көреміз. Солардың басты біреуі — тілдердің бір-біріне өзара тигізер әсерін зерттеу жөніндегі проблема. Мұның өзі тіл біліміндегі шешімі қиын, аса күрделі проблемалар қатарына жатады.

Тілдердің бір-біріне өзара етер әсерінің әрбір тарихи дәуірде, сол дәуірдің өзіне тән әлеуметтік себептерге сәйкес, әр түрлі мазмұнда болатыны белгілі. Мінекей осы ынғайда қазір нақтылы тілдік материалға сүйене отырып: тілдердің бір-біріне өзара әсер етуіндегі әлеуметтік себептердің қандайы қандай лингвистикалық нәтижелерге әкеліп соғады? Түрлі тарихи дәуірдегі әлеуметтік факторлардың тілдердің бір-біріне өзара әсер ету процесіндегі ролі қаншалық? Сондай-ақ түрліше әлеуметтік-тарихи жағдайда өмір сүріп отырған әр алуан тілдерде бұл процесс нендей сипатта өтпек? — деген тәрізді сала-сала мәселелер хақында сындарлы пікір тую совет тіл білімі үшін аса қажет болып отыр.

Бұл процестерді егжей-тегжейлі зерттеп білмей тұрып, тілдердің бір-біріне өзара әсер етуіндегі мүмкін жолдарды бас-басына башалап айтып шыға қою да қиын. Әйтсе де бір-бірімен тектес тілдер арасындағы, сондай-ақ тектес емес тілдер арасындағы, халықтық диалектілер мен әдеби тілдер арасындағы түрлі тарихи-әлеуметтік, лингвистикалық-этнографиялық жайларға байланысты тілдік ауыс-түйіс процестердің сөзсіз болып отырғанын біздің әрқайсымыз күнделікті өмірден өз көзімізбен көріп отырмыз. Міне осы мәселелер жайында болсын, сол секілді тілдердің бір-біріне өзара әсер етуіндегі әр халықтың даму шама-шарқының, ескіден келе жатқан жазу дәстүрінің бар-жоқтығының, қала берді халықтың жалпы санының алатын ролі жайында болсын ілгеріде асығыс жасалған шалағай қорытындыларға бармас үшін үніле ізденіп, үзбей еңбек ету қажет болады. В. В. Виноградов жасаған баяндамадағы баса назар аударылған мәселенің бірі де осы — тілдердің өзара әсері жөніндегі мәселе болды.

Баяндама соңында автор ұлттар арасындағы қарым-қатынас проблемасын шешудегі көп ұлтты мемлекет — Совет Одағы тәжірибесінің бүкіл әлемдік тарихи маңызы туралы баяндай келіп, бұл

тәжірибені қазірде колониализм бұғауынан босанып, азаттыққа ұмтылған Индия, Индонезия, Африка халықтарының өздеріне зор үлгі, өнеге тұтып отырғандығын айтты. Алайда, — деп көрсетті баяндамашы, — осы бір бай тәжірибені тереңірек зерттеп, қорытындылауда біздің лингвистикалық әдебиетімізде істелген жұмыстың жай-жапсары бәлкендей қанағаттанарлық дәрежеде бола алмай отыр. Сол себептен де жаңадан ұлт жазбаларын жасау мен ұлт әдеби тілдерінің дүниеге келіп, іргесі бекуіндегі табыс-тәжірибені тәптіштей зерттеп, олардың халықтық қалың қауымын ағартудағы, мәдениетті көркейтудегі, коммунистік құрылыс ісіндегі мән-маңызы турасында байыпты байлам айту совет тіл зерттеу паздарының мойнындағы бұдан былайғы жерде өтелмек мықты бір парыз болмақ.

Украин ССР Ғылым академиясының академигі И. К. Бслодел, филология ғылымының докторы Е. А. Бокарев, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Қ. Кеңесбаев, Молдаван ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Н. Г. Қорлэтянудың қатысуымен әзірленген пленарлық мәжілістегі екінші баяндама «Орыс тілі—СССР халықтарының ұлтаралық қарым-қатынас тілі» деген тақырыпқа арналды.

Орыс жұрты мен СССР жерін қоныс еткен халықтар арасындағы мәдени байланыстың тамыры тым әріде жатыр. Біздің халықтарымыздың орыс тілін үйренуге деген ықылас-ынтасының ерте замандардың өзінде-ақ пайда болуында зор тарихи сыр бар. Мұның өзін, бір жағынан, орыстар мен еліміздегі өзге халықтардың саяси-әлеуметтік тағдырындағы кейбір ортақ жайларға байланысты туған құбылыс деп қарасак, екінші жағынан, алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті демократияшыл дәстүрінің Россия халықтары үшін цивилизациялық ролімен астарлас жайт деп білуіміз керек.

Әсіресе Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі жылдарда СССР халықтарының мәдениетін көтеруде орыс тілі атқарған игілікті істе шек жоқ. Қазір орыс тілі еліміздегі әрбір ұлттың дүниежүзілік мәдениет пен өзге халықтардың рухани өміріндегі жетістіктерге қол созуының басты бір кілті болып отыр. Орыс тілінің қоғамдық өміріміздегі осы секілді алуан-алуан қызметі мен оны ерікті түрде үйренудегі халықтарымыздың барған сайын артып отырған заңды талабы баяндамада барынша кең де жан-жақты сөз етілді.

Еліміз халықтарының орыс тілін игерудегі табыстарымен өзектес бір жай — қос тілділік (билингвизм, двуязычие) проблемасы баяндама авторларының бұдан кейінгі басым көңіл аударған мәселелерінің бірі болды. Қос тілділік дегеніміз— белгілі бір халықтың өкілдерінің өз ана тілімен қоса екінші бір тілді меңгеруі. Совет Одағы халықтары жағдайында мұндай екінші тілдің қазір орыс тілі болып отырғаны бәрімізге аян. Қос тілділіктің дамуын бір тілдің бір тілді ығыстыруы дейтінмен шатыстыруға тіпті де болмайды. Қайта ол екі тілдің де барлық қыр-сыры мен байлығын жете игерің, терең сезінуге итермелейтін фактор болып табылады.

Тарихта бір-бірімен жарыса өмір сүрген тілдердің талай-талай болған. Бірақ солардың көбінің-ақ өрісі қоғамдық тіршіліктің белгілі бір жеке салаларының шеңберінен асып шыға алған емес. Мәселен, орта ғасырдағы латын тілі мен араб тілін алатын болсақ, басқа елдер үшін көбіне-көп ғылым мен дін тілі ретінде ғана қызмет еткені белгілі. Ал біздегі орыс тіліне келсек, оның совет халықтарының экономикалық және рухани өмірінің барлық тарауларында бірдей, қалтқысыз қызмет етіп отырған тіл екенін байқаймыз.

Басқыншылық соғыстар нәтижесінде өзге халықтар тілінің тағдырында ассимиляциялаушы «қызмет атқарған» тілдердің де тарихқа аян мысалдары аз емес. Біздің қоғамымыздағы орыс тілі алатын орынның социализмге дейінгі барлық таптық қоғамда болған ұлтаралық тілдердің қай-қайсысынан болса да түбірлі принциптік айырмашылығы бар. СССР халықтары орыс тілін өз қалауынша, өз ықтиярымен ғана үйренеді.

Жалпы алғанда, біздегі қос тілділік құбылысының Совет қоғамында өмір сүріп отырған ұлт әдеби тілдері дамуындағы негізгі заңдылықтардың бірі екені даусыз. Оны лингвистикалық аспектіде де, психологиялық аспектіде де, сондай-ақ әлеуметтік аспектіде де зерттеуге әбден болады. Практикалық мүддеміз тұрғысынан қарасақ, біз үшін оның көбіне әлеуметтік-лингвистикалық аспектіде зерттелгені тиімдірек. Баяндамада да мәселенің осы жағы — қос тілділік проблемасын ілгері уақытта байыпты түрде, тереңірек зерттеудің қажеттігі барынша баса айтылды.

«Тіл және ұлт» деп аталған пленарлық мәжілістегі келесі баяндаманы СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі М. Д. Қаммари жасады. Баяндама, негізінен алғанда, ұлт пенен ұлт тілінің дамуындағы кейбір әлеуметтік жағдайлардың сырын ашуға бағытталды.

Баяндамалардан кейін басталған жарыссөзде В. М. Жирмунский, Б. А. Серебренников, В. П. Аврорин (Москва), Д. Таджиев (Тәжікстан), Ф. Камал (Өзбекстан), М. С. Сильченко, Х. Х. Махмудов, А. Қ. Хасенова (Қалыбасва), Х. Әдібасв (Қазақстан), К. Х. Ханазаров (Москва) жолдастар шығып сөйледі.

Қазақ әдеби тілінің Совет өкіметі жылдарында жан-жақты дамуының біраз мәселелері Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. С. Сильченконың сөзінде әңгіме етілді. Шешен қазақ әдеби тілінің негізі өткен ғасырда салынғандығы, тіпті ерте кездердің өзінде де қазақта жазба дәстүрдің болғандығы жөнінде деректер келтіріп, қазақ тілі кенже жазбалы тіл ме, әлде ескі жазбалы тіл ме деген мәселенің әлі күнге басы ашылып жетпегендігін қынжыла ауызға алды. Бұл мәселені шешу, — деді сөйлеуші, — еріккеннің ермегі емес, оның шешілуіне, ең алдымен, қазақ әдеби тілінің тарихы мүдделі. Бұдан кейін М. С. Сильченко қазақ әдеби тілінің есеюіне көркем аударма қосқан үлес-олжа хақында бірқыдыру талдау жасап өтті.

СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі В. М. Жир-мунский әдеби тілдің қалыптасуындағы диалектілердің қызметі мен совет дәуірі тұсында ұлт әдеби тілдерінің дамуы барысында жергілікті диалектілер өрісінің күн санап шақталып келе жатқаны туралы айта келіп, әдеби тіл проблемаларын түбегейлі шешу ісіндегі диалектілерді зерттеу мен диалектілік атлас құрастырудың маңызына жұртшылық назарын аударды. Ал филология ғылымының докторы В. А. Аврориннің сөйлеген сөзі көбіне-көп «Тіл және ұлт» деп аталған баяндамада әңгіме етілген мәселелер төңірегінде болды. Шешен адамзат қоғамы дамуының өзге салаларындағы секілді тіл дамуында да революциялық өзгерістердің болатындығы туралы қағиданы жалпылама айта бергеннен гөрі, бұл заңдылықтың тілдің структуралық жағы мен қоғамдық функциясы дамуындағы көрінісі жеке-жеке алғанда қандай деген тұрғыда да ойласудың қажет болатындығын еске салды. Ол: тіл функциясының дамуында кейде шұғыл сапа өзгерістері болатындығын мойындағанымызбен, дәл оның құрылымдық (структуралық) дамуына келгенде мұндай өзгерістердің әлбетте басқаша сипатта болатындығын айтуға тиіспіз деді. Бұл мәселеде сөйлеуші тілдің бір сападан екінші сапаға көшуі мен оның құрылымдық дамуы арасында тікелей тәуелділік болады дегенге өз басының қосыла бермейтіндігін білдірді. Сонымен бірге шешен коммунистік қоғам кезіндегі жалпы адамзатқа ортақ бір тұтас тілдің қандай сипаттағы тіл болатындығына өз көзіміз жетпей тұрып, ол туралы дәлелсіз тұспал айтудың орынсыз екендігін ескертті.

СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Б. А. Се-ребренников өзінің сөзін тіл дамуы мен қоғамдық қондырманың өзара қарым-қатынас мәселесі тіл табиғатын түсіну үшін елеулі қолғабыс тигізе алмайды дейтін қазір біздің кейбір философтарымыз арасында тарала бастаған ұғымның теріс екендігін дәлелдеуден бастады. Тілді қоғамдық қондырма деп таныған Н. Я. Марр теориясының қателігін сынаудың кезінде кездейсоқ қойылған мәселе емес екендігін айтты.

Филология ғылымының кандидаты Д. Таджиев өз сөзін түгелдей тәжік тілінің дамуына орыс тілі тигізіп отырған игі әсерге бағыштады. Сол тәрізді орыс тілінің қоғамдық функциясына байланысты біздің еліміздегі қос тілділік процесінің қазіргі жай-күйі философия ғылымының кандидаты Қ. Х. Ханазаров сөйлеген сөзінің орталық түйіні болды. Әсіресе сөйлеуші қос тілділік құбылысының әлеуметтік жақтарына кеңірек тоқталды.

Филология ғылымының кандидаты Ф. Камал өз сөзінің негізгі өзегі етіп түркі тілдері алфавитін қадерінше бір ізге келтірудің тиімділігі, өзбек алфавитіндегі кейбір орашолақтықтар, оны жөндеудің жолдары жайындағы мәселені алды. Шешен жазба мен терминология саласында туыстас тілдер арасындағы жөнсіз алшақтықтың болмауы үшін осы жұмыстардың бәрін бір жердеп

тәртіптеп отыратын орталық мекеме құрудың мұқтаждығына жұртшылық назарын аударды.

Конференцияның алғашқы күнгі пленарлық мәжілістен арғы жұмыстары орыс тілі секциясы, түркі тілдері секциясы, бұрыннан келе жатқан әдеби дәстүрі бар тілдер секциясы, кенже жазбалы тілдер секциясы деп аталған басты-басты төрт секцияға бөлініп өткізілді.

Орыс тілі секциясының жұмысы түгелдей дерлік СССР Ғылым академиясы Орыс тілі институты 1964 жылы аяқтауды көздеп отырған «Орыс тілі және совет қоғамы» делінегін коллективтік еңбектің проспектісін талқылауға арналды. Проспект жөніндегі бірінші баяндаманың авторы филология ғылымының докторы С. И. Ожеговтың конференцияға қатыса алмағаны себепті болашақ еңбектің алдына қойылып отырған міндет пен оның құрылысы туралы қысқаша хабарды филология ғылымының кандидаты И. Ф. Протченко жасады. И. Ф. Протченко бұл еңбектің қазіргі орыс тілінің лексика, грамматика, фонетика, стилистика салаларының дамуында байқалып отырған тілдік жанды процестерді көрсету арқылы орыс тілінде совет дәуірі кезеңінде пайда болған өзгерістер мен жаңалықтың сыры неде, қазіргі әлеуметтік жағдайдың орыс тілі дамуына тигізіп отырған ықпалы бар ма, болса ол қандайлық? — деген сұрақтарға бәлкім толығырақ жауап іздегізуді мақсат тұтып отырғаны туралы қатысушыларға кең мағлұмат берді.

Сөз болып отырған проблемамен шұғылданушылардың бұл баптағы негізгі зейінді бәрінен де бұрын қазіргі орыс әдеби тілі дамуындағы заңдылықтарға сүйенуі — өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Орыс тілі дамуындағы социализм дәуіріне тән факторлардың бәрін бірдей жыға танып-білудің зор теориялық базаға қол артқан жерде ғана мүмкін болары шексіз. Сол үшін де сөз болып отырған еңбектің ең алдымен теориялық сапасының жоғары болғаны керек. Еңбектің тілдегі барша құбылыс біткеннің астарына сүнгіп, тілдегі модель атаулының бүге-шігесіне дейін қалдырмай жіпке тізіп жатуы шарт емес. Егер ол тіл эволюциясындағы ең сипатты деген, ең өзекті деген нәрселердің кескін-кейпін анықтап бере алса, мақсаттың орындалғаны деп білуіміз керек. Еңбекті жазып жатқан авторлар коллективі, анығында, осы мақсатты көздеп отыр, — деді баяндамашы.

Филология ғылымының докторы М. В. Панов жасаған проспекті жөніндегі екінші баяндама «XX ғасырдағы орыс әдеби тілі дамуындағы кейбір жалпы тенденциялар» деп аталды. Баяндамашы тіл дамуындағы жалпы тенденцияны зерттемес бұрын, алдымен осы жалпы тенденцияны байқауға мүмкіндік беретін тіл процестерінің біз үшін маңыздысы қайсысы дегенді біліп алуымыз қажет екенін айтып, мұндай фактордың ең маңыздысы деп тілдің позициялық системасындағы тарихи өзгерісті атады. Баяндамашы орыс тілінің позициялық системасындағы XX ғасырдағы өзгерістер көп

жағдайда оның фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік қат-қабаттарына ортақ болып отыр деген пікір білдірді. Баяндамада дәлелденген басты пікір де—осы. Автор орыс тілі дамуындағы ХХ ғасырдағы жалпы тенденцияны, негізінде, позициялық системадағы тарихи өзгеріс тұрғысынан қарастырды.

Баяндамашылардан кейін шығып сөйлеген В. Н. Мигриин (РСФСР), А. А. Азизов (Өзбекстан), Ю. Д. Дешериев, Е. А. Земская, Т. А. Бертагаев, Д. Н. Шмелев (Москва), Д. Т. Тұрсынов, В. Н. Никитевич, Л. П. Ефремов, И. Р. Емельченко, М. М. Копыленко, Х. Х. Махмудов (Қазақстан) жолдастар талқыланып отырған проспектінің мазмұны мен құрылысын, болашақ еңбекте қамтылуы көзделген мәселелерді, негізінен, мақұлдай отырып, еңбекті жазу, аяқтау үстінде әлде де болса ескеруді қажет етеді-ау деген жайларда өз пікірлері мен өз ұсыныстарын ортаға салды. Сөйлеушілердің сөзінде бұлардан тыс орыс тілінің өткен ғасырдағы даму тенденциялары (филология ғылымының кандидаты Е. А. Земская), қазіргі орыс әдеби тілінің ұлт тілдеріне игі әсері (филология ғылымының кандидаттары: А. А. Азизов, Д. Т. Тұрсынов), тілдердегі калька құбылысы (филология ғылымының кандидаты Л. П. Ефремов) сияқты әңгіме етіліп отырған еңбекке тікелей де жанама қатысы бар бірқатар жеке мәселелерден мағлұмат келтірілді. Филология ғылымының докторы Ю. Д. Дешериев проспектіде орыс тілінің дамуы көбіне структуралық аспектіде ғана алынып, оның әлеуметтік жағының бәлендей қамтылып жарымағандығы тұрасында ескертпе жасады. Бұл орайда, — деді сөйлеуші, — еңбек авторларының ұлт тілдерін зерттеуші мамандардың көмегіне ділгір екендігін сеземіз. Сондықтан алдағы уақытта мұны қалайда ескерген қажет-ақ. Сол сияқты филология ғылымының кандидаты И. Р. Емельченко тіл саласындағы мемлекет саясатының тіл дамуындағы көрінісі де еңбекте ескерусіз қалмаса жөн болар еді деген ұсыныс білдірді.

Түркі тілдерінің секциялық мәжілісінде қойылған «Түркі әдеби тілдерінің қазіргі жай-күйі мен бұдан былайғы даму жолдары» делінетін алғашқы коллективтік баяндаманы филология ғылымының докторы Н. А. Баскаков жасады. Бұл баяндама мәжіліске Н. А. Баскаковтың (жетекші), Түрікмен ССР Ғылым академиясының академигі Н. А. Азимовтың, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі М. Б. Балақаевтың, Азербайжан ССР Ғылым академиясының академигі М. Ш. Ширалиевтің, Қырғыз ССР Ғылым академиясының академигі Б. Юнусалиевтің авторлығымен әзірленген болатын. Баяндамашы тілдің қалыптасу процесіндегі басынан кешкен жайларды танып-білмей тұрып, оның қазіргі жай-күйі мен ілгергі дамуындағы бет алысты көз алдымызға елестетудің қиын екендігін еске сала келіп, әңгіме желісін түркі әдеби тілдерінің дамуында совет дәуірі кезеңінде пайда болған өзгеріс-жаңалықтарға бұрды.

Октябрь революциясы жеңген қарсаңда біздің еліміздегі түркі

тектес халықтардың кейбіреуінің (азербайжан, татар, өзбек, казак, түрікмен, т. б.) едәуірден келе жатқан жазба дәстүрі бар әдеби тілі болғанымен, кейбіреуінде (құмық, ноғай, шор, тува, т. б.) әдеби тіл түгіл жазу-сызу дегеннің өзінің де ат-ұранымен болмағаны белгілі. Тіпті ол кездегі жазба әдеби тілге ие деген тілдеріміздің өзіндегі халықтың сауаттылық дәрежесі тым мардымсыз болатын. Октябрьден кейін түркі халықтарының бәрі де еліміздегі өзге халықтармен бірге өзінің төл әдеби тілін онан әрі дамытуға, немесе ана тілі негізінде тыңнан жазба әдеби тіл жасауға кең мүмкіндік алды. Әдеби тіл санатына совет жылдарында топ-топ түркі тілдерінің ілінуі — абзалында, осы мүмкіндіктің ғана нәтижесі. Қазіргі таңда көптеген түркі әдеби тілдерінің қоғамдық функциясы күн санап артып, олар халықтың рухани тіршілігінің сан салалы тарауларын барған сайын кеңірек қамтуда.

Түркі әдеби тілдерінің совет дәуірі тұсындағы даму заңдылықтарына тән сипатты бір белгі деп олардың әдеби нормаларының қалыптасуында байқалатын: алфавит пен емлені жасау, әдеби тілдің фонемалық құрамы мен грамматикалық жүйесін тұрақтандыру, әдеби тілге негіз боларлық іргелі диалектіні анықтау, лексика мен терминологияны байыту тәрізді процестерді атауға болар еді. Әдеби тілдердің нормалануы барысындағы бір ғана осы процестердің байқауының өзі-ақ Октябрьден бергі жылдарда түрлі тілдердің тек функциялық жағынан ғана емес, тіл дамуының өзге салаларында да елеулі өзгеріске ие екенін аңғартады. Әсіресе осы кезеңдегі түркі тілдерінің лексикалық құрамында болған өзгерістерде шек жоқ. Бұдан әрі баяндамада авторлар түркі тілдері лексикалық құрамы баюының қазір негізгі екі салада жүріп жатқанын мәлімдеді. Мұның бірі — әр тілдің өз ішкі ресурстары негізінде тыңнан сөз жасау арқылы баю да, бірі — орыс тілінен әр түрлі сөздер мен терминдерді тікелей қабылдау арқылы баю. Қай түркі тілінің сөздік құрамы дамуын алсақ та, осы екі арнаның екеуінің де олар үшін ең құнарлы арна болып отырғанын көреміз. Алайда, — деді баяндамашы, — соны сөздер тудыруда тілдің мүмкіндіктерін сарқа пайдалана алмай отырған жеріміз де жоқ емес, сондай-ақ кейбір жаңа терминдердің көп мағыналылыққа душар болып жүрген ыңғайы да бар. Мұндайларды алдағы күнде ескеруге тиіспіз. Содан кейін баяндамашы түркі тілдері әдеби нормаларының кемелденуі деген бапта тіл-тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық жүйесін тереңірек зерттеу, емле мен орфоэпияны тәртіптей, қырнай түсу, нақтылы тілдердегі стильдік жанрлардың дифференциациялану процесін ғылыми тұрғыда сөз ету тәрізді мәселелердің маңызына тоқталды. Сондай-ақ баяндамашы тілдің ішкі ресурсы дегенде, оның сөз қорын байытуда нәр алатын басты бір бұлағының диалектілер мен халық говорлары болатыны туралы әңгімелей келіп, диалектология мен диалектография деректерін жалғыз тіл тарихы мен салыстырмалы-тарихи зерттеу саласында ғана пайдаланып қоймай, практикалық тіл білімі сала-

сында да кәдеге жарату парыз деген түйін айтты. Сол үшін де, — деді баяндамашы, — нақтылы түркі тілдері диалектілік жүйесінің ілгеріде жете зерттелгені керек.

Авторлар Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Кеңесбаев (жетекші), Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғ. Ғ. Мұсабаев, филология ғылымының кандидаттары: А. Ы. Ысқақов, Р. Ғ. Сыздықовалар қосылып дайындаған секциялық мәжілістегі келесі баяндама «Қазақ әдеби тілінің нормалары» деген тақырыпқа арналды. Баяндаманы жасаушы І. Кеңесбаев қазіргі қазақ әдеби тілі нормаларының қалыптасуын Октябрьге дейінгі, Октябрьден кейінгі делінетін басты-басты тарихи екі дәуірге бөліп көрсетуге болатынын атап, осы дәуірлердің әрқайсысына жеке-жеке сипаттама берді.

Бірінші дәуір, шамамен алғанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы кезенді қамтиды. Өткен ғасырдың орта тұсында Абай, Ыбырай тәрізді бірді-екілі қазақ ағартушылары қалам тебіrentіп алғашқы ізін салған қазақтың жас жазба әдеби тілі дәл Октябрьге дейінгі кезеңде құлашын еркін соза алмаған-ды. Революцияға дейінгі қазақ тілінде жария етілген әдебиеттердің өрісі тым тар болатын. Кейбір санамалы әдеби шығармалар мен бірлі-жарым дүркінді баспасөз орындарын есептегенде, түрлі ғылым салаларында ана тілінде зерттеу жазып, бастырып шығару дейтін дәстүр ол кезде болмайтын. Мұның бәрі қазақ халқы мәдениетінің өзге тарауларымен қоса оның тілі дамуында да келеді өзгеріс тудырған жаңа дәуір — тек совет дәуірі — тұсында ғана мүмкін болып отыр. Тұрмыс пен мәдениеттегі ұлы социалистік жаңарулар, сауаттылықтың шұғыл артуы, баспасөз бен ұлт тіліндегі ғылыми және қоғамдық саяси әдебиеттердің кең көлемде өрістетілуі, оқу-ағарту ісінің ана тілінде жүргізілуі тағы басқа осы секілді маңызды шаралардың жүзеге асырылуы еліміздегі өзге халықтар тілімен бірге қазақ әдеби тілі дамуын да жаңа бір тың белестерге көтерді. Қазақ халқының совет дәуірінде социалистік ұлт болып қалыптасуына орай оның байырғы халық тіл негізінде ұлт тілі жасалды. Қазірде қазақ әдеби тілінің белгілі нормалары сараланып, олар күн санап шыңдала, жетіле түсуде. Бүгінгі таңдағы қазақ тілі бай лексикасы мен терминологиясы бар, грамматикалық құрылысы жетілген, стильдік мүмкіншіліктері де мол, мейлінше оралымды тілге айпалып отыр. Әсіресе тіліміздің қазіргі дамуындағы сипатты ерекшеліктердің бірі ретінде оған алдыңғы қатарлы мәдениет пен ғылымның тілі — орыс тілі тигізіп отырған игі әсерді айрықша лебізбен атау абзал. Баяндамада қазақ әдеби тілі дамуында байқалатын осыншалықты қат-қабат процестердің жай-жапсары жан-жақты сөз болып, бірқыдыру кең талдау жасалды.

Қазақ әдеби тілінің даму тарихына қатысты мәселеден баяндамашының айтқаны: қазақ әдеби тілі белгілі бір ғана диалект негізінде пайда болған тіл емес, жалпы халықтық арнада туған тіл

деген пікір болды. Сондықтан да, — делінді баяндамада, — қазақ әдеби тілінің қалыптасу процесінен диалектілік негіздің іздестірілуі мүмкін емес. Рас, жер-жердегі халықтың тілінде кездесетін диалектілік ерекшеліктер қазақ тілінде де бар екені рас. Мұны әр уақытта осылай айтып та, зерттеп те келеміз. Бірақ, — деді баяндаманы жасаушы, — олардың бірде-бірінің әдеби тіліміздің із-өкшесін бір ғана дербес диалектіден таратуға дәлел бола алмасы анық.

Баяндамада қазақ әдеби тілі нормаларының қалыптасуы, біріншіден, құрылымдық жағынан, екіншіден, орфоэпия мен емле жағынан алып қарастырылды. Баяндаманы жасаушы осы екі саланың екеуінде де қазақ-әдеби тілі нормаларын жүйеге келтіруде істелген талай-талай игі жұмыстардың бар екенін атай отырып, қазақ емлесінің әлі де басы ашылып жетпеген, күні бүгінге дейін талас тудырып келе жатқан нәрселерден де құр емес екенін еске салды. Қазақ әдеби тілінің нормаға түсу процесінде бұдан былайғы сәтте мықтан еске алынуы керек болатын бір жай — осы емле мәселесі екені баяндамада баса көрсетілді.

Секциялық мәжілістегі баяндамалар аяқталысымен, ондағы әңгіме болған бірқатар мәселелер төңірегінде қызу жарыссөз басталды. Шығын сөйлеген жолдастардың көпшілігі-ақ сөзінің желісін, негізінен алғанда, нақтылы түркі әдеби тілдерінің совет дәуірі тұсындағы даму заңдылықтарының белгілі бір жақтарын сөз етуге құрды. Бірінші болып сөз алған филология ғылымының докторы Ф. А. Абдуллаев (Өзбекстан) басқа түркі әдеби тілдерінен өзбек-әдеби тілінің қалыптасу процесін ерекшелейтін белгілер, өзбек халқы этногенезистік құрамының күрделілігіне сәйкес оның әдеби тілі фонетикалық жүйесінде байқалатын шет элементтерінің болу сырын, сондай-ақ өзбек әдеби тілінің Совет өкіметі жылдарындағы өсу, кемелдену жолдары хақында мәлімдеді. Сол секілді мұнан кейінгі сөйлеген Азербайжан ССР Ғылым академиясының академигі М. Ш. Ширалневтың сөйлеген сөзінде де социалистік азербайжан ұлты әдеби тілінің қазіргі даму мәселесі әңгіме етілді. Филология ғылымының докторы Г. А. Абдрахманов (Өзбекстан) өзбектің ұлт тілін даму кезеңдеріне қарай дәуірлеуге байланысты өзін толғандырып жүрген кейбір жайларды ортаға салды. Шешен өз басының, жалпы, өзбек ұлттық тілінің қалыптасуын Октябрь революциясынан бастап 1936 жылға дейінгі дәуір, 1936 жылдан кейінгі дәуір деп аталатын ірі екі дәуірге бөліп қарастыруды мақұлдайтындығын білдіріп, одан әрі бұл дәуірлердің әрқайсысын өз ішінен бірнеше ұсақ кезеңдерге ажыратуды ұсынды. Г. А. Абдрахмановтың бұлайша дәуірлеуінің негізінде тіл дамуын схемалы түрде ел өмірінде болған саяси оқиғаларға байланысты дәуірлеу тәрізді принциптің жатқандығы көрінді. Сонымен бірге сөйлеуші түркі тілдері графикасын бір ізге келтіру жайындағы мәселенің толғағы жеткен іс екенін айтып, дыбыстық сапасы бір-бірінен айырғысыз кей фонемаларды таңбалау үшін әр түркі тілінде әр

түрлі әріптің алынып келуінің негізінде қонымсыздығы жөнінде орынды ескерту жасады.

Қырғыз әдеби тілінің даму мәселесі филология ғылымының кандидаты Б. Орозбаеваның (Қырғыз ССР), татар әдеби тілінің даму мәселесі филология ғылымының кандидаты Х. Р. Курбатовтың (Татар АССР-ы), қалмақ әдеби тілінің даму мәселесі филология ғылымының кандидаты Ц. Д. Номинхановтың (Қалмақ АССР-ы), тува әдеби тілінің даму мәселесі Т. Ч. Саттың (Тува АССР-ы) сөйлеген сөздерінде әңгіме болды. Бұлардан кейін сөз алған филология ғылымының кандидаты И. А. Андреев (Чуваш АССР-ы) тілдердің біріне-бірінің тигізер әсері жөнінде баяндамаларда айтылған пікірлерге байланысты ұлт тілдерінің өзара жақындауы деген мәселеге деңірек көңіл қойды.

И. А. Андреевтің сөзінде де, одан кейін сөйлеген филология ғылымының докторлары: Е. И. Убрятова (Москва), Т. А. Бертагаевтардың сөздерінде де, сондай-ақ филология ғылымының кандидаты Д. Ф. Патачакованың (Хакас автономиялы облысы) сөзінде де айтылған бір ортақ пікір — тілдерді қоғамдық функциясына қарай классификациялаудың терістігі жайында болды. Бұл жолдастардың бәрі де тілдерді қоғамдық функциясы дамыған тілдер, қоғамдық функциясы дамымаған тілдер деп аталатын топтарға бөліп көрсетудің өзі, асылында, істің жайын жете білмегендіктен туған көзқарас екенін аңғарта келіп, халқының саны жағынан ең шағын деген тілдердің өзінің Совет өкіметі жылдарында қоғамдық функциясының айта қалғандай ұлғайып отырғаны жөнінде дәлелдер келтірді.

Т. А. Бертагаев сонымен бірге қос тілділік жайындағы мәселеге тоқталып, қос тілділіктің дамуы нәтижесінде белгілі бір тілдің шетке ығысып шығуы әсте мүмкін емес деген ой айтты. Бұдан әрі шешен түбінде ұлтпен қоса ұлт тілі жойылған күннің өзінде де, ана тілінің ұзақ уақыт сақталатындығын, ал оның үстіне, ұлттық өзгешеліктердің жойылуының өзі өте алыс болашақтың перспективасы екенін еске салды.

Филология ғылымының докторы К. Қ. Сартбаев (Қырғыз ССР-ы) пен филология ғылымының кандидаты Қ. Убайдуллаевтардың (Қарақалпақ АССР-ы) сөзі бастан-аяқ түркі тілдері алфавитін бір ізге келтіру мәселесіне арналды. К. Убайдуллаев қарақалпақ тілі алфавиті мен емлесінің жуырда ұсынылған жобасының да елеулі кемшіліктері болып отырғанын атап көрсетіп, оларды, негізінен, қайта қараудың қажеттігін ескертті. Сол тәрізді алфавит жайы Х. Р. Курбатовтың, Е. И. Убрятованың, филология ғылымының кандидаты Т. М. Гариповтың (Башқұрт АССР-ы) сөздерінде де әңгіме болды. Е. И. Убрятова жұртшылық назарын ғылыми-зерттеу жұмыстарында практикалық алфавитті қолданудан фонетикалық транскрипцияға өту жағына аударды.

Қазақ әдеби тілінің дамуындағы халық говорларының үлесі туралы бірқатар принциптік мәселелер филология ғылымының

кандидаты Ж. Досқараевтың (Қазақстан) сөзінде әңгіме болды. Ж. Досқараев мәжілісте қойылған қазақ әдеби тілі жөніндегі баяндамада әдеби тіл нормаларының қалыптасуына тілдің диалектілік жүйесінің қатысы жайындағы мәселе тым көмескі шыққан деген ескерту жасап, осы ынғайда өз тарапынан байқағандарын ортаға салды. Филология ғылымының кандидаттары: А. Ы. Ысқақов, А. Қ. Хасенова (Қалыбаева), Ш. Сарыбаевтар (Қазақстан) өздерінің сөзінде қазақ әдеби тілі нормаларының қалыптасуы мен емледегі кейбір олқылықтар туралы әңгімеледі. С. Нұрханов (Қазақстан) пен С. Атаев (Түрікменстан) жолдастардың сөзінде орыс тілінің ықпалы нәтижесінде қазақ тілі мен түрікмен тілінде жаңадан пайда болған сөз тіркестерінің кейбір типтеріне қысқаша сипаттама беріліп, тілдің синтаксистік жүйесінде де өзге тіл әсерінің болуы әбден ықтимал екендігі нақты фактілермен дәлелденді.

Секциялық мәжілістегі алғашқы баяндама жөнінде қорытынды сөз алған Н. А. Басқаков қойылған сұрақтарға жауап бере келіп, кей жолдастардың сөзінде көтерілген ұлт тілдерінің қосылу мүмкіндігі туралы мәселеге тоқталды. Баяндамашы өзінің бұл мәселеде тектес тілдер ішінде бір-біріне өте жақын келетін тілдердің қосылуы ықтимал деген көзқарасты жақтайтындығын білдірді. Мәселен, — деді ол, — түркі тектес қарачай тілі мен балқар тілінің бір-біріне қосылуына әбден болар еді. Өйткені бұл тілдердің бір-бірінен айырмашылығы жоққа тән. Ал енді азербайжан тілі мен өзбек тілін алатын болсақ, әрине, мұндай тілдердің қосылысы жөнінде әңгіменің болуы мүмкін емес.

Тілдерді қоғамдық функциясына қарай таптастыру жөнінде қорытынды сөзде айтылғаны: тілдердің мұндай функциясында елеулі айырмашылықтардың бар екені, бірақ бұлайша таптастырудың тіл табиғатына қатыссыз, таза сыртқы белгілерге ғана негізделіп отырғаны жайында болды.

Секциялық мәжіліс өз жұмысының қорытындысында социалистік ұлттардың дамуына орай ұлт әдеби тілдерінің өркендеу заңдылықтары жөнінде совет тіл білімінде қазірде қолға алынып отырған проблемаға сәйкес түркі әдеби тілдерінің қалыптасу тарихы мен қазіргі жай-күйін зерттеу саласындағы жұмыстарды жақсартуға бағытталған ұсыныстар қабылдады.

Конференцияның бұрыннан келе жатқан әдеби дәстүрі бар тілдер деп аталған секциясының мәжілісінде литва әдеби тілінің даму мәселелері туралы филология ғылымының кандидаты И. Р. Крупастаның, тәжік әдеби тілінің даму мәселелері туралы филология ғылымының докторы В. С. Расторгуева мен В. И. Ниязмұхамедовтың, эстон әдеби тілінің даму мәселелері туралы филология ғылымының кандидаты А. Х. Касктың баяндамалары талқаға түсті.

Жазбасы кенже дамыған тілдерден секция мәжілісінде екі баяндама қойылды. Оның бірі — «Солтүстікте тұратын шағын ха-

лықтар мәдениетін дамытудағы ана тілі мен орыс тілінің ролі» жөніндегі филология ғылымының докторы П. Я. Скориктің баяндамасы да, екіншісі — «Кенже жазбалы фин-угор тілдерінің қазіргі жайы мен даму жолдары» жөніндегі филология ғылымының докторлары: В. И. Лыткиннің (жетекші), П. Н. Перевошиковтың, профессор Н. Т. Пенгитовтың, филология ғылымының кандидаты А. П. Феоктистовтың коллективтік баяндамасы. Кейінгі аталған екі секциялық мәжілістің екеуінде де жасалған баяндамалар қызу талқылашып, ұлт әдеби тілдерін зерттеудің көптеген жаңы мәселелері әр түрлі аспектіде жан-жақты сөз болды.

Конференцияның 23 ноябрь күнгі соңғы пленарлық мәжілісінде «Тіл және ұлт» деген баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлеген М. Д. Каммари баяндамада көтерілген мәселелерге қатысты мәжілісте айтылған пікірлерге тоқталып, кейбір сұрақтарға жауап қайтарды. М. Д. Каммари тіл дамуы туралы сөз еткенде оның құрылымдық жағы мен функциялық жағының әрқайсысының даму өзгешеліктерін айыра көрсетудің қажеттігі туралы В. А. Аврориннің сөзінде келтірілген пікірді құптай отырып, тіл құрылымы дамуын әлеуметтік жағдайға мүлдем тәуелсіз деп қарауға болмайтындығын ескертті. Бірақ, әрине, бұл тәуелділікті тым қарапайым түсінбеуге тиіспіз.

Болашақ коммунистік қоғам бүкіл жер жүзілік көлемде орнаған кездегі барша әлемге ортақ тіл қалай жасалмақ деген мәселеге қатысты М. Д. Каммари мұндай тілдің жасалу мүмкіндігінің екі жолы бар деп көрсетті. Оның бірі — дүние жүзілік тілдің ғылыми синтез арқылы қолдан жасалуы да, екіншісі — нақтылы бір тіл негізінде жасалуы. Баяндамашы мұндағы соңғы жолды реалды жол деп атап, алғашқы жолдың да ықтимал екендігін үзілді-кесілді жоққа шығаруға болмайтындығын ескертті. Содан кейін қорытынды сөз сөйлеуші ұлт тілдерінің келешегі жайында қойылған сұраққа жауап беріп, біз үшін ең маңыздысы барлық халықтарға ортақ интернационалдық тілдің болуы екендігін, ал халық өзінің ана тілін кезінде осы тілмен қоса тұтынуды лайық тапқан болса, оған қамашаулық жасаудың тіпті қажетсіздігін айтты. Сол секілді М. Д. Каммари ортақ тілге көшудің өзін есте зорлау арқылы болатын пәрсә екен деп ұқпау керектігі жөнінде де біраз түсініктеме келтірді.

Бұдан кейін мәжіліс секциялық жұмыстардың қорытындысы туралы секция жетекшілері В. В. Виноградов (орыс тілі секциясы), Б. А. Серебренников (бұрыннан келе жатқан жазба дәстүрі бар тілдер секциясы), І. Кеңесбаев (түркі тілдері секциясы), И. Д. Дешериев (кенже жазбалы тілдер секциясы) жолдастардың қысқаша жасаған хабарларын тындап, секциялар атқарған жұмысты бір ауыздан мақұлдады.

Қорытынды пленарлық мәжіліс соңында Конференция еліміздегі барша филологиялық ғылыми-зерттеу мекемелерінің СССР-дегі ұлт әдеби тілдері даму заңдылықтарын зерттеу саласындағы

жұмыстарын координациялап отырудың таяудағы міндеттерін белгілеген ұсыныстар қабылдады. Ұсыныстарда көп ұлтты Совет мемлекетіндегі халықтардың тілі дамуындағы қат-қабат лингвистикалық процестердің астарына сүнгіп, оларды барған сайын неғұрлым тереңірек зерттеу ісі — совет тіл білімпаздарының КПСС жаңа Программасы қоғамдық ғылымдар алдына жүктеп отырған келелі міндеттер тұрғысынан қарап шешетін абыройлы борышы деп танылып, оны жүзеге асырудың нақтылы перспективалары көрсетілді.

Конференцияның мәжілістерінде кең көлемде өрістетілген дискуссия мен әр алуан тілдерді зерттеумен шұғылданушы ғалымдар арасында пікір алысу совет тіл білімінде: тіл мен қоғам, ұлт тілдерінің бір-біріне өзара әсері, ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі орыс тілінің ролі, ұлт тілдерінің қоғамдық функциясы сияқты маңызды теориялық проблемалардың зерттелу жайының онша қанағаттанарлық дәрежеде бола алмай отырғандығын көрсетті. Мұнымен қатар Конференция алфавит пен емленің де, стилистика мен тіл мәдениетінің де, салыстырмалы-тарихи зерттеу мен сипаттама зерттеудің де, сол тәрізді тіл зерттеудің структуралық әдісі мен математикалық әдістерін игерудің де көз тоқтатып, көңіл аударуды тілейтін, талай-талай соны да күрделі мәселелерінің бар екенін аңғартты. Міне осы аталған жайларда болсын, сондай-ақ тіл туралы ғылымның өзге тарауларында болсын Конференция алдағы күнде істелмек жұмыстарға айқын бағыт-бағдар сілтеп, лингвистеріміз назарын практикалық мүдделерімізбен қатар әсіресе тіл теориясын өрге бастыру мәселесіне аударды.

СӨЗ ТАЛҒАМЫ — ӨРЕЛІ ОЙ КЕПІЛІ *

Түрлі тарихи фактордың тілге тиер игілікті әсерін сөз еткенде, алдымен сөз байлығы — лексика саласы ауызға түседі. Соны зат, тың құбылысқа жаңа ат, жаңа сөз телуіміз немесе өзге тілден оған дайын балама алуымыз мүмкін. Ой байлығына сай сөз ғана емес, тың сөз тіркесі, сөйлем орамдары туып, олар лек-легімен тіл қазынасына еніп жатады. Бірақ мұнда белгілі жүйе бар, сол үшін де тіл эволюциясы мәселесіне, сонымен барабар тіл қағидаларына, тіл мәдениеті нормаларына тарихи тұрғыдан қарау лазым.

Осы тұста ескерер бір жайт бар. Тіл мәдениетін ең алдымен жазба әдебиетпен ұштастыра қараған жөн. Сол жазба әдебиет өрнектерін түрлі мерзім-дәуірге бөліп қарауға да болады (түркологияда әдеби тіл тарихын жалпы халық тілі тарихына ойыстыра таптастыру тәжірибесі де кездеседі), түрлі мекен, әр атыраптағы ескі мемлекет ыңғайына қарап жіктеуге де болады (түркологияда,

* Бұл мақала Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазылған «Социалистік Қазақстан» (1969, 19 январь) газетінде жарияланған.

мәселен, XI—XVI ғ. қамтитын түркі тілдес жазба ескерткіштерін қараханид, қыпшақ, «шағатай», оғуз топтары деп бөлу жүйесі де кездеседі). Бұларды таза тіл ерекшелігі тұрғысынан таптастыруға да болады. Қазақ халқының, оның ескі тайпаларының талай тарихи шытырман кезеңді өткермегі де хақ, талай жазу-сызу жоралғыларына бірде тікелей, бірде жанамалай жанаспағы да хақ. Қысқасы, қазақ халқы жазба дәстүрден құр алақан емес. XV ғасырдан бастап өздігінен іргелі ел, этникалық топ, бертін келе халық дәрежесіне жеткен қазақтың революциядан бұрын да жазба әдеби мұрасы болды. Тым көне деуге болмас, дегенмен, өз дәрежесіне лайық жазба дәстүрі бар еді. Сол кезеңді үшке бөлу лайық па деп ойлаймыз: бірі — ерте заманғы негізі «қыпшақ» бола тұрып (Алтын орда, Мамлукті ғана емес), Орта Азия жазба тілімен де, кей уақыт қараханид, оғуз жазба дәстүрімен селбескен арғы заман (көне заман), екіншісі — Абай, Ыбырайға дейінгі халық тіліне бір табан жуық бергі заман (орта заман), үшіншісі — Абай, Ыбырай есіміне байланысты халық тілі негізіндегі революциядан бұрынғы жаңа заман.

Осы үш заманның да жазба дәстүрі қазіргі совет заманына сыбайласа жатады. Жеке сөз бен сөз тіркесі болсын, сөз тудыру тәсілі болсын, дыбыс жүйесі болсын — бәрінен де барлық заман нормаларының бір-біріне ұласу, селбесу жақтары байқалады. Бұдан басқа да тұлғалардың бәрінің тағдыры да сол тарихи даму заңдарына байланысты.

Тіл-тілдің заңы бар, мезгіл, мекендік ерекшелігі бар, жарыса айтылатын сөздердің өзіне лайық тарихи лингвистикалық себептері бар. Мұндай сөздердің қай вариантын алсаңыз да, оның не диалектілік, не профессионалық, не стилистика, семантикалық сыры бар. Тілдің әр қилы тарихи (сыртқы) факторы мен өзіндік ішкі заңдарына сай әрбір варианттың арқа сүйер негізі бар. Басқаша айтқанда, тілдің заңды жүйесі мен норма дегеннің ішінара парқы да бар. Белгілі бір тұлғаны қабыл етуіміздің (мәселен, *кеуіл*, *баратұғын* орнына *көңіл*, *баратын* дегенді талғаудың) бас себебі әдеби тілге деген нормаға байланысты. Демек, тілдің заңдылық, нормалық қасиеті өзара жіті байланысты бола тұрып, олардың бірінің орнына бірі жүре алмайтын кезі де болады. Тіл мәдениетін сөз еткенде мәселенің айдан анық осы екі жағын естен шығармауымыз жөн.

Жарыса айтылатын түрлі тұлғаларды сөз еткенде, оларға жұртшылықтың үзілді-кесілді билік айтатын да, айтпайтын да жері болады. Өйткені, қазіргі әдеби тіліміздің ұлы көшінен мүлде қалып қойған вариант та бар (ләкин, баражақ, құсап, шекейін); төрт аяғынан тосырмап, ана тілдің дыбыс жүйесіне ыңғайласа алмай жүрген элемент те бар (дейін — шейін, құдағи — құдағай, тіпті — тіптен, міне — мінеки, жеркену — жиіркену, жиырманшы — жиырмасыншы, ертегі — ертеқ).

Осыларды байқай келгенде «Маған осы вариант ұнайды» деген

субъектив көзқарасқа қол қоямыз ба, «барлық вариант та дұрыс» деген топшылауға көнеміз бе? — деген заңды сұрақ туады.

Ең алдымен сөз саралауда қолға іліккен әр қилы варианттын «мына түрін алайық та, ана түрін шығарып тастайық» сияқты долаң долбар болмауы керек. Сөздің сөзі бар: бір сөз (дублет) аяғымызға тұсау болса, енді бір сөз еркін сөйлеуге қамшы болады, бір сөздің айтар ойды ақтан тигізуге себеі бар, енді бір сөздің не үстеме, не астарлы мағына жасауға желеуі бар. Сөз дүниесі кең дүние, халық айтса, қалып айтпайды: қай сөздің де өзіне лайық қағидалы өмірі бар. Әңгіме әдеби тіл нормасына солардың қай-сысының дөп келуінде.

Тәжірибеге қарағанда фонетикалық варианттарды бір ізге түсіру жұмысы грамматикаға, лексикаға тән варианттардан гөрі оңайырақ. Демек, аталған мысалдардың *құдағай*, *жиыртмасыншы* түрлерінен гөрі *құдағи*, *жиыртманшы* түрлері оңтайлы келеді-ау деген пікірді қостау лайық сияқты. Тілімізге ертеден-ақ еніп кеткен орыс сөздерін, көбіне сол қазақ тілінің дыбыс заңына икемделген қалпында қолданып келе жатырмыз: *кереует* (кровать емес), *самауыр* (самовар емес).

Мәселенің қиын жағы лексикалық вариантта жатыр. Осы салада екі ұдай бағыт бар: бірі — жалпы халық тілі (жүгері, сіріңке) және жергілікті тіл (борми, кеурт) ерекшеліктері, екіншісі — халықтық қасиетке ие әредік олай да, былай да айтылатын жарыспа сөздер (көгершін — кептер, қабырға — жар).

Әдеби тіліміздің төрінен орын тепкен вариантқа ешбір шек келтірмеуіміз керек. Оның таза диалектілік вариантына (мәселен, *жүгері* дегеннің *борми* түріне) жол берудің қажеті жоқ. Жалпыға бірдей дублеттердің (мәселен, қала-шаһар дегендердің) бірін алып, бірін қалдыру мәселесі — қиын да, күрделі де мәселе.

Осы жөнінде тағы бір қайталап айтатын, күллі мәдени қауымның назарын аударатын аса маңызды шаруа бар: сайып келгенде, «Қай сөзді шығарамыз, қалай шығарамыз?» деген заңды сұраққа жауабымыз не болмақ? «Нені шығарамыз» дегеннен гөрі «қабылдағаннан көрер зиян бар ма?» деген сұрақ орынды ма деп ойлаймыз.

Конференцияда болсын, алдын ала дайындықта болсын, белгілі бір мәселені сөз етумен барабар бірқыдыру өзге жайларды да мақала авторлары да, шығып сөйлеуші жолдастар да арнайы сөз етті. Солардың бірі — жаңағы лексика тарауындағы жарыспалар. Олай дейтін себебіміз ду қызудың үстінде «шығару» дегенді «мүлдем шығарып тастау» деп ұққан кісілер де кездесті. Екіншіден, жалпы халық тілі мен әдеби тілдің азын-аулақ болса да жігін ажыратып, бұл екеуі екі түрлі құбылыс екенін елемей кетушілік байқалды.

Жарыспалы лексикалық варианттың (мәселен, қала мен шаһардың) бірін алып, екіншісінен бас тарталық дегеннің өзінде жалпы халық тілінің қоры былай тұрсын, әдеби тіл арнасынан бұл

екеуі іргесін аулақ салуы қазіргі тарихи кезеңде тым-ақ қиын. Өйткені, сан-салалы әдеби тіліміздің стилистика жанрларының бірі қабылдамаған вариантты екіншісі қабылдауы ықтимал. Ғылыми стиль мен көркем әдебиет стилінің сыр-сипаты бірдей емесігін шәкірт балалар да жақсы біледі. Терминологияға қояр талап, әрине, көркем шығармаға қояр шартпен тең емес. Ғылыми-техника термиінің бір мағыналы (моносемиялы, көп жерде бір ұғымды) болуы салдарынан ол стилистика жағынан құбылта қолдануды қажет етпейді. Ал, ірілі-уақты көркем әдебиет жанрларында сөз қолдану тәсілі де, негізгі мағынадан бөлек, ауыспалы мағына тудыру жолы да, әр қилы стилистикалық әншексі, өрнекті бедер, мәнер өзара қат-қабаттасып жатады. Белгілі бір бейнені, немесе бір әлеумет өмірін, нақтылы бір тарихи кезеңді, әлде өзге бір жайды суреттеуде қалам қайраткері, жазушы, ақын сөзді он екі саққа жүгіртіп, кесек тұлға, нанымды кейіп жасайды. Осыдан келіп, бейнелі сөз туады. Сол ақын, жазушыға дүрсе ұмтылып, «ана тұлға, мына тұлғаны ал» деген дайын ішірткіні ешкім де бере алмас. Ретті жерінде түрлі дублет былай тұрсын, белгілі бір кәсіби сөзді де қажетіне жарату керек болар.

Алайда әдеби норма тек көркем әдебиетпен шектелмейді ғой. Сондықтан мектеп шәкірттеріне *кеуіл, борми, кележақ* — әдеби тіл нормасы дей алмайтынымызды да ескеру керек. Осы тұста айтпағымыз: бұларға деген жазушының, журналистің, аударушының талғау сезімі күшейе түссе екен дейміз. Бұл жөнінде жақсы үлгіні кімнен алмақпыз? Филологтардың бұған жауабы әзір. «Қазақ совет әдебиетінің белгілі классиктерінен үлгі ал» дейміз. «Сөзге талғампаз дарынды публицист, әдебиетші, журналист, көркемдікті шын қадір тұтатын орта буын және жас түлек жүйрік жазушы қауымынан үлгі ал» дейміз. Сөз өнерін кастерлей білген дүйім жұрт — халық шешендерін, бай фольклор қазынасын, өткен жазба әдебиет қаламгерлерін бұл жерде сөз етпесек те түсінікті.

Конференция кезінде де, газет бетінде де пікір алысу барысында жұртшылық назарын өзіне дендеп аударған жайлардың бірі— тіліміздің жергілікті ерекшеліктерінің әдеби тілге қатысы жайындағы мәселе. Өзге тілдердегі сияқты біздің тілімізде де бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын, яки бір жерде бір түрлі нұсқада қолданылса, екінші бір жерде мүлдем басқаша бір нұсқада қолданылатын жергілікті тіл айырмашылықтары деп аталатын құбылыстардың да бар екені аян. Ана тілі топырағында дүниеге келген әрбір әдеби тілдің бұғанасы бекіп, өркен жаюының құнарлы бір арнасы — халық тілі болмақ. Халық тілінің қазынасын өзіне арқау етпес, одан нәр алып сусындамас әдеби тіл жер үстінде жоқ болар. Әсіресе, осы стиль, норма жүйесінің сұрыпталуында әдеби тіл жүгінің ауырын арқалар мықты бір таяныштың халық говорлары болатынын жақсылап ескергеніміз абзал. Мұны арнайы айта кеткен жөн. Жергілікті тіл құбылыстарының әдеби лексикамызды байытуға елеулі үлес қоса алатынын қазақ әдеби тілінің даму тә-

жірибесі айқын көрсетіп отыр. Әдеби қорымызда әуелде белгілі бір өлкеде ғана қолданылып, кейін баршаға ортақ игілікке айналған сөздердің талайы бар. Мәселен, өзіміз сан рет естіп, айтып жүретін дақыл, бағбан, пияз, шабандоз, сакманшы тәрізді сөздердің басында тек Қазақстанның оңтүстік облыстары тұрғындарының тілінде ғана қолданылғаны мәлім. Сол сияқты оңтүстік облыстарымыздың көп жерінде айтылатын *пада, мосы, бәдірен, әсел, еге* тәрізді сөздердің әдеби тіліміздің лексикасынан республиканың өзге атыраптарында қолданылатын *сиыр, шелек, қияр, бал, ие* деген нұсқасында ірге тепкенін біздің әрқайсымыз жақсы білеміз.

Тіл ұстартуды өнер санап, қадір тұтқан халқымыз сөз жиһаздарының небір тамаша үлгілерін қастерлеп сақтай білген. Тек мына сөзді мына ауылдың қазағы айтады екен, ана сөзді ана ауылдың қазағы айтады екен деп, жергілікті сөз біткенге қомсына, жатырқай қарамай, қажетімізге жарары болса, соларды тандап, талғап ала білгеніміз абзал.

Жергілікті халық тілінде ұғым жағынан сараланып қолданылатын сөздердің сан саласы бар. Әйелдің киімі болса *көйлек* деп, еркектің киімі болса *жейде* деп екі ұғымды бір сөздің басына жүктемей, даралай, жеке-жеке сөздермен нұсқалау да халық тілінен шыққан-ды. Осы секілді дербес ұғымдардың көрінісі ретінде бір-бірінен айырым қолданылатын жергілікті сөздер болса, оларды әдеби тілімізге ендіріп отырудың лайығы жоқ деп кім айта алады? Стол біткеннің бәрін *үстел* деп атаудан гөрі дөңгелек, аласа түрін жергілікті халық тіліндегі нұсқасынша *жозы* деп, кеме тоқтайтын бухтаны *айлақ* деп, марляны *дәке*, пекарняны *наубайхана* (науайхана), коридорды кейде көркем әдебиетте *дәліз* деп алар болсақ,— әдеби тіліміз үшін мұның несі айып? Шүу дегенде құлаққа тосып, тілге шөлкем-шалыс сезілгенімен, бара-бара бұлардың да әдеби тілімізде орнығып, дағдылы машыққа айналып кетпесіне кім кепіл?!

Жергілікті тіл ерекшеліктері арасында, әсіресе, әр жерде тұратын халықтың кәсіп түрлеріне байланысты қолданылатын кәсіби сөздердің қазақ терминологиясы қорына қосар үлес-олжасына ешкім дау айтпасақ тиіс. Мақта, жеміс, бау-бақша, күріш, темекі, балық тәрізді арнаулы кәсіп түріне байланысты сөздер халық тілінде аз емес. Олардың біразын әдеби тілде жазып та, айтып та жүрміз. Алайда олардың жалпы жұрттың кәдесіне жарағандарынан әлде де жүзеге аспағаны көп.

Байтақ қазақ сахарасының әр өңірінің өз табиғат байлығына: жан-жануар, өсімдік түрлеріне, жер шұрайына, бедеріне, тағы басқа физика-географиялық, экономикалық ерекшелігіне байланысты ел аузында қолданылатын атауларда шек жоқ десек болады. Жалғыз Маңғыстау атырабы қазақтарының тілінен көбімізге беймәлім *нарпоз, монданақ, керт, кеуел, жігірдек, иір, саркеурең, тітір, мортық* секілді сан қилы шөп атауын кездестіруіміз — осы-

ның айғағы. Халық тілінің қуатын танытатын бұл сияқты жаратылыс терминдерінің көбінің-ақ ғылыми терминология төрінен орын алуға правосы бар.

Халық тілінің байлығын игеру — зор талғам, парасат тілейтін жұмыс. Халық сөзінің нарқын бағалап, салмақтай білсек, сап алтындай тазасын, ең асылын тұнығынан сүзіп ала білсек, сонда ғана оларды әдеби тіліміздің шын ырысы дей аламыз. Әйтеуір, «ел айтатынды» желеу қылып, құлағымызға шалынғанның бәрін баскөзіне қарамай әдеби тілге талғаусыз тықпалай берсек, сөз қадірі болмақ емес. Мәселен, әдеби тілімізге әбден етене болған *барыңыз* тұлғасы тұрғанда *барың*, *барғыл* дегенді, *барынты* тұрғанда *барулы* дегенді қоса алу — байлықтың нышаны деу — көңілге қонбайды. Егер тіліміздегі осылай жарыса, тай-таласа қолданылып жүрген сөздердің бірі болмаса бірінен қалам иесі өзінің айтпақ ойына өң-өрнек бергендей құпия бір кілтін тапқан болса, оны қолданба, нәрсіздікке ұрын деп, ешкім де ақыл-кеңес бере алмайды.

Барша адамзат мәдениетін бір-біріне жалғасып, ұласып жатқан тұтас бір кең дүние деп қарар болсақ, соған дәнекер болар, оны селбестіретін әр жұрттың қолындағы пәрменді құралдың бірі—аударма екені кім-кімге де түсінікті. Аударма араласып, аударма қатыспаған мәдени өміріміздің бірде-бір саласы жоқ десек, қателеспейміз. Ұлы орыс халқының бай мәдени мұрасын игеруіміз, мазмұны социалистік, түрі ұлттық қазақ мәдениетінің қалыптасуына аударма қосқан үлестің есесі мейлінше мол да, қомақты да. Аударма арқылы келіп, қазіргі шақта ана тілімізге етене жақын, біте қайнасып кеткен не бір жаңа сөздер мен сөз айшықтары, тың тіркестер мен сөйлем орамдары жазба тілімізде де, ауызекі тілімізде де көл-көсір. Күнделікті тұрмыста өзіміз жиі естіп, жиі қолданатын: *басқарма*, *кейіпкер*, *еңбек ұраны*, *Социалистік Еңбек Ері*, *Отан — ана*, *екпінді қарқын*, *социалистік жарыс* сынды сөздер мен сөз тіркестерінің әуелде тілімізге аударма арқылы кіріп орныққаны белгілі.

Аударма деп ауызға алғанда бірден көңілге оралатыны өзге тілдерден гөрі орыс тілінен аударудың жай-жапсары ғой. Оның үстіне кейбір қазақ тіліне жақын келетін қырғыз, өзбек, татар, қарақалпақ секілді туыстас тілдер болмаса, дәл өзге халықтардың тілінде жазылған дүниеліктен тікелей аударылғаны тәжірибемізде тым аз болар. Көп жылдық аударма тәжірибеміз жеке сөздердің, сөз тіркестерінің кейбір түрлерін аудару тәсілінде белгілі жүйенің қалыптаса бастағанын аңғартады. Мұның мықты бір көрінісі ретінде орыс тіліндегі көптеген туынды сөздерді тұлғалас (калька) жолымен аудару тәжірибемізді атасақ болады. Мәселен, орыс тіліндегі *народный*, *государственный*, *буржуазный*, *национальный* сияқты сын есімдерді қазақ тіліне *халықтық*, *мемлекеттік*, *буржуазиялық*, *ұлттық* деп *-лық* қосымшалы сын есіммен; *путевка*, *зари-совка*, *остановка*, *справка* сияқты зат есімдерді *жолдама*, *суреттеме*, *аялдама*, *анықтама* деп, *-да+ма* қосымшалы зат есімнен; *ис-*

полнитель, писатель, следователь сияқты зат есімдерді *орындаушы, жазушы, тергеуші* деп, *-шы* қосымшалы зат есіммен, я болмаса *пятилетка, рукопись, профсоюз* сияқты екі сөздің бірігуінен жасалған зат есімдерді *бесжылдық, қолжазба, кәсіподақ* деп біріккен сөздермен аударуымызда белгілі бір жүйе бар. Сөздерді тұлғалас жолымен аудару тәжірибесінде бұлардан өзге де сәтті шыққан біраз нәрселерді тілімізден табуға әбден болады. Бірақ осылардың бәрі құптарлық жай екен деп, өзге тілден сөз аударуға келгенде жалғыз осы тәсілге ғана қол арту тиімді деген байлам айту, әрине, сыңар жақтық болар еді. Калька тәсілін аударма тәжірибесінде қолданудың да белгілі шегі, өрісі бар. Сөзді дәлме-дәл аударуды нысана тұтып, калька тәсіліне шамадан тыс әуестенуден тілдің ғасырлар бойғы қалыптасқан заңды жүйесіне қиянат келтіретін де жәйт жоқ емес. Кальканың аудармашыға көмекке келер, шылбыр ұшын берер жерін іздеуіміз ұтымды: ана тілі қорынан аудармақ болған сөзімізге сай келетін балама таба алмаған жерде ғана калька қажеті келіп шығады. Зәру болған кезде асығыстық жасамай, байыппен іздестіре, қармана білсек, ана тіліміздің қалтарыс-қатпарында елеусіз жатқан талай сөздерді әлі де табарымыз анық. Ізденудің қиындығынан қашып, жалаң калька қуу салдарынан кейде жасандылыққа ұрынып қалатынымыз да жасырын емес. Баспасөз бетінде ара-тұра елес беріп жүргеніндей, ана тіліміздің сүйегіне сіңген *дені* деген сөздің орнына *басым көпшілік; елу қой* деудің орнына *елу бас қой; сиыр* деудің орнына *мүйізді қара мал, күйек алу* деудің орнына *қойды ұрықтандыру* сияқты сырдаң бірдемелердің жол алуына не демекпіз? Бұл орыс тіліндегі подавляющее большинство, пятьдесят голов овец, крупный рогатый, случка овец дегендердің сазды, жатық аудармасы деп кім айта алады? «Бір сауыншы пәлен литр сүт сауды» деп жазғанды да талай оқыдық. Ежелден мал сырын жақсы білетін қазақ *бие сауды, сиыр сауды, қой сауды* десе керек еді, ал, *сүт сауды* дегенді естігенде қалай төбе шашың тік тұрмасын?

Жеке-дара сөздерден тыс, қазақ тіліндегі септік тұлғалы сөз тіркестері де ерсілі-қарсылы талғаусыз қолданылып, кейбір орашалақ аударма да шаң білдіріп қалады. Әсіресе орыс тіліндегі «творительный», «предложный» септік қызметін атқарып жүрген тіркестердің халі мүшкіл десек те болады. *Трамваймен пайдалану ережелері* (правила пользования трамваем), *оқушылардың қателерімен жұмыс істеу* (работа над ошибками учащихся) сияқты сөлекеттікке жол беруге болмайды. Кей газеттің бетін ашып қалған сәтте-ақ көз алдымызда *іскерлік кездесу* (деловая встреча), *жобалық қуат* (проектная мощность) тәрізді қабындап тұрған тіркесті көргенде, қашан орысшасы ойымызға оралғанша не сөз екенін түсіне алмай қайран қалатынымыз да рас. Лабораториясына күнбе-күн келіп түсіп жататын бұл сықылды сөз тіркесін аудармашының осылай аудармасқа лажы да, уақыты да жоқ шығар. Өйткені түнде басылған газеттің қайткен күнде де таңертең жарыққа

шығуы керек қой. Біз мұны айтқанда аудармашылардың аяқ-қолын быуып, тұсап тастау керек демеіміз. Мүмкін бұл тіркестердің ішінен де ілгеріде *егіншілік мәдениеті* (культура земледелия), *тың игеру* (освоение целины) секілденіп әдеби тілімізге кірігіп кететіндері де болар. Бірақ, дегенмен, осындай тіркестерді қолдануда үлкен жағампаздық болса екен дейміз.

Мақал-мәтел, идиомдарды және басқа тиянақты сөз тіркестерін орыс тілінен аудару тәжірибесіне келсек, мұның да сәтті, сәтсіз жағы бар. Дау тудыратын жағы, біздіңше, жоғарыдағы таза калька ізімен аудару жағы. Мұның орынды, тілімізге дөп келіп, жатық аударылды дегеніне: *адам деген — ардақты ат* (человек—звучит гордо), *ештен кеш жақсы* (лучше поздно, чем никогда) сияқтылар жатады.

Фразаларды аудару принциптері әдебиет жанрына қарай әр түрлі болсын дейтін жолдастар да кездеседі. Рас, көркем әдебиеттегі еркіндік бір басқа. Бірақ ордайым жанр ынғайына қарай ығысу — ұнамсыз қылық. Ойлау жүйесі адам баласына ортақ құбылыс, ал тіл — ұлттық құбылыс. Түпнұсқаның стиль ерекшелігін сақтау — тым қиын іс, ал белгілі бір халықтың психологиясынан, тұрмыс-салтынан хабар беру жағын айтсақ — бір сәрі. Осыны ескеретін болу керек, *қасқырдан қорыққан тоғай араламас* (волков бояться, в лес не ходить), *көрмес пілді де көрмес* (слонато и не приметил) сияқты тіркестерді калька түрінде алайық деген ұсыныстар да болды. Дәл осы типтес мысалдың құлаққа жаттығы жоқ тәрізді. Дегенмен, аударманың тек қана осы тәсілінен көз жазбайық, таза калька (сөзбе-сөз аудару) — бірден-бір даңғыл жол деп ешкім байлам айтқан жоқ. Біздіңше, аудармада жоғарғы екі фразаның «шегірткеден қорыққан егін екпес», «көрмес түйсін де көрмес» деген түрі қаз-қатар жүруінен зиян таппаймыз. Бүйтпеген күнде, осы тектес фразеологизмді және сол фразеологизмнің бір түрі идиомды бір ғана калька жолымен қабылдау аударманың сапасына нұқсан келтіруі сөзсіз. Сірескен бір ізбен кетсек, ол түймедейді түйедей етедіні алмай, он из мухи делает слона дегенді ол шыбындайды пілдей етеді демеске кім кепіл бола алады? Он живет на краю света баламасы ол жер түбінде тұрады ғана емес: ит арқасы қиянда тұрады немесе ит өлген жерде тұрады дегеннен, әрине, ешкім де бас тартпайды. Мастер на все руки дегенге асқан ісмер де, бес аспап та, ағаштан түйін түйседі де, он саусағынан өнері тамған да бар емес пе?!

Сөйтіп, фразеологизмдерді («фраза тіркесі», «фраза бірлігі», «фраза түйдегі») аударуда түрлі-түрлі әдісті қолданайық, түсінікті болуып көздейік, ана тіліміздегі икемді сөзді іздейік. Таза «фраза түйдегі», «фраза бірлігі» атты тіркестердің баламасы шын ізденуші, талапкерге тіл қазынасынан табылмай қоймайды. Ізденген кісі мұзға шоңқимауы да, сақал сипамауы да мүмкін, бірақ оның ессесіне *галошқа отыруы* (садиться в галошу) ғажап емес.

Аудару практикасында тағы бір кездесетін елеулі кемшілік бар.

Ол — сөйлем құру, сөз тіркесіне байланысты жайлар. Осы жайлы да көптеген жолдастар конференцияда дәлелді пікір айтты. Тілімізде анықтауыш-анықталғыш түрде келетін тіркес тіпті көп, мұның изафет түрі де бар. Бұл — бәрімізге белгілі. Солардың ішінен *-лық* жұрнағымен келген анықтауыш шамадан тыс етек алып бара жатыр. Педагогика, республика сияқты сөздер өз алдына. Осы жұрнақ *абсолют, отан, азамат* тәрізді сөздерге де (егер бұлар анықтауыш қызметінде жұмсалса) жалғанып, барлық тіркес бір-қалыптан шығып жатады. Сөздердің қабыса байланысуының өзі әрқилы ғой, оның жұрнақпен айтылатын да, айтылмайтын да жері бар. Балалық шақ дегеніміз сияқты педагогикалық институт, республикалық конференция, социалистік жарыс деп алғанды дұрыс-ақ дейік, ал, абсолюттік шама, отандық соғыс, азаматтық соғысқа не демекпіз? Енді қоғамдық таратушы да, дәрігерлік қамту да, тұрмыстық қамту да шықты. Бара-бара темірлік күрек, түлкілік тымақ ұтымды дейміз бе? Иіні келген жерде «-лық» жұрнағын кәдеңе асыра бер. Бірақ бұған да белгілі бір шек керек: бұл тәсілді тежемесе стильге нұқсан келуі сөзсіз.

Сол тәрізді *мыңдаған гектар жерлерге овоцтар мен өсімдіктер егілді* деп, ебедейсіз, сауатсыз сөйлем құрудың не қажеті бар? «Мың» сөзі тұрғанда неге «жерлер» болады?

Үш күнге созылған конференцияда бұл айтылған жайлардан өзге де сарапқа түскен тіл және сөйлеу мәдениеті мәселелері бар. Баспасөздің терминология жүйесі де, радио мен телевизияның, ауызекі тілдің мәнерлі қағидасы — орфоэпия да, жазу ережесі — орфография да сөз болды. Орынды ұсыныстар да, даулы пікірлер де айтылды. Сайып келгенде, конференцияның өзекті мәселесі — ол сөз талғамы. Демек, баспасөздің тіл мәдениетіне арналған бұл жиынның ұзын-ырға желісі — сөз шеберлігі болды.

Конференция тіл мәдениеті жөнінде арнайы ұсыныстар қабылдады. Едәуір игі тілек-талап қойылды. Келешектегі істелуге тиісті міндеттердің бағыты айқындалды. Конференцияға қатысқан жазушы, журналистеріміз, мұғалім, ғалымдарымыз қабылданған ұсыныстарды республикадағы мәдени қауым толық еске алады деген зор сеніммен тарады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшылығымен, Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы көмегімен өткен конференция жұмысы ойдағыдай аяқталды.

Барлық республикалық баспасөз Тіл білімі институты мен Журналистер одағы ұйымдастырған конференцияның жұмысына белсене ат салысты. Тіл білімпаздары, әдеби жұртшылығымыз бүкіл газет редакцияларына дән риза.

Совет дәуірі тұсында жан-жақты қанат жайған, кең арналы әдеби тіліміздің, тіл білімінің келелі кеңес айтар, әлі де ойласар жайлары жоқ емес. Қыруар мәселе, міндеттердің қай-қайсысы болса да, марксизм-ленинизм негізінде шешілетіндігіне шек келтірмейміз.

ӘДЕБИ ТІЛІМІЗ — КЕҢ АРНАЛЫ ТІЛ *

Бағзы заманнан халқымызбен қоса жасап, атадан балаға мұра боп селбескен тіл қазынамыз — ел-жұртымыздың, мәдени сана, ой-парасат, ұғым-наным атаулысының тоғысар түйіні, сарқар арнасы есепті. Қашаннан «Өнер алды—қызыл тіл» деп тіл құдіретін тұшына ұққан қазақ елі сөз жиһазының небір асылын өз зердесіне қастерлеп сақтай білген. Бұл кезде жоғары мәдениет пен ілім-білім тілі, мемлекет тілі болып кәметке жетіп марқайған қазақ әдеби тілінің о бастан-ақ халық тілі топырағынан нәр алып, көктегенін біздің әрқайсымыз жақсы білеміз. Әдеби тіліміздің әбден қалыптасуына ұйытқы болған негізгі арпаның да, оның қазіргі қол артар таяныш-тірегінің де халқымыздың өз ана тілі екені шүбәсыз. Әдеби тіліміздің түр-сипатының ұлттық болуының өзі осыдан көрінеді.

Әрине, әдеби тіліміздің түп қазығы халық тілі екенін мойындау — оның өркені өсіп, көсегесі көгеруіне өзге тілдердің қосқан үлес-салмағын бекерге шығару деген сөз емес. Әдеби тілдерді былай қойғанда, тіпті халық тілі атаулының ішінде де басқа тілдің әсерінен мүлдем тыс, бағзы дүние жаралғандағы қаз-қалпында тұрған бірде-бір тілді тарих әлі күнге естіп-білген емес. Әріге бармай-ақ осы қазақтың халық тілінің өзін алатын болсақ, оның сөздік құрамында да ежелгі төл лексикамыздан тыс әр алуан араб, парсы, монғол сөздерінің бар екені баршамызға аян. Ал әдеби тіл болса оның жайы бұдан да гөрі басқаша. Мәдениеттің, өнер-білімнің тілі болуы себепті әдеби тілдің ауқымы ауызекі тілден әлдеқайда кең. Әсіресе, ол — жаңалыққа өте-мөте құштар тіл. Өйткені, әдеби тіл қоғам өмірінде толассыз болып жататын жаңалық біткеннен қалыспай, хал-қадарынша оған ілесіп отыруға мүдделі. Сол себептен де әдеби тілдің бойында жаңа атау, тың сөз, соны тіркестің күн сайын туындап жатуы — заңды құбылыс. Ұлы Октябрьден кейінгі халқымыздың өміріндегі өзгерулер мен жаңаруларға лайық ана тіліміздің әмме саласында да бұрын жоқ ұғым, сөз, термин-тіркестердің дүр қаулағаны — екінші бірі білетін шындық. Бұл күнде ана тіліміздің нағыз ырысына айналған осыншама байлық орыс тілінің игі әсерімен ұласып жатыр. Олай дейтініміз әріні былай қойғанда, осы кейінгі жарты ғасырдан астам кезең ішінде тілімізде пайда болған жаңалықтардың орыс тіліне жанамалап та болса соқпай өтері некен-саяқ болар. Тіпті өзге халықтың тілінен келді дегеннің өзінде де, түп төркіні өзге тілдердегі сөздердің де біздің тілімізге өтуінің екі арадағы сара жолы орыс тілі болып отырған жоқ па? *Совет, поезд, самаурын, пароход* секілді қашаннан басы ашық сөздерді есептемегенде, *театр, апрель, метр, электр, картоп* сынды өзіміздің күніне сан қайталайтын

* Бұл мақала Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазылған «Лениншіл жас» (1972, 27 апрель) газетінде жарияланған.

қыруар интернационал терминдердің де қазақ лексикасынан лайықты орын алуға мұрындық болып отырған тіл — орыс тілі екенін айту үшін аса білгірліктің қажеті бола қоймас. Өйткені, бұлар әркімнің-ақ көзіне оңай шалынатын, сырт қарағанда-ақ өзінің өзге тілден келгендігін «мен мұндалап» айтып тұрған сөздер ғой.

Дайын тұрған күйінде өткен жоғарыда аталғандар тәріздес сөздерді былай қойғанда, әдеби тіліміздегі *еңбеккер, бастама, үзіліс, өндіріс, халықаралық, кенші, егіншілік мәдениеті, шаруашылық есеп* іспетті ұғымдар мен тіркестердің пайда болуының бастапқы із-өкшесі де орыс тілінде жатқан жоқ па? Әрине, бұл сөздер мен тіркестердің бәрінің де негізгі арқауы ана тілі екені рас. Себебі, олардың түбірі де, оларды тудырушы қосымша да тілімізде бұрыннан бар екені даусыз. Біздің қабырғасы ана тіліміздің өз қолында бар мүліктен қаланған деп отырғанымыз да осындай сөздер мен сөз орамдары. Осылайша халық тілінің өз ішкі қорынан әуелде аударма жолымен туындаған сөздердің бүгінгі лексикамызда сан парасы бар. Солардың мол бір тобын тұлғалас, немесе калька тәсілімен аудару арқылы орныққан сөздер деп атауға болар еді. Көп жылдық аударма тәжірибесі осы тәсілге сүйеніп сөз аударудың қазір тілімізде белгілі жүйесі қалыптаса бастағандығын аңғартады. Мәселен, орыс тіліндегі *путевка, зарисовка, справка* секілді зат есімдерді *жолдама, суреттеме, анықтама* деп, *-дама* қосымшалы зат есіммен; *народный, национальный, государственный* секілді сын есімдерді *халықтық, ұлттық, мемлекеттік* деп, *-тік* қосымшалы сын есіммен; *писатель, исследователь, преподаватель* секілді зат есімдерді *жазушы, зерттеуші, оқытушы* деп, *-шы* қосымшалы зат есіммен; я болмаса *пятилетка, водород* сияқты екі сөздің бірігуінен жасалған сөздерді *бесжылдық, сутегі* деп, біріккен сөздермен аударуымызда айқын бір жүйе барын байқаймыз. Аударманың бұл тәсілінің, сөздердің түбірін әрі тұлғалық белгілерін қоса аудару тәсілінің сөздік құрамымызды байытудағы қызметі елеулі екені дау тудырмайды. Дегенмен бұл тәсілдің де өзіне тән кейбір кемшіліктері жоқ емес. Мұны газет бетінде пікір айтқан жолдастардың біразы жақсы байқаған. Аударып отырған сөзіміздің орысша нұсқасындағы грамматикалық тұлғасына қарап, соны шамадан тыс қазақша дәл кескіндеуге тырысып, кейде амалсыз жасандылыққа ұрынатын да жайымыз бар. Жеке сөздердің басынан гөрі осы жай орыс тіліндегі сөз тіркесін көшіре (калька) аударудан айқынырақ көрінеді. Мәселен, орыс тілінде *целинные земли, кандидат исторических наук, телефон-автомат, член-корреспондент* болғандығы үшін *тың жерлер, тарих ғылымдарының кандидаты, телефон-автомат, мүше-корреспондент* деп дайын модельге бой ұруды аударма тәсілді қолданудағы басты кемшіліктің бірі дер едік. Себебі қазақ тілінің табиғаты үшін дәл осы тұста *жерлер* деуден гөрі *жер, ғылымдар* деуден гөрі *ғылым* деу анағұрлым ұтымды. Ал енді орыс тіліндегі *телефон-автомат, член-корреспондентті* алатын болсақ, олардың соңғы сыңарындағы сөз — алдыңғы сыңары-

ның айқындауышы. Ана тіліміздегі заңдылыққа жүгінсек, орыс тіліндегі сөз тәртібі бізде керісінше келуі мақұл, сонда бұлардың *корреспондент мүше, автомат телефон* (арасына сызықша қоюдың қажеті жоқ) болып орысшасындағыға кері модельмен аударылмасқа лажы жоқ.

Аударма тәжірибесінде осы тәсілге шамадан тыс әуестенудің тағы да бір сезіліп жүрген олқылық жағы мынада. Ана тілімізде атам заманнан айтылып келе жатқан сөздер мен тіркестерді елеусіз қалдырып, оның орнына жалаң сыртқы кескін-кейіпті еліктеуден тұған ұғымға ауыр, құлаққа тосып естілетін сырдан сөздер мен тіркестер жоқ емес. Тіліміздің ежелден сүйегіне сіңген *дәні* деген сөзі тұрғанда *басым көпшілік, елу қой* тіркесі тұрғанда *елу бас қой, саулық* сөзі тұрғанда *аналық қой, күйек алу* тұрғанда *қой ұрықтандыру* деп қолдануымызды, асылында, орыс тіліндегі подавляющее большинство, пять десять голов овец, овцematka, случка овец дегендерді ана тіліне тігісін жатқыза, жатық аударудың нышаны деп таласа алмасақ керек. Бұған айыпты, әрине, аударманың сөз болып отырған тәсілі емес: көбіне-көп өзіміздің салғырт-салақтық, асығыстығымыз да орын тебеді. Асықпай, сабырмен іздене, қармана білсек, ана тіліміздің қалтарыста елеусіз жатқан нінді де ұтымды сөзінің талайын әлі де табарымыз анық.

Сөз мағынасының саралығы хақында пікір иелерінің бәріне дерлік ортақ мынадай басы ашық екі түрлі талап-тілек бар. Оның бірі — дара бір ғана сөздің басына бірнеше ұғымның ауыртпалығын қатарынан жүктеуден сақтандыру. Екіншісі болса, осыған керісінше, бір ұғымды білдіру үшін мағыналас сөздердің бірде-анасын, бірде-мынасын дегендей ысыраппен жұмсай бермей, олардың әрбірін жеке-жеке ұғымдардың атауышы есебінде қалыптастыру. Бірімен-бірі сабақтас осы екі ұдай талап-тілектің екеуінің де, түптеп келгенде, көздер нысанасы бір, ол — әдеби тіліміздің сөз қорын нәрлендіру. Дұрысында басы ашық бір ұғымды білдіру нақтылы бір сөздің ғана арқалайтын жүгі болғаны абзал. Тіліміздегі термин сөздер үшін бұл — аса қажетті шара. Ал тек ғылымда, жазба жүзінде ғана емес күнделікті от басы, ошақ қасында өзіміз жиі қолданып жүретін сөздердің біразы да «термин» тәріздес екені мәлім ғой. Мәселен, *қайшы, оймақ, тарақ, кесе*, т. б. Бірақ, ұғым біткен, сөз біткеннің бар-баршасын осы шарттың тұрғысынан ғана қарап, осымен ғана өлшеп қарар болсақ, мұнымыз әдеби лексикамыздың болашақ тағдыры үшін кешірілмес қиянат жасағандық болар еді. Олай болатыны тіліміздегі сөз атаулының бәрі бірдей термин емес қой. Егер тілдің өзі тек бірыңғай терминдерден ғана мүсінделген болса, онда ол сүреңсіз бірдеме болып шығар еді. Сөздің эмоциялық өңі, әсерлілігі, сұлулығы деген бар. Тіл құдіреті оның адам ойына ғана емес, сезіміне де әсер ете алатындығында емес пе? Тілді поэтика құралы деп танып, кейде әрегірек сілттеп, музыкамен шендестіретін де жайымыз бар. Сөз мәнін саралау дегенді біз көбіне нақтылы ұғым білдіретін сөздерге ғана бағдар-

лай айтамыз. Сөздің аяғын бір ұғыммен тұсау термин үшін жарастық болғанымен, лексикамыздың өзге қыруар саласы үшін әсте лайықты емес. Басыбайлы терминдерден тыс сөздің стильдік өрісі еш уақыт бір ғана ұғымның аясымен шектелген емес. Өйткені сөз — тілдің көркемдік қасиетін танытатын бейнелеу құралы. Сол үшін де оның бояу-бедері, ою-өрнегі бар. Мәселен, мәндес (синоним) сөздерді қолданудағы мақсат—айтып, не жазып жеткізбек ойымызға эмоциялық өң беру, тыңдаушы мен оқушының эстетикалық сезіміне пәрмен ету. Бір ғана ұғым-түсініктің төңірегінде *лезде, заматта, демде, демнің арасында, қас пен көздің арасында, кірпік қаққанша* деп, тілімізді әлденеше орағытып, құлпырта қолдануымыз — тек байлықтың ғана нышаны. Мақала авторларының айтып отырғаны, әрине, мұндай сөздер туралы емес, нақтылы бір объектінің атауышы болатын, термин сипаттас сөздер мен ғылыми, қоғамдық-саяси, мәдени деген сияқты тура термин сөздердің өзі жайында ғой. Міне осындай сөздер жөніндегі әңгіме түйінін пікір айтушылардың көбі-ақ ана тілімізде бар бола тұра, әлі күнге бірінің-бірі дублеті есебінде бір ғана лексикалық мағынада жарыса қолданылып жүрген сөздерге әкеп тірейді. Осындай сөздердің бас-басына дербес мағына таңып, ілгеріде олардың әрбіреуін әр стильдік аяда жұмсайтын етсек деген тілек білдіреді. Мұның бәрі — сөз жоқ, жөн айтылған, құптарлық кеңес.

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығын кемелдендіре, ұстарта тұсудың сарқылмас қоры халықта жатқандығын айтып, жолдастар газет бетінде мәселені орайымен орынды көтерген. Дұрысында да, өзіміз талғап, сұрыптап ала білсек, әдеби тіліміздің керегіне жарар халық жадында хатқа түспей сақталған сөздердің небір кереметтерінің бары даусыз. Әсіресе байтақ қазақ жерінің әр өлкесінде айтылатын, бірақ біздің көбімізге әлі беймәлім сөздер көз-көсір десек болғандай. Жасыратыны жоқ, кейде жергілікті сөз деген желеумен қағажу көріп, әдеби лексикамыздан шет қақпай болып жүрген сөздер де жоқ емес. Жергілікті сөздер дейтіннің өзі де ғайыптан пайда болмағаны белгілі. Олар халық тілінің өз табиғаты дүниеге әкелген ежелгі қолтума сөздеріміздің бір парасы. Сол үшін де оларды жатсынбай, иіні келген жерде әдеби лексикамызға сұрыптап, елеп-екшеп ендіріп отырсақ, бұдан әдеби тіліміздің еселеген ұтыс табары толассыз. Әдеби тіл үшін ілтипат білдіруге жарарлық деп, Ш. Сарыбаев ұсынған бірнеше топ жергілікті сөздердің бәрін бірдей мінсіз демесек те, мақала авторының әдеби тілімізде болуға тиісті, бірақ әзір дербес атауышы жоқ ұғымдарға атауышты халық тілінің өз ішкі мүмкіншілігінен қарастыруға шақыруы — құптарлық пікір.

Шынына келсек, басында халық тілінен алынып, бұл күнде белгілі бір ұғымның атауышы ретінде әдеби тіліміздің төрінен орын тепкен сөздер лек-лек. Бұрын қазақ жерінің кей өңіріне бейтаныс *бағбан, омарта, шабандоз, сайыскер, мәре, диқан* секілді сөздердің бір кезде тек республикамыздың оңтүстік аймағының қазақ-

тары ғана қолданған сөз болғаны — осының кепілі. Халық тіліндегі сөздердің ішінде, әсіресе, әр өлкенің өзіне тән шаруа түріне байланысты айтылатын кәсіби сөздер (профессионализм) делінетін тарауының әдеби тіліміздің сөз қорын, қазақ терминологиясын байытуда еселі үлес қосып келе жатқанын ешкім де теріске шығара алмайды. Бұрын тек Каспий, Арал, Балқаш балықшылары ғана білетін *лақа, қалз, сыла* мен Сыр бойы диқаншыларына мәлім *әңгелек, торлама, күләбі* іспетті атаулардың қазірде ел-жұртымыздың бәріне бірдей құлақ сіңді, танымал сөзге айналғаны осыны аңғартады. Әр атыраптың жергілікті халқы шұғылданатын мақта, бау-бақша, күріш, темекі, балық, жеміс сынды кәсіп түріне лайық ел аузында ежелден айтылып келе жатқан бұл тәріздес сөздерге ана тіліміз әлі де кенде емес. Олардың бірқатарын осы күнде кітап, баспасөз, радиодан жиі оқып, жиі естиміз. Шу дегенде құлаққа тосын, тілге шәлкем-шалыс сезілгенімен, ет үйрене келе, олардың әдеби лексикамызбен жымдасып, біте қайнасып кететініне әрқайсымыздың-ақ көзіміз жетіп жүр. Тіпті нақты бір кәсіп бабына байланысты айтылатын *шит, пая, қоза* секілділерді еске алмаған күннің өзінде, күнделікті өзіміз көп қолдана беретін бір ғана *пияз* деген сөздің жай-жапсары да біраз сырды аңғартқандай. «Орныма пияз егесің бе» деген тәрізді бірен-саран сөз орамында көзге ілуде бір шалынғаны болмаса, республиканың солтүстік алқабы қазақтарының лексиконында бұрын мүлдем сирек ұшырасатын осы сөздің кейін жанданып, елдің бәріне машықты сөзге айналғанын өз көзімізбен көріп отырмыз. Әдеби тілімізде қазіргі орныққан мағынасында *пияз* сөзі әуелде тек республиканың оңтүстігінде ғана қолданылғанын айтсақ, қазір бұған көп адамды сендіре алмауымыз да ықтимал. Жабайы болса *жуа* деп (қой жуа, тау жуа, жамбас жуа, т. б.), қолдан егіп шығарса *пияз* деп қазіргідей бас-басына башайлап қолдануды, шынында, әдеби тіліміз халықтың жергілікті тілінен алғаны рас. Бірде ана өлке, бірде мына өлке қазағының тілінен келіп жүре-жүре әдеби лексикамызда берік орын алған мұндай сөздердің мысалы көп. Тіл дамуының да, әрине, өзіндік стихиясы бар. Оның барлық құбылысын қалт жібермей есепке алып, тезге салып отыру — қиын жұмыс. Алайда, мәдениеті өскен жұрттардың қай-қайсысының әдеби тілі дамуының әр кез-кездеріне көз жүгіртіп бақсақ, әдеби тіл атаулының үнемі зиялы қауымының қамқорлығында болғанын айқын көреміз. Ал қазіргі еңкейген кәрісіне дейін хат танып, қалам ұстаған біздің қоғам әдеби тіл дамуының бағыт-бағдарын танып, оған саналы түрде ықпал ету деген аса заңды да орынды талап. Газеттің әдеби тіл мұраты үшін алқалы кеңес айтып, пікір алысуға жұртшылықты шақыруы осы мақсат-мүддеден туған деп ұғамыз.

Әдеби тіліміздің негізгі арқауы бұрын да, қазір де халық тілі болып отырғанын қайта-қайта тәптіштегенде, біздің бұл тұста айтпағымыз — әр өлкенің қазағы өзі ғана біліп, өзі ғана қолданатын, әлі жергілікті халықтың ауызекі тілінің шеңберінен әрі асып

үлгірмеген сөздердің ішінде әдеби лексикамыздың мұқтажын өтерлігі болса, оларды жатырқамай, қомсынбай, сұрыптап ала білсек, қажетімізге жарата білсек дейміз.

Әр өңірдің өз табиғат байлығына, жан-жануар, өсімдік түрлеріне, жер бедері мен шұрайына, шаруашылық ахуалына байланысты ел ішінде қолданылатын атаулардың молдығы ауызбен айтып жеткісіз. Бір ғана Маңқыстау атырабы қазақтарының тілінен *нарпоз, монданақ, керт, кеуел, жігірдек, шір, саркеруен, тітір, мортық* сынды көбімізге таныс емес шөп атауларын кездестіруіміз — осының бір дәлелі. Бұл фактіні «Сөз талғамы—өрелі ой кенілі» деген мақалада да келтіргенбіз. Халық тілінің зор қуатын таңытатын бұл сықылды сөздердің ғылыми терминологиямыз деңгейіне көтерілгенін әркім-ақ қалайды.

Ел арасында айтылғанмен, дер кезінде жинап-терілмегендіктен бе, әлде мағынасы көмескіленіп, көнергендіктен бе, әйтеуір, қазір бірімізге таныс, бірімізге бейтаныс осы секілді сөздерді әдеби тіл тарапынан назарға алайық деп мәселе көтеріп, ойымызға қозғау салған Ә. Қарағұлов, М. Қарағұлов, Б. Қалиев, Қ. Ахметбеков, т. б. жолдастарға жұртшылықтың рақметтен бөтен айтары жоқ қой деп ойлаймыз.

Біздіңше, пікірлескен кездегі мәселе түйінін *құшхана* (бойня) немесе *арасан су* тәріздес бірер сөздің біреуге ұнап, біреуге ұнамауы шеше алмайтын сияқты. Жеке сөздің басына қатысты олай да, бұлай да төрелік айта беруімізге болады. Бәлкі, ол да керек шығар. Бірақ, ең бастысы бұл емес. Әдеби тіліміздің сөз қорын нәрлендірудің ең құнарлы көзі, басты арнасы деп нені танымдық керек, бұл салада ілгеріде ұстанар бағыт-бағдарымыз қандай болмақ? Міне, соны саралап, соны айқын ұғып алғанымыз жөн. Пікір алысудың үзеткі тірер жері осы сауалдың жауабы болғанын әркім-ақ қалайды. Өз ақыл-өреміз жеткен шама-шарықпен пайымдағанда, әдеби тіліміз сусындап, нәр алар ең құнарлы бұлақ бұдан былайғы жерде де сол бағзы қалпында халық тілі бола береді дегенді айтқымыз келеді. Себебі, халық тілінің ішкі мүмкіндігі деген — әсте сарқылып болмас шегі жоқ қазына. Халық тілінің әдеби тіліміз үшін бергенінен берері көп. Бірақ, әңгіменің бас жағында айтқанымызды тағы да қайталап айтайық: әдеби тіліміздің негізгі арқауы, күре тамыры ауыз-екі тіл болғанымен, оның есейіп ер жетуіне, қанаты қатып, бұғанасы бекуіне өзге тілдерде қосқан еселі үлес-алмасының бар екенін елемей — шындыққа көз жұма қарағандық болар еді. Әдеби тілімізді, әсіресе, оның сөздік қорын байытқан сан-салалы арна бар десек, өзге халықтардың тілінен еншіленген сыбағамыз солардың жуан ортасында. Жазба дәстүрі бергі дәуірде қалыптасқан тілдер түгіл, не бір зор мәдениет иесі болған ежелгі жұрттардың тілін алсаңыз да өзге тіл әсерінен ада-күде аулақ тұрғаны жоқ болар. Ауызекі тіліміз де, соның перзенті әдеби тіліміз де мұқтаждық еткен жерде өзге тілден алуына жарар асыл болса, әсте далаға тастаған емес. Тіліміздегі монғол, араб, иран жұртынан ауысқан байырғы кірме

сөздерден бастап, өзіміз беріде, Октябрьден кейін ғана, бауыр басқан, әрісі интернационалдық, берісі ұлтаралық не қыруар лексика қазынамыз осының зор уәжі, мықты дәлелі. Ілгергі күнде де әдеби тіліміздің өзге тілдің шарапатына, әсіресе, өзімізге тонның ішкі бауындай жақын орыс тілінің, сондай-ақ, өзге де бауырлас тілдердің игі әсеріне иек арта дамидыңдығын айту үшін сәуегейліктің қажеті бола қояр ма екен?

Сөзді қай түрде болса да белгілі бір грамматикалық тұлғада неше саққа жүгіртіп, құбылта қолдана береміз. Арнаулы модель түрінде қосымшаларды жүйелеп қосуда сөздің ФЕ-ден айырмасын біле аламыз. Ал, ФЕ-ні қалай болса, солай еркін тіркес тәрізді түрлі трансформацияға салып, грамматикалық модельмен мағыналық варианттарды тоғыстыру тым қиын. Тек ф. тіркес тобынан ілуде бір ауытқу кездесуі мүмкін. Рас, көркем әдебиетте, оның ауызша, жазбаша түрлерінде, халық тіліндегі белгілі бір фразеологизмді сәл ұлғайтып, немесе ықшамдап, өлең өлшеміне не көркем текске ұластыра өріп қолдану сәттері болып тұрады. Теория саласында бұл типтегі фразеологизмдерді *перифраза* (парафраза) деп атайды. Алайда бұл секілді саналы әрекет жолымен болған өзгерістер арасына бөгде сөздер еңсе, *дистант* құбылыс деп аталады. Мысалы: *Шай камзол, күндүз бөрік кигенменен, Бес батпан десең болар беттің кірі* (С. Торайғыров); *Шіркін-ай, Еменалы екеуіңнің жұлдыздарың қай жерде шақырайысып қарсы қарасып тұрғанын көрер ме едім бір* (Ғ. Мүсірепов). Сонымен бірге ФЕ үлгілерінің контактылы, яки жігі ажырамаған қалпы да зерттеу объектісі бола алады.

ФЕ-лер өзінің сыртқы тұрпаты жағынан еркін тіркестерге ұқсайды; мәселен, атрибутты тіркестердегі (анықтауыш — анықталғыш) соңғы компонент өзінің негізгі мағынасын сақтап, тиянақты келетін болса, анықтауыш компонент ауыспалы мағынада жұмсалады: *асқар тау, сүмбіл шап, қынай бел, қыпша бел*; демек адъективті тіркестердің (сын есімді, сан есімді, сан есім

⁹ Тәжірибеде, яки Сөздікті түзуде біз араб цифрымен белгілеп, шартты түрде кейбір «омоним» тіркестерді беруге тиіс болдық. Бұндағы мақсат — сөздікті пайдалануды жеңілдету үшін арақідік кездесетін, сырттай ұқсас, бірақ мағына жағынан алшақтығы бар тіркестерді саралап көрсету болды. Дәл осы жердегі тырнақша ішіндегі сөзіміз шынтуайтпап келгенде омоним бола алмауы да мүмкін. Мысалы: *ҚАПА БОЛДЫ*¹. Уайымдады, қайғырды, ойы самарқауланды. *ҚАПА БОЛДЫ*². Ауа қапырықтанды, ауа ауырлап, дем алуға мүмкіндік болмады, тынысты тарылтты.

мен сынға айналған зат есімді, немесе сын есім, сан есімнен кейін жасалған туынды өзге есімді тіркестер) анықтауыш компоненті осы ізбен жасалатындығы күмән тудырмайды: *сасық бай, егіз қозылы, екі жүзді, бір қайнатым* (шай), т. б.

Шілде түскенде, түн баласына, таң сыз бергенде тәрізді адвербиалды (үстеу) тіркестер де жоғарыдағыдай бір сынары (алғашқысы) негізгі мағынада жұмсалып, кейінгі компоненті (компоненттері) туынды мағынада тұрады.

Есім+етістік тіркестері де осы іспеттес, яғни есім компонент негізгі мағынада тұрса, етістік компонент туынды мағынада жұмсалады: *көзі ілінді, табаны тайды, ақылынан адасты*, т. б.

Қалған ф. тіркестердің бәрі де осы тәсілмен жасалады деуге болады. Бағзы бір уақытта стильдік қызметіне орай, мақал-мәтел ішіндегі кемінде екі компонентті ФЕ өзара не түйін не түйіс тіркес үлгісімен жасалады. Бұл тәрізді тіркестердің өзге синтаксистік тәсілдермен жұмсалатын типтері де жоқ емес.

Мақал-мәтелдер бір ұғымды тікелей емес, тұспалдап білдіреді. *Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас; туған елдің қадірін шетте жүрсең білерсің* деген мақалдар Отанды дәріптеп тұр. Осында мақал құрамындағы жеке сөздің берер мағынасы сөз болып отырған жоқ, түгел бір мақалдың тұтас мәні сөз болып тұр. Кейбір зерттеушілер мақалдың жеке сөздері референттік қасиетке ие бола алмайды дегенді айтады. Керісінше, мақал компоненттері референттік қасиетке ие бола алады деген де пікір бар. Қалай да мақал-мәтел тікелей фразеология объектісіне жатпайды. Себебі, біріншіден, белгілі бір мақал ішіндегі компоненттердің бірқыдыруы фразеологизмге (негізінен түйіс тіркеске) сай келеді. Мәселен, *жүргенге (жүрген аяққа) жөргем ілінеді* дегеннің соңғы екі сынары фразеологиялық тіркес заңы бойынша қнысып тұр. Екіншіден, тар мағынадағы фразеология шеңберінен шеттеу тұрса да, оқырмандар үшін қажет болар деген ниетпен мағынасы күңгірттеу біраз мақал-мәтелдерді Сөздікке енгізуді жөн көрдік¹⁰.

Фразеология пәнінде ФЕ-нің варианттары мен синонимдері жөнінде түрлі түсініктер бар. Қазақ тілі фактілеріне жүгінсек, бұл екі түрлі құбылыстың басы ашық, біріне бірі соқпайтын тәрізді. Ф. тіркесінің варианттары өзара жақын, іштей өзектесіп жатады, айырмасы тіркес жүйесіндегі бір, немесе бірнеше компоненттері өзге сөздермен алма-кезек ауысып жатады. Мысалы: *өш алды — кек алды; тыныс алды — дем алды; ығыр етті — ығыр болды, ығыр қылды; ашуына тиді — шамына тиді, намысына тиді* т. б. Біз бұл жерде ф. варианттарды тек лексика тұрғысынан ғана сөз етіп отырмыз.

ФЕ-нің синонимдерінде, жоғарыда ескерткеніміздей, мынадай айырым белгіні байқаймыз: синонимдер арасында жалпы мағына

¹⁰ Әрине, кез-келген мақал-мәтел емес, Сөздік ауқымына сай келетіндерін енгіздік. Ал, афоризмдер, күрделі атаулар (соның ішінде мекеме, ұйым аттары т. б.) сөздікке тікелей объект болған жоқ.

жуықтығы болғанымен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Яғни, синонимдес фразеологизмдердің компоненттері еш уақыт екі рет қайталанбайды (*он қолынан өнері тамады — ағаштан түйін түйеді — бит қабығынан биялай тоқиды*).

Фразеологизмдер ішкі мән-мағынасына қарай қолданылу барысында өзінің стильдік өнін өзгертіп отырады. Яғни, фразеологизмнен тыс өзге сөздердің ФЕ-ге әсері болмайды емес. Мәселен, *қол көтерді; (өз) табағын тартты; басы айналды* тәрізділердің мағыналары өзге еркін тіркестердің ауанына қарай айқындалады. Тіркестердің мұндай мағынасын *тәуелді* мағына дейміз. Себебі бұлар өздігінен тұрып белгілі бір тиянақты мағынаны білдіре алмайды. «Мен жиналыста Досжанды қолдап қол көтердім» деген сөйлемді өзгертіп... *қарсы қол көтердім* деп те айтуға болады. Сол сияқты, *басы айналды* тіркесі де ситуацияға қарай әр контексте әр түрлі мағынада жұмсала береді. *Ал көсегең көгерсін; шалқар қол; жолың болсын; бос белбеу; үнтен кетті; жеті (қараңғы) түн* сияқты ФЕ-лер өздігінен дара тұрып та негізгі мағынаны айқын аңғартады. Тіркестердің осындай мағынасын *тәуелсіз* мағына деуге болады.

Фразеологизмдер өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әр қилы субъективтік, ситуативтік қоршауында мағынамазмұны жағынан жетіле, шындала түседі. Фразеологизмдерді осылайша орнын тауып қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Фольклор мен қазіргі бай, көп жанрлы совет көркем әдебиетінің фразеологизмдерді кәдеге жаратудағы кереғар айырмасы да осы кең тынысты творчестволық қолдануға байланысты. Киген киімнің, мініс аттың да күтімі әр басқа болғаны сияқты, сөз айшықтарын, соның ішінде фразеологизмдерді де өз орайы, өз қыбын тауып, ақтан тигізе сөйлеуде үлкен мән жатыр. Ауыз әдебиеті, көбіне, жыр, өлең түрінде келіп, тиянақты сөз тіркестері қыспақта қалады, шектеулі бір қоршауда ғана жұмсалады, немесе ауызекі тілдің ықшам сөйлемдерімен тұйықталып қалады. Осы алуан түрлі тіркестер суреткердің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі. Бұл ретте көркем қара сөз саласында С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Бегалин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрсейісов, І. Есенберлин, т. б. өлеңді туындыларға келгенде І. Жансүгіров, А. Токмағамбетов, С. Сейітов, Қ. Аманжолов, И. Байзақов, Т. Жароқов, Х. Ерғалиев, Ә. Сәрсенбаев, С. Мәуленов, Қ. Мырзалиев, т. б. ерекше атауға болады. Көркем сөз шеберлерінің, жалпы алғанда қалам иелерінің, оның ішінде кейінгі жылдары қаулап өсіп, әдебиет әлемінде бой көрсетіп жүрген жас жазушылардың өзіміз сүйсініп оқитын шығармалары, жазба әдебиетіміздің атасы — Абай туындылары біз үшін тұрақты сөз тіркестерін күреп алатын кеннің көзіндей болды. Сол жазушы көргінен қорытылып, сындарланып шыққан фразеологизмдерді біз еңбегіміздің негізгі тілдік документі, табан тірер дерегі ретінде пайдаландық. Шынайы көркем шығарма

тілдің объективтік заңдарын тану үшін де, жазушының өзіне тән жеке қол таңбасын білу үшін де мейлінше қажет екенін есте тұттық.

Осы зерттеу үстінде біз ана тіліміздің ұзақ уақыт бойы жиналған, сұрыпталған, бай да қызықты фактілерін пайдаланумен қатар, кейінгі 10—15 жыл ішінде жарық көрген ғылыми еңбектер де назардан тыс қалған жоқ.

Фразеологияның теориялық, практикалық мәселелерін зерттеуді бұл күндері тілшілер қауымы мықтап қолға алып отыр. Бұл салада, әсіресе, Москва, Ленинград ғалымдары елеулі де нәтижелі табыстарға жетті десек, артық емес. Түркі тілді республикалардағы лингвист ғалымдардың фразеология пәнін өрістету талабының өзі бір төбе. Бұлай дегенде біз «Самарқанд мектебі» атанып жүрген ғалымдар тобының алымды еңбегін, өнімді істерін ерекше атамақпыз. Самарқанд университетінің жанынан Л. И. Ройзензонның т. б. басқаруымен «Фразеология мәселелері» атты көп сериялы жинақ үздіксіз шығып тұрады.

Қырғыз тілінің лексикасын зерттеу ісі белгілі ғалым Қ. К. Юдахин еңбектері арқылы көзге айқын шалынады. Сол секілді, өзбек ғалымы Ш. Рахматуллаев, түрікмен ғалымы К. Бабаев, татар ғалымдары Г. Х. Ахатов, Г. Х. Ахунжанов, азербайжан тілі бойынша Г. А. Байрамов, түрік тілі бойынша Р. Р. Юсипова жариялаған еңбектердің құндылығын да арнай атаған мақұл. Фразеологияның жалпы теориясына қатысты М. Т. Тагиров, С. Н. Муратов ізденістері де ғылымға соны пікір, тың топшылаулар әкелді. Башқұрт тілі фразеологизмдерін Д. Ж. Ғ. Қиекбаев, Х. Ғ. Юсупов т. б. зерттеді. Әсіресе, З. Ғ. Ураксиннің 1975 жылы орыс тілінде жарық көрген «Башқұрт тілінің фразеологиясы» атты кітабы өзге түркі тілдері үшін де пайдасы мол еңбек.

Өзге мәселелерге байланысты фразеология тарауынан пайдалы пікір айтушылар тобына Ә. Нәжіп, М. Балақаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Қ. Сағындықов, С. Талжанов сияқты ғалымдар жатады. Тиянақты тіркес категориясын тікелей зерттеп, құнды еңбек шығарып жүрген шәкірттер бар. Бұл ретте ең алдымен Ә. Қайдаров, сонан соң К. Өмірәліев, Е. Жұбанов, Ө. Айтбаев, Р. Сәрсенбаев, Ә. Ибатов және С. Төлекова, Қ. Дүйсетаева, т. б. зерттеушілердің есімдерін арнай атағанымыз мақұл.

Шетел ғалымдары ішінен тіліміздегі алғыс, қарғыс, эвфемизм туралы мақалалар жазған доктор, профессор И. Лауде-Циртаутас есімін де ілтипатпен атай кеткен жөн.

Сөздікке одағай, еліктеуіш сөздер қатысқан тіркестер енгізілмеді. Оның себебі: аталған сөз таптары табиғаты бөлек, фразеологизм заңдарына бой ұсына бермейді, бірді-екілі болмаса, ФЕ мағынасынан жырақ тұрады.

Біз бұл жерде фразеологияға қатысты теориялық мәселелердің бәрін қамтыдық демейміз. Өз алдына зерттеу объектісі боларлық, басы ашылмаған, әлі де тереңірек тексеріп, тәптіштей түсетін нәр-

селер бір шоғыр. Сондай проблемалық мәселелердің бірі — калька тәсілімен жасалған фразеологизмдер.

Қазіргі кезеңдегі шарықтаған мәдени қарым-қатынастарға ғылыми-техникалық прогреске байланысты аударма проблемасы өріс алып отырғаны мәлім. Халықтар арасындағы осындай тілдік байланыстардың нәтижесінде фразеологизмдер де сөзбе-сөз, немесе калька жолымен аударылып, бір тілден екінші тілге өту үстінде. Жаңа қоғамдық қатынастардан туған тиянақты сөз тіркестері фразеология ғана емес, фразеография тұрғысынан да игерілетін объектінің бірі. Бұл істі біз келешектің кезек күттірмейтін зерттеу тақырыбы деп білеміз.

ФЕ саласында әрі практикалық, әрі теориялық мақсаттарды ұштастыра зерттеуді керек ететін қомақты да зәру проблема — стилистика болмақ. Бұның мәнісі мынада. Тиянақты сөз тізбектері мен еркін тіркестердің әлі де болса ара салмағын жан-жақты қарастырудың стилистика үшін де маңызы зор. Біз сөз етіп отырған пән мен стилистиканың қауышар проблемалары аз емес. Басқасын былай қойғанның өзінде фразема, лексема ұғымдарының ара қатынасын ажырата білуде де мән жатыр. Көп жағдайда стилистика мен фразеология сөздің тікелей мағынасынан гөрі бейнелі мәндеріне басым көңіл бөледі. Сондықтан осы екеуінің межесін ажырату әбден қажет. Сөздің тура немесе негізгі мағынасы фразеологизмнің семантикасын ашып бере алмайды. Мәселен, ФЕ-ні зерттеуші үшін *ат үсті* деген тіркестің «ненің үсті?» деген негізгі мағынасы емес, «қалай?» деген сұраққа жауап болатын туынды мағынасы керек. Осы тұрғыдан келгенде біздің алдымызда фразеологизмдерді танып, білудің әрі синхронды (қазіргі калпында), әрі диахронды (тарихи қалыпта) зерттеу мақсаттары тұрғаны байқалады. Сол сияқты стилистика мәселесімен орайласа өз шешімін табуға тиісті міндеттер қатарына фразеологизм ішіндегі сөздердің өзара тіркесу заңдылықтары, тұтас тіркестің сөйлем жүйесіндегі үйлесімі, нақты бір контексте фразеологизмнің бір орамды, екі орамды болып, не одан да көп орам қоршауында келуі, осыған сай ФЕ-нің қолданылу тәсілдері, контекст ыңғайына сәйкес фразеологизмнің стильдік реңкінде болатын нәзік құбылыстар жатады.

ФЕ стилистикасына қатысты тағы бір қызық жайт — туыстар тілдерде тек қолданылатын белгілі бір тіркестің мағыналық бірлігі мен даралығы. Мысалы, қазақ, қырғыз тілдерінде бірдей тұр-тұлғада қолданылатын *сайдың тасындай* («сай ташындай») деген тіркес қазақ ұғымында «ірі, таңдаулы» деген болса, қырғызша: «сансыз көп, мол» деген ретте қолданылады. Бұндай құбылыстар, әрине, тек бір тіл аумағындағы стилистика мақсаты үшін қажет те болмас, бірақ жалпы түркология аспектісінен қарасақ, тіл тарихынан талай-талай сырлар шертетіні сөзсіз.

Түйінді бір топ міндет тарихи фразеологияға ұштасады. Көптеген тіркестер теориясын тарихқа байланыстыра тексергенде ғана фразеологизмдердің туу жолдарын толық біле аламыз. Ол түсінік-

ті де. Тіркес этимологиясын ашу үстінде өзге тілдерге де қатысты ортақ құбылыстардың басы ашылмақ. Құрылымы бір немесе құрылымы бөлек тілдердің ортақ және айырма қасиеттеріне ұластыра, жүйелі талдау фразеологизм үшін де мейлінше қажет. Басқасын былай қойғанда, бірнеше тілге ортақ нақтылы бір фразеологизмнің өзі бірде тұлғасы ортақ, мағынасы бөлек, енді бірде керісінше болып келетін реттерін ескере отырған мақұл. Фразеология саласында басы ашылмаған, тіпті, күн тәртібіне қойылысының өзі принциптік тұрғыдан шешілмеген мәселе — антонимия. Жеке сөз, лексема көлемінде айдан анық көрінетін осы құбылыс тиянақты сөз тіркесі аясында көмескіленіп айқын аңғарылмайды. Әйтсе де фразеологизмдер табиғатында сырт тұрпаты жағынан да, «ішкі» ұғымы жағынан да қарсы мағына (поляризация) сипатындағы тіркестердің бары анық. Мысалы: 1) *күні туды — басына күн туды*; 2) *қанды көйлек жолдас — қанды көйлек жау (қарақшы)*; 3) *қабағы ашылды (жадырады) — қабағы жабылды (түсті)*; 4) *ақ жүрек — қара жүрек*, т. б.

Алайда, бұл да — танылып жетпеген категория. Фразеологизмдер ішінде өзара қарсы мағына беретін сыңарлардың бары анық болса да, олардың типтері әлі де тереңірек зерттеуді, тексеруді қажет етеді.

Фольклор, жазба әдебиет, ауызекі сөйлеу тіліндегі діни, диалекталды, кәсіби, т. б. фразеологизмдердің туу себептерін, олардың тіл даму процесіндегі түрліше стилистикалық эволюцияға душар болуын, соның ішінде мағына жағынан мотивациялы, немесе демотивациялы болып келуін, тіркес компоненттерінің дыбыс үйлесімін, сыпайы, сынық мәндегі (эвфемизм), ФЕ-ні тұрпайы, анайы (дисфемизм) түрде қолдануды, фразеологизмдер сөздігін жасаудың принциптерін, т. б. бүгін таңда қолға алуға тиісті көкейкесті міндеттеріміз екенін баса айтқымыз келеді.

Фразеологизмдерді көңілдегідей тексеру үшін түрлі методтарды (экспериментальдық, математикалық, т. б.) орынды пайдалануға тиістіміз. ФЕ-лердің сөйлеу процесінде жиі (актив), сирек (пассив) түрде келуін, квантитатив сырын ашуда бұл тәсілдер әбден қажет.

Фразеологизмдерді мағына жағынан классификациялау — ең қиын мәселелердің бірі. Қиындық нақты бір тілдегі сөз тудырушы тәсілдердің бірі болып табылатын осы категорияның өзіндік ерекшелігінен келіп шығады. Не қилы нәзік туынды мағыналардың әр қырын фразеологизмдер белгілі бір тізбекпен білдіре алатынын жоғарыда атап өттік. Осы айтылған алуан сырлы қасиет, өзіндік ерекшеліктері өзара біте қайнасып, берік табиғи бірлікте тұрады. Мысалы, *ұзын арқау, кең тұсау* деген тұрақты тізбек «әуре-сарсаң» мағынасында да, «туған-туысканы, дос-жараны көп адам» мағынасында да (әсіресе, деривация жолымен, сөз тудырушы -лы аффиксі жалғанып: *ұзын арқау, кең тұсаулы* болып келсе) қолданыла береді. *Тілі байланды* деген фразеологизм «ауру-сырқаудың

салдарынан тілі сөйлеуге келмей қалды» деген мағынаны білдірумен қатар, басқаша мән беріп айтатын болсақ, «үні шықпады», «аузына құм құйылды» дегендердің орнына да жүретіні белгілі. Керісінше, *тонның ішкі бауындай, арасынан қыл өтпейді* сияқты ФЕ-лердің «өте жақын» мағынада, бірінің қызметін бірі атқара беретінін де білеміз. Ол ол ма, тіпті тұлғасы мен құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайтын ФЕ-лердің өзі де кейде бір ғана ұғымды білдіре алады. Мысалы: *мылжың «бос сөзді»* деген ұғымды *аузымен орақ ору, тілі мен жағына сүйену, тілі ұзын* дей аламыз; *«бейпіл ауыз», «кекесін сөзді»* деген ұғымды *сөзінің қотыры бар, тілінің қыршаңқысы (шиқаны) бар, тілінің бұдыры бар, қара тілді, көк езу* деуге болады. Ф. т ұй д е к және басқа ф. ті р к е с т е р д і н едәуір бөлегін мағына жағынан топтастыру тым қиын мәселе болғанмен, ол шенуге болмайтын тұйық түйін емес. Түрлі сыртқы факторлар, дінн, ескі әдет-ғұрып, төрт түлік мал, мінез-құлық, т. б. өмір ағымына, ой-санаға сай фразеологизмдерді семантика, стиль, қолдану тәсілдері жақтарынан бажайлап талдау жасау — барлық филологтардың бас парызы.

Фразеологизм және сөз

Фразеологизмдерге тән белгілердің сөзге ойысар жағы да, одан оқшау кетер жағы да бар. Тілдегі әр түрлі типтес құбылыстардың өзара бұндай жалпылық айырма жақтарын қысқаша жоғарыда атап кеттік. Фразеология теориясында осы жөнінде, негізінде, екі түрлі пайымдау бар: а) кейбір зерттеушілер ФЕ мен сөз мағына жағынан бір-біріне балама (эквивалент) бола алады дегенді айтты; б) ФЕ мен сөздің екеуі — екі бөлек дүние, кей ретте мағына жуықтығы болғанмен, бұлардың арасына теңдестік белгісін қоюға болмайтынын ескертеді. ФЕ-ге тиісті белгілердің ешқайсысы да сөз категориясынан толық түрде ұшырамайды; керісінше, сөз бойындағы қасиеттердің ешбірі де толығынан ФЕ саласынан кездеспейді. Басқаша айтқанда, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы тәрізділер — ФЕ-нің еншісіндегі белгілер. Олай болса, «лезде» деген *көзді ашып-жұмғанша*, «қорықты» деген *жүрегі ұшты* болып ФЕ мен сөз іліктес келуін қалай түсінеміз? Көп жағдайда осы іспеттес мағына «сөйкестігі» байқалып отырады. Солай бола тұра бұл «сәйкестік» толық балама бола алмайды: «лезде», «қорықты» сөздерінде ФЕ-лерге тән экспрессив өң жоқ. Сол сияқты сырттай, жай тіркес іспеттес болып көрінген *сүмбіл шаш* дегенді «қара шаш», *асқар тау* дегенді «биік тау», *қыпша бел* дегенді «жіңішке бел» деп, теңдей түсер құбылыс екен деуге болмайды. Осындағы тырнақшамен қоршалған сөздер еркін тіркеске жатады, демек «қара», «биік», «жіңішке» дегендер *сүмбіл, асқар, қыпшаларға* толық балама (эквивалент) болып тұрған жоқ. Сондықтан курсивпен көрсетілген тіркестерді фразеологизмдер деп есептеу керек. Екіншіден, бұл ФЕ ішіне енген компонент-

терде өзара дағдылы, тіркес тиянақтылығы анық көрініп тұр: *сүм-біл, асқар, қыпша* кез келген сөзге жанаса бермейді. Ал бұларға «сәйкестерді» өңге қыруар сөздердің көгеніне байлай беруге әбден болады.

ФЕ-нің әр қилы басқа (үш, одан да көп компонентті) типтерінің қайсыбірі болса да жеке сөз табиғатынан тыс тұрады. Келтірген мысалдан да, ұлан-ғайыр өзге фактілерден де туар басты қорытынды: «сөз» дегенді көптеген зерттеушілер бүтін бітімді (цельнооформленный), «фразеологизм» дегенді бөлек бітімді (раздельнооформленный) деп есептейді. Осы концепцияны қазақ тілі фактілері де күнтейді.

Жеке сөз өздігінен барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуды міндет емес (басқаша айтқанда, сөздің бұл жөнінде факкультатив қабілеті бар да, бірақ оның әрдайым сырттай көрінуі басты шарт емес). Ал, фразеологизмнің бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынада жұмсалуды — өн бойы кездесер қағида. ФЕ (ф. түйдек те, ф. тіркес те) туынды мағынаны білдіреді де, сөз түбір мағынаны білдіреді. Осыдан шығатын тағы бір түйін: ФЕ мен сөз бір-біріне баламалық байланыста емес, жанамалық катыста болады деген топшылауды қолдаймыз. Яғни белгілі бір ФЕ-нің ішіндегі сөздердің бірде-бірі дербес мағынаның референті бола алмайды. Басқаша айтқанда, ФЕ құрамындағы белгілі бір компонент дербес мағынаны білдіре алмайды. Ал, жеке сөз өзінің референттік қасиетін сақтамауы мүмкін емес. Осыдан келіп, біраз ғалымдар ФЕ-нің мағынасын фразеологиялық мағына деп, сөз, еркін тіркес мағынасын лексикалық мағына деп атауды лайық көреді. Бұған келтіретін үлкен дәлел: ФЕ тікелей мағынада емес, туынды мағынада ғана жұмсалады. Біздің ойымызша, сөз бен ФЕ-нің, ФЕ мен мақал-мәтелдің, ФЕ мен еркін тіркестің «синтаксистік қызметі» дегеніміз тәрізді олардың өзара «лексикалық ерекшелігі» деп те айтуға әбден болатын сияқты. Сондықтан терминді дәл осы тұста құбылғаннан ұтарымыз аз.

ФЕ кей жағдайда анда-санда қос сөзге, біріккен сөзге айналып кетуі де мүмкін. Мұның басты екі себебі бар: біріншіден, толық компоненттер десемантизацияға ұшырайды (мыс.: *қара+пайым=қарапайым, кеш+құрым=кешқұрым, баса+көктеу=баса-көктеу, ада+жұда=ада-жұда*), екіншіден, біртұтас акцентуацияға ие болады (мыс.: *ара+салмақ=арасалмақ, бір+тектілік=біртектілік, бір+сыдырғы=бірсыдырғы, арқа+басы=арқа-басы*). Осының салдарынан баз уақыт кей ФЕ универбация жолымен өзінің бастапқы түркінен да айрылып қалады (мәселен, *алла разы болсын* дегенді өзгертіп, *алдыразы болсын* тұлғасында айта береміз: еркін тіркес негізінде жасалған «қыстың күні», «алып кет», дегендер «қыстыгүні», «әкет» болуына назар аударыңыз).

Сөзді бөле қарау дегенді бөліп тастау деп түсінбесек керек. Өйткені кей фразеологизмдердің ішіндегі сөздер өз лексикалық

мағынасынан ыңғайына қарай бірде түгел, бірде жартылай, әнтек айрылып қалады дедік. Түрлі ярус құбылыстары бір-біріне жанамалы түрде (изоморфизм ретінде) қолданылады. Демек, изоморфизмді құбылыс фразеологизмдердің өз ішінен емес, бөлек ярустан кездесіп отырады. Бұлай етпеген күнде сөз бен фразеологизмнің релеванттық, бас белгісін жоққа шығарамыз. Жоғарыда айтқан жанамалы қатысты баламалы байланыспен шатастырып аламыз. Бұл екеуінің фразеологизм мен сөздің семантикасында да, стилистикалық, синонимдік табиғатында да (сырт тұлға жағындағы айырма екі бастан түсілікті) елеулі ерекшеліктер бар.

Мынаған тағы бір көңіл бөлелікші: *аузын ашпады* деген «үндемеді» ғана емес, «мүлде үндемеді»; *мыңғырған мал* — «көп мал» ғана емес, «мейлінше көп мал»; *қас дұшпан* — «үлкен жау» ғана емес, «қан құйлы жау»; *құлан жортпас, құс ұшпас дала* — жай ғана «дала» емес, «құлазыған қу дала» мәнінде айтылып тұр. Сол сияқты мына мысалға да құлақ түріңізіңі: *ұлың ұяға, қызың қияға; жүзіктің көзінен өтер сұлу; ай десе аузы, күн десе көзі бар; құралайды көзге атқан; төбеңнен құй қаздым ба; тоғыз (тоқсан) жолдың торабы; көсеген көгеріп, өркенің өссін; алалы жылқы, ақтылы қой*, т. б. Осы фразеологизмдер тиісінше «үрім-бұтақты бол», «сұлу», «мсрген», «азап бердім бе», «күллі жолдың түйіні», «барлық мал» сияқты мағыналар ФЕ-лердің берер ұғымына түгел сәйкес деуге болмайды. Олай болса, барлығын (сөзді де, сөз емес единицаларды да) үйіп-төгіп, бір өлшеммен өлшеп, бір желіге тіркей салуға болмайды. ФЕ-лерді алып келіп сөзге телу, демек, еркін тіркес үйіріне айдап салу, тілдің құрылыс материалы деп таңуға да болмайды.

Қазақ т. б. түркі тілдерінде етістіктің аналитикалық түрлері өте көп. Бұлардың едәуірі есім сөз бен көмекші етістіктен тұрады. Мұндағы басы ашық мәселе: егер есім — етістік үлгісінде келген тіркес туынды, яғни экспрессив мәнде келсе, фразеологизм болады да, тікелей мәнде келсе, ФЕ шеңберінен тыс тұрады. «Елін сағынды», «көзі көрмеді», «жүрегі қысылды» дегендер еркін тіркес тобына жатады да, «ел биледі», «көзі тиді», «жүрегі қыжынады» сияқтылар тиянақты тіркеске енеді. Сол сияқты «шәкірт болды», «жария етті» деген — тікелей, «адам болды», «паш етті» деген туынды мәнде жұмсалып тұр. Сайып келгенде, фразеологизм, негізінде, өз алдына дербес пәннің (фразеологияның) қарауына енеді де, сөз бөлек салалардың (лексикология мен грамматиканың) қарауында болады.

Еркін тіркес сыңарлары өзара менгеру, қабысу, қиысу, т. б. жолымен байланысады. Сырттай қарағанда ФЕ сыңарларының байланысу жолы туралы да осыны айтуға болады. Синтаксистік амал-тәсілдер тұрақты, еркін тізбектерге ортақ жол. Дегенмен фразеологизмдердің жеке сөзге жуықтығын тек шарт-шамамен ғана бағдарлау жөн.

Фразеологизм және мақал-мәтелдер

Тілдегі мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркесіне жатады. Бірақ, барынша тар ұғымда алынатын ФЕ-лер мен мақал-мәтелдердің арасында үлкен айырым бар. Мақал мен мәтел ФЕ-ден өзінің сөз қолданыс, мағыналық жағынан ерекшеленіп тұрады. Ішкі мазмұны, сыртқы түрі жағынан яғни өздерінің семантикасы, грамматикалық құрылысы жағынан мақал-мәтелдің ФЕ-ден елеулі айырмашылығы бар. ФЕ-ге кейбір ұқсастықтары бола тұрса да, мақал-мәтел сөз саптаудың дербес түрі болып есептеледі. Демек, олардың өздеріне тән лексика-семантикалық, грамматика-стильдік ерекше (релеванттық) белгілері бар. Сол ФЕ-лердің бір саласы — ф. түйдекке тән белгілерді қысқаша былай тұжырымдауға болады: ф. түйдек, жоғарыда айтқандай, құрамындағы элементтері іштей кірігіп, жеке компоненттердің семантикасына тікелей қатысы жоқ, тұтасқан бір шоқ мағына береді; ф. түйдектің едәуір бөлесі, көбіне, екі-үш элементтен тұрады; ф. түйдек акцентуация жағынан біркелкі келеді. Бұл топтағы ФЕ-лердің басым көпшілігі, әсіресе екі компоненттісі, интонациялық бірлікте болады да, бір-ақ екпінге бағынады.

Белгілі бір фразеологизмнің (көбіне, ф. тіркестің) мағынасы сыртқы тұлғаға мүлдем қалыс деуге болмайды. ФЕ мен мақал-мәтел бір-бірінен өздерінің мазмұны жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да сараланып тұрады. Мазмұны жағынан мақал мен мәтел атаулының дені игі қасиеттерге үндеу, уағыз-өсиет сипатында болатыны мәлім. Мақал-мәтел нақылға, жөн сілтеуге ойысса, ФЕ-лер тек атауыш—бейнелеу мәнде келеді. Осы себепті де, мақал мен мәтел синтаксистік жағынан ФЕ-ге қарағанда анағұрлым күрделі. Мақал-мәтел қаншалықты ауыс мағынада қолданылғанмен, құрамындағы сөздері өзінің негізгі лексикалық мағыналарынан айрылып қалу қасиеті бөлек. Осы ерекшелігіне байланысты тіл процесінде ФЕ мен мақал-мәтел әр түрлі тәсілде қолданылады. Бірер иллюстрация: «өте тез, шалшаңдықты» білдіретін *қас пен көздің арасында* деген ФЕ акцентуациясы жағынан екі ритмдік (ырғақтық) топқа бөлінеді: *қас пен көздің//арасында* немесе *қас пен//көздің арасында*.

Құрамындағы жеке бөлшектері өзгеше бір лексика-грамматикалық параллелизм түрінде келген ФЕ де осы қатарға қосылады. *Сүтпен еніп, сүйекке сіңген* деген тіркесте мағынасын бұзбайтын жарыспалы екі топ бар: а) *сүтпен еніп*, ә) *сүйекке сіңген*. Параллель топтар өз ішінен тағы да құрама элементтерге бөлінген. Солардың жетекші екі топ компоненттерінің грамматикалық тұлғалары біркелкі келіп, әрбір параллель топтың акцентуациялық-ритмикалық дербестігі сақталған.

ФЕ құрамындағы сөздердің санына келетін болсақ, олардың бұл ретте тым шектеулі екенін (мақал-мәтелдермен салыстырғанда) ерекше атап өту қажет.

Тонның ішкі бауындай («ашына, жақын»), *ауыз жаласу* («ниеттес»), *бос белбеу* («тоғышар» немесе «икемсіз, салақ»), *ашық*

ауыз («аңғал, аңқау»), ашық қол («мырза, жомарт»), жұлдызы қарсы («өш, араз»), санын соғып қалу немесе бармағын тістеу («өкіну»), салы суға кету («еңсесі түсу») тәрізді ФЕ-лер ең көп айтылатын типке жатады. Бұдан біз фразеологизмдер екі немесе үш компоненттен құралатындығын көріп отырмыз. Ал мақал мен мәтелдердің бәрі бірдей бұл іспеттес болып келе бермейді. Мәтел—өзінің құрамы жағынан мақалдан гөрі ФЕ-ге жуық тұрады. Мәтелдің бұл ерекшелігі, сірә, оның мағынасына байланысты болу керек. Едәуір зерттеушілердің пікірінше, мәтел белгілі бір ұғымды меңзеп атаса, мақал сол ұғымның өзіне тікелей білдіреді. Орыс халқы «мәтел — гүл, мақал — жеміс» деп, тауып айтқан. Мақал-мәтелде ұғымнан гөрі кесек ой басым жатады. Сондықтан да бұлар сырт тұрқы жағынан сөйлесім түрінде келеді деген концепцияны қолдау орынды¹¹. Мақал-мәтелдің ішінара ортақ, айырым қасиеттерін, тұлға, мағыналық классификациясын, дыбыс үйлесімдерін, оларда кездесетін қайсыбір сөздердің төркінін, өзге тілдер әсерімен жасалғандарын, әдеби тіл жүйесіндегі орнын, т. б. үніле зерттеу де—басты міндеттердің бірі. ФЕ-лер мен мақал-мәтелдердің арақатынасы жайында мыналарды да айтуға болар еді. Фразеологизмдердің (ең алдымен ф. түйдектердің) басқа құбылыстарға қарағанда, окшау ерекшелігі бар екендігін ескеруіміз керек. Бірнеше сөздің тобы ФЕ болу үшін өзгеше бір тілдік ситуация қажет тәрізді. Бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударып алынуға тиісті (лингвистикалық калька) сөздерді еске алмағанда, ФЕ әсіресе, ф. түйдек мақал-мәтел, жұмбақ сияқты тезбе-тез жасала қолтан құбылыс емес. Өйткені, мәселен, идиомның (ф. түйдектің) шеңберіне енген сөз десемантизацияға ұшырап, өзінің тікелей мағынасынан айрылуы үшін, белгілі бір мерзімдік, әрі тіл дәстүріне лайық ерекше шарт керек сияқты. Әр тілдің өзіне тән ФЕ-лері болу үшін бұдан басқа сол тілге ие халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-күйі, мәдени дәрежесі де негізгі орын тебе алатындығы өзінен-өзі белгілі. Тілдің қат-қабат өзге салаларына ортақ осы факторлардың сөйлеу процесінде әр қырынан аңғарылуы—қызық мәселе.

Кейбір мақал-мәтелді заманның ағымына қарай өзгертіп айту, я тыңнан жаңа мақал шығару сөздердің идио болуынан анағұрлым оңай. Заманның нақтылы бір тілегіне сай шыққан мақалдар толып жатыр. Бұған мысал ретінде қазақ әдебиетінің кеменгері Абайдың, тағы басқа ой иелерінің мақал болып кеткен нақыл сөздерінен көптеп мысал келтіруге болады. Бұл — әркімге де белгілі нәрсе. Тек мынаны атап кетейік: *Әдет — әдет емес, жән әдет* деген мақал түркі тілдерінде араб жазуынан жаңа латын жазуына көшерде жиі қолданыла бастады. Бұдан келіп, біз ФЕ-лер заманнан тыс, әлеуметтік ортадан тыс, бейтарап жасала береді дегелі отыр-

¹¹ Бұл жөнінде біз В. П. Жуковтың пікірін қолдаймыз. Ол автордың «Словарь русских пословиц и поговорок» (М., 1967) атты кітабын қараңыз. Сөз орайы келгенде айта кетелік: осы тақиялетті қазақша паремнологиялық сөздік жасаудың толғағы жеткен мәселе екенін ескертеміз.

ғанымыз жоқ. Мақал тәрізді тізбектер — «кешегі» күннің жемісі, бұлар түгелімен бертінде шыққан мұра дегіміз де келіп отырған жоқ. Қазақ тілі өз алдына дербес тіл болғаннан бері қарай келе жатқан мақал-мәтел өте көп. Мақал-мәтелдер сан жағынан да, сапасы, көркемдігі, тапқырлығы жағынан да бір ғажайып құбылыс екені әркімге аян. Біздің айтайық дегеніміз: сөздер белгілі бір лингвистикалық дәстүрге ие болып, фразеологиялық дәрежеге жету үшін, ол сөздер сол белгілі фразеологизмге тән қасиетке ие болуы керек. Белгілі топтағы сөздер, басқа тізбектерге қарағанда, басынан көп уақыт, біраз дәуірді өткізіп барып қана ФЕ дәрежесіне келе алады. Мекен, мезгіл факторы көп құбылысқа ортақ екені рас. Сол ортақ қасиет тілдің ерекше бір ішкі заңдарына ұласа барып, ФЕ категориясы пайда болары хақ.

ФЕ-нің кей типтері үшін сөздің туынды мағынада қолданылуы ғана емес, сөздің «абстрактыланып» десемантизацияға ұшырауы шарт. Бірақ, ол (компонент сөз) формант (қосымша) дәрежесінен, әрине, алшақ тұрады. «Қас пен көздің арасында қайда кетіп қалды» дегендегі *қас пен көздің арасында* деген—фразеологизм. Ал «сен көзінді ашып, жұмып тұрғанда жұрт барар жеріне жетіп қалды» дегендегі *көзіңді ашып, жұмып тұрғанда* дәл осы контексте фразеологизм бола алмайды. Немесе: «Матайдың сөзінің басы таудай болса да, аяғы сиыр құйымшақтанып келіп, қылдай болып кетті» (М. Әуезов, «Еңлік—Кебек») дегендегі *сиыр құйымшақтанып* деген де — фразеологизм. *Түйе үстінен сирақ үйтті; түлен тұртіп отыр; қара қылды қақ жарып (қара қылды қырық тіліп); сыр суы сирағынан (сыр суы жұлығынан), төбеңнен құй қазып отырғаным жоқ* сияқты сөз тізбектері де ФЕ болып есептеледі.

Бұл фразеологизмдердің қай-қайсысы болса да ертеден келе жатқан, ғасырлар бойы осы қалпында ауызекі тілде айтылып, бертін келе әдеби тілімізге (жалпы жазба әдебиетке) де еніп, ұрпақтан ұрпаққа көшкен, туынды мағынада қолданылатын айрықша сөз топтары деп түсінуіміз керек. Оларды дәуір-дәуірге бөліп топтастыру қандай қиын болса, қолма-қол ФЕ жасай салу, тыннан мұндай жаңа сөз тізбектерін туғызу да сондай қиын. Сондықтан «мына фразеологизм XV не XIX ғасырда шыққан, пәлен идиомдарды ана жазушы шығарған, мына біреулері — осы заманның жемісі», — деп айтуға тіпті де болмайды.

Қорыта келгенде, мақал мен мәтелдің өздеріне тән айырым белгілері болады, сондықтан да олар тіл жүйесінен өзіне сай орын тебеді.

Мақал-мәтел мен ФЕ-лерді сырттай жақындастыратын белгілер де бар дедік. Мақал-мәтелдің ФЕ-ге ұқсастығы ең алдымен компоненттер тұрақтылығымен көрінеді: мақал-мәтел компоненттерінің де орнын ауыстыруға өсте болмайды. Едәуір зерттеушілер осы жағдайды еске ала отырып, мақал-мәтелді тіпті фразеология аясына енгізуді мақұл көреді. Бұл концепцияны қостауға болмайды.

Бір көңіл аударарлық нәрсе — мақал мен мәтел синтаксистік жағынан болсын, морфологиялық жағынан болсын, сол баз баяғы бір қалпында, құбылмай, өзгеріссіз қолданылады. Айталық, есім, етістік тұлғасындағы: *көп білсең де, көптен артық білмейсің; жаман туғаның болғанша, жақсы жолдасың болсын* тәріздес мақалдар айтылудағы синтаксистік, стилистикалық түс-таңбасына (атап айтқанда «де» етістігімен келетіндігіне) байланысты тілде ешбір өзгеріссіз, штамп түрінде қолданылады. Тар мағынадағы фразеологиялық единицалар (ФЕ-лер) бұл ережеден ауытқып кетеді. Мәселен, есім мен етістіктен жасалған ФЕ-лердегі жеке сөздерді түрлендіруге әбден болады. Мұндайда тіркестегі сөздер контекстің әуенімен морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Демек, оларға әр алуан қосымшалар (жалғау, жұрнақтар) жалғап, құбылта беруге болады. Мысалы, *беті қайтып қалды, жүрек жалғап алды* деген ФЕ-лерге түрлі тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғап, тұлғаларын өзгерте айтуға болады (*бетім қайтып қалды, жүрегін жалғап алды*, т. б.).

Фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркес

Қазақ тілінде, барлық басқа тілдердегі сияқты, ф. түйдек емес (идиом емес), фразеологизмдер орасан көп. Бұлар да идиом секілді орын тәртібі жағынан тұрақты. Бірақ, мағыналық тасалану, тасаланбауы, яғни құрамындағы сөздері өзінің тура мағынасын сақтауы, сақтамауы жағынан ф. түйдектің ф. тіркестен елеулі айырмасы бар. Олар жайында қысқаша жоғарыда айтылды.

Бұл екеуі де белгілі сөз тізбектері: түйдек тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айрылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі фразалық мағынаны білдіреді. Басқаша айтқанда, түйдек ішіндегі компоненттер өзінің бастапқы лексикалық сипаты мен семантикалық қасиетін жоғалтады да, сырт сиқын ғана сақтайды. Сөйтіп, оның компоненттері ширала келе, негізгі бір кесек, фразеологиялық единица тұрпатында болады. Синтаксистік қызметі де—бір тұтас: көбіне дерлік, сөйлемнің нақтылы бір ғана мүшесі дәрежесінде жұмсалады. Ф. түйдектің беретін мағынасы оның жеке сыңарларынан шығатын мағынамен байланыспауына бірер мысал: *қабырғаңмен кеңес; жүрек жалғады; қырғи қабақ болды; тонның ішкі бауындай. Қабырғаңмен кеңес* дегеннің мағынасы «қабырға», «кеңес» деген сөздердің тікелей мағынасынан туып отырған жоқ (мұның беретін ұғымы «ойлан», «асықпай-саспай ойлан»), не болмаса *жүрек жалғады* (мағынасы «азын-аулақ ас ауыз тию», «жеңіл-желпі тамақ ішіп алу»); *қырғи қабақ болды* (мұның мағынасы «араздасу», «өкпелесу», «қырын қарау»); *тонның ішкі бауындай* («өте тату», «жең ұшынан жалғасқан», «әкей-үкей»). Осындағы келтірілген әрбір түйдек сыңарлары тұтасып барып қана, өзара бір шоқ жаңа мағына туғызып тұр. Түйдек

тіркестерді ішіндегі элементтеріне қарай талдау жасап, бірін екіншісінен жырып алуға болмайды.

Ал, ф. тіркес ішіндегі сөздер негізгі мағынасынан жарым-жартылай ғана айрылып қалады. Мысалы: *белін қынай буынды, ата жолын құды, егіліп жылады, шалқар көл, жосадай қан, мидай дала.*

Сөздердің ф. түйдек тобы болсын, ф. тіркес тобы болсын, екеуіне де ортақ қасиет — тиянақтылық. Бұл екеуінің де компоненттері өзара бекем орынға, белгілі тәртіпке не болуы шарт; компоненттер бөтен сөздерге жанаспай, олардан бойын аулақ салып, өзінің арнаулы сөздерімен үйірлес келеді. Демек, «егіліп» дегенді «жылады» дегеннің алдына қоюға болады, «қынай» деген сөз «буынды» деген сөзбен жанаса алады. Сол сықылды *қырғи қабақ болды, қырық пышақ болды, ақ түйенің қарны жарылды, жауырды жаба тоқыды, менің сағым сынды* деген тізбектердегі компоненттер де осы сипаттас. Әсіресе, соңғы екі ФЕ-нің компоненттері өзара тығыз байланысты: «тоқы» деген етістік тек осы тізбектегі сөздермен ғана («жауырды жаба тоқыды») жанаса алады; *сағым сынды* дегендегі «сақ» сөзі де «сынды» стістігімен ғана жанаса алады.

Ф. түйдек пен ф. тіркестер тілдегі қолданылу сәтіне қарай бағзы уақыт бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады. Бұл екеуінің кей ретте шегін белгілеп, ажыратып алудың өзі қиын. Мәселен: *күлін көкке ұшырды, жермен-жексен болды, жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды, салы суға кетіп отыр, санын соғып қалды, бармағын шайнап қалды, төбе шашы тік тұрды* деген тізбектердің бәрі де бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынаға ие болып тұр. Мұндағы *жермен-жексен болды* дегендегі «жексен» сөзі парсы тілінде «бірдей», «тегіс» деген мағынаны білдіреді, яғни «жер бетімен бірдей етті» («көзін жоғалтты, құртты») деген мағынаны беріп тұр. *Санын соғып қалды* деген тізбектің мағынасы да метафоралық мағына («өкінді, күйінді, қапыда қалды»); *жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды* деген екінші — жанама, туынды мағына беріп тұр. Сол сықылды *салы суға кетіп отыр* дегенді де басқа мағынада қолданып отырмыз. Егерде бұл сөздерді «салының суға кетуі» мағынасында тікелей түсінсек, ФЕ бола алмайды.

ФЕ-лерді сөздердің қалыс лексикада жеке тұрғандағы мағынасымен түсінетін болсақ, бұлар қарапайым сөз болып кетеді, не мағынасыз, мәнсіз, бірдене болып шығады. Айталық, *қол көтерді* деген сөзді ынғайына қарап (контексттегі қолданылуына қарай) тікелей мағынасында да, туынды мағынасында да айтуға болады. «Біз жол-жөнекей өтіп бара жатқан машинаға *қол көтердік*» десек, мұндағы *қол көтердік* өзінің тікелей мағынасында айтылып тұр; «біз оны жақтап *қол көтердік*» десек, мұндағы тізбек жанама мағынада айтылып тұр. Ал *жүрек жалғап алайық, мойнына су құйылып отыр, бетіне қара күйе жағылды, бит ішегіне қан құйып отыр, бір тарының қауызына сыйғызды, бүйрегі бұрды, су жүрек,*

сары ізіне шөп салып отыр деген тізбектерді сөздердің тура мағынасымен айтып отырғанымыз жоқ. Сол себептен бұл тізбектерді құрап тұрған жеке элементтердің мағынасы осы тұрған қалпында дербес референттік мағына бола алмайды. Сондықтан екі немесе бірнеше сөздің түйісіп келіп, ф. түйдек болуы үшін, ол компоненттердің өзара байланысынан туатын мағынадан мүлдем басқа айтылуы керек. Сөйтіп, ф. түйдек пен ф. тіркестің өзара айырмасы бұл екеуінің құрамындағы компоненттерінің дара қолданылған күйдегі негізгі (тікелей) мағынасынан айрылу, айрылмау дәрежесінен көрінеді.

Егерде ф. түйдек, ф. тіркес сөздер «трансформация» өзгерістері нәтижесінде пайда болады десек, осыдан туар тағы бір ерекшелікті байқаймыз. Ол — ФЕ-лерді өзге (құрылымы бөлек) тілге аудару мәселесі. Бұл жөніндегі практикада белгілі бір сөйлем ішіндегі сөздің алдымен лексикалық мағынасын есте тұтамыз. Осы тұрғыдан пайымдасақ, балама (эквивалент) деген мен теңдес (адекват) дегеннің ара салмағын ажырата қарау мақұл. Мәселен, «палец о палец не ударить» сияқтыны *екі қолын қусырып отыру* деп аударуды әркім-ақ қолдайтын болар. Осы ізбен «слона-то не приметили» дегенді *көрмес пілді де көрмес демей, көрмес түйені де көрмес* деген анағұрлым ұтымды емес пе? Олай болса, «делать из мухи слона» дегенді *түймедейді түйедей ету* десек, кім күмән келтіреді?

Сөздің қысқасы, бұл жайлы проблемалар қыруар. Филологтардың назарынан тыс қалмайтын мәселе — осы аудару принциптері мен практикасы. Қорыта айтқанда, тиянақты тізбек әрдайым фразеологизм бола бермейді, ал фразеологизм тиянақты тізбек болмасақ шарасы жоқ.

Фразеологизмнің кейбір стильдік ерекшеліктері

Қазақ тіліндегі сан алуан тізбектер нақты қолдану ретіне қарай бірде фразеологизм, бірде еркін тіркес ренкінде келе береді. Мысалы, *көз қырын салды* деген тіркесті сөз ішінде *ауық-ауық көз қырын салып қойып отырды* дейтін болсақ, еркін тіркес болады да, *балама көз қырыңды сала жүр* десек, тұрақты тіркес боп шығады. Сол сияқты *бармағын тістеді* дегеннің тура мағынасы «бармақ саусағын ауызға салып тістеді» болса, ауыс мағынасы — «қатты өкінді», «опық жеді», *мұзға отырып қалды* дегендердің де беретін негізгі, тура мағыналарынан басқа. «алданып қалды», «құр алақан қалды» деген сияқты ауыс мағыналары бар.

Еркін тіркестер үнемі экспрессив мағына бере бермейді. Белгілі бір тізбектің әрбір мүшесі кез келген басқа бір сөзбен еркін жалғаса келе, әр алуан лексика-грамматикалық тұлғаларға ие болады. Басқаша айтқанда, еркін тіркес сөйлеу процесінде қатаң меже дегенді білмейді. Өз маңындағы басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, лексика-семантикалық және стилистикалық

тұрғыдан жаңғырып отырады. Тұрақты тіркес ішіндегі сөздер бұлайша «еркін» қимылдай алмайды; сөздің лексика-грамматикалық өрісі «табиғаты жалқы» тіркеске тәуелді болады. Сөз тізбектері өзгеше бір лексика-грамматикалық «қалыпқа» түсіп, осы тұлғада тұрып қана белгілі бір семантика-стилистикалық қызмет атқарады. Алайда семантика-стилистикалық жағы «жіліктің майлы басы» екен деп тұжырым жасауға болмайды. Тұрақты сөз тіркесінің грамматикалық тұлғасы мен дыбысталу жағына мән бермеу әбестік болар еді. Бұлардың бәрі де—өзара бір-бірімен байланысқан, бірінсіз екіншісі өмір сүре алмайтын құбылыстар.

Қоғам, тіл несі — халық нақты өмір сырын, шынын тіл арқылы біледі. Ана тілінің тағдырына, өткен-кеткеніне, болашағына немқұрайды қарамайды. Халық жүйесін тауып сөйлеуді мақұл көреді. Сөзді, сөйлемді орынды қолдануды ұнатады. Сөз мағынасын, сөйлем сазын, қат-қабат еркін, тиянақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халық сұрыптап, өз ой елегінен, өмір талқысынан өткізіп отырады. Мол тіл қазынасының бір алуаны — фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын сөз еткенде, ең алдымен олардың стилистикалық қызметі көзге түседі. Бұл түсінікті де. Некен-саяк кездесер бірді-екілі фразеологизмдерді есептемегенде, тиянақты тізбектердің бәрі дерлік өзгеше стиль қызметін атқарады десек, қателеспейміз.

Біз сөз етіп отырған фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі ролі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі көп жағдайда осы стильге ойысып отырады. Осының нәтижесінде сөз, сөз тіркестері, сөйлем өрісі кеңейіп отырады. Сөйлеушінің айтпақ болған ойы айқындалып отырады. Тыңдаушы мен оқырман қауымға жатық та түсінікті болу үшін фразеологизмді сөйлеуші не жазушы стиль жағынан әр саққа жүгіртіп, шебер қолдануға тырысады.

ФЕ-лердің сан салалы типтерін орынды қолданғанда ғана сөйлем сазына, тіл жүйесіне, сөйлеу практикасына нұқсан келмейтін болады. Мысқыл-кекесін болсын, налу-жабырқау болсын, алғыс-қарғыс, т. б. болсын, — бәрі де фразеологизмдерді шебер қолданудан келіп шығатын құбылыстар. Әзіл-оспақ, ойнақы қалжың тұсында кей фразеологизмді тұспалдап, екі ұшты мән беру де әредік кездесіп қалады. Мәселен, (пәленшенің) *құлағына алтын сырға* тіркесін оңтайына қарай олай да, былай да қолдана беруге болады: мұның «есітпей-ақ қойсын», «тындамай-ақ қойсын» деген мағынасына қайшы келер жайт та кездесіп қалады. Құрдас кісілер: «Мен саған бір әңгіме айтпақ болып келдім, келіншегінің *құлағына алтын сырға*» дегенді мысқыл ретінде керісінше де қолдана береді.

Стильдік функцияда аса ойнақы мәнде қолданатын үлкен бір арна — ол синонимдер. Бұл қасиет мақал-мәтелдерден де жиі кездеседі. Ауыз әдебиетінде *астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп* (аяғымен жер тіреп, маңдайымен көк тіреп) сияқты әсірелеу әркімге-ақ мәлім. Сол сияқты, *ашуы жауған қардай, шөккен нардай* немесе *ақылы балқаш, ашуы дүлей*. ФЕ саласында «жырақ

жер, қиыр шет» ұғымын *ит өлген жер, ит арқасы қиян, ит жеккен* (жер), *көз көрмес, құлақ естімес жер*; «парақор», «жалмауызды» *аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жалмады* немесе *түйені түгімен жұтты*; «татулықты» *арасы майлы қасықтай* (арасынан қыл өтпейді) немесе *тонның ішкі бауындай*; «өр көкірек адамды» *деміне* (*кеудесіне*) *нан пісіріп, көзін шел басып, аяғын алшаң басып* деп айта береміз. Ой жүгіртіп қарасаңыз, әр синонимді фразеологизмнің аздап болса да өз бояу-сыры бар. Синонимнің теориясында бұл мәселенің басы ашық: түгелімен бір-біріне жүз процент сәйкес келер синонимдер жоқ есебі. Дәлме-дәл сәйкестікті көздесек, синонимия дегеннің тілге еш қажеті де болмас еді.

Фразеологизмді стильдік тұрғыдан пайдаланудың бір ұшығы сөзді мәнерлеп сөйлеуге байланысып жатыр. Тілде сирек кездесетін, көнерген сөздің өзі де баз уақыт құйқылжыта, қыбын таба қолдану да осы стильдік тәсілге апарып соғады. *Аузын айға білеген* деген әсірелеудің, *атау-кереңді іш* деген қарғыстың, *ұлық болсаң, кішік бол тәрізді* нақылдың, *жұмыртқадан жүн қырыққан* (*қу бастан қуырдақ ет алған* немесе *иттен де бір сүйек қарыздар*) деген кекесінің сыр-сипаты стильдік функцияда жатыр. Стиль өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын дүние десе де болады. Бір қызығы: фразеологизмнің денін көркем шығарма (соның ішінде фельетонда) жиі қолдану кездейсоқ емес. Тура мағыналы ғылыми әдебиетте мұндай сөз қолданыс үрдісі атымен жоқ десе де болады. Ажуда, мысқыл бар жерге стильдік әдіс әмпей-жәмпей үйлесе кетеді. Аналогия, сырт пішінді де өз орнында стильдік тәсіл мән-мәнісімен икемден те жібереді, «өзінің өзгеріссіз күйінде» дегенді жағымды мән бере *қаз қалпында* десе, күйкі, жағымсыз мән бергісі келсе, *таз қалпында* деп, оп-оңай антоним жасау дағдысы да жоқ емес.

Осы тұста айта кетер тағы бір жайт бар. Сөз тізбегіндегі сөздердің дағдылы орын тәртібін бұзғаннан стиль үшін келер-кетер зиян жоқ деген пікір — жаңсақ пікір. Неге десеңіз, тіл традициясындай мықты орныққан құбылысты коммуникатив әлемінен табу тым-ақ қиын. Қиын емес-ау, мүмкін емес. Дегенмен, бірер фразеологизмдерде инверсия құбылысы қолданылады, ФЕ компоненттерінің орын тәртібіне өзгеріс енгізіледі. Бұл жағдай неден келіп шыққан? Мұның лингвистикалық себебі де жоқ емес. ол — десемантизация деп ойлаймыз. Сөз мағынасы күнгірттенсе немесе басқа мағынаға көшіп кетсе, орын тәртібін өзгерткеннен мағына ойсырамаса, неге «трансформация» жасамаймыз деген ой туады.

Қазақ әдеби тілінің орфографиясы, стилі, аударма принципі, терминология, тіл мәдениеті туралы газет, журналдарда ауық-ауық айтыс мақалалар шығып тұрады. Бұл жақсы дәстүр. Осыған байланысты кей фразеологизмдер де әредік сөз болып тұрады. Бұл да теріс емес. Математикада екіні үшке қоссаң да бес, үшті екіге қоссаң да бес болады. Лингвистикада бұл ереже кей жағдайда бұзылып та кетеді: «минус» пен «плюстің» басы қосыла қалса, сон-

ғысы басым шығады; *жаман мен жақсыны* екпін ырғағын тұтастыра айтсаңыз «тым жақсы» болып кетуі ғажап емес. Ал, өзгеркін тіркеске келсеңіз сөз басқа: *ол кеше келді — кеше ол келді, ол театрға барды — театрға ол барды*. Осы жерде орнын ауыстырудың лексикалық мағынаға тиер шарпуы жоқ, бірақ логикалық екпінге нұқсан келіп тұр (инверсия логикалық екпінді өзгертпін тұр).

Логикалық екпін табиғаты бөлек тиянақты тіркестерге, кейбір мақал-мәтелге зейін қоялықшы: *арқа еті ариша, борбай еті борша; мойны ырғайдай, бигі торғайдай; ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жұтады, т. б.* Әр тіркестің жарыспалы сыңарларын бұрын қой, соң қой, — одан «логикалық» желіге нұқсан келмеуі мүмкін. Бірақ, оларды (сыңарларды) ауыстырғанда өгіз өлмегенмен арба сынуы кәдік. Ғасырлар бойы қалыптасқан катан тәртіпке қол сұққанда табар пайдамыз жоқ. Жұтқан жұтамас деп, «аяқты жалмады» не, «шанақты жалмады» не деп, құйқылжытудан ұтарымыз жоқ. Сол сияқты *барар жер, басар тауы қалмады* (бармаған жерім, баспаған тауым жоқ) деген тіркестің жайы да солай. Дағдылы тіл құбылысын (біз осы тиянақты тізбектерге жанасқан мәселені айтып отырмыз) қажет-мұқтажсыз тайғанақтату керек. Мұндағы бір хауіп: көрінген кісі өз ырқымен құбылта берсе, тіл қадірі болмайды. «Таспен жапалақты ұрса да, жапалақпен тасты ұрса да жапалақ өлері» хақ. Солай екен деп, *аузы-мұрны қисаймай дегенді*, мұрын байғұстын не жазығы бар деп, *мұрын-аузы қисаймай* десек не болар еді. «Логика» дегенді қусак, «жата қалып төбелесті» дегенге де мін қоя аламыз: жатқаннан кейін қалай төбелеспек, ал төбелесетін болса, неге жатады? Осы әуенмен кете барсақ, *әйелі ұл тапқандай қуанды* дегенді «қыз тапқандай...» деп неге айтпаймыз деген де ой туады, *құлаққа ұрған танадай* неге талмау, жанды жерін атай «тұмсыққа ұрған танадай» демейміз. Бір жас автор жаңылыс айтты ма, жаңсақ айтты ма, оны «құдай» білсін, *қызғыштай қорыды* дегенді *қырғидай қорыды* депті. О заман да бұ заман қырғидың қорығанын есіткен адамның құлағы керек болар; қырғидың кәсібі — қыру. Мұндай бойлауық мінезге, әрине, тыйым салу керек.

Совет тұсында өркендеп өскен кең өрісті ана тіліміздің әдебиет, мәдениетіміздің тағдыры туралы келелі пікір айтқан кісілерге әркім де риза. Бұл жерде айтысқа түсу орынсыз. Тек фразеологияның бір «уақ» мәселесіне ат үсті болса да жолай соғып кеткіміз келеді. Бәлкім, оның стилистикаға қатысы да болар.

Тиянақты тіркестің өн бойы тілдегі, сөйлеудегі өз ешкісіне тиер меншік қасиеті — стильдік ерекшелік деп әлденеше рет айттық. Әрбір фразеологизмнің қолдану әлпетін, күллі стильдік қызметтерін толық документация негізінде сипаттап шығу — келешектің жұмысы. Фразеологизмдердің бірер стильдік қызметін атаудағы көздеген мақсат жамғыз-ақ: стилистика тіл салаларының (ярустарының) баршасын орынды пайдалануды көздейді, сөз бен сөз тір-

кестері стиль амалы арқылы екшеленіп отырады, көп жанрлы әдебиетіміздің, дамыған әдеби тіліміздің жан-жақты өрбуіне көркем сөз шеберлерінің қосары көп. Жанрлардың шыңдалу сыры да көп жағдайда, осы стильге ұштасып жатады. Әрбір әдеби тілдің икемді қабілеті, көркемдік қасиетін білудің бас белгісі, эталоны — осы стильдік ерекшеліктерге тәуелді. Көркем, ғылыми, т. б. стильдердің саралануы лексика, фразеология, грамматика, фонетика нормалары орнығуына, ұлт әдеби тілінің шын мәндегі мұқалмас қатынас құралы болуына даңғыл жол ашады. Сондықтан да жазба әдебиетіміздің, оның ауызекі баламаларының, неше қилы ситуацияда қолданылу жай-жапсарына құлақ түре отыру, үніле зерттеу баршамыздың борышымыз. Фразеологиялық байлықтың бұл ретте тигізер себеі бар. Бұл байлықты негізгі лексикалық қорға жатқызамыз ба, жоқ лексикалық құрамға жатқызамыз ба деген схоласикалық айтыс-тартыстан гөрі нақтылы фактілер негізінде қонымды қорытынды, теориялық талдау жасау анағұрлым ұтымды. Бірақ бұған қарап, фразеологизмдер негізгі сөздік қорға енді, әрі олардың бірі қалмай, қазіргі тіліміздің грамматикалық ережелеріне дәл келеді деуге әсте болмайды. Бұл мәселе фразеологиялық түйдек, тіркестердің тілде қаншалықты жиі, сирек қолданылуына, өмірлік маңызына, жалпы халықтық сипатына, т. б. қарай жеке-жеке анықтала шешілуі тиіс.

Нақты бір тұрақты сөз қолданыс тәсілі, фразеологиялық мағына томаға-тұйық бөліне қаралмай, өзара байланысты зерттелгені мақұл. Басқа құбылысты да ескере отырған жөн.

Фразеологизм және көнерген сөздер

Қазіргі тіліміздің нормасы тұрғысынан қарағанда фразеологизмдердің құрамында бірқыдыру лексикалық, грамматикалық архаизмдер кездеседі. Мысалы: *шопан ата, ойсыл қара*, т. б. төрт түлік малдың жоғарыда көрсетілген мифтік лақаптары; сол сияқты *қатеріңіз жан болсын* немесе *қатер жан болыңыз* (ауызекі тілде *қатеріңіз жанбасын*) деген фразеологизм — «алаң болмаңыз, көңіліңізге еш нәрсе алмаңыз»; *кежегесі кейін тартты* — «тыңдамады», «қырсықты», «мойны жар бермеді»; *күйсіз күлік жүгірмес* — «күйі жоқ жүйрік шаба алмас». Осы фразеологиялық тізбектердегі «шопан», «ойсыл», «жан болсын» немесе «жанбасын», «кежеге», «күлік» сияқтылар — көнерген сөздер. Олар көнеленіп, лексикалық архаизмге айналып бара жатыр.

Ал, бұл тәрізді ерекшелік грамматикадан да кездеседі. Мысалы: *береген қолым алаған; обыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі*. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін (көреген кісі, сүзеген бұқа, тебеген ат, қашаған бие, т. б. салыстырыңыз); *-а+ған* (алаған, береген), *-е+ді* (бүледі) форманттарының бұл жерде атқарып тұрған қызметі грамматиканың қазіргі нормаларына сәйкес емес; түркі тілдерінде *-а+ған* тұлғасы — есімшенің көнеленген

көрсеткіші екендігі белгілі; ал, *-e+di* болып біткен тұлға — үшінші жақтың жіктік жалғауы. Соңғы тұлға қазақ тілінің осы күнгі нормасына әбден сай келе тұра, «бұл» деген өлі лексемаға ерекше тәсілмен тіркелген. Әдетте «бұл» сөзі етіс жұрнақтарының бірін араға салып барып қолданылады (қараңыз: бұл-дір-е-ді; бұл-ін-е-ді, т. б.). Бұл сияқты ерекшелік М. Қашқаридың сөздігінен анық байқалады: *ол йәріг түзді*—«ол жерін түзуледі» (II, 16); *жағырлығ ат чыжды*—«жауыр ат шыжбыңдады» (II, 16); *қој төләді*—«қой төлдеді» (III, 286); *ол атығ кішәді*—«ол атын кісендеді (байлады)» (III, 283); *ол йайлағда күзәді*—«ол жайлауда күздеді» (күзді жайлауда өткізді) (III, 281), т. б. Демек, жоғарғы фразеологизмдегі «бүледі»—көне форма екендігі шүбә тудырмайды.

Бұл тәрізді грамматикалық архаизмдерді өңге жанама қатысы бар құбылыстарға қарап түсіне алудың қажеттігін көп авторлар атап кеткен-ді. Демек, архаизмдерді фразеологизмдердің бір белгісі деп түсінуге болмайды. ФЕ-дегі архаизмдерді басты өлшем етсек, басқа еркін тіркестерде кездесетін архаизмдер туралы не айтуға болар еді? Бұларда да өлі, өнімсіз жұрнақтармен барабар, белгілі дәрежеде өзге де көне көріністер байқалады. Мынаған қараңыз: сөз тудырушы өнімсіз *-ман* (мен) жұрнағы *аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп* деген мақалда да, *өлермен кісі* дейтін еркін тіркесте де көрініп тұр. Әйтсе де ФЕ-лерде көнелеген сөздер саны жағынан оншалықты көп емес.

Фразеологизм мен мақалдардағы архаизмге тағы да бірер мысал: а) ф р а з е о л о г и з м д е р: *кежегесі кейін тартып; кедейдің жеті қаңтарыуы болады* (бұл идиом түріндегі мақал); *жанын жегідей жеп...*; *еметайы (емешесі) езілді (құрыды)*; *жеті ата, жеті мұстан (пұстан)*; *күйсіз күлік; мәселім (мәселдем) қайтып қалды*, т. б.; ә) м а қ а л д а р: *атың қоран (қорен) болса — берді құдай, қатының қоран (қорен) болса — ұрды құдай; иттің аузына түскен сүйек соққа болады; киікті құралай бүлдірер, елді дүрегей бүлдірер; ел қадірін білмеген — зәнталақ, көл қадірін білмеген — дуадақ; батырдан сауға, мергеннен сыралғы; ерді кебенек ішінде таниды; екі тентек қосылса, саудай (саудайы) болар, екі мақұл қосылса, таудай болар*, т. б.

Сирек ұшырайтын сөздерді немесе түсінігі кем сөздерді архаизм деп есептеуге болмайды. Көнеленіп, тілден шығып қалғандарды ғана архаизм деу керек. Архаизмдер орнына, көбіне, басқа сөздер алынып, жалпыға түсінікті, жатық сөздер қолданылып отырады. Мәселен, жоғары көрсетілген «қоран» (қорен) деудің орнына «қомағай» деген сөз жұмсалатыны белгілі. «Ұры» мағынасындағы *қары* қазақ тілінде: «ұры-қары» деген қос сөзде де, *қасқиған қардан туады, салпы ерін нардан туады* сияқты тізбекте де кездеседі. Сол сықылды, *«жаман адам жақсы болмас қанша қыдыр дарыса да, жақсы адам жаман болмас қанша тұрып қарыса да»* дегендегі *қары* етістігі де архаизм болып есептеледі. Ал «кіші» деген сөздің мәтелде келетін «кішік» түрін де (ұлық болсаң, кішік

бол) көне сөздердің алғашқы тобына жатқызуға болады. Архаизм сөздер мен тізбектердің орнына үнемі жаңа сөз алынуы да шарт емес.

Мақал, мәтелдердің құрамында лексикалық жағын былай қойғанда, кейде грамматикалық форма жағынан да көнеленген, осы күнгі тілдің нормасына қайшы келетін сөздер де ұшырайды (мұндайда түбір сөздің өзі әлі көнеленбегенімен, оның грамматикалық формасының көне түрде кездесуі мүмкін). Мәселен, «кәрі» немесе «қарт» деген сөз осы күнгі тілде бар сөз, бұл әрине, архаизм емес. Ал *жақсы сыналумен жариды, жаман сыналумен қариды* немесе *ат жақсысы қартады, негізіне тартады* дегендегі «қариды», «қартады» формалары — көне формалар. Осы күнгі грамматикалық норма бойынша «қартаяды», «кәртейеді» түрінде айтылуға керек еді.

Ал, бұл сияқты қолдану тәсілі ерекшелеу құбылысқа тағы бір мысал: *мезгілсіз шақырған қораздың басын жұлмақ керек; ителгі етік боқтайды, қаршыға қазан қайнатады; бір сиыр тоғай боқтамас, тоғай оны жоқтамас*. Мұндағы «жұлмақ», «боқтайды», «боқтамас» дегендер тілімізде бар форма бола тұрып, өзгеше қолдануға кезігіп тұр.

Фразеологиялық мағынаның қалыптасуы

Өз бетімен жске қолданылмайтын, фразеологиялық тізбек ішінде ғана кездесетін кейбір сөз, тұлғалар жайында ескертіп өттік. Бұл жерде «жеке қолданылмайды» дегенді шартты түрде түсіну қажет. Өйткені, олар тарихи тұрғыдан қарағанда жалпы тіл қорында бола тұрса да, қазіргі жағдайда белгілі бір тіркесте ғана ұшырауын ескертіп отырмыз. Бұндай құбылысты тиянақты тізбектің өзге тарауларынан да байқаймыз. Қос сөзден де, біріккен сөзден де бұл бой көрсетіп қалады; *бала-шаға, некен-саяқ, үрім-бұтақ, қарақат, т. б.*¹² Осындағы «шаға», «некен», «үрім», «қат» компоненттерінің төркіні түркология әлемінде әлдеқашан-ақ ашылған: «шаға» (осыдан келіп «қызыл шақа», едәуір түркі тілдерінде бұл «бала» мағынасында), «некен» (монғолша «бір» мағынасында), «үрім» (бұл жерде «ұрпақ»), «қат» кей түркі тілдерінде осы қалпында тұрып-ақ «қарақат» мағынасын білдіреді). ФЕ жүйесінен мына мысалға көңіл бөлейік: *жауырды жаба тоқыды* («біреудің мінін елемеді»); *сағы сынды, жүрегі шайлықты* («беті қайтты, екінші қайтып беттемеді»; *көз шырымын алды* («біраз ұйықтап алды»); *ол түн баласына ұйқы көрмеді* («ол түн бойы ұйқы көрмеді») де-

¹² Қос сөз туралы біздің мақалаларымызды қараңыз: КазГУ-дың ғылыми еңбектері, 1946. IX т.; КазССР ҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия. 1950. № 82; Ұйғыр тілі фактілері негізінде қос сөздер Ә. Т. Қайдаров кітабында жан-жақты зерттелген (Парные слова в современном уйгурском языке. Алма-Ата, 1958); Аганин Р. А. Повторы и однородные парные сочетания в современном турецком языке. М., 1959.

гендегі «тоқы», «сақ», «шайлық», «шырым», «бала» сөздері әдеби тілде басқа сөз тізбектері ішінде айтылмайды десе де болады. Бұлармен бара-бар қазіргі тілде мағынасы өзге синонимдес сөздер де айтыла береді: *көз шырымын алу*—«көзін іліндіріп алу», «ұйықтап алу», осындағы «шырым» көне қыпшақ тілінше «ұйқы» сөзінің орнына жүрген.

Фразеологизмдердің ерекшелігіне байланысты мынадай тағы бір сұрақ туады: ФЕ-лерге тән семантикалық өзгешеліктің мәнісі неде? Бұл мәселе жайлы толық тоқтам басқа тілдердің фактілерін қамтудан келіп шығады. Жалпылай айтқанда, ФЕ-лердің (соның ішінде идиом) мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда өз құрамындағы компоненттерге апарары даусыз. Бұл тұжырым тосын көрінуі де мүмкін, бірақ басқаша түсінік, топшылауға жол жоқ. Фразеологиялық мағына тіл жүйесінен саяқ кетер дүние емес. Оның сырын, жасалу тәркінін сол әрігіректегі тіл құбылыстарының өзінен іздеу лазым. Айталық, *қас пен көздің арасында* («көзді ашып-жұмғанша»), *ит терісін басына қаптады* («дымын қалдырмай сөкті»), *аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты* («көк долы, тым ұрысқак, айтпаған сөз жоқ»), *жүрек жалғады* («өзек талмастай ғана болып тамақтанды»), *жұлдызы қарсы болды* («өшікті, араз болды»), *ақ түйенің қарны жарылды* («қарық боп қалды») деген сияқты сөз қолданыстардың туу себебін тілдің өз ішкі заңдарынан, қала берді экстралингвистикалық факторлардан іздеу керек. Ф. тіркес сыры тым-ақ айқын. Ф. түйдек мағынасының тәркінін тану анағұрлым қиын. Жоғарыдағы бірінші тізбек уақыттың мөлшері көздің ашылып-жұмылуымен немесе қас пен көздің ара қашықтығымен салыстырылып отыр. Басқа тізбектер де осы сияқты: жағымсыздық символы «ит» сөзі арбаның арысындай өзгелерді тұтастыра ұстап тұр; «жүрек» сөзі *жүрек жалғау* деген тізбектің ұйтқысы болып тұр. *Жұлдызы қарсы* деген тіркестің шығуы «аспан әлемінде әр адамның меншікті жұлдызы болмақ керек» дейтін ескі наным-түсінікке жетектеуі ықтимал. *Күн көрсетпеу* мағынасы бүкіл тіршіліктің тетігі «күнмен» заңды ассоциацияланған; ал *ақ түйенің қарны жарылды* дейтін ФЕ халықтың тұрмыс-салт ерекшелігіне сәйкесіп жатыр. Өйткені, түйе (әсіресе ақ түйе) өте сирек сойылатын мал, оның сойылуы үлкен оқиға, онда әрі орасан молшылықтың, «ырыстың» белгісі төрізді сыр жатыр.

ФЕ-лердің (демек идиомдардың да) бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте барып қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келуі де сөзсіз. Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, тікелей мағынасы мен туынды, бейнелі мағынасы ауыс-түйіс өзгеріп отырған. Хронологиялық жалғас болсын, болмасын, туынды мағына яғни ф. мағына екінші кезекте бертің келе өрбіген. Осыдан келіп, идиомдардың және басқа да тұрақты тізбектердің тілде өмір сүруі — олар-

дың экспрессив қызмет атқаруына тікелей байланысты деген қорытынды туады.

Осы тұста айтар тағы бір жайт бар. Туынды мән-мағына негізгі ұғымнан келіп шығуының түрлі жолы бар. Бірде тізбек ішіндегі сөздің семантикасы өзге қолданысқа еніп, тасалана өзгерсе, бірде сол нақтылы ФЕ-нің өзінде тұрып-ақ қосымша арқылы (деривация түрде) өзгеріп отырады: ал кей уақыт белгілі бір мағына екінші бір ұғымға қарсыма-қарсы келуімен барып туындайды.

Осыларға мысал келтірейік. *Жүрек жалғады* мен *жүрегі сазды*, т. б. дегендегі «жүрек» түрлі қолданыста тұрып, бөлек мәнге ие болып тұр; *іші тар* дегенді *іші тарлық* десек, адъектив тұлға субстантив түрге енеді; *сәуегей адам* дегендегі алғашқы сөзді *сәуегейлік* десек, өзге компонент шыға келеді (сәуегейлік істеді, т. б.); *ақ жүрек* дегеннің берер мағынасы *қара жүрек* ұғымына қайшы келіп тұр (мұны, бір есептен, аналитикалық жол десе де болады); *абыройын көтерді*—*абыройын төкті* деген де солай.

ФЕ-лердің қыруар тобы жуық мағына аумағында болып, синонимия категориясы өрістейтіні әркімге-ақ белгілі. Ф. мағына мен жеке сөздің лексикалық мағынасы тығыз байланыста болуын осы тұста да (вариантас және синонимдес фразеологизмдерден) анық аңғарамыз. *Арасына от жақты*—*арасын ушықтырды*; *азуы кере қарыс*—*азуы алты қарыс*; *иманы кәміл болды*—*иманы жолдас болды*; *сабасына келді*—*сабасына түсті*; *өшін алды*—*кегін алды*; *жүрек жалғады*—*өзек жалғады*; *байтақ дала*—*ен дала*, т. б. ұлан-ғайыр тіркестер едәуір күнгірт дүниенің бет пердесін ашады. Басқаша айтқанда, еркін тіркес пен тиянақты тізбек әлмисақтан, ежелден іргесі бөлек емес, қат-қабаттасып жатқан тіл даму процесінде олар бертінде дифференциацияланған құбылыстар деп түсіну жөн.

Қанша жалынып-жалбарынып, тізе бүгіп, айналып-толғанса да, құдайдан қайырым болмаған соң халық *қу құдай*, *сығыр құдай*, *шұнақ құдай* эпитетін табуы да заңды. Керек десең, *ол құдайдың құлағынан да ұстап алады*.

Ал, ФЕ-дегі синонимия торабы да атам заманғы еркін тіркестен шаң білдіріп қалады. Оған да бірер мысал келтірейік: *тайға таңба басқандай*—*соқырға таяқ ұстатқандай*, *аузын аңқитып кетті*—*мұзға отырғызып кетті*—*сақал сипатып кетті* (мұндағы «кетті» деген көмекші етістігі синонимика жүйесіне нұқсан келтірмейді). Осы жердегі әр синонимнің зат есім, етістік компоненттерінің жеке лексикалық мағынаға әсте тарихи немесе диахроникалық қатысы жоқ деуге болмайды.

Жоғарыда баян етілген жайттан туар тағы бір түйін бар: тілімізде фразеологиялық едінницадан (ф. түйдек пен ф. тіркестен) бөлек те тиянақты тіркестер бар. Осылардың байланысу жолдарын, айырма жігін әлі де толық тану керек. Фразеолог, лексикологтар бірлесе ынтымақты жұмыс істесе ғана нәтижелі қорытындыға келе аламыз. Мұнымен біздің айтпақ болып отырғанымыз:

фразеологиялық мағына тарихы төркіні ретінен лексикалық мағынамен астар келеді, іштей өзектесіп жатады. Солай бола тұра, фразеология объектісі басы ашық мәселе, лексикологияның да ентаңбасы бөлек.

Халықтың тұрмыс күйіне байланысты фразеологизмдердің, одан басқа да, толып жатқан тізбектердің фактілерін молынан келтіруге болады. Тек «түйе» малына, соның ішінде нарға байланысты ФЕ-лерге көз жүгіртеікші. Асыл қылышты қазақ *нар кескен* десе, күштілік, мықтылықты айтқысы келсе, *нар жолында жүк қалмас* дейді, немесе *нардай екен, жүк ауырын нар көтерер, сөз ауырын ер көтерер* дейді. Ерлік, қайсарлық, батылдықты да кейде осыған байланыстырып, *нар тәуекел; жар басында жантақты жаннан кешкен нар жейді; жығылсаң, нардан жығыл* дейді. «Қымбат» ұғымын білдіргіміз келсе: *ердің құны, нардың пұлы; қара нар, қалы кілем* деп келеміз. *Қабырғалы қара нар қабырғасын кессе, бақ етпес* деген мақал шыдамдылық, төзімділікті білдірсе, *ашуы жауған қардай, шөккен нардай* деген тізбек үлкен ашу, қаһарлану ұғымын білдіреді. *Түйе жисаң, нардан жи, сиыр жисаң, тарлан жи; арыстанға темір шынжырдың ауырлығы жоқ; жүк тартпаған түйенің нарлығы жоқ* деген мақалдар нардың асыл, бағалы мал екендігінен туған болса, *қасқиған қардан туады, саллы ерін нардан туады; нар баласы қырымға, ит баласы жырымға* деген мақалдар адамның сыпайы, маңғаздығын нарға балаудан пайда болған. Бір нәрсенің ірілігін, биіктігін кейде нарға теңеп айту да бар. Қамыстың ең ірі, ең биігін *нар қамыс* деп айтуы осыдан шыкса керек. *Нар қамыс* дегенді «нар» сөзі парсы тілінен ауысқан болу керек деген де пікір бар. Бірақ бұл тілде ол «түйе» мағынасында жұмсалмаған. Қазақ өз тіршілігінің ауанымен бұл сөзді нарға бағыштап, бұрып қолданған болу керек.

Метафоралық мағынада қолданылатын жоғарыда көрсетілген мақал-мәтелдердің, тізбектердің қай-қайсысы болса да өмірде кездесетін жайттардың бір көрінісі. Осы сияқты төрт түлік малдың басқа түріне байланысты жасалған сөз тізбектері жөнінде де көп мысал келтіруге болады. Бақытты өмір, молшылықты қоймен де, түйемен де байланыстырудан *қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, ақ түйенің қарны жарылды* сияқты идиоматикалық тізбектер жасалған. Қойдан жуас мал болмайды. Сондықтан, момын, жуас кісі туралы *қой аузынан шөп алмас* дейді.

Малдың түрлі қасиеттерін, бойында бар өзгешеліктерін ала бөтен бөліп алып, бірде *сөзі түйеден түскендей* немесе *түйе үстінен сирақ үйтіп* деп, кісінің оңтайсыздығын түйенің сөлекет епсіздігімен салыстырып, бірде *сиырдың бүйрегіндей бытырады* деп, жан-жаққа тарап, берекесі кетуін сиыр бүйрегімен салыстырамыз. Сол сияқты, кісіге тән қылық-мінезді жылқы малымен, не жылқыға жуық нәрсемен үйлестіреміз. *Қанжығадан қан, тебінгіден тер кешіп* деген жауынгерлікті білдірсе, *жылқы мінез* деген біріне-бірі үйірсектікті, жуықтастықты білдіреді (бұл тізбек басқа мағына-

ларда да айтыла беретін сықылды); ал ер жетіп, адам бола бастаған кезін *ат жалын тартып мінгелі* деуге де болады. Шығаннан шыққан ұрыны қазақ *сары тоқым ұры* немесе *бау кеспе ұры*, т. б. дейді. *Кежегесі кері тартып; үзеңгі жолдас; құйрық тістесіп; өрен жүйрік; ат үсті қарады; бірде бие, бірде түйе; ер қашты болды; жауырды жаба тоқыды; ерін бауырына алып* (тулады, ашуланды) сияқтылар да — жылқы малымен байланысты шыққан тізбектер.

Халықтың ескі әдетін, бұрынғы салтын білдіретін де толып жатқан фразеологизмдер бар. Біреуге жарамсақтану, қоштау мағынасында айтылатын *шашбауын көтерді, жыртысын жыртыты, сойылын соқты* сияқты фразеологизмдердегі «шашбау», «жыртыс», «сойыл» дегендер қазақтың ескі дәстүрінде болған дүние екені белгілі.

Фразеологизмнің дыбыс үйлесімі

Фразеологиялық тізбектерді тұрақтандыра түсетін белгілердің бірі — олардың ұйқасқа құрылуы. Мысалы, *ақай жоқ, тоқай жоқ; ай дер ажа, қой дер қожжа жоқ; үлде мен бүлдеге оранып* сияқтылар ұйқас негізінде жасалған. Бұл сияқты ұйқасып келетін фразеологиялық тізбектердің саны аз емес.

Фразеологизмдердің ішінде, әсіресе, аллитерация тәсілі жиі ұшырасады. Бір ғана «с» дыбысынан басталатын компоненттерге мысал келтірейік: *сай-сүйегі сырқырады; сайда саны, құмда ізі жоқ; салы суға кетіп отыр; самсаған сары қол; сан соқты; сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарады; сары майдай сақтады; сары ізіне шөп салып отыр; сауға сұрады; сойылын соқты; соры сорпадай қайнады; сыр суы сирағынан; сіркесі су көтермейді; сүрен салды; сүтпен еніп, сүйегіне сіңген; сүттен ақ, судан таза*, т. б.

Міне, осы фразеологизмдердің жасалуында дыбыстық үндестік (эвфония) анық аңғарылып тұр. Айталық, *соры қайнады* деген тіркестегі «соры» сөзі «көже», не «быламықты» керек етпей, «сорпа» сөзін тандап тұр. Күнделікті «сорпа қайнады» тіркесінің айтылар реті жоқ. *Сыр суы сирағынан* деген де солай.

Енді «т» дыбысына мысал келтірейік: *табан таймай; табан тіреді; табан тірескен; табанымнан таусылдым; табаныңнан таусылғыр; тайлы-таяғы қалмай жиналды; тайға таңба басқандай; талағы тарс айрылды; талағы тарс кетті; тас-талқанын шығарды, тас түссе талайымнан, бақ түссе маңдайымнан; тасы тасып сөйледі; тақсіретін тартты; тақымы толмады*, т. б.

Өзге дауыссыздардың әуендестігіне құрылған фразеологизмдер де тілімізде бір шоғыр: *қас-қабасына қарады, қырғи қабақ, қырық пышақ; белді бекем буды; без бүйрек; жанын жегідей жеді*, т. б.

Ассонанс жолымен келетін тізбектер де баршылық: *атқан таңдай (сұлу); көзге біткен сүйелдей; көз сүзді, мал құлағы саңырау, маңдайы ашылды, тілі мірдің оғындай* сықылдылар не біркелкі жіңішке сөздерден, не біркелкі жуан сөздерден келіп тұр (*тілі мір-*

дің оғындай немесе сөзі мiрдiң оғындай дегеннiң соңғы компонентi ғана оқшау тұр).

Әдеби тiлде де, ауызекi тiлде де бiр тiзбек кей уақыт түрлi дыбыстық вариациямен келiп отырады. Мәселен, «Балуан Шолақта» С. Мұқанов: «...Бiр бейнетке шыдамай, осынша ұнжырғасы түсiн, осы азғаны несi?» — десе, Ғ. Мүсiрепов өзiнiң «Қос шалқарында»: — «Балалар, қабақтарың салбырамасын, өн жорғаларың түспесiн» — дейдi. (Кiтапта «ең жорға» делiнген). Газет-журналдарда «он жорғасы түсiп...» деген де кездеседi (СК, 28.XI.1943).

Ауызекi тiлде «өн жорғасы түсiп» деген вариация да ұшырайды. Бұлар — фонетикалық вариациялар: *е, о, ө, ә, ұ, ү* дыбыстары бiр-бiрiмен ауыса бередi, бiрақ бұдан сөздiң мағынасы ойсырмайды. Сол сияқты *өлмесең оба қап*, не *өлмесең өмiрем қап* дегеннiң қосымша тағы алты түрiн келтiруге болады: «өрем» түрiнде де (өлмесең өрем қап), «үрем» түрiнде де (өлмесең үрем қап), «өрең» түрiнде де (өлмесең өрең қап), «омыра» түрiнде де (өлмесең омыра қап), «өмiре» түрiнде де (өлмесең өмiре қап), «өме» түрiнде де (өлмесең өме қап) айтыла бередi. Осы көрсетiлген түрлердi оқыған, оқымаған кiсiлер де, жас та, керi де айта бередi. Бұлардың тұрақты бiр ғана түрiн байқай алмадық; «ома», «өмiрем», т. б. орнына «күм» (өлмесең күм қап); «жер» (өлмесең жер қап); «тас» (өлмесең тас қап) деген вариант та бар. Соңғылар лексикалық вариантқа жатады. Сол сықылды *иттiң ұлы итақай* деп те, *иттiң құлы итақай* деп те айтылады. Не болмаса, *тауы қайтып қалды*, *пешенеден белгiлi* (бешенеден белгiлi) деген тiзбектердiң мынадай варианттары бар: *тауы шағылып қалды* (тауалы шағылып қалды), *мәселi қайтып қалды*; «бешенеден» немесе «пешенеден» деудiң орнына, ауызша тiлде де, әдеби тiлде де «бес ене» (бес енеден белгiлi) деген форма айтыла бередi. Осындай параллель түрлердiң қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Қашанда болса халық аузындағы форма дұрыс болып есептелуге тиiс. Егер халық бiр-екi түрiн ғана емес, әлденеше түрiн қолданатын болса, оның мынасы дұрыс, мынасы бұрыс демей, тек олардың бiрiнiң жнi, бiрiнiң сирек қолданылуын ғана көрсетуге болады. Әрi-берiден соң, мұның өзi де даулы, өйткенi бұлардың есебiн жүргiзiп, санын алған ешкiм жоқ. *Иттiң құлы итақай* деген форма тым сирек айтылады. Қазақ ұғымында «итақай» — иттiң ең нашары, ең жаманы; «ит» сөзiне қосылып тұрған *-а+қай* көне жұрнақ; «бала» сөзiне *-қай* дегендi қосып, «балақай» деймiз; «ботақан» дегендегi *-қан* жұрнағының орнына *-қай* жұрнағын жалғап «ботақай» деп те айта беремiз. Бұл жұрнақтың қосылатын сөздерi тым сирек; «итақай» сөзiнiң нашар ит» мағынасында ғана болмай, о баста «иттiң баласы, иттiң күшiгi» мағынасында болуы да мүмкiн. Мұндағы «ұлы» сөзi бұл тiзбекте метафоралық мағынаға не болып тұр. *Иттiң ұлы итақай* дегендегi «ұлы» бастапқы тұлға болу керек. Бiрақ бұдан «құлы» (иттiң құлы итақай) вариант емес деуге болмайды. С. Мұ-

қановтан: «Елі бай екен. Он мындаған қой, мындаған түйе *иттің құлы итақайдан* өреді екен» дегенді кездестіреміз.

Ал енді *бес енеден белгілі* (пешенеден белгілі, бешенеден белгілі) деген де — халық аузында бар тізбек. Ауызша тілде де, әдеби тілде де бұлар бірінің орнына бір ауысып жүре береді. Иран тілдерінде «тағдыр» мағынасында «пешене» деген сөз бар; *сенің пешенеңе жазған* (қырғызша *бешенеңе сызған, не бешенеңе жазған*) деген тіркес көп жерде кездеседі; «пешене» дегеннің «бес ене» болып қолданылуы халық этимологиясының жемісі болар деп ойлаймыз.

Тауым қайтып қалды дегендегі «тау» сөзінің орнына «тауал» дегенді алуға болады. Кей жерден «тау» сөзінің орнына «мәселі» деген сөзді кездестіреміз. Бұл үшеуінің көбірек айтылатыны — «тау», о бастағы мағынасы — «жігер, қуат»; «тауал» сөзі «тау» дегеннен өзгертілген бе, жоқ басқа ма, — неғайбіл. С. Мұқанов: «Ұлықтардан *тауалы* осылай *шағылған* Ғалияның үйіне келсе, Балұанның дұшпандары табалады» дейді.

Жоғарыда айтылған дыбыс өзгерістеріне тәптіштей тоқтауымыздың бір-ақ себебі бар: тілімізде осы іспеттес жарыса қатар айтылатын тұлғалар аз емес; ол фразеологизм саласынан басқа жерлерде де жиі ұшырайды. Әдеби тілімізде осы мәселе өз шешімін табуы керек.

Өз алдына оқшау мәселе екпінге байланысты. «Дыбыс үйлесімі» дегенге акцентуация да, интонация да жанамалап барып, орағыта ұштасады.

Тіл-тілдің фразеологиясы жайлы ғылыми әдебиетте кей авторлар ФЕ компоненттерінің дербес екпіні болу керек деген пікірді айтады. Қазақ және басқа түркі тілдерінің фактілері бұл концепцияға қайшы келеді. ФЕ компоненттерінің жеке-дара екпінге ие болуы міндет емес. Керісінше, екі-үш компонентті (әсіресе, ықшам буындылары) негізгі бір-ақ екпін, яғни фразалық екпін немесе тіркес екпін¹³ қойнауына сыйып кетеді. Екпін жағынан көп жағдайда ФЕ-нің еркін тіркестен ала бөтен айырмасы байқалмайды: *айдын көл, асқар бел, шүйгін шөп* дегеннің «үлкен көл», «биік бел», «көк шөптерден» айырмасы жоқ. «Қараторғай» әні, «қара торғай» (бұл өңірде сан қилы торғай бар: боз торғай, қара торғай, т. б.); «қаламқас» («қарлығаш» мағынасындағы құс), «қалам қас» («қиғаш қас, оймақ ауыз» сияқты эпитет); «бесжылдық» жоспар, «бес жылдық» өмір тақылетті төркіндес сөздер екпін жағынан бірдей. Қос сөз (ата-бала, бала-шаға), «су әкел»; «бара кет», т. б. синтагмалар мен осы типтес ФЕ-лердің табиғаты біркелкі деп білеміз. ФЕ-нің ерекшелігі дауыс ырғағы (интонация) және пауза жағынан аңғарылуы мүмкін. Ашық интонация (восходящая интонация), тұйық интонация (нисходящая интонация), сұраулы, лепті, т. б.

¹³ Кеңесбаев С. К. Қазақ тілінің екпін категориясы //Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия. Алматы, 1948. 77-б.

интонация тұрғысынан ФЕ өзгешеліктерін эксперимент арқылы тексеру — бүгін таңдағы міндет. Бұл мәселе туралы ер тәуекел долбардан, ұшқалақ пікірден бас тартамыз. Барды бар, жоқты жоқ деу абзал. Объективті түрде (инструмент, техника көмегіне сүйеніп) тындырымды шешімін алысқа сілтемей-ақ, бәлкім, жуыр арада тездету керек болар.

Фразеологизмдегі калька

Халық мәдени, т. б. байланысқа қандай мұқтаж болса, бір тіл екінші тілден сөз ауысуға сондай мұқтаж. Өзге тілден іргесін аулақ салған бірде-бір тіл болмайды. Сол сияқты өзге тілден сөз ауыспайтын бірде-бір тіл болмайды. Кәрі тарихқа сүңги түсіп әрі барған сайын тіл мен қарым-қатыс байланысы солғындай түсуін, бергі заманға келген сайын оның күшейе, ұлғая түсуін байқаймыз. Қазіргі қарыштап өскен өмір талабына сай орыс тілінен келген қат-қабат сөздер, тізбек тіркестер қыруар. Осылардың бір бөлігі калька ізімен алынғандар. Кальканын кірме сөзден басты айырмасы — оның сырт сипатында емес, ішкі «дүние» — мән-мағынасында жатыр. Кальканы сөз еткенде, оның лексикалық формасына емес, көбіне лексикалық мағынасына көңіл қоямыз. Демек, лексикалық кірме емес, семантикалық ауысу бел алып жатады. *Бесжылдық жоспар, екпінді* десек, «пятилетний план», «ударник» сөздері ойымызға сап ете түседі. Сондай-ақ *балық та емес, ет те емес* десек, «ни рыба, ни мясо» тіркесі шыға келеді. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектері болсын, көптеген орыс, т. б. тілдердегі көркем шығармалар болсын, — бар-баршасынан калька ізімен алынған фразеологизмдер жиі кездесіп отырады. Орыс тіліндегі «ни богу свеча (свеча), ни черту кощера» *құдайға шырақ, шайтанға көсеу емес* түрінде алынуын мақұлдау керек. Бұлардың орынды алынған жорғалары да бар, ішінара кейбір сәтсіз қабылданған жортақылары да бар.

Тіліміздегі дәл баламаны іздеудің орнына, бағзы уақыт «таза» калька жағына түсу дағдысы да бой көрсетіп қалады. Бұған жоғарыдағыдай бір ғана мысал алалық: «слона-то не приметили» дегенді *көрмес пілді де көрмес* деп жүрміз, *көрмес түйені де көрмес* десек, анағұрлым жатық емес пе? Лингвистикалық калька түрінде алынған кей тіркестер ертеден-ақ кездеседі: *тасбақа аяң* немесе *тасбақа жүріс* — орыс тіліндегі «черепаший шаг» дегеннен аударылған болуы мүмкін. *Мұрнын (танауын) көкке көтерді* де солай сықылды; бұл орыс тіліндегі «задирать нос» дегеннен алынса керек; *сағы сынды* дегеннің сөзбе-сөз мағынасы — «бұтағы сынды». Бұл тіркес иран тілінен аударылған да, *сақ* (бұтақ) деген сөз сол күйінде алынған. Осы сөз *шақ* түрінде кей жерде ағаштың бұтағы деген мағынада қолданылады.

Калька ізімен алынған сөз қолданысты, мысқылдаған жасанды тіркесті, әрине, бұл топқа қоспау керек. Орыс тілі арқылы ау-

ысқан: *бұл номерің өтпейді* (такой номер не пройдет) деп сөйлеген, өзі орысшаны шала білетін, сөйте тұра білгірсінген біреуді аса мәшһүр жазушымыз осылайша сөз саптағаны үшін өзінің бір шығармасында барынша ажуа еткен. Орыс тілінен қазақшаға аударылған әдебиеттен тағы бір мысал: *молодец против овец, а против молодца — и сам овца* дегенді *қойға шапқан батырың, батыр көрсе, қой болар* деп қазақшылап жүрміз. Бір тілдің өзіне ғана тән, басқа тілге аударуға келмейтін кей тізбектерді калька ретімен алмасқа, әрине, лаж жоқ. Ал, мағына жағынан эквивалент тізбекті үнемі лингвистикалық калька жолымен ала берудің әдеби тіл үшін пайдасы аз. Осы тұрғыдан қарағанда, *ни рыба, ни мясо* дегеннің қырғыз тілінде *чала өлтүрген жыландай* деп, ал, *молодец против овец, а против молодца — и сам овца* дегенді *үйдө баатыр, жоода жоқ* деп алынуы қазақшадан гөрі тиімдірек сияқты. Өйткені, қырғыз тіліндегі балама халыққа түсінікті, жатық. *Үйде батыр, жауға жоқ, үйде шешен, дауға жоқ* деген мақал қазақта да бар. Ізденіп, мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін түсінікті ету — сөз жоқ, керек іс. Ал, фразеологизмдерді аудару, не оларға балама іздеу мәселесі — аударма тіліне қатысты өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс, барынша күрделі де қажет мәселе.

Осында аталған орысша мысалдардың аудармасын калька жолымен қабылдауды кей еңбекте дұрыс деп тапқан күннің өзінде, ауызекі тілде (бәлкім, көркем әдебиетте) халық тілі баламасына да кеңшілік бергеніміз мақұл. Мәселен, *волков бояться — в лес не ходить* дегенді *қасқырдан қорыққан тоғайға бармас* түрінде де, басқа ретте *шегірткеден қорыққан егін екпес* түрінде де аударуға әбден болады.

Фразеологизм және синонимия

Тұрақты тіркестердің бірсыпырасы плеоназм (синонимдер тіркесуінің лексика-стильдік тәсіл) негізінде жасалады. Мұндай тіркестердің мағынасы күшейіп, бүкіл сөйлеу тұрқын экспрессивтендіреді. Бұл кезде синоним компоненттерінің бірі семантика жағынан солғындап, негізгі мәні көмескіленіп кетеді. Мәселен, жоғарыда ескерткеніміздей араб тілінде «ақырын ескен жел» деген мағына беретін «самал» сөзі өзінің қазақша синонимі «жел» деген сөзбен бірігіп, «самал жел» болып айтылады. *Сәске түс* дегендегі «сәске» сөзінің иран тілінде беретін мағынасы да қазақ тіліндегі «түс» сөзімен бірдей; *әуел бастан* деген тіркестегі «әуел» араб тілінің «алғашқы, бірінші» мағынасындағы сөзі. Ал, «бас» сөзі—оның қазақша синонимі. *Қас дұшпан, тәңірі жасаған, көк аспан, құр бекер, құмай тазы* (түрікменде «құмай»—тұқымы таза тазы), *төрт шарияр, батыр ноян*, т. б. бір сыңары өзге тілден кірген тіркестер туралы да осыны айту керек. Мұндай синонимдік жұп тіркес қазақ тілінде, әсіресе, қос сөзді тіркестерде молырақ байқалады. Мысалы: *тоқты-*

торым, бала-шаға, үрім-бұтақ, жігіт-желең, ас-ауқат, аман-есен. Сол сияқты екі сөзінің екеуі де қазақша синонимдес тізбектер де бар. Мәселен, *жас ұлан, жас жеткіншек, жас өспірім*, т. б.

Тілдің өсіп көркеюі үшін, бай әдеби тіл боп жетілуі үшін синонимика категориясының айрықша маңызы бәрімізге мәлім. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер, жұмбақ, пдиомдар ойды бейнелеп, меңзеп айтудан, астарлап айтудан туады. Сол сықылды, тілдегі синонимді сөздер, синонимді тізбектер де негізгі бір ойды құбылтып айтудан пайда болған. Синонимді сөздер мен тізбектер белгілі бір ұғымды түрлі жолмен білдіріп, ойды бедерлеп, арнаулы бір затты, не арнаулы бір құбылысты әр тұстан сипаттайды, синонимдердің көпшілігі бір-біріне мағына жағынан абсолют түрде сай келе бермейтінін айттық. Синонимді ФЕ-лер мен жеке синоним сөздер арасында көзге түсер бір айырма бар. Синонимді сөздердегі мағына жақындығы ФЕ-дегі мағына жуықтығынан әлдеқайда күштірек. Дегенмен абсолют синонимдер жеке сөздерде де тым сирек кездеседі. Қазақ тіліндегі синонимдерге бірер мысал: 1) *ас—ауқат—тамақ...* 2) *аман-есен—сау-саламат...*, 3) *жалғыз—жалқы—сыңар—дара—бір—жеке...*, 4) *дұшпан—жау—қас—өш...*, 5) *үнемі—ылғи—әрқашан—әрдайым—әр уақыт—аман—әмісе—дәйім*, 6) *орталық—кіндік—астана—орда...*, 7) *әдейі—жорта—қасақана...*, 8) *аласа—бақа—тапал—тәпелтек—тәпек—қортық—мықыр—пәкене (бәкене)*, 9) *меймандос—береген—қолы ашық—сақы—жомарт—қонақжай...*, 10) *ынтық—ынтызар—құмар—таңсық—жерік (ансау—көксеу, т. б.)...*, 11) *тосыннан—кенеттен—қапелімде—бірден—күтпеген жерден—жүпелдемеде (кейінгісі диалектизм сөз)...*, 12) *еңгезердей—алпамсадай—сайдауыттай—соқтауылдай—дөйдей—талыстай—соқтандай—дыңдай—дардай—сомадай—нәндей—дырау—дөкей...*, 13) *менсінбеу—місе тұтпау (місе қылмау, місе етпеу)—көңілі толмау—саны толмау—тақымы толмау...*, 14) *күдік—шүбә—күмән—алмағайып—неғайбіл—белгісіз—екіталай—екі ұшты...*, 15) *тәңірі—жасаған—ие—жаратушы—құдай—алла*, 16) *бүлдіршіндей—мұнтаздай—жүзіктің көзінен өткендей—үріп ауызға салғандай...*, 17) *кексе—мосқал—тіс қаққан—сары кідір—сары қарын—жер орта*, т. б. Өзара мағына жуықтығы болғанмен, синонимдерді кез келген жерде бірінің орнына бірін қойып айтуға бола бермейтін де жайы бар, олардың стилистикалық, фразеологиялық айырмасы тілде айқын көрініп отырады. Мәселен, *ас иесімен тәтті* дегендегі «ас» сөзінің орнына «тамақ» немесе «ауқат» дегенді қойып айтуға болмайды, *есен барып, сау қайтсам* дегендегі «есен», «сау» сөздерінің орнын ауыстырып, *сау барып, есен қайтсам* деген түрде айтуды дағдылы норма деуге де болмайды. Сол сықылды *ежелгі дұшпан ел болмас* дегенді де осы қалпында айтуға дағдыланғанбыз. Дәл осындағы «дұшпан» дегеннің орнына «қас» немесе «жау» дегенді қойып айтсақ, тіркес құлаққа тосын естілер еді. Сол сықылды, керісінше, «ежелгі қас сүйгенмен, дос болмас, ежелгі дос ұрса да, қас болмас» деген мақалдағы «қастың» орнына «дұш-

пан» не «жау» дегендерді қойып айтқаннан мағына ойсырамағанмен, бұлай айту тілге жеңіл, жатық болып шықпас еді.

Синонимдер құрамы жағынан әр алуан. Мәселен, бір ғана синонимдік қатардың өзінде басқа тілден енген сөздер де, диалектизмдер де ұшырай береді. Мәселен, «көк аспан» дегендегі «көк» — төл сөзіміз; оның синонимі «аспан» иран тілдерінен келген; «күдай», «алла», «әрдайым», «әр уақыт» секілділер де парсы, араб тілдерінен ауысқан. «Бекер» (бекерден-бекер), «босқа» (құр босқа) сияқты сөздердің синонимі «аққұла» сөзі (көбіне, солтүстікте), «аласаның» синонимі «бақа», «жомарттың» синонимі «сақы», көбіне, оңтүстікте қолданылады.

Қазақ тіліндегі кейбір проклитикалық, энклитикалық көмекші элементтер де синоним тобын жасай алады: *ең—өте—тым—тіпті—аса—жұда—бек, сияқты—сықылды—секілді—тәрізді*, тағы басқалар. Мұндағы кейбір сыңарлар диалектілер негізінде жасалып, кейбірі басқа тілден ауысқан: «жұда» дегенді көбіне өзбекке жуық, «бек» дегенді көбіне татарға жуық жерлер қолданады, «тәрізді» деген иран тілдерінен ауысқан. Бұлар да стилистикалық функциясы жағынан үнемі біркелкі келе бермейді. «Бек жақсы» дегендегі «бек» сөзін «қымбат» дегеннің алдына қойып айту әлі де норма емес. «Жұданы» «ада» сөзінен кейін қойып «ада-жұда» деп, сол сияқты «өте-мөте» деп қосарлауға болады, ал басқа проклитикалардан бұл жолмен сөз құрауға болмайды. Синонимді фразеологизмдер де кісінің ойын түрлі жақтан сипаттап, түрлі стилистикалық ажар беріп отырады. Бірер мысал келтірейік. Орысша *на верху блаженства, из рога изобилия* деген тәрізді фразаны ретіне қарай, әлденеше жолмен айтуға болады: бірде *қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* десек, бірде *қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, ақ түйенің қарны жарылды* деп, енді бірде халық аузындағыдай мысқыл мәнде *мұрнынан есек құрты түсіп отыр, ит басына іркіт төгілді* деуге де болады.

Орысша *когда рассвет забрезжил, перед рассветом* сияқты тізбектерді *таң атқанда, таң алагеуімде, таң себелеп атқанда, таң сыз бергенде, таң сібірлей, таң қылаңдағанда, таң құлан иектегенде* деп айтуға болады.

Осы көрсетілген синонимді үш топтың сыңарлары өзара алғанда бір-біріне абсолют тең емес. Әр синоним өз орнында сөзді мәнерлен, эмоциялық рең беріп отырады. Жоғарыдағы *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* деген үстемдікті білдірсе, *мұрнынан есек құрты түсіп отыр* деген мысқыл мағынада айтылады. Сондай-ақ тоқшылық, молшылық жыл кей уақыт әзіл ретінде *ит май жемейтін* жыл делінеді. *Он саусағынан өнері тамған* (төгілген) дегеннің синонимі *бит қабығынан биялай тоқиды* деген де ФЕ-де жоқтан бар жасайды, болмашы нәрсені кәдеге жаратады деген тәрізді де нәзік мән бар. Жоқтан өзгеге мін тағып, жата-жармасуды білдіретін *құмырсқадан қию таба алмай, тырнақ астынан кір тауып* (із-деп) деген тізбектердің де (қырғызша: жумуртқадан кыр таап) өз-

ара стильдік қызметінде айырма бар. Синонимдік форма жағы өзінен-өзі белгілі: бірде *он саусақ...*, *он қол* десе, бірде тек *қол...*, *бармақ*, *бес аспан*, т. б. түрінде келе береді.

Синонимдер бірімен-бірі қатар тұрып та қолданылады. Мұндайда алдыңғысы кейінгісін әсірелеп, анықтап, стильдік бояуын қанықтырып тұрады. Сөзді айрықша мәнерлеп, экспрессивтік ажар беру — осы тақылеттестердің бас белгісі. Мұндай топтар плеонастикалық синтагма болады дедік: «ежелгі» мен «ескі» қосылып, *оның ежелгі ескі досы келді* деген түрде, «жас» пен «ұлан» қосылып: *жас ұланды тәрбиелеу* деген сықылды түрде; «құр» мен «бекер» қосылып, *құр бекер неге келдің?* деген түрде айтылады. Осы үлгіде тілімізде: *айдын шалқар* (көл), *жеке дара*, *ақыр аяғына* (дейін) сияқты плеоназм жолымен жасалған толып жатқан фразеологизмдер бар.

Бұл жолмен жасалған тұрақты тіркестің арасына, әсіресе, өлең-жырларда, басқа сөздер түскеннен (дистант ретінде келгеннен) сөздің стильдік эмоциясы кемімейді. Мысалы: *Батырым Мәлік беренім*, *Жүйрігім озған өренім*, *Халық сүйген қалаулым*, *Жырымды саған төгемін*, — деген өлеңде «өрен» мен «жүйрік» дистант ретінде келіп тұр.

Кейбір синонимді сөздер о бастағы мағынасы толық сақталмауы салдарынан, тілдегі «үйренішті» қызметі жағынан басқашалау қолданылады. Асыл тұқымды тазы дегенді қазақ *құмай тазы* дейді; тазыны «құмай» деп атаудың сыры да түсінікті. Сол сияқты *алақанның аясына салып* дегендегі *ая* да өзге тілде «алақан» мағынасында бола тұрса да, қазақтың қазіргі ұғымында «алақанның аумағы» мағынасында қолданылады. Жоғарыда аталған «қарақат» та солай: осыдан *қарақаттай көзі* деген тізбек шыққан («қат» деген алтай тілінде жеміс мағынасында қолданылады). Тілімізде *ноян батыр* немесе *батыр ноян* деген тіркес бар (қырғыз эпосында «нойон» деген — «батыр ер» мағынасында). Сайып келгенде, жеке сөздер мен ФЕ-дегі синонимдердің мағынасы, стиль ерекшелігінде өзара ортақ қасиет те, айырма (релеванттық) белгілер де бар. Тіл жүйесіндегі олардың өз орындарын таба қолданудың мәні үлкен.

Фразеологизм және ұйытқы сөздер

Фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерек байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер әлденеше ФЕ-лерде қайталанып отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған мақұл. Мәселен, *тіл*, *жүрек*, *көз*, *ауыз*, *табан*, *қол*, *бас*, *ақ*, *қара*, *тас*, *ат*, *ит*, *жер*, *жеті*, т. б. сөздер осындай ұйытқы сөздер қатарына жатады.

Тіл сөзімен келетін фразеологизмдер: *тіл қатты* — сөйледі, сөйлей бастады; *тілі аузына сыймады* — мықтап шөлдеді; *тіл тигізді* — біреудің жанына бататын сөз айтты, сөкті (тілдеді); *сөйлеуге тілі келмеді* — сөйлей алмады; *тіл алды* — тыңдады, айтқанды іс-

теді; *тіл алғыш* — елгезек, айтқанды тындағыш, орындағыш; *тілі байланды* немесе *тілі күрмелді* — сөйлеу қабілетінен айрылды; *тілі шыға бастады* — бала алғаш рет сөйлей бастады (контекске қарай *тілі шыға бастады* деген ФЕ бірден сөйлеп қоя берді деген мағынаны да береді); *тілден қалды* — сөйлеу қабілеті жойылды; *тілге келді* — өзара сөйлесе (келісімге келе) бастады; *тілдің майын тамызды* — тындаушысын ұйыта сөйледі; *тіліңді тарт* — сөзінді тигізбей сөйле (ол тілін тартпады—ол қаймықпай сөйледі); *тілі қысқа* — ойындағысын жеткізіп айтып бере алмады деген мағынаны білдіреді (тілі жетпеді дегеннің мағынасы да осымен бірдей); *тілі мірдің оғындай* — өткір тілді, тілмар (сөзуар дегенмен салыстырыңыз); *тіл мен жағына сүйенді* — мылжындап көп сөйледі, бос сөз айтты; *тіл ашар* немесе *тіл сындыру* — ескі өмірдегі бала оқытатын молдаға берілетін пара (алым). (Бұның басқа да берер мағынасы бар); *тіл берді*—жол сілтеді (ақыл беру дегенмен салыстырыңыз); *не тіл бар?* — қандай жаңалық бар?; *тілі келмеді* — жөндеп айта алмады, сөзді бұзып сөйледі; *тілге жүйрік* — сөзге шешен (тілге шебер, тілге ұста, тілі шалғыр дегендердің мағыналары да осыған ойысады); *тіліңе түйнеме шыққыр* — тайталасып сөз бермеген, жағымсыз сөз айтқан адамға айтылатын қарғыс; *қызыл тіл* — шешендік (өнер алды — қызыл тіл); *буынсыз (сүйексіз) тіл* — шешен, сөзшең; *тілсіз тіл* — үн қатпау; *тілі ұзын* — тілі содырлы; *тілі ащы* — шағып сөйлейтін адам; (техниканың) *тілін білді* — техниканы меңгерді; (біреудің) *тіліне ерді* — біреудің ықпалында болды; *тілінің қотыры (қыршаңқысы) бар* — мысқылдап, біреуді шаншып сөйлейтін адам туралы айтылады; *тілінің бұдыры бар* — бұл да осы сияқты; *тілімнің ұшында тұр* — айтар нәрсем есіме түспей тұр; *тілі өтті* — көз тиді; *тіліңнен тапқыр, тіліңнен тартқыр* немесе *тілің түбіңе жетсін* (тартар — тілінен тартар деген мәтелмен салыстырыңыз); *тілін безеді* немесе *тілін жебеді* — басқаларға сөз бермеу мағынасында; *тәтті тіл* — қызықты тіл, сүйкімді тіл (көбінесе жас бала туралы айтылады); *тілдесе алмады* — сөйлеудің реті келмеді; *тіл ширатты* — сөйлеуге жаттықтырды; *қара тілді кісі* — сөзін ірікпей айтатын, түйреп сөйлейтін кісі. Сонымен бірге *тіл* сөзі қатысып жасалған біраз мақалдар бар: *сүйреңдеген жаман тіл сүйгеніңнен айыраар; қылыш жарасы бітер, тіл жарасы бітпес; тілде тиек жоқ, ауызда жиек жоқ*. Мағынасы жағынан бұған *орақ ауыз, от тілді* дейтін мәтел ұқсас келеді т. б.

Ит сөзімен келетін фразеологизмдер: *ит өлген жер* — өте алыс жер (*ит арқасы қиянда* дегенмен салыстырыңыз); *ит басына іркіт төгіледі* — ағыл-тегіл молшылық; *ит тұмсығы өтпейтін тоғай* — ну орман, қалың ағаш; *ілгері басқанның иті отғайды* — «баю», ісі оңға басу, т. б.

Жүрек ұйытқы болуына мысал: *жүрегі дауаламайды, жүрегі жылыды, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегі қайтты, жүрегі айныды, жүрегі қарайды, жүрегі сазды, жүрегің жалғады, жүрегі шайылды, жүрегінің түгі бар*, т. б.

Көз дегенге мысал: *бұл кісінің көзі ашылмады; көз болды; көз сал; көрінгенге көз сүзген, балаға біреудің көзі тиген* болар, *көз шырымын алайық, оның көзі ілініп кетті, көздің құрты; көзге шыққан сүйелдей; көзден бір-бір ұшты* (көзден бұлбұл ұшты); *көзі жетпеді, көзіне шөп салды. Ауыз сөзіне мысал: аузы пісті* (күйді); *аузына тас салды; аузыңмен орақ ормай отыр, аузымен құс тістеген* (ат), *аузымен құс ұстап отыр, аузын ұстады, аузынан мәйегі шығып тұр, аузынан түскендей, аузының желі бар, аузы желдей еседі, аузының салуы (салымы) бар, ауыз бастырық, ауыз жаласты, т. б.*

Сол сияқты *қара, ақ, тас, т. б.* бірқыдыру сөздермен келетін ФЕ-лер де баршылық.

Осындай ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерудің мәні зор. Бірде дене мүшелеріне (соматикалық принципке) байланысты, бірде төрт түлік мал, егін, т. б. шаруашылыққа, флора, фаунаға байланысты алуан түрлі фразеологизмдерге арнай көңіл бөлу керек-ақ. Осыған орай тағы бір ескерер жайт: фразеологияның принциптері мен техника, методикасын жасаудың маңызы да зор. Белгілі бір кітаптың немесе қазақ көркем сөз шебері — ірі жазушының арнай конкорданция сөздігін жасау мезгілі де жетті.

Фразеологизмдерге кейбір сан есімдер де ұйытқы бола алады

Тұрақты сөз тізбектерінің біраз бөлігі (ФЕ-лер, мақал-мәтелдер, т. б.) *жеті, үш, тоғыз, қырық* сияқты бірқыдыру сан есімдердің төңірегіне топталып жұмсалады. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, *жеті ғылым тілін біледі* (жеті ғаламның тілін біледі), *қырық ру* дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір «көп» деген ұғым бар¹⁴.

Бұл сияқты сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы болу қасиеті жоғарыдағы *тіл, жүрек, т. б.* типтес емес. Өйткені бұл *үш, жеті, тоғыз, қырық* сөздері өзінің сан-мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры бөлегірек. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені халықтың ескі наным, түсініктерінен туған. Бірақ, бертін келе бұл ұғым-түсінік дерексізденіп, екінші бір салаға ауысқан деуге болады. Айталық, *ит* сөзінің алыстыққа тікелей қатысы болмаса да, *ит арқасы қиянда* дегеннің алыстық ұғым баламасы

¹⁴ Автор өзінің ертеректе осы жайлы жазылған мақаласында (Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филолог. сериясы. 1946. 4-шығуы) бұл сан есімдерге байланысты мифтік түсініктің де ұшығы барлығын айтқан-ды. Бұлардың өзге де туу себептерін жан-жақты қарастырып, өмір шындығына жанасар жағын баса айтқан тымді.

болғаны сияқты, *жеті атасынан түк көрмеген* дегенде *жеті* сөзі де, уақыт, мезгілдің шартты көрсеткішіне айналған. Немесе *жеті басты жалмауыз, жут жеті ағайынды* дегендегі *жеті* сөзі де жалпы долбар көптік ұғымына айналып кеткен. Демек, бұл сандар біршама сан мағынасын сақтай отырып, өзге ұғымға да икемденіп, екі түрлі қасиетке ие болған. Өзге сандардан гөрі *жеті* санының жұмсалыу өрісі анағұрлым кең.

Жеті негізінде жасалған накыл сөз, такпақ, мақал, т. б. фразеологизмдер едәуір. Бұларда көне дәуір салт-санасының ізі сақталған.

Қай елдің болса да өмірінде, ескі салтында бақсылық, балгерлік болғаны әркімге аян. Сол бақсылық, діни ұғым қалдықтары қазақта да болды. Қазақ құмалақ ашқанда, *Жетіскенге беретін жеті әліп* деп келеді. Бұл жерде «әліп» басында «білу», «тану» деген мағынаны білдірген. Өйткені, қырғыз тілінде ол «арып» деген нұсқада қазір де колданылады. Қырғызша айлакер қуды *қырық бір арыбы бар* деуі де осыдан. Құмалақ аша білетін қарттардың сөзіне қарағанда, құмалақтың «жеті әліп» боп келуі «мандайы» ашылған, «бақыт» қонған, «қыдыр» дарыған кісінің белгісі болады-мыс. Мұндағы «жетіскен» деген мағына құмалақтың «жеті әліп» боп келуіне итермеші болып тұр. Балгердің «сәуегейлігіне» шын құлай сенетін адам жетіскенге беретін жеті әліпті құмалаққа тізе бұғуі даусыз. Мұндай сенім-нанымға ұйыған жұрттың *жеті қабат жер, жеті қабат көк* (аспан) дегенді шығарып алуына да таңырқауға болмайды. Бұл фразеологизмдер мифологиялық, астрологиялық ұғымнан хабар беріп тұр. Жерді ұстап тұрған «көк өгіздің мүйізі» деп білген халық өзінің ойын *жеті*мен байланыстыруы бұл сан есімнің халықтың атам заманғы өмірінен, идеологиясынан аздап болса да дерек бола алатындығын көрсетеді. Осыған қарағанда, *Жеті қарақшы* (көне түркі тілінде *Житіген*), қырғызша *Жети арқар* жұлдызын ала-бөле жеті санымен байланыстыра атауы, бұл санның, бәлкім, «киелі» екендігін көрсетсе керек. *Жеті* жұлдызды жеті қарақшыға балаған болар, көзіне бадырайып, көрініп тұрған затты өзінің атымен атаған болар, мұнда ешқандай «киелі» қасиет жоқ дейік. Олай болса, сан есебіне келетін өңге жұлдыздар неге басқаша аталған? Жұлдыздардың бірін *Темірқазық*, *Үркер*, *Шолпан* десе, бірін *Есекқырған*. *Ақбозат*, *Көкбозат* дейміз. Көзге көрінген баданадай нәрсені өз атымен атады делік, ал енді көзге түртсе көрінбейтін түнді қазақ неге *жеті түн*, *жеті қараңғы түн* дейді. Осы сөзден барып жасалған *жеті қараңғы түнде* (жеті түнде) неғып жүрсін? Немесе *жеті қараңғы түнде* қайда барасың? *Жеті қарақшыны таныған жеті түнде адаспас* деген тәрізділер өте жиі кездесіп отырады. Діни ұғым, магиялық сананың *жеті* сөзіне байланысты екендігін *жеті бүзірік* (*мүдірік*) *әулие* (мұндағы «бүзірік» — зор, ірі деген мағынада) немесе *жеті шәріп* деген тіркестер де көрсетіп тұр. *Жеті шәріп* деп жүргендері мыналар: 1. *Мәке* (*Меке*) *шәріп*; 2. *Мәдина* *шәріп*; 2. *Бұхар* *шәріп*;

4. *Шам шәріп*, 5. *Қатым шәріп*, 6. *Құддыс шәріп (Мысыр Шәріп)*, 7. *Кәлем шәріп*. Дін иелерінің: «Кәлем шәріп мұсылманға бұйырған, ол аспаннан арнай түскен жеті кітаптың бірі» деп жүруінде негіз жоқ. Осы «жетінің» ислам дінімен, Мұхамбет пайғамбармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын дінді уағыздаушылар біле ме екен? Кәлем шәріп «аспаннан түспестен» бұрын, Мұхамбет пайғамбар тумастан әлденеше ғасыр бұрын «жеті» санымен ұласқан ұғым-нағымның сырын «молдекемдер» білмесе керек.

«Әлмисақтан бері мұсылманбыз» деген ұғым — бұқара халық үшін түсініксіз дүние. Грек халқындағы *жеті әлемет* («Семь чудес света») талай пайғамбардың белінен басып өткен, талай әулие-әнбиелерді өзінен кейін туғызған. Ол аты шулы *жеті әлемет* (алыптар) мыналар: Египет (Мысыр) пирамидасы, Вавилондағы Семирамида бақшасы, Эфестегі Артемида храмы, Зевс статуясы, Галикарнастағы Мавзолей, Колосс Родосский, Фарос. Бұл жеті алып (жеті әлемет) неше буын ұрпақтардан қалып барып, әлемге әйгілі «күш» болып, сол *жеті* ұғымымен ұласып жатуы да — осы санның ел-елде айрықша мәні болғандығының дәлелі сықылды. Осыдан барып, ұлы зәулім, сәулетті үйлерді орыс тілінде «восьмое чудо света» деп келуі, немесе өнердің соңғы табысын «чудо современной техники» деп келуі жоғарғы «жеті әлеметтің» әсерінен шыққан екендігі орыс ғалымдарына әлдеқашаннан белгілі.

Жеті санының ой-санадан мықтап орын алғаны сондай, бір нәрсені шығаннан шыққан күш деп білсе, адам түңілерлік етіп, *жеті* санын қосып, қазақ ат қойып, айдар тағып алады; жалмауыздың, айдаһардың ең зорын қазақ *жеті басты жалмауыз*, *жеті басты айдаһар* (*жеті басты аждаһа*) дейді.

Бұл санға байланысты көзқарас халық арасында қалыптасып, салт, заң болып кеткен. Оған бір мысал: *жеті атадан әрі* ғана қыз алысу заңы. Араға *жеті атаны* салып, құда түсу әдеті ғасырлар бойы сақталып келген. Бұл дәстүр-салтты ислам дінін қабылдаған елдер кейін шариятқа тура келтіріп алған, сөйтіп, *жеті* сөзі пайғамбардың хадісіне де шарпуын тигізген. Бертін келе алыс-жақындықтың өлшемі де осы жетімен өлшеніп, ең болмағанда, әр рудың адамы жеті атасын — бергі шежіресін білуге міндетті болған. Осыдан барып, *жеті атасын білмеген ұрт* (не жеті атасын білмеген көпір) деген сөз қалған.

Көп нәрсені осы өлшеммен өлшеп, осы үлгімен пішіп дағдыландыра нуда сыр жаттыр. Ежелден кедей, тұқым-тұқиятынан бері қарай дәнеңе көрмеген жарлы болса, оны *жеті атасынан түк көрмеген* дейді. Ес біліп, ат жалын тартып мініп, адам болғаннан бері қарай көргені қорлық болса, *жеті жасынан* көргені қорлық деп келеді. Үрім-бұтағынан бері қарай келе жатқан байлық, батырлық, ақындықты қазақ: *жеті атасынан қара көк* («шынжыр балақ, шұбар төс бай-манап, шонжар») десе, енді бір жерде *жеті атадан* бері негізі тойған, батырлық, байлық *жеті атасынан* келген деп келеді. Ата-

бабасынан бері қарай ақындық дарыған кісіні *жеті атасынан бері ақындық қонған* дейді.

Тағы да қайталап айтарымыз: осындағы *жеті* деген сөз 7 сан есімімен лексикалық мағына жағынан, әрине, адекватты емес, «о баста», «ежелден», «қашаннан», «арғы аталарынан бері қарай» деген мезгілдік ұғымды беріп тұр. Екінші сөзбен айтқанда, ең алғашқы тікелей мағына орнына басқа бір ұғым пайда болып отыр: алғашқыдағы шекті сан, бертін келе «шексіз» немесе шартты, әйтеуір бір «көп сан» ретінде айтылып тұр. Бұл тәрізді құбылмалы, өзгермелілікті тілдің лексикалық саласының басқа тарауларынан да байқаймыз. Көп тілді білетін, көп халықтың әдет-ғұрпын білетін (полиглот) кісіні халық *жеті ғылымның тілін біледі* деп келеді; мұндағы «ғылым» деген «білім» мағынасында емес, «ел», «жұрт» мағынасында (бұл сөз тілімізге араб тілі арқылы келген «ықылым» түріндегі грек сөзі).

Тілімізде *жеті атамнан мұндай пәлені көргенім жоқ (жеті ата, жеті мұстанымда мұндайды көргенім жоқ)* деген сөз бар. Біреуді түгін қалдырмай, үрім-бұтақтан бері қарай сыбап, балағаттағысы келсе, қазақ «жеті ата», «жеті мұстыдан» немесе «жетпіс жеті атадан» келеді.

Жеті сөзі бір топ мақал-мәтелдермен ұласып жатыр: *жетіге келгенше, жерден таяқ жейді; алып алты, жеп жеті болмайсың; жетімнің құрсағы жеті қабат* (жетімнің жеті қарны болады), *кедейдің жеті қаңтары бар* («...кесірі бар» деген мағынада), т. б.

Баланың жерден таяқ жеуі *жетімен* байланысын, байланыспасын негізгі өлшем осы санмен келуі де кездейсоқ емес сияқты. Баланың сана-сезімін, естияр болуын, аяқ баса бастауын жеті жастан бері қарай есептеуде, әрине, өмір шындығы бар. *Алып алты, жеп жеті болмайсың* дегендегі *жеті болмайсың* дегеннің «кемеліне келу, баю» сықылды мағынасы бар. Бұл санды шек деп есептегенде («көп», «мол» деп қарағанымызда), *жеп жеті болмайсың* деген тіркестің қазіргі тіліміздегі семантикалық ролі бізге түсінікті болу керек. Қалың мал мөлшері кей жерде *қырық жеті, он жеті, отыз жеті* болып өлшенген. Біреудің әйелі қыз туса, кейде *қырық жеті құтты болсын* деу дағдысы болған (сондай-ақ *қырық жылқылы болыпсың, құтты болсын* сияқты сөз саптау көбірек айтылады). Мұндағы бір ескертетін нәрсе, малдың жалпы мөлшері жоғарыдай, жетіге бітіп келсе де, құдандалы кісілердің алыс-берісінде сан мөлшерінен асып түсу немесе ол межеден кем түсу бола береді. Осыған қарағанда, *жеті* сөзінің тікелей лексикалық мағынасы дәл осы жерде сақталып тұрған жоқ. Әйтеуір осыны «ырым» еткені болмаса, үнемі жетіні тәптіштеп, қалың малды беруде сол жетіге жеткізу шарт емес. Бұл да болса *жеті* санының жай шартты ұғым ғана болғанын көрсетсе керек.

Жеті бағзы уақыт өмірдің басқа салаларынан да орын тепкен. Аңшылық, ит жүгірту, құс салуға қатысты: *ит — жеті қазынаның бірі* (ит жеті қазынаның біріне қосылған) деп келеді. Ол жеті ка-

зына мыналар: 1) жүйрік тазы, 2) қыран бүркіт, 3) перен (берен) мылтық, 4) сұлу қыз немесе сұлу әйел, 5) жүйрік ат, 6) ер жігіт, 7) ілім-білім. Әрине, халық аузында жеті қазына жайында бұдан басқа да түсініктер жоқ емес.

Жеті, бір жағынан, жақсылық затқа, өмірге керек өнер, кәсіпке, ізгілік қасиетке байланысып жатса, екінші жағынан шаруаны күйзелтін, елдің дамылын алып, кей кезде ала сапыран бүліншілікке, ашаршылыққа әкеп соқтыратын жұтқа да қатысты. Қазак *жұт жеті ағайынды* дейді. Қыс қатты бол, суықтан, бораннан мал қырылса да—жұт, жауын-шашын болмай, егін шықпай қалса да—жұт, малға індет ауруы келсе де — жұт. Осы жұттың қай-қайсысы болса да, өзімен бірге ірілі-уақ басқа жұтты ала келетіні, бір жұт екінші жұтты шақыра келетіні — белгілі. Жұттың толып жатқан зардабы болады. Сондықтан бір жұтқа іліктес басқа жұттардың да шығуын «жеті ағайынды» деу орынсыз емес. Жұттың осы «ағайындыларын» (сынарларын) халық мыналар деп ұғады: 1. Құрғақшылық (егін шықпау, шөп қуару). 2. Мал жұтау (қыс қатты болу, қар қалың жауу, індет болу). 3. Оба (домалатпа). 4. Өрт кету. 5. Соғыс (бейбіт елге басқыншылық жасау). 6. Сел кету. 7. Жер сілкіну, т. б.

Сөйтіп, *жеті* сөзімен келетін діни ұғымды фразеологизмдерді де, сол ұғымнан шыққан сарқыншақ (реликт) есебінде күнделікті тіршілікте ұшырайтын басқа ФЕ-лерді тізіп, санын көбейте беруге болады.

Өлген кісіге жеті күннен кейін құран оқып, *жетісін беру*, *жеті тамұқ* (жеті тозақ), *жеті мыстан* (мыстан кемпір) дегендерді былай қойғанда, ертегілерде, батырлар жырларында, өлеңдерде, топонимикалық терминологияда *жетіге* ұштасқан сөздер толып жатыр. ХХ ғасырдың бас шенінде өмір сүрген Абыл ақын бір сөзінде былай дейді: «Арғымақ атқа сын болмас, Қиған қамыс құлақсыз. Азаматта сын болмас, Арты болса тұяқсыз. *Жеті арнада* сын болмас, Аяғы болса тұрақсыз». Ертегілерде «жеті дариядан өтті» деген тәрізді тіркестер кездесіп отырады. Бұрынғы ақындардың өлеңдерінде: *Әптиекке жеті әліп*, Той дегенде барамын домбыра алып,— деген сөз топтары осы *жетіге* байланысты түсініктен туған болу керек. Халық аузында *жеті насырым жерге кіріп*, *бетімнің суы бес төгіліп* деген ФЕ бар. Бұл — «қатты ұялып, тым қысылып» деген мағынада; «насыр» — өте ірі, тым үлкен деген мәнде; *бұл жұмыс насырға шапты* деген де «жұмыс үлкен шатаққа айналады» деген ұғымды беріп тұр. Мұндағы ФЕ: баруын барсам да, *жеті насырым жерге кіріп*, *бетімнің суы бес төгіліп*, *зорға бардым* тақылеттес сөйлемдерде келеді.

Жәңгір ханның баласы Тәуке ханның (1680—1718) қазақтың сол кездегі ескі әдет, кәдесін мемлекет тілегіне сай етіп, шаруашылық пен саясаттың жаңа ағымына үйлестіріп алған заңы «Тәукеңің Жеті жарғы(сы)» деп аталған.

Біздің пікірімізше, Тәуке хан мен оның билері Төле би, Қазы-

бек билердің ежелден келе жатқан әдет-ғұрып, ескі кәделерін жинастыра келіп, соның ішіндегі ең маңыздысын, басты-бастысын, елді билеуге керек жақтарын алып, өзінің жаңа заңдарын «Жеті жарғы» деп атауы да қызық. Дәл бұл жерде де, *жеті* өз мағынасында айтылып тұрған жоқ. «Киелі» сан ретінде қолданылып, «негізгі», «басты-басты» деген ұғымды білдіріп тұр.

Әрине, «жеті» дегенге әрдайым дін, немесе миф¹⁵, тотем арқау болды деген пікірлер бар. Бірақ, біздің топшылауымызша кей жағдайда мәселенің осы ұшығы шындық өмірден елес беруі шүбәсіз.

Түркі тілдерінің біразында *жеті* (іседі, йеті...) сөзі «апта» дегеннің орнына жүреді. Қазақтың өзінде де *жетісіне бір рет, жетісін беру* сияқтылар оның «апта» орнына жүруін көрсетеді. Осыған қарағанда парсының «апта» (және осы мағынадағы арабтың «жұма») сөзінен бұрын түркі тілдерінде «неделя» мағынасында «жеті» қолданылған шығар деген болжам айтуға болады.

Мұсылман дініндегілер аптаның *жеті* күнін (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) иран тілдері бойынша атайды. Ал, одан бұрын не деген екен? Бұл сұраққа, әзірінше, үзілді-кесілді жауабымыз жоқ. Жай бағдар-болжау түрінде мынаны айтуға болады: а) олар бірінші, екінші... күн деген тәрізді ізбен айтылуы ықтимал. Айталық, орхон жазуларында *ілкі күн* (*ілкі күн* өлтүртім — Моғ., ХаI, ең *ілкі күн* Тоғы балында сүңүсдіміз, КТБ, 44), *екінші күн* (*екінші күн* көп өлтүртім — Моғ., ХаI) деген тіркестер бар. Бұлар аптаның жүйесімен айтылған «бірінші күн», «екінші күн» бе, әлде болған оқиғаның «алғашқы күні», «екінші күні» деген орайда айтылатын жай күн ретін атау ма, ол жағы көмескі. Бағзы уақыт сан есімнен тыс сөз де араласа айтылуы да мүмкін; б) *ай есебімен* сөйлеу дағдысы да ойланарлық мәселе (айдың бір..., екі жаңасы, т. б.); в) *бүгін* (бұл-күн), *ертең*, *бүгінгі күні*, *кеше*, *алдыңғүні*, *арғы күні*, т. б. сияқты атаулар да назар аударарлық проблема. Мәселен, ұйғыр тілінде алғашқы бес күн *бүгін*, *этә*, *өгүн*, *индин*, *чиндин* түрінде айтылуы, қырғыздарда: *мурдаағы күндүн арқы күнү* (төрт күн бұрын), *кечааки күндүн арқы күнү* (алдыңғүні) түрінде айтылуы — көңіл бөлерлік мәселе.

Үш сан есімімен келетін фразеологизмдер де ескі салтқа қатысты. «Ешбір басы бірікпейді» деген мағынада *үш қайнатса сорпасы қосылмайды*, «ешбір ойына кіріп-шықпаған» деген мағынада *үш ұйықтаса түсіне енбеген* деп келеміз. *Ер кезегі үшке дейін* деген мақал да бар. Ертегілерде: Біреудің *үш* баласы болыпты немесе хан *үш* қайтара сұрапты сияқты фразеологизмдер жиі кездесетіні белгілі.

«Жан алу», «жан беру» сияқты дәстүр көп елдерде болған. Бұл әдет қазақта да болды. Ертеде «жан беруге» тура келсе, дүние салған ардақты бір кісінің моласына барып, одан *үш рет* айналып,

¹⁵ Чернышев В. И. О стержневых именных числительных в русском и казахском языках // Известия АН КазССР. Серия филологическая. 1946. Вып. 4.

«жалған айтсам, осы кісінің аруағы ұрсын» деп қарғанған. Мұндайда жан беруші айыпқа тартылған кісі емес, ол кісінің *үш ата* алыстығы бар жақын туысы болуы шарт болған. Туыстығы *үш атаға* жеткен кісінің сөзі әшкереленіп, жаман қылығы жұртқа аян, сенімсіз болса ғана, айыпқа тартылған кісінің басқа туысы (бірақ үш атадан бері болмау керек) жан беретін болған¹⁶.

Тоғыз сөзінің қазақтың ескі салтынан орын тепкенін, бір рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге беретін сыйлығының, кейде айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі толық айқындайды.

Қазақтың өте бір сүйіп ойнайтын ойыны «Тоғыз құмалақты» алсақ, оның ойын тәртібінде «ұту» («айып алу»), «ұтылу» («айып тарту», «айып төлеу») мағынасы бар. Өзінің тура мағынасында айтылып тұрған тоғыз санының қасиетін діни ұғымға апару бөлкім әбестік болар, дегенмен, бұны да ойласу жөн.

Тоғызбен байланысты сыйлық тарту, айып беру көп елдерде бар. Мәселен, қырғызда *төө баштаған тогуз* немесе *ат баштаған тогуз* деген тіркес бар (төө баштаған тогуздан қалың берген деп келеді).

Тоғыз туралы сенім, ырым-салт монғол халқында өзгеше орын тепкен. Ханға арналатын сыйлық, берілетін тарту «бір тоғыз» болған. «Бабур-намде» түркі елдеріндегі бұл салт, әдеттер сол монғолдан ауысып келген деген пікір айтылады.

Қ. Халидов өзінің белгілі «Тауарих хамса» деген кітабында түркі, монғол халықтарының «тоғыз» ұғымына байланысты мынадай пікір айтады: а) монғол, қалмақтардың ескі сенімі, діни ұғымы бойынша аспан *тоғыз қабат* болады, құдай соның ең жоғарғы қабатында тұрады, солай болғаннан кейін «бас патша» (құдай) сықылды, одан төменгі «жер патшасы» (хан) да сол жолмен, сол тәртіппен орын тегуге тиісті. «Бас падишаһ хаки кидин бүйлә фиғілә садир ол дисе падишаһ мажазниң тәртібі дәхи у тағлимә муафік тоғыз болмақ лазим» дегенді келтіреді; ә) тоғызға байланысты заңның (әдет-ғұрыптан орын теуіп, біреуге сыйлық беру, біреуді жазалау, т. б.) Шыңғыс ханнан басталатынын көрсетеді; б) «хан» деген атақ *тоғыз атадан* бері осы лауазым сақталып келе жатқан кісіге ғана телінген, соның салдарынан Әмір Темірге хан атағы берілмеген дейді. Әмір Темір көп жерді өзіне қаратып, қанша көп елге үстемдік жүргізсе де (қаншама елді қан қаксатса да, — І. Қ.), жоғарғы «тоғыз ата» деген негізгі қағидаға сай келмегеннен кейін, ол «хан» делінбей, «мырзашаһ» деп аталынған дейді; в) «тоғыз» жайындағы дәстүр мен ұғым ертеде Россияға да шарпуын тигізіп, кей халықтарда қарадан хан сайланатын болса, ол кісі осы дәрежеде алдымен тоғыз жыл қызмет істеуге міндетті болған дегенді айтады.

Қырық сан есімімен келетін фразеологизмдер де ескі сеніммен

¹⁶ Осы салт жөнінде мына еңбекті қараңыз: *Ильминский Н. Н.* Материалы к изучению киргизского языка. СПб., 1861.

ұштасып, қазақ тілінен де орын тепкен: *қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда; баланың қырқынан шығуы; өлген кісінің қырқын беру*, т. б. Түркі елдерінің біразында көз тиген баланы қырық ожау, не *қырық қасық сумен шомылдырды*, ертегілерде *қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады, ханның қырық уәзірі болыпты, қырық күн жол жүріпті* деген ФЕ-лер жиі айтылған. Сойылған мал етінің борша-боршасын шығарып, жілік-жілігімен бөлуді *қырық жілік* дейді. Әйелдер ірі караға қаһары түсіп кейігенде, *ой, қырық жілік болғыр!* деп қарғайды. Қазақ фольклорында *қырық сан қалмақ* (қырық сан кара қалмақ) деген сөз бар. Мұндағы *қырық сан* деген, *тоқсан екі баулы өзбек* деген сықылды ру санын көрсеткен болу керек.

Қырықтың діни ұғымы басқа елдерде де бар. Мәселен, Стамбул түріктерінде біреуге *қырық* санымен келетін ақшадай қайыр-садақа беру бар (бұл туралы *бер қырқы—кедар қорқу* деген сөз бар, «қырыққа толтырып ақша берсең, қорқыныш болмас» деген мағынада). Ислам дінін қабыл еткен халықтардың бәрінде де өлген кісінің *қырқын беру* (мәселен, татарларда бұл салтты *қырқын оздырмақ* дейді) ырымы бар.

Қазақ ертегілерінде ұшырасатын *бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам; ташаның қырық өтірігі* сықылдылар халықтың санасынан ертеден орын тепкен. Мақал, мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл санның да «әншейін» сан емес, бір кезде «киелі» мөлшер екендігін көрсетеді. Қазақ *қырық күн шілде* деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Үш ай, жаздың ыстығы осы қырықпен біте қоймағанмен, ол сан бұл жерде негізгі бір өлшем болып тұр. Бағзы уақыт кыстың да қақаған үскірік аяз мезетін осы «қырық» санымен өлшеу салты болған. *Қырықтың* айрықша бір өлшем болатындығына жоғарғы көрсетілгендерден бөлек, мына мысалдарды да келтіруге болады: *жақсы ата жаман балаға қырық жылдық азық; қырық жамау немесе қырық құрау—* әбден тозығы жеткен; *қыз қырық жанды; қырық пышақ болды—* араздасты, қызыл өнеш болып төбелесті. Сонымен *қырықпен* келетін сөздер өте көп. Солардың басты-бастысын ғана көрсетіп өттік.

Түркі тілдерінің сан есімдері туралы бұрынды-соңды жазылған еңбектерде бұл сандардың қолданылуы жайында толық пікір айтылған емес. Тек, Қазан қаласында шыққан Н. И. Золотничкий деген кісінің «Корневой чувашско-русский словарь» (1875 ж.) атты еңбегінде *жеті* және *тоғыздың* сеніммен байланысты ролі жайында азын-аулақ мәлімет бар. Ал, Гелеви *жеті* санын «жет» (йет) деген сөзден шықты деседі. Демек, сөздің ең алғашқы түрі «йатті» емес, «йатт» болған тәрізді¹⁷. Бұл сан о баста шекті, тиянақты сан бол-

¹⁷ Форма жағынан қазақ тілінде өзгеше қолданылып жүрген сан есім *-бесті*. Осындағы *-ті* жұрнақ, бұл сөз көбіне беске шыққан жылқы малына арнайы айтылады: *бесті ат* немесе тек *бесті* дей саламыз. Басқа сан есімге бұл жұрнақ қосылып субстантивтеніп *бесті* сықылды белгілі бір зат мағынасы жасалуын байқай алмадық. Қазақ тілінің жинақтау сан есімдерін жасаушы *-ау(-еу)* аффиксінің бірден жетіге дейін ғана қосылуы — қызық құбылыс. Татар т. б. кейбір тілдерде «онау» тұлғасы да бар.

ғанын әркімдер де айтады. Бірақ жетінің формасын анықтап, үзілді-кесілді пікір келтірген ешкім жоқ.

Жеті, қырық, үш, тоғыз тәрізді сөздердің тіліміздің қазіргі сатысындағы қолданылу тәртібін, осы күнгі семантикасын, стилистикалық функциясын тексерудің өзі де ол сөздердің этимологиясын білуге жол ашады. *Жеті*, т. б. сияқты сөздердің осы күнгі лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы ол сөздердің өткен тарихына айғақ бола алады. Біз *жетінің* «жет» не «же» деген етістіктен шығу, шықпауын ойластыратын мәселе деп қараймыз. Әңгіменің түйіні бұл сөздің және осыған тетелес басқа сандардың тілтілде атқаратын функциясында жатыр. Сондықтан біз оны көбінесе осы жағынан сөз қылдық.

Фразеологизмнің кейбір грамматикалық көрінісі

Грамматика тұрғысынан қарағанда, жалпы фразеологизмдер синтаксистік (кей жағдайда морфологиялық) тұтастығын сақтап, басқа еркін тіркестер тобынан да, қалыпты сөйлем түрлерінен де бөлектеніп тұрады. Қазақ тілі фразеологизм жүйесі де бұл ереженің дұрыстығын ешбір дау тумастан дәлелдейді. Бұған біз жоғарыда толығырақ тоқталғанбыз.

Фразеологизмнің грамматикалық ерекшеліктері қазақ тілінің жалғамалы (агглютинатив) сипатымен астасып жатыр. Яғни грамматикалық өзгерістер фразеологизмдердің синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық (синтаксистік) тәсілмен де жасалуынан келіп шығады. Мұның өзі есім—есім, есім—етістік (әрі бұлардың күрделі түрі) тізбектердің қай-қайсысына да ортақ норма.

Фразеологизмдер контекстің әуеніне қарай өзгеру я өзгермеуі жағынан екі топқа бөлінеді: бір алуан фразеологизмдер контекстің аясында ешқандай өзгеріске ұшырамай, өзінің дербес формасын сақтап отырса, бірқыдыру фразеологизмдер (контекстің әуеніне қарай өзге сөздермен қатынасқа түсіп) форма жағынан өзгеріп, қосымша, сүйемел сөз тіркестіру арқылы барып қолданылады. Айталық, *қолы ашық, ерні салпы, қол созым, жеті түнде*, т. б. тізбектер барлық контекст аясында дәл осы қалпында келеді де отырады. Ал, *ала аяқ қу* деген сөз қолданысты *ала аяғы, ала аяқтың өзі, ала аяқ қуы* деп те айтуға болады. Немесе *әкесін танытты, жанын көзіне көрсетті* деген тізбектің соңғы компонентін *әкесін танытайын, жанын көзіне көрсетейін//әкесін танытшы, жанын көзіне көрсетші//әкесін таныта көр* түрінде де өзгертіп қолдана береміз. Ал, *ешкімнің ала жібін аттаған емес* дегенді *ешкімнің ала жібін аттаған емессің* (емеспін), *ешкімнің ала жібін аттаған жоқ еді* (жоқ едім) түрінде құбылта беруге болады.

ФЕ-лерді сырт сикына қарап, яғни белгілі бір қосымшаларды бойына дарыту қалпына қарап, синтаксистік қызметі мен фразеологизмнің мағынасынан бойды аулақ сала талдаса, формаль тұрғыдан еркін тіркесте болатын барлық белгілерді табуға болады.

Олай болған күнде форма мен мазмұнды жорта алшақ қараған болар едік, ішінара оларды бірлікте қарамай, бөліп тастау жолына, жасанды тәсілге сүйенген болар едік. Шолудың бас шенінде («Қазақ тілі фразеологиясы — дербес пән» деген тақырыпта) атрибутив немесе адъектив, адвербиал, т. б. түрде келген ФЕ-лер қысқаша сөз етілген. Бұл сипатты тіркестердің басым көпшілігі лексикалық мағынасы жағынан еркін тіркес табиғатына жуық келеді: екі-үш компонентті тіркестің бірі қалайда негізгі мағынасын сақтап отырады. Осы айтылғандарды арқа сүйер критерий етіп, фразеологизмдерді синтаксистік қатынасына қарай мына топтарға бөлуге болар еді:

а) бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *үрейі ұшты, жаны ашыды, күні туды, тауы шағылды*, т. б. Мұндай ФЕ-лердің бірінші сынары үнемі тәуелдіктің III жағында тұрады да, етістік сынары ашық райда келеді. Ал морфологиялық жағынан бұлар зат есім—етістік тіркес;

ә) анықтауыш пен анықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *еңкейген шал, еңбектеген бала; сұқ көз, ақ жүрек*, т. б.;

б) пысықтауыш пен пысықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *күле қарады; күле кіріп, күңірене шықты*, т. б.

в) тура және жанама толықтауышпен толықталатын (не «баяндауыш») «сипатты» фразеологизмдер: *апшысын қуырды, сазайын тартты, намысқа шапты, сабасына түсті*, т. б.

Сырт тұрпатына қарап, соңғы тіркес екі мүшелі деп айтуға болмайды. Олай болатын себебі — бұлар идиомды тізбек.

Әрине, ФЕ-лер осы түрде екі компонентті немесе екі «мүшелі» ғана болып келмейді, күрделі, яғни тұтас сөйлем болып та келе береді. Мысалы: *аспан айналып жерге түседі* деген тізбек эллипсистік тәсілде қолданудың және етістіктің ашық райда тұруының нәтижесінде өз алдына дербес сөйлем болып тұр. Егер *аспан айналған ыстық* немесе *аспан айналып жерге түскен ыстық* деп қолдансақ, *аспан айналған* немесе *аспан айналып жерге түскен* десек, ФЕ-нің бұл компоненті «ыстық» деген сөздің анықтауышы болып кетеді. *Аузым пісті* (пісіп отыр) дейтін тізбек те — өз алдына бір сөйлем. Ал осы тіркес: *аузым пісіп*, одан ештеңе сұрамай қойдым деген сөйлем ішінде келгенде, құрмалас сөйлемнің бір жай сөйлемі емес, пысықтауыш мүшенің қызметін атқарып тұр. *Аузы піскен адам* деген ФЕ-нің ішінде бұл тіркес анықтауыш орнында тұр. *Асығы ашысынан түсіп отыр; аузы тұшып қалды; бетінен оты шықты* немесе мағынасы осыған жақын *беттің арын белбеуге түйді; беттің суын бес төкті; көзі жетпеді* деген сияқты көптеген тіркестер де осы сипатта өзгеріске түсе береді.

Фразеологизмдерді сөз таптарына қарай классификациялау да — ең негізгі мәселелердің бірі. Бір ескертетін жай: бұл тізбектердің ішінде мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайды. Сөз таптары жайлы мектеп грамматикаларында айтылатын қағидаларды фразеологи-

змдерге қалай болса солай қолдана берудің жөні жоқ. Олар зат есім, етістік, үстеу, т. б. сөз таптарымен тең мағыналы емес. Себебі, фразеологизмдердің тұлғасы мен семантикасы жеке сөз табына барабар келмейді. Белгілі бір сөз табының қызметіне жуықтайтын ғана фразеологизмдер бар, ал ф. түйдек (идиом) болса, ол белгілі бір сөз табының қызметінен мүлдем алшақ жатады. Бұған мынадай мысал келтіруге болады. Зат есімге жуықтайтындары: *көк өрім, бау кеспе, без бүйрек, кесекті аю, көк ми*; етістікке жуықтайтыны: *аузын ұстап қалды, ала жіп аттамады, ала көз болды, арқа сүйеді, атой берді, аузымен орақ орды, бармағын тістеді*; үстеуге жуықтайтындары: *көзге шыққан сүйелдей, қас пен көздің арасында*; сын есімге жуықтайтындары: *бармағынан бал тамған, екеуінің жұлдызы ыстық, ит жанды* (соңғы тіркес, көбінесе, әзіл-оспақ түрінде «төзімді» дегеннің орнына айтылады), т. б.

Фразеологизмнің құрам сипаты, компоненттерінің байланысу түрлері

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өзінің құрамы жағынан қаншалықты әр алуан болып келсе, компоненттерінің байланыс сипаты жағынан да соншалықты әр тарап болып келеді.

Фразеологизмнің қандайы болсын, қазіргі күйінде грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да бір тұтас қолданылады. Оларды синтаксистік, семантикалық ерекшеліктеріне, жеке сөз табы, сөздердің мағыналық жігі жағынан тек соларға ұқсас белгілер тұрғысынан ғана қарауға болады. Өйткені фразеологизмдер жеке тұрғанда сөйлем сипатында болып (сол себепті сөйлем мүшелері де болып) келеді де, контекст аясында бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Айталық, *жанын қармады, жанын жеді* тіркестеріндегі «жанын» тұлғасы осы қалпында толықтауыш пен баяндауыш қызметінде (жанын жеді) тұрған сияқты, ал, *қайғы жанын жеді* десек, бұлар *қайғы—жанын жеді* түрінде екі мүше жігіне бөлінбек. Немесе, *жай тапты* тіркесі: *алатынын алып—жай тапты//жаны <+> жай тапты//алатынын алып+жаны <+> жай тапты* болып түрлене береді. Соның бәрінде қайтті? деген сұраққа тұтас күйінде жауап береді. Ал, *намысқа шапты* деген де сондай: *намысқа — «толықтауыш», шапты — «баяндауыш»* іспетті. Сөйтіп, форма көрінісі ғана емес, мағына бірлігі де негізге алынады.

Сыртқы тұрпаты жағынан өзіне тән ерекшелігімен көзге түсер бір шоғыр тізбектер — п а р а л л е л ь д і ф р а з е о л о г и з м д е р.

Бұлар — өзгеше бір копуляция жолымен салаласа тіркескен фразеологизмдер. Бұл топтағы тізбектерде, әсіресе олардың ішіндегі *ай дер ажа жоқ, қой дер қозжа жоқ* типтес тіркестердің параллель компоненттері өзара тең тұрып тоғысады, жарыса жүп құрайды. Бұл параллельдер грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да терезесі тең тұр. *Ақай жоқ, тоқай жоқ; айранды аптап, күбідей пісіп* (күптеп) секілді параллельдер де, сондай-ақ осы

соңғы мағынаны білдіріп, *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* болып келетін фразалар да *ұзын арқан, кең тұсау; ұзында өшті, қысқада кекті емес; алалы жылқы, ақтылы қой* немесе *қоралаған қой, қостаған жылқы; апы кіріп, күп шығып* сияқты тіркестердің бәрі де жоғарыдағы айтылғандай, екі сыңары жарыса қолданылады.

Детерминация жолымен ықпалдаса тіркесу қос сөзді фразеологизмдерге тән бірден-бір негізгі тәсіл. Алайда копуляция, детерминация тәсілдері фразадан басқа құбылыстарда да кездеседі. Мәселен, *аяқ-табақ, ата-баба, қысы-жазы, анда-санда* тәрізді қос сөздер копуляция жолымен жасалса, *бала-шаға, қатын-қалаш, қыз-қырқын*, т. б. детерминация жолымен жасалған. Өйткені соңғы типтегі қос сөздердің бір компоненті тіліміздің күні бүгінгі тұрғысына мағыналы болса, екінші компонент десемантизацияланып кеткен. Оның (екінші сыңардың) қос сөз ішінде сақталуы жоғарыдағы мысалдардың мағынасына үйткы — алғашқы сөздің ықпалымен болып отыр.

Қос сөз бірімен-бірі жымдасып, бірінен-бірін ажыратуға болмайтын арнаулы сөз тобы. Ол өзінің алғашқы, не соңғы компонентімен қатар тұрса ғана қос сөз болады; *бұзау-торпақ, жол-жөнекей, ұшы-қиыры* түрінде сызықшамен жазылады. Бірақ қазақ тілі фактілерін толығырақ қамтып, пайымдап қарасақ, тілімізде бірі-бірінсіз айтылуға келмейтін тиянақты сөздердің неше алуан түрлері бар. Олар мағына, тұлға жағынан нағыз қос сөз сипатты бола тұра, мағыналық бірлік жағынан, компоненттерінің құрамы жағынан өңге қос сөздерден окшаулау. Мәселен, қазақ, қырғыз тілдерінде *үлде, бүлде* деген сөздер әрдайым қатар жүреді, бірін екіншісінен бөліп алып айтуға болмайды. Сол сияқты *некен-саяқ, жол-жөнекей, тоқты-торым* дегендегі *некен, торым, жөнекей* деген компоненттерді де өзінің сыңарынан бөліп айтуға болмайды. Бірақ бұлардың арасына «мен» жалғаулығын қойып, «некен мен саяқ» түрінде айтуға әсте болмайды. Ал, қос сөзді фразаларда осы тәрізді дәнекер жалғаулық болады. Айталық, *ақай жоқ, тоқай жоқ* деген тізбектің мағынасын анықтап тұрған «жоқ» деген сөз; *жоқ* екі рет қайталанып, ФЕ-ге стильдік өң беріп тұр. *Үн жоқ, түн жоқ; қан жоқ, сөл жоқ* дегендер де осындай.

Осылардың бір модельмен жасалғанын мынадан байқауға болады: *із-түзі жоқ//із-түзсіз//із жоқ, түз жоқ* (жым-жылас) жоғалды.

Егер *ай-шайсыз кіріп келді* дегендегі *ай-шай* қос сөзін *ай жоқ, шай жоқ* кіріп келді деген фразеологизммен салыстырсақ, бір кезде *ақай жоқ, тоқай жоқ* дегенді де *ақай-тоқайсыз* түрінде қолдануы толық мүмкін. Сол сияқты *үн-түнсіз* — *үн жоқ, түн жоқ; қан-сөлсіз* — *қан жоқ, сөл жоқ* дегеннен де мұны анық көреміз. Тегінде параллельді ФЕ-лер әуелде осы қос сөздің өзінен күрделене келіп жасалуы ықтимал.

«Жетісіп, молшылыққа қол ілігіп, байлыққа белшесінен батып» деген сөздердің синонимі — *айрандай аптап, күбідей пісіп*; «мыңғырған мал» (үйір-үйір жылқы, қоралы қой) дегенді фольклорда

алалы жылқы, ақтылы қой деп айту бар. Не болмаса «мандайы ашылған», «қыдыр дарыған», «бақ қонған», «тасы өрге домалаған» деген ФЕ-лердің қос сөзбен келетін баламасы — *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс*.

Жалаң қос сөздерге қарағанда, параллельді фразеологизмдер, көбінесе, метафоралық мағынада айтылады. Бұларды ауызекі тілімізден, қазақтың бай фольклорынан, шебер жазушыларымыздың тілінен жиі кездестіруге болады. Мәселен, «Еңлік—Кебек» пьесасында: «Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, бала тілеген кісінің бірі біздей-ақ болар» тәрізді тіркес көп ұшырайды. Осындағы *әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып* деген де параллельді фразеологизм. Бұндағы компоненттер тұлға жағынан да біркелкі келіп отырады (Әулие-ге ат айт-ып//қорасан-ға қой айт-ып).

Бұлардың қос сөз болу себебі тек форма жағынан біркелкі келгендігі ғана емес. Негізгі шарт — қосарланған екі сөздің бірінен-бірінің жігі ажырамауы. Сөз тізбегі екі сөзден жасалуы да мүмкін, екі-екі сөзден (жұп, қос сөзден) жасалуы да, екі жұп сөйлемнен жасалуы да мүмкін. Бірақ мұндай фразалардағы сөздер екі салаға бөлініп, параллельденіп, тұлға жағынан үйлесіп, қиысып отырады. *Әй дер ажа, қой дер қожә жоқ* деген осы айтылғанға толық дәлел болады. Бұл екі жай сөйлемнен құралған: біріншісі — *әй дер ажа жоқ*, екіншісі — *қой дер қожә жоқ*; мұндағы *дер* дегенді (келер шақ) есімшенің басқа түрлерімен де (дейтін, деген) ауыстыруға болады; *жоқ* деген сөзді бір-ақ рет айтуға да болады. Бұдан, әрине, ФЕ-нің ішіндегі сөйлемдердің мәні кемімейді.

Буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды деген фразаны алсақ, алғашқы күрделі компонент — *буырқанды, бұрсанды*, кейінгі компонент — *мұздай темір құрсанды*. Алғашқы компоненті тұлғалас екі етістіктің жедел өткен шағы, түбірі — *буырқан, бұрсан*. Кейінгі компонент үш сөзден жасалған, олардың түбірлері — *мұз, темір, құрсан*. Бұл ФЕ осы өлеңді түрінде ғана қалыптасып кеткен. Мұны қара сөзге айналдырып, *мұздай темір құрсанып, буырқанды* десек, стиль жағынан нұқсан келетіндігі сөзсіз.

Сайып келгенде айтарымыз: дағдылы қос сөз бен (дефис арқылы жазылатын) параллельді ФЕ-нің (үтір, не жалғаулықпен келетін) аралығында мағыналық жуықтық жоқ емес. Алайда бұл екеуі — құрылымы жағынан екі басқа категория. Олардың негізгі пунктуациялық белгісі: а) сызықша (дефис): *тәлім-тәрбие, балашаға, үйме-жүйме*, т. б.; ә) үтір: *ұзын арқан, кең тұсау, тебінгіден тер жауып, қабырғадан қан жауып*, т. б.

Үтірмен жазылатын параллельді ФЕ-лер грамматикалық жағынан төрт салаға бөлінеді (бұл ретте біз әр компоненттің соңғы сөзін еске алдық):

1. Зат есім тұлғасында келетіндері: *алалы жылқы, ақтылы қой; ұзын арқан, кең тұсау; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс*, т. б.

2. «Жоқ» сөзімен келетін параллель ФЕ-лер: *ақай жоқ, тоқай*

(ноқай) жоқ; қан жоқ, сөл жоқ; үн жоқ, түн жоқ; әй дер ажа жоқ, қой дер қожжа жоқ, т. б.

3. Есім жұрнақтары арқылы келетіндер: ұзында өшті, қысқада кекті; бір сырлы, сегіз қырлы, т. б.

4. Етістік тұлғасымен келетіндер: айрандай аптап, күбiдей пісіп; басы ауырып, балтыры сыздап; апы кіріп, күпі шығып; әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып (немесе әулиеге ат айттым, қорасанға қой айттым); тебiнгiден тер жауып, қабырғадан қан жауып (немесе тебiнгiден тер жауды, қабырғадан қан жауды).

Параллель фразеологизмдердi осы тұрғыдан топқа бөлудiң өзi де шартты нәрсе. Өйткенi, бұлардың едәуiрi синтаксис жағынан (компоненттердiң орны жағынан) анағұрлым тиянақты. Мәселен, ұзында өшті, қысқада кекті деген параллельдi ФЕ-нiң екi канатын ауыстырып өзгертуге болмайды (қысқада кекті, ұзында өшті деген түрде қолданылмайды). Бірақ, мұның iшiндегi жеке сөздердiң тұлғасын құбылтып айтуға келе бередi: ұзында өшiмiз, қысқада кегiмiз жоқ; ұзында өшiм (-iз), қысқада кегiм (-iз) жоқ; ұзында өшiмiн, қысқада кектiмiн. Ал, ұзын арқан, кең тұсау сияқты есім тұлғалы; ФЕ-лер синтаксис жағынан да, морфология жағынан да тұрақты; яғни бұл сөздердiң орнын ауыстыруға, сөздердi осы қалпынан басқа түрге салып, еркiн өзгерiске түсiре беруге келмейтiнi жоғарыда әлденеше рет ескертiлдi. Мәселен, ақай жоқ, тоқай жоқ сияқты ФЕ-нi ешбiр өзгертуге болмайды. Ол сөйлем iшiнде басқа сөздерден интонациясы арқылы окшау тұрады.

Параллель ФЕ-лердiң лексикалық, стильдiк мағынасы мына түрде даралана айқындалады.

Мысалы, алалы жылқы, ақтылы қой дегеннiң орынын ауыстырып, ақтылы жылқы, алалы қой деуге болмайды. Неге десеңiз, қой малы түске бай емес, ал жылқыны бiрде торы, күрең, шабдар, боз, сұр, қара құла деп, бiрде торы төбел, күрең төбел, қара кер, құла кер, т. б. түстеп айта бередi. Алалы жылқы деген осы тәрiздi түстердiң бәрiн қамтитын сөз. Екiншiден, ақ (ақтылы) деген сөз жылқыға, атқа тiкелей жанасып, анықтауыш бола алмайды. Қазақ ақ ат демейдi, боз ат дейдi; ақ дегендi ат деген сөзге анықтауыш ете-мiз десек, ақ дегендi боз деген сөздiң алдына қойып, ақ боз ат деп қана айтамыз. Сөйтiп, алалы жылқы деген «барлық жылқы», «үй-iр-үйiр жылқы», ақтылы қой деген «барлық қой», «мыңғыраған қой» деген мағынаны берiп тұр.

Жоғарғы тiзбектегi үйлесiмдi, үйқасты келiп тұрған анықтауыштар (алалы, ақтылы) ФЕ-ге жан берiп, бейнелi түрге түсiрiп тұр. Осы күнгi қолданылуында бұл жалпы «төрт түлiк мал» ұғымын бiлдiредi: Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрi жемей ме, иесi ұйықтап жатқан соң (М. Ө.).

Алты аласып, бес бересiм жоқ дегендегi ал, бер түбiрлерiнен жасалған туынды есiмдер тәуелденiп тұр.

Қазақ тiлiнде аласы, бересi деген сөздердегi -асы, -есi жұрнағы — көне жұрнақ. Ол көресiнi көрдiм дегендегi көресi сияқты бiр-

ді-скілі сөзде ғана ұшырайды: етістіктің түбіріне жалғанып барып, зат есім тудырады. Татар тілінде бұл жұрнақ жиі ұшырайды (ұйықтасым келмн, қарасым келди).

Алы кіріп, күні шықты деген ФЕ тілімізде тек көсемшенің өткен шағы түрінде ғана ұшырайды. Этимологиясы жағынан, «апы» сөзі көне түркі тілдегі «абы» (жасырыну, тығылу мәнде) сөзімен бір сияқты, ал «күпі» сөзі көне түрік тіліндегі «күшк» сөзіне жақын. Сонда «жасырынып кіріп, киініп шықты//қысылып кіріп, қымтырып шықты» деген мағынаға жуықтайды.

Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс. *Ақ, қара* деген сөздер көп мағыналы: *аққа аузымыз жарыды; көздің ағы мен қарасындай сақтады; көзге ақ түсті; ақтан тигізіп, ойын дәл айтты* дегендегі *ақ* сөзі туынды мағынада айтылып тұр. Сол сияқты *қара* деген де жанама мағынада айтылады: *төре мен қара; қара бассын* (қара албасты бассын), *алыстан қара көрінеді; қара бастың қамын ойлау; қара жаяу; қара жүрек*, т. б. Бұл жердегі *ақ, қара* деген сөздер мағынасы жағынан «қара болсаң қалмайды, ақ болсаң дауламайды» немесе «ақ, қарасын ажырат» деген орамдағы *ақ, қара* дегенмен жуықтас. Бұлар *сөзін ақтан тигізіп, қара қылды қақ жарған* шешендікке байланысты айтылған болу керек.

Ақай жоқ, тоқай жоқ дегендегі *ақай* мен *тоқай* сөзі осы ФЕ-ден басқа жерде кездеспейді. Бұл ФЕ осы қалыптасқан тиянақты түрінен екінші бір түрге ауыспайды, оларға ешбір қосымша қосып өзгертуге де болмайды, сөз орнын ауыстыруға да болмайды. Оның тағы бір ерекшелігі, өзімен мағынасы жуық басқа сөздермен қатар келіп, стиль жағынан олардан бұрын да, соң да тұра алады. Мысалы: Бірден кіріп келе, *ақай жоқ, тоқай жоқ*, ұрыс шығарғаның не, немесе *Ақай жоқ, тоқай жоқ*, бірден кіріп келе, ұрыс шығарғаның не?

«Дәненесі, түгі кеткен жоқ, қабырғасы қайысып, жанына батқан жоқ» сияқты мән беретін *басы ауырып, балтыры сыздаған жоқ* деген ФЕ ішіндегі *бас, балтыр* сөздерін морфологиялық жақтап құбылта беруге болады. *Балтыр* басқа түркі тілдерінде де бар. Бұл сөз кей тілде «қара бұқара», «қара халық» мағынасында қолданылады, кей тілде *жуан балтыр* дегенді *қаба балтыр* дейді, *шегірткенің аяғы* дегенді *чегірткенің балдыры* дейді. Қазақ тілінде *бұған басым ауырып, балтырым сыздаған жоқ* немесе оның бұл қылығына *ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздаған жоқ; бұдан басым ауырып...* деп те айтыла береді.

Буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып («бұрқылдап ашулану, ыза кернеу, мұздай темірге, сауытқа, құралға орану»). Бұл ФЕ эпоста жиі кездеседі: *...Қатуланып, қаттанып; буырқанып, бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тамып, Ар жақ пенен бер жаққа, Найзасын ұстап бармаққа* (ҚБ).

Қырғыз тілінде *бет бугун чыгарып буурканат* деген сөз бар. Мұндағы *бууркан* мен қазақ тіліндегі *буырқан* дегендердің түбірі

бір болса керек. Тілімізде *бұрқылдап, ашуланып отырған немесе бұрқан-талқан болып, сөзге құлақ қоймай, ашуланып ала жөнелді* деген сөздер бар.

Қазақ тіліндегі *құрсану* мен алтай тіліндегі *курчано* дегендердің мағынасы «буыну, орану, қоршану», осы сөзден «белдік» мағынасында айтылатын ескі шағатай, татар тілдеріндегі *қоршақ* (қоршамақ), алтай тіліндегі *қорчақ*, басқа түркі тіліндегі *қоршақ* сөздері келіп шыққан *құрсан*, *қоршан* деген сөздердің осы мағынасындағы түрі басқа түркі тілдерінде де ертеден бар.

Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып деген фраза да осы күйінде қолданылады, тек *айтып/айтты* түрінде ғана өзгеріске түседі. Діни ұғым бойынша кісінің ауру болуы тағдырдан болады деген түсініктен кейбір аурулар «әулие», «қорасан» болып аталып кеткен. Балаға «әулие» ауруы шықса, ол үймен қатынаспау, далаға от шығармау, аурудың атын («әулие» деп) көп атай бермеу — сол ескі нанымның салдары. *Қорасан* — шешек ауруының бір түрі. Осы күнгі қазақ тілінде *қорасан* («...қорасанға қой айту» дегеннен басқа жерлерде) ауру мағынасында ғана айтылады. Ал «әулиеге ат айтып, *қорасанға қой айтып, бала тілеген кісінің бірі біздей-ақ болар*» дегенге қарағанда, *қорасан* о да бір әулиенің аты деп ұғынуымызға болады. Бұл жердегі «әулиеге деп атты атау, қорасанға деп қойды атау» сөз тізбегінің аллитерация ретінде келуіне байланысты болу керек.

Әй дер ажа (жоқ), қой дер қожа жоқ деген ФЕ контексте осы қалпында қолданылады. «Ажа» түркі халықтарының ерте дәуірінде билеп-тестеуші деген ұғымда айтылған. «Шағатай» тілінде *ажы* деген «аға» мағынасын, ұйғыр тілінде *ача* «туысқан апа» мағынасын, қырғыз тілінде *ажса* деген «үлкен кісі» (отағасы) мағынасын білдіреді. Жоғарыдағы мысалдардың қайсысын алсаңыз да, оларда үлкендік (жасы үлкендік, жолы үлкендік) мағына бар.

Демек, *ажса* (ажы, ача) сөзі өзінің алғашқы тікелей мағынасын өзгертіп, «үлкендік» мағынасын алған. Айталық, М. Әуезов Найман мен Тобықты билерінің айтысын келтіріп, былай дейді: «Алалы жылқы, актылы қойын жосылтып алдың, ата қонысынан іргесін аудардың, ел-жұртын шұбырттың. Бүгінде іргенді Ханшыңғысқа орнатып отырсың. Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргеніңде, *әй дер ажа, қой дер қожа* болған жоқ. Енді міне, шарпуынды Матайдан асырып, Найманға тигізіп отырсың» («Ендік—Кебек»). Осындағы *әй дер ажа, қой дер қожа* сөзі де тияр, қой дер кісі, үлкен кісі болған жоқ деген мағынада айтылып тұр.

Фразеологизм сөйлеу процесінде, демек, белгілі бір сөйлем ішінде құлпыра кететіні белгілі. Өз алдына сөйлем тұлғасында келетін ФЕ-де белгілі бір ситуацияға байланысады да, өзінен бұрын я соң көмкеріп тұрған сөздер мағына жағынан ФЕ-ге икемделіп, ыңғайланып тұрады. Ал, тұтас сөйлемнің бөлшегі ретінде (яғни мүшесі ретінде) кездесетін ФЕ-де өзін қоршап тұрған еркін тіркеске тұрғыласып, мағына жағынан да, синтаксистік байланыс

жағынан да жымдасып жатады ¹⁸. Мәселенің мәні мынада деп білеміз: белгілі бір ФЕ-нің мән-мәнісі, қызметі, тұлғалық белгісі түгел контекст аумағында тұрып айқындалады; ФЕ-нің тіл, сөйлеу жүйесіндегі орнын толық тану үшін бұның да (дистрибуциялық талдаудың да), вариация, т. б. құрылымдық (структуралық) әдістердің де келтірер пайдасы зор. Басқаша айтқанда, фразеологизмнің контекстегі көрінісін білу үшін оған (ФЕ-ге) арқа сүйер оралымның (еркін тіркестердің) типтерін табу қажет. Өз алдына мұндай көлемді тақырыпқа бұл жолы толық тоқтау мүмкін емес. З. Г. Ураксиннің ¹⁹ өзінен бірер үлгі келтірейік. Бұл автор башқұрт тіліндегі мынадай мысалдарды бір қанатты оралымы бар ФЕ-ге жатқызады: Нурдәулет мулла малайы тигәс ил кем — алланың қашқа тәкәһе түгәлдер бит («Нурдәулет молланың баласы болғанмен, ол немен — алланың қасқа текесі емес қой?», немесе қазақша «Нурдәулет молданың баласы болса болсын, ол — құдайдың кенже баласы емес шығар?»). *Қара йөрәк*. Ауыз кәбәхәт һин. Безге қарап қаның икән, ә уның битен йыумаған байдә икәнненмин әллә қасиет белә инем («Ай, онбаған-ай, ал мен оның бетсіз, ұятсыз екенін әлдеқашаннан білсмін»). *Айт тигәнгә тайт итеп тора* («Айтқаныңды скі етпей дайын тұрады» деген мағынада; қазақша «әйт дегенге шәйт дейді» немесе «әйт дегенге тәйт дейді» сияқтылардың мағынасы башқұрт тіліндегіден өзгешерек). Зат есім, сын есім, етістік негізінде жасалған ФЕ-лер, — дейді бұл автор, — бір қанатты оралымға ие болады да, үстеу негізіндегілер тек көп қанаттыларға жатады. Оралым дегеннің өзін «жанама оралым», «тікелей оралым» деп, екіге бөледі. Мәселен, Қузийкүрпәс, үткән көндәрен искә төшөрәп, *балауыз һығып та алады* («Қозы Көрпеш өткен күндерін еске түсіріп, егіле жылап алды»). Осындағы «егіле жылап алды» дегенге алдымен субъект (яғни «Қозы Көрпеш» сөзі) қажет болып тұр; бұл — тікелей оралым; сөйлемдегі өнге сөздер («өткен күндерін еске түсіріп») жанама оралым құрып тұр.

Екі қанатты оралымы бар ФЕ-ге мынадай мысалдарды жатқызады: һин мине эзем иткән Әлми ағайыма *тел тейзерәһең* («сен мені адам еткен Әлми ағайыма тіл тигізіп отырсың»), өйзә йыйыштырмаудың *қулық теймәгәндән* гәнә түгел инде («үйді жиыстырмауың қолың тигегендіктен ғана емес қой»).

Осында, автордың пікірінше, субъект (яғни тәуелсіз) оралым да, объект (яғни тәуелді) оралым да бар.

Үш қанатты оралымы бар ФЕ-ге мынаны жатқызады: Кемде

¹⁸ Бұл жөнінде З. Г. Ураксиннің жоғарыда аты атылған еңбегінде («Фразеологиялық единицалардың тіркесуі», 4-тарау) толық айтылған. Башқұрт тілінің көптеген фактілеріне сүйене отырып, автор бір қанатты, екі қанатты, үш қанатты оралымы бар (одноместное, двухместное, трехместное окружение) фразеологизмдер деп, үш топқа бөледі. Бұл ретте М. Т. Тагиевтің, В. Л. Архангельскийдің, А. В. Куниинің зерттеулеріне автор жақсы баға береді. Біздің айтарымыз: қазақ және басқа түркі тілдерінің фактілері де осы айтылмыш топшылауды жалпы алғанда мақұлдай алады деуге болады.

¹⁹ Бұл автордың жоғарыда аталған еңбегін қараңыз. Башқұрт тіліндегі мысалдар да сол еңбектен алынды.

қанат астыңа алғаныңды беләм... Бының өсен һинең *башыңдан һыйнамастар* («Кімді қанатыңның астына алғаныңды білемін... Бұның үшін сенің басыңнан синамас болар», Қазақша «...арқаңнан қақпайтын болар» деп келеді), Беләм, һинең һағыңғаның, *дүрт күз менән* мине көткәһең («Мені сағыңғаныңды, екі көзің төрт болып күткеніңді білемін»). Осында оралымның тәуелсіз түрі де, екі арналы тәуелді түрі де бар.

Белгілі бір фразеологизмді көмкере қоршап тұрған үш тәсілдес оралымды тіл (язык), сөйлеу (речь) тұрғысынан жетер жеріне жеткізе байымдай талдау — ғылым мұқтажынан туған мәселе. Бұл оралым тиістері үшеу ме, әлде оған көп пе. — мұны да жүре бара зейінді зерттеу негізінде тағы бір қадағалап қарастырған жөн. Бір есептеп, ФЕ-нің өзге еркін құбылысты өзіне семантикалық бағындыруымен қатар, оның бағынуын да ескере отырған абзал. Ой салмағы — ой екіні мен ырғақ — әуез мәселесі де шет пұшпақтап болса да сол оралымға ойысады деп ойлаймыз. Фразеологиялық құбылыс — ең алдымен сөйлеу машығынан туындайтын категория. Олай болса, жалаң «контекст» аясынан аса түсіп те пайымдағанымыз теріс болмайтын сияқты. Контекст тізгінін босансытпау лазым. Сонымен барабар тізгінді тым тежей тартудың пайдасы аз. Басқаша айтқанда, контекст мәнін асыра бағалаудың да, кем тұтудың да тиер пайдасы жоқ.

Тіл білімінің басқа ярустары — салалары (фонетика, морфология, синтаксис, т. б.) сияқты фразеологияның да терезесі тең дербес пәнге айналуына кәміл сенеміз. Осы жолда (қазақ тілі фразеологизмдерін жетер жеріне жеткізе зерттеуде) олқыны толтыру, кем-кетікті түзеу жас буынның үлесі болмақ.

К ВОПРОСУ О СИСТЕМНОМ ИЗУЧЕНИИ ЛЕКСИЧЕСКОГО ЗНАЧЕНИЯ *

Новые и традиционные отрасли тюркского языкознания находят свое оправдание именно в системности категориальных явлений. Вне действия системности немислимо выделение таких составных частей языкознания, как фонетика и фонология, фразеология, лексикология, морфология, синтаксис, ономастика, стилистика и др. Это обстоятельство можно продемонстрировать на примере изучения категории словообразования в широком его понимании. Сложные, сложносоставные, парные слова в тюркских языках представляют собой продуктивные способы, история изучения которых восходит к начальному этапу возникновения и формирования тюркологии вообще, отечественной тюркологии в частности. Глубокое исследование разнообразных и разнохарактерных фактов словообразования (синтетических и аналитических проявлений) началось

* Статья опубликована в сб.: «Актуальные проблемы филологии» (Кишинев, 1985).

в советский период. Не вдаваясь в подробности, лишь упомянем, что тюркские парные слова стали предметом специального изучения в последние пятьдесят лет.

Как известно, парные слова в словарном составе тюркских языков занимают заметное место. Они изучались в грамматическом, главным образом, морфологическом плане. Но нужно более детально их исследование в историческом и диахроническом, синхронном и в общетипологическом отношениях. В существующей тюркологической литературе мало обращалось внимания на проблему системности лексических значений парных слов. Функционирование этой категории со свойственными ей семантическими признаками детерминировано структурными и другими особенностями рассматриваемого языка. Парные слова по своей словоформе не безразличны к агглютинирующему строю, который характерен для тюркских языков. Показательно, что они более системно употребляются в языках этого строя, чем в языках, например, флективных. На примере казахского языка можно продемонстрировать системность парных слов в лексической сфере языка. Не вызывает сомнения существование в казахском языке, как и в других тюркских языках, целых пластов парных слов: синонимных, антонимных, парно-повторных и др.

Функционирование парных слов в казахском языке оправдано грамматическими, фонетическими, лексико-семантическими узусами языка. Грамматическая сторона этой категории обусловлена существующим в языке комплексом языковых модификаций. Как словосложение (наличие двух компонентов) парные слова выступают в роли самостоятельной лексемы. Они характеризуются по своей семантической природе и просодическим признакам как цельное слово. Составные компоненты парных слов настолько органически слиты воедино, что лишаются в большей или меньшей степени своих основных (исходных) лексических значений. Смысловое содержание определенного, данного парного слова не вытекает из механической суммы значений их составных частей, хотя при первообразовании (в изначальном состоянии) каждый из компонентов имеет свою логическую мотивацию. Ср.: *ата* (отец) — *ана* (мать) — родители; *туған* (родной) — *туысқан* (родственный) — родные вообще люди, близкие и дальние; *қысы* (зима) — *жазы* (лето) — весь год и т. п.

В результате соединения двух корневых или производных лексем возникает новообразование семантического типа. Семантическая спаянность ярко проявляется при утрате у одного из компонентов первоначального осмысления. Ср. например, словосочетание *бала-шаға* (*бала* — дитя, *шаға* — дитя). В современном казахском языке слово *шаға* отдельно не употребляется. Десемантизированный *шаға* приобретает значение только в данном словосочетании. Отдельные исключения типа *қызыл шақа балапан* (вылупившийся цыпленок), *қызыл шақа перзент* (поворожденный ребенок) в опре-

деленной степени помогают установить собственное и этимологическое значение. Употребление подобных (*шақа//шаға*) лексем вне данной устойчивой синтагмы в ряде других тюркских языков не изменяет положения вещей. Аналогичное явление потери собственного значения имеет место в любом языке. Этот пример — не единственный в современном казахском языке.

Любой тип парных слов в казахском языке выступает в общей системе языка как один из путей словообразования, получающих конкретную семантическую данность в зависимости от речевых ситуаций. При конкретных контекстуальных условиях парные слова, как и любая словоформа или лексема, проявляют свой лексико-семантический облик в единстве с фонетико-грамматическим функционированием. Иными словами, парные слова соотносительны с другими звеньями языка в той же степени, в какой находятся другие языковые напластования, отличающиеся своими релевантными признаками.

В языке нет ничего случайного, эфемерного. Каждое «случайное» причинно. Причинность в языке обусловлена взаимосвязью, отношениями между разными языковыми явлениями, которые отличаясь друг от друга своими релевантными признаками, обладают разной степенью системности. Материальная сторона парных слов (звуковая оформленность, грамматическая закреплённость) позволяет говорить о системном их взаимоотношении, как о своеобразном лексико-семантическом ряде с фонетическими и грамматическими уровнями. Вхождение парных слов в общий словарный состав в качестве одного из словотипов свидетельствует о тесном их контакте с лексикой и словообразованием.

Вся эта взаимосвязь не отвергает, а предполагает постулирование системной закономерности, которая предопределяет место и роль парных слов в языке и речи. Следовательно, установление специфики парных слов — задача насущная, выяснением которой должны заниматься не только тюркологи. Сложность разрешения этой проблемы связана с тем, что лексические значения индивидуализированы: трудно вывести те обобщающие узусы, с которыми имеем дело, например, с уровнями фонетики, грамматики. Отсутствие формальных показателей еще не говорит об отсутствии вообще особенностей лексико-семантических типов, благодаря которым можно устанавливать релевантную системность. Повышенный интерес исследователей к этой проблеме оказал положительное влияние на разработку выявления этих типов слова, лежащих в основе лексических значений. Разнохарактерные высказывания по вопросам определения лексики, ее моделирования, смысловых вариантов, лексико-семантической системности и другие были объектом толкования советских и зарубежных языковедов¹.

¹ Подробная библиография, а также детальный анализ лексико-семантической проблематики даны А. А. Уфимцевой (см.: Общее языкознание. М., 1972. С. 394—455).

Фонетико-грамматическая оформленность парных слов, включая ее производно-визуальную сторону, т. е. письмо², не вызывает сомнений. Лексико-семантическая природа парных слов в языке и речи характеризуется дистинктивными признаками. Ключ к пониманию лексико-семантической дифференциации надо искать в соотношении значения и понятия. Этот вопрос успешно может быть решен при условии привлечения положений логики, философии и психологии. Права О. С. Ахманова, что в советском языкознании «...убедительно и на большом фактическом материале доказывается, что между словами и понятиями нет взаимно однозначного соответствия, что «внешние» и «внутренние» языковые различия дают в каждом языке сложные и своеобразные переплетения, обуславливая различия их смысловых структур»³. При толковании вопроса о типах лексических значений невозможно их отрывать от понятий, хотя эти сложные переплетения затрудняют устанавливать желаемые языковые узусы.

Уподобление последующего звука предыдущему в результате воздействия последнего, которое имеет место как в пределах одного слова, так и между отдельными, соседними друг с другом словами, называется прогрессивной ассимиляцией. К прогрессивной ассимиляции некоторые исследователи относят и случаи прибавления к корню в зависимости от его твердости или мягкости соответственно твердого или мягкого аффикса. В самом деле, твердость и мягкость слогов (и слов вообще) зависят от твердости и мягкости гласных в них. Так, из слов *су+лар+ымыз+ға* (нашим водам), *жер+лер+іміз+ге* (нашим землям) первое произносится твердо, второе — мягко, а это непосредственно связано с гласными, т. е. твердость *у* (в слове *су* — 'вода') и мягкость *е* (в слове *жер* — 'земля') соответственно обуславливают твердость и мягкость гласных в аффиксах, присоединяемых к этим словам. Однако подобное явление куда логичнее связывать с законом сингармонизма, нежели с ассимиляцией.

Категория сингармонизма вытекает из взаимоотношений гласного с гласным, в то время как категория ассимиляции основывается на взаимоотношениях согласного с согласным (а иногда гласного с согласным).

Прогрессивная ассимиляция имеет место: в пределах одного слова (между основой и аффиксом), на стыке двух слов, в слит-

ных и парных словах (которые соответственно пишутся слитно и через дефис), между основным и вспомогательным словами и даже в пределах нескольких слов.

Наиболее распространенные виды прогрессивной ассимиляции:

1. Если корень слова оканчивается на звонкий согласный, то и аффикс, следующий за корнем, начинается чаще всего со звонкого согласного: *жаз+ға — жазға — 'на лето', '(к) лету', қаз+дар — қаздар — 'гуси', сөз+дік — сөздік — 'словарь', этаж+дың — этаждың — 'этажа', этаж+даң — этаждаң — 'с этажа'.*

2. К корню с конечным глухим согласным присоединяется аффикс, начинающийся тоже с глухого согласного: *тап+тық — таптық — 'классовый', қап+қа — қапқа — 'мешку', 'в (на) мешок', қап+тар — қаптар — 'мешки'.*

Следует заметить, что глухие согласные *п, т, к, ф*, произносимые в конце корня (подслаут), на письме часто передаются буквами *б, д, г, в*: *клуб, Ленинград, геолог, Ержанов*. Поскольку в подслауте этих слов произносятся глухие согласные, то и аффиксы, присоединяемые к ним, как правило, начинаются с глухих согласных (*клубта — 'в клубе', Ленинградтың — 'Ленинграда', геоложке — 'геологу', Ержановтан — 'от Ержанова'.*)

Звонкие *б, г, ғ, ж* в произношении, оглушаясь под влиянием предшествующих глухих согласных, переходят в *п, к, қ, ш*; на письме, однако, это не отражается: *Қамысбай — собственное имя (произносится: Қамыспай), ақ бала — 'белокурый ребенок' (произносится: ақ пала), қыс жақсы — 'зима хороша' (произносится: қыс шақсы).*

3. Если корень слова оканчивается на гласный или сонорный, то присоединяемый к нему аффикс чаще всего начинается со звонкого или сонорного: *бала+ға — балаға — 'ребенку', бала+лық — балалық — 'ребячество', инженер+ге — инженерге — 'инженеру', сал+ма — салма — 'лапша', қара+дым — қарадым — 'я (по) смотрел (а)'.*

Несколько особняком стоят словообразовательные аффиксы *-қор, -кеш, күнем, -паз, -хана*, которые не претерпевают никакого изменения под влиянием конечного согласного корня: *шайхана (чайная), өнерпаз (искусный человек), пайдакүнем (корыстолюбец), пәлеқор (склочник, интриган), арбакеш (извозчик) и т. п.*

Данный вид прогрессивной ассимиляции наблюдается в словах *жаздыгүні (летом), қыстыгүні (зимой), күздігүні (осенью)*, в которых *күні* звучит как *гүні*; ср.: *белбеу* (пояс) из первоначального *белбау* (досл. ремешок для талии).

4. Если корень слова оканчивается на *ш*, а присоединяемый к нему аффикс начинается со звука *с*, то последний (т. е. *с*) под влиянием первого (т. е. *ш*) в произношении переходит в *ш*; тем не менее, руководствуясь орфографическими нормами, пишут *с*: *шаш+са — 'если рассыпать' (произносится шашша), ұш+сын —*

'пускай летит' (произносится ұшыын), *шаш+сыз* — 'без волос' (произносится *шашшыз*).

5. Если первое из двух соседних слов оканчивается на гласный, сонорный или звонкий, а второе начинается с глухих согласных *қ, к*, то эти глухие согласные в произношении, под влиянием конечного звука первого слова, переходят в соответствующие звонкие *ғ, ғ*, однако это не находит отражения на письме: *қара қазан* — 'черный котел' (произносится *қара ғазан*), *боз қой* — 'белая овца' (произносится *боз ғой*).

Аффиксы в казахском языке начинаются со следующих согласных:

1) *м, б, п* (предикативное окончание: *инженер+міз* — 'мы инженеры', *аз+быз* — 'нас мало', *студент+піз* — 'мы студенты');

2) *қ, ғ, к, ғ* (направительно-дательный падеж: *ат+қа* — 'коню, на коня', *көк+ке* — 'небу', *жер+ге* — 'земле');

3) *н, д, т* (родительный, винительный, исходный падежи: *бала+ның* — 'ребенка', *бала+дан* — 'от ребенка', *мектеп+ті* — 'школу'; *дала+да* — 'в степи', *ағаш+та* — 'на дереве', *қара+ды* — 'посмотрел', *кет+ті* — 'ушел'; аффиксы множественности и некоторые суффиксы начинаются с *л, д, т*: *бала+лар* — 'дети', *қаз+дар* — 'гуси', *ат+тар* — 'кони', *бала+лық* — 'ребячество'; *түз+дық* — 'соус', 'подлива', *төрт+тік* — 'четверка'.

4) Окончание принадлежности, присоединяемое к словам с конечным гласным, начинается с *м* в I, с *ң* во II и с *с* в III лице (*біздің бала+мыз* — 'наш ребенок', *бала+м* — 'мой ребенок', *бала+ң* — 'твой ребенок', *бала+ңыз* — 'ваш ребенок', *бала+сы* — 'его ребенок'). Предикативное окончание во II лице и некоторые суффиксы в начале слова тоже имеют *с* (*бала+сың* — 'ты ребенок', *бара+сың* — 'ты пойдешь'; *бар+са* — 'если пойти', *кел+се* — 'если прийти', *бар+ма+с* — 'авось не пойдет', *кел+ме+с* — 'авось не придет').

5) Ряд суффиксов начинается с *ш* (*жұмыс+шы* — 'рабочий', *сөз+шең* — 'красноречивый', *бой+шаң* — 'рослый', *құлын+шақ* — 'жеребеночек'); инфинитив и отглагольные имена имеют суффикс *у* (*сөйле+у* — 'говорить и говорение', *қара+у* — 'смотреть и смотреть; в зависимости от места форма на -у в казахском языке обозначает как инфинитив, так и отглагольное имя); незначительное количество суффиксов начинается с *р, й* (причастие: *қара+р* — 'может быть, посмотрит', *сөйле+р* — 'может быть, заговорит'; деепричастие: *қара+й* — 'смотря', *сөйле+й* — 'говоря').

Согласные *м, б, п, қ, ғ, к, ғ, н, д, т, л, о* которых сказано в 1, 2 и 3 пунктах, подвергаются комбинаторным изменениям под влиянием предшествующих им согласных. Иными словами, звуки, сходные, близкие в артикуляционном отношении, переходят друг в друга, т. е. имеет место так называемая альтернативация. Сказанное может быть проиллюстрировано таблицей:

Конечные согласные корня	Начальные согласные аффиксы					
	л	н	д	м	р	г
а) гласный	л	н	д	м	р	г
б) сонорные <i>р, й</i>	л	д	д	м	р	г
в) сонорные <i>л, м, н, ң</i>	д	д(н)	д	м(б)	р	г
г) звонкие <i>з, ж</i>	д	д	д	б	р	г
д) глухие (к данной группе относятся <i>б, д, г, в</i> , на которые оканчиваются при письме корневые слова)	т		т	п	к	к

Воздействие последующего звука на предыдущий (при этом предшествующий уподобляется последующему), которое имеет место как в пределах одного слова, так и между отдельными, соседними друг с другом словами, называется регрессивной ассимиляцией.

Наиболее распространенные виды регрессивной ассимиляции:

1) Конечный глухой согласный корня (*қ, к, п*) переходит в звонкий, если присоединяемый к нему аффикс начинается с гласного (написание в подобных случаях соответствует произношению): *тарақ+ы* — *тарағы* — 'его (ее), их расческа', *жүрек+ім* — *жүрегім* — 'мое сердце', *шап+а+ды* — *шабады* — 'скачет', *төк+іл* — *төгіл* — 'выливайся, разливайся'.

Имеются некоторые исключения из этого правила. Так, в слове *қазақ+ы* (*ат*) — 'конь' чисто казахской породы' конечный *қ* не переходит в звонкий, хотя за ним следует аффикс, состоящий из гласного *ы*. При наличии такого же условия не озвончаются и *к, п* в словах *оның бөр* (*і*) *к+і* — 'его шапка', *сенің көр* (*і*) *к+ің* — 'твоя красота', *орфографияның принцип+і* — 'принцип орфографии'. Глухие *қ, к, п* в приведенных примерах, по-видимому, не озвончаются потому, что сохранение их глухости позволяет яснее представить значение слова и его грамматическую форму. Так, *ы* в слове *қазағы* — 'его казах' является притяжательным аффиксом, в то время как в *қазақы* — 'из чисто казахской породы' *ы* выступает суффиксом; что же касается слов *көркі* — 'ее красота', *көрігі* — 'его кузнечный мех', то озвончение глухого *к* произошло только во втором из них (хотя оба они имеют притяжательный аффикс *і*), в результате чего стало возможным различие омонимов: *көрік* — 'красота', *көрік* — 'кузнечный мех'. Вообще лексические и грамматические омонимы (если злоупотреблять ими) ведут к затемнению мысли.

Следует подчеркнуть, что в казахском языке подобное фонетическое явление (когда глухой не переходит в звонкий, находясь перед гласным другой морфемы) встречается весьма редко.

2) Конечный *н* корня, оказавшись перед *б, п*, в произношении переходит в *м*, что не отражается на письме: *сен+бе* — *сенбе* — 'не доверяйся' (произносится *сембе*), *Жанпейіс* — мужское имя

(произносится *Жампейіс*), *Құрманбек* — мужское имя (произносится *Құрмамбек*).

3. Конечный *н* корня, предшествуя *қ, ғ, к, г*, в произношении переходит в *ң*, что не находит отражения на письме: *Айманқұл* — женское имя (произносится *Аймаңқұл*), *Аманқұл* — мужское имя (произносится *Амаңқұл*), *саңқой* — 'щеголь', 'франт' (произносится *саңқой*).

4) Конечный согласный корня *с* и *з* в позиции перед *ш* звучит как *ш*, что не отмечается на письме: *колхозшы* — 'колхозник' (произносится *колхозшы*), *қазша* — 'по-гусиному' (произносится *қашша*), *сөзшең* — 'красноречивый' (произносится *сөшшең*).

5. Конечный *з* корня, предшествуя *с*, в произношении переходит в *с*, что не находит отражения в правописании: *көз сал* — 'обрати внимание' (произносится *көссал*), *тұзсыз* — 'несоленый', 'без соли' (произносится *тұссыз*), *жазса* — 'если писать' (произносится *жасса*).

Конечный *з* первого из двух соседних слов под влиянием начального *ж* следующего за ним слова произносится как *ж*, что не отражается на письме: *боз жігіт* — 'белокурый парень' (произносится *божжігіт*), *көз жұму* — 'закрывать глаза' (произносится *көжжұму*).

Подобное явление наблюдается и внутри одного слова: *Оразжан* — мужское имя (произносится *Оразжан*).

6) Если предшествующее слово кончается на гласный и последующий начинается с гласного, то в произношении имеет место выпадение конечного гласного в первом слове, что не находит отражения на письме: *торы ат* — 'гнедой конь' (произносится *торат*), *торы ала ат* — 'гнедо-пегий конь' (произносится *торалат*).

Слова, оканчивающиеся на *ы, і*, утрачивают эти гласные, принимая суффиксы *и (ый), у, ау, еу*: *оқы+у* — *оқу* — 'читать, чтение, учеба', *қоры+у* — *қору* — 'защищать, защита', *екі+еу* — *екеу* — 'двое'.

7) Если корень слова кончается на *п* и к нему присоединяется аффикс *-ып (іп)*, то конечный согласный корня (т. е. *п*) произносится как *у*. В данном случае правописание совпадает с произношением: *қап+ып* — *қауып* — 'кусай', *шап+ып* — *шауып* — 'рубя', *тап+ып* — *тауып* — 'находя'.

8) Если предыдущее слово оканчивается на один из глухих *қ, к, п*, а последующее слово начинается либо со звонкого, либо с гласного, либо с сонорного, то эти глухие переходят в соответствующие звонкие, что не отмечается на письме: *ақ ешкі* — 'белая коза' (произносится *ағешкі*), *көп жер* — 'дальнее расстояние' (произносится *көбжер*), *керек екен* — 'оказывается, нужно' (произносится *кережекен*).

В казахском языке существует еще третий вид ассимиляции, отличный как от прогрессивной, так и от регрессивной ассимиляции, при которых из двух соседних звуков только один влияет на

другой (предшествующий влияет на последующий — при прогрессивной ассимиляции, последующий влияет на предыдущий — при регрессивной ассимиляции), что может быть представлено схемой

$$A \longleftarrow B \text{ или } A \longrightarrow B.$$

При третьем виде ассимиляции, как правило, имеет место взаимовлияние двух соседних звуков друг на друга и переход их в новые фонемы, что можно передать схемой $A \rightleftharpoons B$.

Ассимиляция, при которой два соседних звука взаимно влияют друг на друга, т. е. каждый из них воздействует на другой, вследствие чего взаимовлияющие звуки переходят (в произношении) в новые фонемы, называется прогрессивно-регрессивной ассимиляцией (*тогыспалы ықпал*).

Данный вид ассимиляции проявляется следующим образом: внутри одного слова или на стыке двух слов при соседстве *н* с *қ* (или *к*), *с* с *ж* в произношении *н* переходит в *ң*, *қ* в *ҕ*, *к* в *г*, *с* в *ш*, *ж* в *ш*, что не воспроизводится на письме: *Қазанқан* — 'мужское имя' (произносится *Қазаңған*), *Есенкелді* — мужское имя (произносится *Есеңгелді*), *Досжан* — мужское имя (произносится *Дошжан*).

И. А. Батманов считает регрессивную ассимиляцию в киргизском языке древним, архаичным явлением, реликтом прошлого³⁷. Это мнение само по себе заслуживает внимания, хотя мы не можем судить о его правомерности применительно к киргизскому языку. Что же касается фактов казахского языка, то в отношении генезиса каждый из видов ассимиляции является вполне самостоятельным, «полноправным» явлением. Вообще относительно ограниченная распространенность одного явления по сравнению с другими, по нашему глубокому убеждению, вовсе не есть признак его архаичности.

В языках (особенно в индоевропейских) преобладает регрессивная ассимиляция³⁸. Разумеется, мы отнюдь не склонны распространять закономерности индоевропейских языков на тюркские. Для категорического заявления о том, что такая-то разновидность ассимиляции в тюркских (в том числе и в казахском) языках поступательно развивается, а такой-то ее вид исчерпывает свои возможности к дальнейшему развитию, необходимы дополнительные и веские доказательства исторического характера. Словом, этот вопрос все еще требует дальнейшего глубокого изучения.

В современном уйгурском языке некоторые широкие (открытые) гласные переходят под влиянием последующих узких гласных в узкие (не только в произношении, но и на письме): *ата* — *атиси* — *атимиз* — 'отец' — 'его отец', 'наш отец', *бала* — *балиниң* —

³⁷ Батманов И. А. Фонетическая система современного киргизского языка. С. 70.

³⁸ Матусевич М. И. Введение в общую фонетику. М., 1959. С. 106.

балини — 'ребенок', 'ребенка' (род. п.) — *балини* — 'ребенка' (вин. п.), *сат* — *сегивалдим* — 'продай' — 'я купил (а)' и т. д.³⁹

Подобные фонетические изменения встречаются иногда и в казахском языке. В отдельных казахских словах гласные в предыдущем слове под влиянием гласных последующего слова (иногда аффикса) соответственно переходят в твердые и мягкие: *бар+лық* — *бар+і* — 'все', 'всего', 'все' (*а* переходит в *э* под влиянием притяжательного аффикса III лица *і*); *бұл күн* — *бүгін* — 'этот день', 'сегодня' (произносится *бүгүн*; конечный *л* в первом слове выпадает, *у* переходит в *ү* под влиянием мягкого гласного во втором слове. По закону прогрессивной ассимиляции начальный *к* во втором слове озвончается в *г*; в результате получается новое слово *бүгін*); ср.: *сол жерде* — *сө жерде* (в том месте), *тұра келді* — *түрегелді* — 'встал (а)', *сауда+гер* — *сәудегер* — 'спекулянт, торговец', *қалай етіп* — *қайтіп* или *кәйтін* — 'каким образом' (первое слово в результате утраты слога *-ла* принимает форму *қай* или *кәй*, второе слово утрачивает свой начальный гласный *е*, в результате имеем *қайтіп* или *кәйтін*). Вследствие стяжения образовались слова *сүйтіп* или *сөйтін* от *солай етіп* (таким образом); *үйтіп* или *өйтін* от *олай етіп* (подобным образом), *бүйтіп* от *бұлай етіп* (следующим образом). Явление универбации имеет место и в словах *әкел* от *алып кел* (принеси): от первого слова остался только один начальный гласный, и тот переходит в *э* (*э+кел*); *апар* от *алып бар* (отнеси) — от первого слова сохранился только начальный гласный *а* без изменения (так как последующие гласные — твердые), второе слово *бар* по закону диссимиляции перешло в *пар*. Универбации подвержены также слова *бұй дедім* от *бұлай дедім* (я так сказал), *қай* от *қандай* (какой), *быйыл* от *бұл жыл* (этот год). В последнем примере слово *бұл* утрачивает свой конечный *л*, губной *у* под влиянием палатального *ы* во втором слове (*жыл*) переходит в *ы*, в результате имеем *быйыл* (графически *биыл*). Переход слова *жыл* в *йыл* объясняется фонетическими закономерностями: в тюркских языках первоначальным корнем является *йыл*. Древнюю форму сохранили и слова: *сар* (*ығ*) — *сарғау* (желтеть), *кішік* — 'учтивый, вежливый' (*ұлық болсаң, кішік бол* — 'занял высокий пост — будь вежлив') и т. д. Прогрессивно-регрессивная ассимиляция (*тоғыспалы ықпал*) действует в словах: *бүрсүгүні* от *бірісі* (?) *күні* (послезавтра), *нағыласың* (при произношении) от *не қыласың?* — 'что же будешь делать?' (в последнем примере первое слово *не* отвердевает и становится *на*, а начальный согласный второго слова *қыласың* озвончается и становится *ғыласың*).

Личные местоимения *мен* — 'я', *сен* — 'ты' (за исключением форм *менде* — 'у меня', *сенде* — 'у тебя') тоже испытывают на себе влияние регрессивной ассимиляции: *маған* — 'мне', *саған* —

³⁹ Баскаков Н. А., Насилов В. М. Уйгурско-русский словарь. М., 1939. С. 189—190.

'тебе' и т. д. Здесь происходит отвердение корня под влиянием твердого *га* — окончания направительно-дательного падежа. Конечный *н* после названного окончания *га* (*га+н — ган*), по мнению С. Е. Малова, является ингредиентом, появившимся относительно недавно⁴⁰. Регрессивная ассимиляция в области согласных ощущается также в словах *оган* (ему), *буган* (этому), *соган* (тому). Слово *эке*, участвующее в образовании форм, передающих почтительное обращение к старшим, подвергается стяжению и прибавляется к собственным именам лиц в виде *ке, еке*, под влиянием которых предшествующие им слова часто смягчаются: *Жамбыл — Жэке, Жумагали — Жүмеке, Бақтияр — Бэке, Баймағанбет — Бэйеке, Алданазар — Элеке, Омар — Омеке, Сартай — Сэке, Тойшыбай — Тэке, Тұрмағанбет — Түреке, Галымжан — Галеке* и т. д. В этой функции слово *аға* (старший брат) тоже подвергается стяжению и присоединяется к именам людей в форме *қа* (*ақа*), оказывая на них влияние в отношении количества слогов: *Жақсыбай — Жақа, Сейтқали, Сейтжан — Сейтақа, Мұқан — Мұқа* и т. п.

Предлагаем таблицу гласных и согласных, воспроизводимых фонетической транскрипцией, основанной на латинской графике и часто применяемой в лингвистических трудах.

	Практическая транскрипция	Фонетическая транскрипция	Практическая транскрипция	Фонетическая транскрипция
	<i>а</i>	<i>а</i>	<i>с</i>	<i>s</i>
	<i>ә</i>	<i>æ</i>	<i>з</i>	<i>z</i>
	<i>е (э)</i>	<i>е</i>	<i>ч</i>	<i>ç</i>
	<i>о</i>	<i>о</i>	<i>аффрикат. ж</i>	<i>ʃ</i>
	<i>ө</i>	<i>œ</i>	<i>простое ж</i>	<i>ʒ</i>
	<i>ы</i>	<i>ь</i>	<i>н</i>	<i>n</i>
	<i>і</i>	<i>і</i>	<i>л</i>	<i>l</i>
	<i>ү</i>	<i>и</i>	<i>ш</i>	<i>ʃ</i>
<i>твердое</i>	<i>у</i>	<i>у</i>	<i>р</i>	<i>r</i>
<i>мягкое</i>	<i>у</i>	<i>и</i>	<i>и</i>	<i>j</i>
<i>твердое</i>	<i>и (ий)</i>	<i>и</i>	<i>к</i>	<i>k</i>
<i>мягкое</i>	<i>и</i>	<i>и</i>	<i>г</i>	<i>g</i>
	<i>п</i>	<i>п</i>	<i>ң</i>	<i>ŋ</i>
	<i>б</i>	<i>б</i>	<i>х</i>	<i>x</i>
<i>сонорное</i>	<i>м</i>	<i>т</i>	<i>ғ</i>	<i>ɣ</i>
	<i>у</i>	<i>ш</i>	<i>һ</i>	<i>h</i>
	<i>ф</i>	<i>ш</i>	<i>в</i>	<i>v</i>
	<i>т</i>	<i>т</i>	<i>д</i>	<i>d</i>
	<i>ц</i>	<i>с</i>	<i>—</i>	<i>—</i>

Эта таблица дает возможность иноязычным филологам адекватно прочитать приведенные в работе примеры.

⁴⁰ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М., 1951. С. 52.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕКПІН КАТЕГОРИЯСЫ *

Тілдердің көпшілігі лебізді екпін тобына жатады: бұл топқа қазақ және басқа түркі тілдері де жатады. Тілімізде тек лебізді екпін бар деп қана қойсақ, қателескен болар едік. Кісінің ойын мәнерлеп, әсерлеп жеткізе алатын сөйлемдерде, кей уақыт, үнді екпінді де пайдалана аламыз. Едәуір түрколог ғалымдардың пікірінше, үнді екпін мәнерленіп айтылған (экспрессивтік) сөздермен байланысуы шарт емес: бұл екпін жай сөйлемде де кездесе беруі мүмкін.

Лебізді екпінге ие тілдер: екпіні тиянақты, екпіні тиянақсыз болып екі жікке бөлінеді. Қазақ тілі алғашқы жікке жатады. Екпіні тиянақты тілдерде екпін сөздің, көбіне, арнаулы буынына түседі, екпін тиянақсыз тілдерде екпіннің арнаулы (белгілі) буынымен байланысуы шарт болмайды.

Сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратудың басты бір жолы — осы дауыс екпіні болып есептеледі. Лебізді екпін кей тілде (көбіне, екпіні тиянақсыз тілдерде) сөздің морфологиялық мағынасын айқындап тұрады.

Сөйтіп, лебізді екпін: мағына айқындаушы, сөз айқындаушы болып екіге бөлінеді. Мәселен, орыс тілінде замо́к — за́мок, мука́ — му́ка сөздеріндегі екпін мағынаны айқындап тұр. Қазақ тілі сөзінің қалыпты екпінін өзгерткеннен, мағына онша көп ойсырай қоймайды. Қазақ тілінде екпінді өзгерткеннен сөздің дағдылы айтылу мәнері өзгереді, бірақ сөз мағынасы орыс тіліндегідей мүлдем өзгере қоймайды. Бұлай болуының негізгі себебі, біздің пікірімізше, қазақ тілінің агглютинатив (жалғамалы), орыс тілінің флектив (қопармалы) болуымен байланысты. Демек, орыс тіліндегі екпін тиянақсыз болып, қазақ тіліндегі екпін тиянақты болып келуі де, бұл екі тілдің типология жағынан екі түрлі жікке жатуымен ұштасса керек деп ойлаймыз. Қазақ тіліндегі екпін орыс тіліндегідей сөз мағынасын өзгертпеудің есесі не жұрнаққа түседі, немесе сөздің лексикалық тұлғасы әр түрлі болып келуімен байланысып жатады.

Түрік тілдеріне дауыс екпіні сөздің, көбіне ең соңғы буынына түсуін ежелден келе жатқан қағида деуге болмайды. Акад. Б. Я. Владимирцов түркі тілдеріндегі екпін о баста сөздің бас буынына түскен деген ойды дәлелдейді. Көп буынды сөздерде көмекші екпін — әрі лебізді, әрі үнді болып келуі, мәнерлі (эмфазиялы) сөйлемдерде дауыс екпінінің орын алмасуы (соңғы буындағы екпін бас буынға көшуі) Владимирцовтың пікірі бойынша, тіліміздегі екпіннің бір кездерде, сөздің алғашқы буынына түскенін дәлелдесе керек.

Академик Ф. Ф. Корш көп сөздердің екінші буынындағы дауыстылардың редуциялануын — сөздің екпіні о баста бірінші буынға түскендігінің нәтижесі деп есептейді.

* Бұл мақала «Қазақ ССР Ғылым акад. Хабарлары. Лингвистикалық серия. 1948. 5-шығ. 19—23-б.» журналында жарияланған.

Корш пен Владимирцовтың бұл айтылған пікірлерін теріс дей алмаймыз.

Түркі тілдерінде дауыс екпіні тек лебізбен (экспирациямен) ғана байланысты деген ескі түркологтардың (В. Бетлингк, В. Радлов, П. Меллиоранский, т. б.) пікірлерін осы күнгі кейбір ғалымдар дұрыс емес деп табады. Н. К. Дмитриев өзінің «Түркі тілінің құрылысы» деген еңбегінде қосымшаға түсетін лебізді екпінмен барабар, негізгі түбірдің соңғы буынына түсетін екпін үнді екпін екендігін дәлелдейді.

Академик В. В. Радлов өз еңбегінде дауысты дыбыстарды лебізді екпінге байланыстыра келіп, оларды: негізгі екпінге не дауысты, көмекші екпінге не дауысты, екпін түспейтін дауысты деп үшке бөледі. В. В. Радловтың бұл пікірі түркі тілдері грамматикаларында күні бүгінге дейін қолданылып келе жатыр. Радловтың бұл пікірінің ұзын-ырғасын дұрыс деп тауып, осы күнгі ғалымдар ол кісінің лебізді екпін аясынан шықпауын қате деп есентейді.

Дауыс екпіні бір сөз бен екінші сөздің жігін ажыратумен қатар бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін де ажыратып тұрады. Арнаулы сөз тобының өзара мағына жуықтылығы, ол сөз тобының акцентуациялық жуықтылығымен байланысты болады. Сөйлем ішіндегі сөздердің бәрі бірдей үнемі дербес екпінге не болуы шарт емес. Сөйлем мүшелерінің грамматикалық, семантикалық қызметіне қарай, олардың акцентуациялық өзгешеліктері де айқындалып тұрады. Сөйтіп, тілімізде, кей уақыт, сөз тізбегі (синтагма) түгел фраза бір-ақ екпінге не болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, екі сөз немесе бірнеше сөз бір екпінге бағынып, өзара біркелкі комплекс жасалуы мүмкін. Мұндай екпін фразалық немесе ритмикалық екпін болып есептеледі.

Қазақ тілінде мына төмендегі сөз топтары екпін жағынан айрықша комплекс бола алады деп ойлаймыз:

1) қос сөздер (бала-шаға, жөн-жосық, ығай-сығай, сылап-сипап, т. б.);

2) негізгі мағыналы сөз+шылау сөз (үйге дейін, ол үшін, өзі ғана, мың қаралы, оқыған сайын, т. б.);

3) күрделі сөздер (оқып отыр, ән салды, жығыла жаздады, жығылып қала жаздады, орақ орды, Ақ шоқы, Кемпір қосақ, т. б.);

4) анықтауыш+анықталғыш сөз (биік үй, асқар тау, қынай бел, алыс жер, күміс қасық, ат қора, қыруар мал, мың сом, т. б.);

5) пысықтауыш+баяндауыш (кеше келді, жақсы оқыды, қалада болды, әрең жүрді, т. б.);

6) идиом сөздер (қабырғамен кеңесу, қас пен көздің арасында, тақсіретін тарту, т. б.);

7) тура толықтауыш+баяндауыш (газет оқыды, хат жазды, кино көрді, т. б.).

Бұл ритмикалық комплекстерге жататын сөздердің санын, олардың түрлерін көбейте беруге болады. Біз тек мысал ретінде комплекс жасай алатын сөз топтарының басты-бастыларын ғана

санап өттік. Қазақ тілі фонетикасының бұл тарауы көп зерттеуді керек етеді.

Осетин тілінің акцентуациялық заңдары жөнінен В. И. Абаевтың айтқан кейбір пікірлерін көп тілдерге (соның ішінде қазақ тіліне де) жанастыруға болады. Қазақ және басқа көп тілдерде ауызекі сөйлеген сөздердің белгілі тізбектері акцентуация жағынан біркелкіленіп, бірнеше сөз жиылып негізгі бір-ақ екпінге ие болады деген пікірді қазақ тілінің фактысы да айқындайтын тәрізді. Сөз тізбегіндегі екпін (ритмикалық екпін немесе фразалық екпін) мен жеке сөздегі екпіннің қарғдаларында үлкен айырма жоқ деуге болады. Жеке сөздің екпіні, оның соңғы буынына түскені сияқты, сөз тізбегіндегі екпін де, көбіне, соңғы сөздің соңғы буынына түседі. Мысалы, «биік үй», «торы ат»¹, «алыс жер» деген сөз тізбектерінің әрқайсысы жеке сөз есебінде бір-ақ екпінге ие болып, ол екпін *үй, ат, жер* сөздеріне — буындарына түсіп тұр. Бұл тізбектер акцентуация жағынан да бір, ассимиляция жағынан да өзара үйлесіп тұтас бір кесек дыбыстық единица болып тұр. Тізбек ішіндегі сөздердің саны көбейгенмен де ритмикалық екпін өзгермеуі мүмкін. Бірақ, біздің жалпы байқауымызша, тізбектегі элемент (сөз) үштен асса, фразалық екпін ыдырап кетуі мүмкін: «күміс шай қасық» деген тізбектегі «күміс шай» деген анықтауыш *қасық* деген анықталғыш сөзбен қосылып, бір ғана акцентуациялық комплекс болып тұр. Ал енді анықтауыштың санын көбейтіп, «әдемі күміс шай қасық» дегенде *әдемі* деген дараланып, екпін жағынан бұл сөз қалған үш сөзден оқшауланып тұратын сықылды. Дәл осы мысалдағы үш сөзбен келген анықтауыштың алғашқысы өз алдына бір екпінге ие, қалған екі анықтауыш анықталғыш *қасық* сөзімен қосылып бөлек екпінге ие болып тұр. Ритмикалық (фразалық) екпіннің бір сөзден (немесе бір буыннан) өзге сөзге (немесе өзге буынға) көшу заңы жеке сөздегі екпін сияқты болып келеді (бұл жөнінен жеке сөз екпінінің ережелерін қараңыз).

Сөз екпіні. Қазақ тіліндегі екпін басқа түркі тілдеріндегі екпін тәрізді сөздің, көбіне, соңғы буынына түсетінін жоғарыда айттық. Екі немесе үш буынды сөздің бір буыны негізгі екпінге ие болады да, қалған буындарына ешқандай екпін түспейді. Мұндағы негізгі екпін, көбіне, соңғы буынға түсіп отырады (мысалы: шағала, кереге, орақ, олқы, қара, біздер, жиырма, әрең, т. б.). Көп буынды (кемінде төрт буынды) сөзде негізгі екпіннен бөлек көмекші екпін пайда болады. Негізгі екпін соңғы буынға түседі де, көмекші екпін негізгі түбірдің соңғы буынына түседі. Қазақ тіліндегі көп буынды сөз қосымша арқылы жасалатындықтан негізгі екпін қосымшада болады да, көмекші екпін негізгі түбірде болады:

В. В. Радлов

о-рақ $\underline{\underline{V}} \underline{\underline{II}}$

ол-қы $\underline{\underline{V}} \underline{\underline{II}}$

ша-ға-ла $\underline{\underline{V}} \underline{\underline{V}} \underline{\underline{II}}$

¹ Айтылуында «биік үй», «торат» түрінде айтылып тұр.

ке-ре-ге $\underline{V} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы $\underline{V} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы-лар $\underline{V} \underline{I} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы-ла-ры $\underline{V} \underline{I} \underline{V} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы-ла-ры-мыз $\underline{V} \underline{I} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы-ла-ры-мыз-да $\underline{V} \underline{I} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы-ла-ры-мыз-да-ғы $\underline{V} \underline{I} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{II}$
 о-рақ-шы-ла-ры-мыз-да-ғы-лар $\underline{V} \underline{I} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{V} \underline{II}$

ат, қарындас деген сөздердің буындарын қосымша арқылы көбейтіп, көмекші екпін ең бас буында, негізгі екпін ең соңғы буында болады деп түсінеді². И. А. Батманов қырғыз тілінде үш буынды сөздің екпіні жалпы ереже бойынша—негізгі екпін соңғы буынға, көмекші екпін бас буынға түседі дей келіп, төрт, бес буынды сөздердің көмекші екпіні негізгі екпіннен бір буын қалып тұрады деген пікірді айтады. (Мысалы: жолдоштору, жолдошторубуз, жолдошторубузда, т. б.)³. Біздің байқауымызша, қазақ тілінде көмекші екпін кемінде төрт буынды сөзде ғана пайда болады. Негізгі екпіннің орны қандай тиянақты болса, көмекші екпіннің орны да сондай тиянақты. Бұл жөнінде В. В. Радловтың ойын, жалпы алғанда дұрыс деп табамыз. Бір буынды негізгі түбір болса көмекші екпін соның өзінде сақталады да, екі-үш, немесе одан көп буынды негізгі түбір болса⁴, оның соңғы буынына түседі. В. В. Радлов түркі тілдерінде көмекші екпін әрдайым бас буында болады деп түсінеді. Бұл пікір осы күнгі қазақ тілінің фактыларына қарағанда қате бола ма деп ойлаймыз. И. А. Батмановтың төрт, бес буынды сөзде көмекші екпін негізгіден бір буын, алты, немесе одан көп буынды сөзде екі буын бұрын тұрады деген пікірінің қырғыз тілі үшін қаншалық үйлесетінін біз айта алмаймыз. Қырғыз, казак, т. б. тілдердің акцентуациялық нормасы, негізінде, бір болуына қарағанда бұл кісінің пікіріне қазақ тіл фактысы қайшы келетін шығар деп ойлаймыз. Үш буынды сөзде көмекші екпін бас буында тұрады деген пікірді И. А. Батманов⁵ дұрыс деп есептейді. Біздің байқауымыз бойынша (егер казак, қырғыз, т. б. тілдердің нормасы бір деп білсек), бұл пікірді де даулы деп табамыз, өйткені көмекші екпін түскен буынның екпінсіз буынға қарағанда аздап болса да айырмасы болса керек еді. Біз ондай айырманы қазақ сөздерінен байқай алмадық. Қазақ тіліндегі үш буынды сөздің (түбір сөз болсын, туынды сөз болсын — бәрі бір) негізгі екпінге не буыннан басқа қалған екі буынның екеуі де біркелкі келетін сияқты. Бірөңкей дауысты дыбыстан келген үш буынды сөзде бұл

² Radloff W. Phonetik der Nördlichen Türksprachen.

³ Батманов И. А. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1945. С. 50.

⁴ Октябрьден кейін қазақ әдебиет тіліне енген интернационалдық түбір сөздердің ішінен көп буынды сөздер жиі ұшырайды. Мысалы, *кооператив, конференция* т. б. Бұл сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қосылғанда, олардың түбір тұлғадағы негізгі екпіні көмекші екпінге айналып кетеді (*кооперативтерге, конференцияларға* т. б.).

⁵ Батманов И. А. Көрсетілген кітап, ... 63-б.

біркелкілік айқын байқалады (мысалы: шағала, кереге, жылымшы, т. б.). Бұл мәселе әлі де болса жете тексеріп, терең зерттеуді керек етеді.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың көпшілігі екпінді өз бойына тартып тұрады. Көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларының алғашқы үшеуі екпінді болып келеді де, жіктік жалғау, көбіне, екпінсіз боп келеді. Қазақ тіліндегі кейбір қосымшалар екпінді бойына тарта алмайтындықтан (яғни энклитика ретінде кездесетіндіктен) акцентуация категориясы кей уақыт сөз тұлғасын ажыратуға (морфологиялық дифференциация жасауға) керек құрал есебінде қолданылады⁶. Тұлғасы бір, қызметі бөлек томоникалық қосымшаларды акцентуация арқылы ажыратуға болады. Мысалы: а) біздің оқушымыз (мұндағы *-мыз* — тәуелдік жалғау), біз оқушымыз (мұндағы *-мыз* — жіктік жалғау); б) ағашты жарма (мұндағы *-ма* — болымсыз етістіктің жұрнағы), тәтті жарма (мұндағы *-ма* — зат есімнің жұрнағы); в) сен мынаны көрші (мұндағы *-ші* — волунтатив мағынадағы етістік жұрнағы), ол бізге көрші (мұндағы *-ші* агентив мағынадағы зат есім жұрнағы); г) сіздің қалыңыз (екінші жақ тәуелдік жалғау), сіз қалыңыз (екінші жақ бұйрық рай жалғауы); д) сіз баласыз (екінші жақ жіктік жалғау), ол кісі баласыз (болымсыз есімнің жұрнағы); е) ол үйде (жатыс жалғау), үй де (демеу); ж) атты кісі (мұндағы *-ты* — сын есім жұрнағы; ол мылтық атты (мұндағы *-ты* — етістіктің өткен шақ қосымшасы); біз осында қалалық (мұндағы *-лық* — қалау рай жұрнағы), қалалық кеңсе (мұндағы *-лық* — сын есім жұрнағы), т. б.

Түркі тілдері мамандарының кейбірі болымсыз етістіктің *-ма* қосымшасы сөздің алдында келсе, екпінді өзіне тартып тұрады дейді. Қырғыз, ойрат, т. б. тілдер үшін, бәлкім, бұл пікір дұрыс та болар, қазақ тілінде болымсыз етістіктің *-ма* қосымшасы ешуақыт бойына екпін тарта алмайды.

Қазақ тіліндегі кейбір басқа қосымшаларға да екпін түспейді; мысалы: сын есім жұрнағы *-дай* (таудай, жаздай), қалау рай жұрнағы *-йын* (барайын, келейін, т. б.).

Қосымшасыз келген шылау сөздерде де екпін болмайды. Мысалы: *ғой* (қой), *ше*, *ғана* (қана), *ма* (ме, ба, бе, па, пе), *дейін* (шейін), *сайын*, *сияқты* (тәрізді, сықылды, секілді, т. б.). Мен *ғой* кеңседе болдым, ал сен *ше?*; тек *қана*; оқыған *сайын*; ауылдан қалаға *дейін*, т. б.

Шылау сөздерге қосымша жалғанса, негізгі мағыналы сөздердегі екпін шылау сөзге ауысып кетеді. Мысалы, таныс сияқтысыз, қалаға шейінгі дегенде қосымшалы шылауға екпін түсіп тұр. Кейбір уақыт негізгі мағыналы сөз екпіннен айырылып энклитикаға айналады. Мысалы, малы *семіз-ақ* екен, оның аты *ат-ақ* екен деген сөйлемдердегі «семіз-ақ», «ат-ақ» дегендегі *семіз*, *ат* сөздерінің екпінді *-ақ* шылауына көшіп тұр; сондықтан мұндағы *семіз*, *ат* деген сөздер энклитика қызметін атқарып тұр.

⁶ Қырғыз тілі жөнінен И. А. Батманов та осы пікірді айтады (көрсетілген кітаптың 62-бетін қараңыз).

Қазақ тіліндегі үстеуіш шылаулар (өте, тым, ең, тіпті, аса, орасан, жұда, т. б.) үнемі екпінге ие болып тұрады. Үстеуіш шылауы бар түбір сөз энклитикаға айналып кетеді. Мысалы: *тым жақсы, өте биік, аса зор, ең әдемі*, т. б. Сын есімнің күшейткіш буындары да екпінді өзіне тартып, негізгі мағыналы сөзді энклитикаға айналдырып жібереді. Мысалы: *әп-әдемі, біп-биік, жап-жақсы, қып-қызыл*, т. б. Күшейткіш буын дыбыс жағынан деформацияланып, түбір сөзбен біріксе, екпін бас буында тұрады; мұндай сөздердің саны қазақ тілінде екеу-ақ; *көкпеңбек, аппақ*.

Ұранды сөздерде немесе басқаша түрлі мәнерленіп айтылған (эмфазис, экспрессив түрде айтылған) сөздердің екпінді бір буыннан екінші буынға көшіп отырады (яғни депласацияланып кетеді). Мысалы: «Боранбай кітап оқыды» деген сөйлемдегі «Боранбай» сөзінің дағдылы екпінді оның соңғы буынында тұр. Ал, вокатив сөйлемде (мысалы, Боранбай; эй, Боранбай) екпін бас буынға көшіп кетеді. «Октябрь революциясы жасасын!» деген сөйлемдегі *жасасын* сөзінің екпіндінің де дағдылы орны соңғы буыннан орта буынға ауысып тұр.

Октябрь революциясынан кейін қарыштап өскен қазақ әдеби тілінің жаңа лексикалық қоры кейбір фонетикалық заңдарға да әсер етпей қойған жоқ. Ұлы орыс тілі арқылы тілімізге келген сандаған сөздер (ғылыми терминология, географиялық атаулар, т. б.) қазақтың ескіден келе жатқан акцентуациялық көне нормасына түгелімен бағына енген жоқ, сол орыс әдеби тілінің өз нормасын сақтап, өз ерекшеліктерімен енді. Терминдер, географиялық атаулар, кісі аттары негізгі түбір тұлғада тұрып, о бастағы екпінді сақтай отырып енді. Мысалы: революция, республика, конференция, физика, коммуна, т. б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БУЫН ҚҰРЫЛЫСЫ *

Буын проблемасы — фонетикалық категория. Сондықтан мұны жазу тұрғысынан қарауға болмайды. Буынның сапасы мен санын ең алдымен айтылу тұрғысынан қарап зерттеу керек.

Тіліміздің буын нормасы айтылуда бір түрлі, жазылуда екінші түрлі болып келе береді. Айтылуда *метр* деген екі буынды, жазылуда бір буынды сөз; *кооператив* деген сөз айтылуда төрт, жазылуда бес буын болып тұр (айтылуда қатар тұрған екі дауысты тоғысып, бір-ақ дауыстының орнына жүреді). Қазақ тілінде екі дауысты қатар келсе, алдыңғысы айтылуда түсіп калып, өзара ықшамдасып тұрады. Мәселен, *келе алмайды* деген *келалмайды* болып, *айта алмайды* деген *айталмайды* болып, буын саны кемиді. Сондықтан буын өлшеміне негізгі өлшеу (критерий) бола алатын — сөздің жазылуы емес, айтылуы.

Буын экспирация (өкпедегі ауаны сыртқа шығару) арқылы

* Бұл мақала «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы». 1954, № 1. 60—68-б.) журналында жарияланған.

жасалады. Көп тілдерде (соның ішінде қазақ тілінде) буын жасаушы дауысты фонема болып есептеледі. Дауысты фонема өз алдына дара тұрып та, төңірегіне дауыссыздарды алып тұрып та, буын құрай алады. Әр буында бірден артық дауысты фонема болмайтындықтан, сөз ішінде неше дауысты фонема болса, сонша буын болатыны — белгілі қағида.

Буын ішіндегі дауыссыздарды экспирациялық күшіне қарай, айтылуына қарай: күшті бас дыбыс, күшті соңғы дыбыс деп, негізінде, екі топқа бөлуге болады. Буын ішіндегі екі дауыссыздың алғашқысының экспирациясы соңғысынан басым күшті бас дыбыс (немесе эксплозив дыбыс) болады да, керісінше келсе, күшті соңғы дыбыс (немесе имплозив дыбыс) болады. Мәселен, буынның бас дыбысы да, соңғы дыбысы да бір түрлі болып келген *қақ*, *тұт* сияқты сөздердің алғашқы дыбыстары күшті (айқын) айтылады да, соңғы дыбыстары әлсіз (осал) айтылады. Сол сияқты *гүл*, *дөң* сөздеріндегі (буындарындағы) *г*, *д* дыбыстары да күшті айтылып тұр; бұл екі дыбыс буын бастап тұр, ал *л*, *ң* дыбыстары әлсіздеу айтылып тұр; бұл екі дыбыс буынды аяқтап тұр. Егерде сөз ішінде немесе сөз аралығында имплозив дыбыс пен эксплозив дыбыс қатар келсе, бұл екеуінің түйіскен жерінен буын жігі пайда болады. Мысалы: *аппақ* (ап-пақ), *көкке* (көк-ке), *тәтті* (тәт-ті), *ат дорба* (айтылуы ат — торба), *хат тасушы*, *алып бер* (айтылуы алып пер), т. б. Бұл мысалдардағы қатар тұрған біркелкі дыбыстардың алдыңғысы имплозив, кейінгісі эксплозив дыбыс болады: имплозив дыбыс буынды аяқтаушы дыбыс болады да, эксплозив дыбыс буынды бастаушы дыбыс болады. Сөз ішінде (негізгі сөз ішінде немесе түбір сөз бен қосымша аралығында) сөз бен сөздің аралығында бір түрлі дыбыстардан мыналар қатар тұра алады: *ққ* (*қаққа*, *ақ құм*), *кк* (*төкке*, *көк күмбез*), *тт* (*атта*, *ат тұса*), *пп* (*жаппа*, *алып бар*), *сс* (*асса*, *тас сал*), *шш* (*шашшы*, *үш шалғы орақ*), *нн* (*әннен*, *нән нар*). Сөйтіп, бір түрлі дыбыстардан, көбіне, үнсіз қатаң дыбыстар қатар тұра алады; *л*, *р* дыбыстарынан басталуға тиісті қазақ тілі қосымшалары *л*, *р* дыбыстарынан кейін *д* дыбысына айналып кетеді. Қазақ тілінің дыбыстық нормасы бойынша *іззет*, *мүдде* тәрізді сөздерде сирек кездесетін *зз*, *дд*, т. б. тіркестерін сөз етпейміз.

Қазақ сөзі айтылуда ешуақыт қабаттасып келген екі дауыссыз дыбыстан басталмайды. Сондықтан қатарынан тұрған екі дауыссыз дыбыстан буын бастала алмайды. Ал, әдеби тіліміздегі жазу нормасын еске алғанда атау сөздердің дені бұл заңның шеңберінен шығып кетеді. Мысалы: *процент* (айтылуы *пырацент*), *проект* (айтылуы *пірәекті*). Қазақ тілі сөздерінде бір буынның ішінде әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстардың болуы мүмкін емес: буын ішіндегі дыбыстар не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болады.

Сөздің жуан, жіңішке болуы буынмен байланысты, буынның жуан, жіңішкелігі дауысты дыбыспен байланысты.

Қазақ тілінде дауыстылардан басқа *қ*- *к*, *ғ* -*г* дыбыстарының да жуандық, жіңішкелігі мағынамен байланысты болып келеді. Өзге

дауыссыздардың жуандық, жіңішкелік қасиеті бола тұрса да, олар мағынамен байланысты болмайды.

Буынның жуан, жіңішкелігі, негізінде, дауысты дыбыстарға байланысты болғандықтан, буындағы дауыссыздардың не жуан, не жіңішке болмасқа дажы жоқ. Мысалы: *сал, он* деген сөздердің әрқайсысы — бір буын (бұл екеуі де жуан буын). Осы сөздердегі *а, о* фонемаларының ауанымен дауыссыз *с, л, н* фонемалары да жуандап тұр; *сәл, өн* деген сөздердің әрқайсысы бір буын (бұл екеуі де жіңішке буын); бұл сөздердегі *ә, ө* фонемаларының ауанымен *с, л, н* фонемалары да жіңішкеріп тұр.

Байырғы сөздер буынының басында бірден артық дауыссыз бола алмайды. Бірақ, буын соңынан екі дауыссыз дыбыс қатар тұра алады: қатарынан келген екі дауыссыздың алғашқысы үнді, соңғысы қатаң болып келуі — қазақ тілінің ежелгі қағидаларының бірі. Үнді (сонор) фонемалардан қатаң дауыссыздармен бұл жағдайда жиі түйісіп келетіндері: *р* мен *л* (мысалы: қарт, қарс, тарп, қарқ-қарқ, күрк-күрк, жалп, жалт, қылқ-қылқ, қалш-қалш, т. б.).

Өзге үнділер тікелей қатаңның алдында тұруында, біздің байқауымызша, мынадай ерекшелік бар: арнаулы бір үнді фонема өзінің артикуляциялық орны жағынан жуық қатаңмен ғана қатар тұра алады (мысалы: күмп-күмп, қант, жент, таңқ, мүңк, әуп! т. б.). Осы мысалдарда сөздің (буынның) соңында қатар келіп тұрған екі дауыссыз (алдыңғысы үнді, кейінгісі қатаң) жасалу орны жағынан әр қилы болмай бір қилы болып келіп тұр: *м-п* (екеуі ерін фонемалары), *н-т* (екеуі де тіл ұшы фонемалары), *ң-қ* (екеуі де тіл арты фонемалары), *ң-к* (екеуі де бір-біріне таяу тіл арты және тіл ортасы фонемалары), *у-п* (екеуі де ерін фонемалары), *й-т* (екеуі де бір-біріне жуық тіл алды, тіс фонемалары).

Буын ішінде (байырғы сөздердің дыбыстық ерекшелігін еске алғанда) қатар тұрған дауыссыз дыбыстар басқа түрде келе алмайды; қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша бір буын көлемінде қатаң — сонор, сонор — сонор, қатаң — қатаң, т. б. түрде (жоғарыда айтылғаннан бөлек) келуі мүмкін емес. Буын (сөз) соңынан тек жоғарыда көрсетілген қос дауыссыз тізбек қана (үнді — қатаң) келе алады.

Қазақ тілі буынының нормасы бойынша байырғы сөздердің буын ішіндегі дыбыстарының саны жағынан қазақ тілі буындары төрт түрлі болады: а) бір дыбысты буын; дауысты дыбыс қана жеке тұрып өздігінен буын бола алатындықтан буынның бұл түрі жалаң дауыстыдан тұрады; мысалы: *а-ла, е-лек, ә-ке, о-рақ, ө-рік, ұ-ран, ү-лек, ы-рық, і-лік*; б) екі дыбысты буын, мысалы: *ат, ер, ін, ба-ла, ке-ре-ге*; в) үш дыбысты буын, мысалы: *көз, бал, ұлт, ант*; г) төрт дыбысты буын, мысалы: *қант, тарс, құрт, мылт*.

Ашық, тұйық, бітеу буындар болып бөліну буын ішіндегі дауыстылар мен дауыссыздардың өзара алмасып келуіне байланысты. Ашық буынның жалаң түрі (әсіресе *а, ә, е* буындары) өз алдына

сөз де бола алады. Ол сөздер — одағайлар; мысалы: *а*, не дейсің?, *ә*, кеше сен солай деген едің ғой!; *е*, сөзіңе болайын! Жалаң ашық буын (сөздің жазылуын емес, әрине айтылу нормасын еске алғанда) қазақ сөзінің басында келеді. Мысалы: *а-яқ*, *ә-же*, *е-сен*, *о-тан*, *ө-рік*, *ы-дыс*, *і-рі*, *ү-рық*, *ү-шеу*. Қос дыбысты ашық буын сөздің бас (анлаут) позициясында да, орта (инлаут) позициясында да, соңғы (постлаут) позициясында да келе береді. Мысалы: *мал-ға*, *мал-дар-ға*, *қа-бық*, *ат-қа*, *жаң-қа-лар*. Қос дыбысты ашық буын өз алдына бірлі-жарым сөз де бола алады. Мысалы: *Мә*, сен мына нәр-сені ал. *Жә*, болар, енді! *Со* кісіні көрдім.

Тұйық буын (екі дыбысты түрі де, үш дыбысты түрі де) бірнеше буынды сөздің басында кездесіп отырады; мысалы: *ой-мақ*, *алмақ*, *ұлт-тар-ға*.

Тұйық буын өз алдына сөз де бола алады. Буынның бұл түрімен келетін сөздердің саны өте көп. Мысалы: *ат*, *ал*, *ән*, *ем*, *іс*, *ыс*, *үн*, *үн*, *ол*, *өт*, *ант*, *өрт*, *ұлт*.

Бітеу буын (үш дыбысты түрі де, төрт дыбысты түрі де) бірнеше буынды сөздің басында да, ортасында да, соңында да кездесе береді. Мысалы: *бір-лік-тің*, *тарт-па*, *ақ-тар*, *ақ-тарт-па*. Тұйық буын сияқты бітеу буын да өз алдына сөз болып жиі ұшырайды; мысалы: *бол*, *тарт*, *қант*, *көл*, *тар*, *тас*, *тарс*.

Айрықша сөз етуді керек ететін бір мәселе — буын алмасу мәселесі. Кісі сөйлегенде бір дыбыс екінші дыбыспен, бір буын екінші буынмен, бір сөз екінші сөзбен ұштасып жатады. Демек, буындар өзара бір біріне алмасып, кейде бір буынның жігі ыдырап (дыбыс саны азайып), екінші буынның дыбыс саны көбейіп отырады. Қазақ тілінде тек жалаң ашық буын тиянақты келеді де, қандай буынның болса да ықпалына ермей оқшау тұрады. Олай болуының себебі — бұл буын сөздің абсолют басында тұрады да, одан кейінгі буынның қай-қайсысы болса да онымен жартылай да, түгелдей де алмаса алмайды; бұл буын (жалаң ашық буын) басқа буынмен кірікпейді де, жылыспайды да; мәселен: *а-ла*, *е-лек*, *і-лім* дегендегі *а*, *е*, *і* буындары әрдайым бастапқы қалпын сақтайды. Екіншіден, жалаң ашық буын өз алдына жеке сөз ретінде айтылып, одан кейінгі буынның (сөздің) қандайынан болса да пауза арқылы бөлініп айтылады да, ешбір өзгеріске көнбей, оқшауланып тұрады. Мысалы: *Е*, өзін барсайшы!, *А*, айтайық дейсің бе?

Басқа буындар төрт түрлі жағдайда бір-біріне алмасып отырады:

1. Екі дыбысты ашық буыннан соң жалаң ашық буын немесе тұйық буын келсе, қатар тұрған екі дауыстының алғашқысы түсіп, буын ықшамдалып қалады. Мысалы: *торыала* — *торала* (тора-ла), *торы ат* — *торат* (то-рат) басқаша айтқанда: ашық буын — жалаң буын-ашық буын (яғни *ВА—А-ВА*), екі дыбысты ашық буын — екі дыбысты тұйық буын-бітеу буын (яғни: *ВА—АВ-ВАВ*).

2. Жалаң ашық буын екі дыбысты тұйық буыннан кейін келсе, дауыссыз дыбыс кейінгі буынға сырғып кетеді; мысалы: *ер-е—е-ре*,

ат-ы—а-ты, ор-а—о-ра; басқаша айтқанда: екі дыбысты тұйық буын — жалаң буын-жалаң буын — ашық буын (яғни АВ—А-А—ВА).

Жалаң ашық буын үш дыбысты тұйық буыннан кейін келсе, екі дауыссыздың соңғысы кейінгі буынға сырғып кетеді, мысалы: *аят-ы—ан-ты; арт-а—ар-та*. Басқаша айтқанда: үш дыбысты тұйық буын жалаң буын-екі дыбысты тұйық буын — екі дыбысты ашық буын (яғни АВВ—А-АВ—ВА).

Жалаң буын үш дыбысты бітеу буыннан кейін келсе де соңғы дауыссыз кейінгі буынға сырғып кетеді; мысалы: *шаш-ы—ша-шы, бар-а—ба-ра*. Басқаша айтқанда: үш дыбысты бітеу буын—жалаң буын-ашық буын—ашық буын (яғни: ВАВ—А-ВА—ВА).

Жалаң буын төрт дыбысты бітеу буыннан кейін келсе, мұның да соңғы дауыссызы кейінгі буынға қарай жылысып кетеді; мысалы: *бұлт-ы—бұл-ты, жырт-а—жыр-та*. Басқаша айтқанда мұның схемасы мынадай болады: төрт дыбысты бітеу буын — жалаң буын — үш дыбысты бітеу буын — ашық буын (яғни: ВАВВ—А-ВАВ—ВА).

Сол ізбен бұл үш дыбысты тұйық буынға екі дыбысты тұйық буын — екі дыбысты тұйық буын-екі дыбысты тұйық буын — үш дыбысты бітеу буын (яғни: АВВ—АВ-АВ—ВАВ); мысалы: *арт-ып—ар-тып, ерт-іп—ер-тіп*.

Екі дыбысты тұйық буын бітеу буынға жалғанса да, оның соңғы дауыссызы тұйық буынға ауысып кетеді: *жоқ-ал—жо-ғал, жүр-іп—жү-ріп*. Мұның схемасы: үш дыбысты бітеу буын — екі дыбысты тұйық буын-ашық буын — үш дыбысты бітеу буын (яғни: ВАВ—АВ-ВА—ВАВ); *құрт-ып—құр-тып*; мұның схемасы: төрт дыбысты бітеу буын — екі дыбысты тұйық буын-үш дыбысты бітеу буын — үш дыбысты бітеу буын (яғни: ВАВВ—АВ-ВАВ—ВАВ).

3. Екі дыбысты тұйық буын сол тұйық буыннан кейін келсе, алғашқы буынның соңғы дауыссызы кейінгі буынға сырғиды; мысалы: *мынау ат-ақ!* дегендегі *ат-ақ—а-тақ; ұл едік* дегендегі *ұл-ек—ү-лек*. Басқаша айтқанда, мұның схемасы: екі дыбысты тұйық буын — екі дыбысты тұйық буын-жалаң буын — үш дыбысты бітеу буын (яғни: АВ—АВ-А—ВАВ).

